



«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» төртінші
халықаралық конференция материалдары
Алматы, 10 тамыз 2023 жыл



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» төртінші халықаралық
конференция материалдары**

Алматы, 10 тамыз 2023 жыл

Алматы
Абай ғылыми-зерттеу институты
2023

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3

А13

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Қ. Әбдешұлы, Д. Ысқақұлы,
З. Бисенғали, Т. Есембеков, Б. Жақып, А. Жақсылықов,
З. Сейітжанов, Ә. Тарақ, Л. Мұсалы

А 13

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Төртінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Қырғызбаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 254 б.

ISBN 978-601-04-6494-0

Абай Құнанбайұлының туған күніне орай өткен «АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» атты төртінші халықаралық конференцияға қатысушылардың баяндамалары жинақталды. Конференцияға еліміздің көрнекті абайтанушы ғалымдары, әдебиеттанушылары, қоғамдық-гуманитарлық ғылым мамандары, жас ғалымдар қатысты. Редакциялық алқаның ұсынуы бойынша, баяндамалар сараланып, электрондық басылым түрінде арнайы жеке жинақ болып жарық көріп отыр. Баяндамашылардың авторлық құқықтары сақталған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-6494-0

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты

Жангара Дәдебаев,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының
директоры, филология ғылымдарының докторы,
профессор

ИМАНИ ГҮЛ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Абай ілімінің жүйесіндегі маңызды қағидалардың жүйесі имани гүлге негізделеді. Имани гүл концепциясы – Абай ілімінің басты концепцияларының бірі. Ол Абайдың шығармашылығында маңызды орын алады.

Имани гүл болатын үш сүю туралы ақын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде айтады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл... [4, 304]

Ақын шығармашылығында көрініс тапқан имани гүл жайы абайтану ғылымында арнайы зерттелмегенмен, ол туралы бір-қатар ойлар айтылды. Олардың танымдық маңызы бар. Бұл ойлардың тобында кезеңнің, уақыттың сипатына қарай қалыптасқан саяси ұстанымдар арнасында айтылған пікірлер де кездеседі.

Имани гүлге қатысты ғылыми қорда бар ойларды саралап, арнайы зерттеу жүргізудің зәрулігі де, өзектілігі де пісіп-жетілгені анық.

Имани гүл болатын үш сүю ақынның өлеңінде анық көрсетілген. Оны даралап сипаттауда ешқандай қиындықтың жоқтығы да байқалады. Алайда ақынның үш сүюінің әрқайсысын даралап, саралап көрсету, оларға тән ортақ жүйені анықтау оңай емес.

Ақын өлеңінің мәтініне, мағыналық-құрылымдық бірліктеріне сүйене отырып, бірінші сүю туралы нақты пікір түюге болады. Әуелі берілген өлең шумағындағы алғашқы екі тармаққа назар аударайық:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Екі тармақта екі сүюдің мәнісі бар. Бірінші сүю бірінші тармақта айтылған, оның иесі Алла екені екінші тармақта белгілі болады. Онда мынадай мағына бар: Алла адамзатты махаббатпен жаратқан. Алла – бірінші сүюші. Алланың кімді сүйіп жаратқаны, Алланың махаббатпен жаратқан сүйіктісі кім екені де барынша нақты, түсінікті: Алла өзінің махаббатына бөлеген сүйікті – адам. Екінші тармақта ақын адамзатқа: «Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», – деп, екінші сүюшіні көрсетеді. Екінші сүюші – адам, адамзат. Адамның кімді сүйетіні де нақты, анық, түсінікті айтылған: Адамның махаббат нұры түсетін сүйікті – адамды махаббатпен жаратқан Алла тағала.

Екі сүюдің мәні мен мәнісі ақын өлеңінің осы екі жолында ашылған. Оны көрмеу, білмеу мүмкін емес. Көре тұра көрмеген болу, біле тұра білмеген болу – билеуші партияның саяси идеологиялық қатаң талабының нәтижесі. Кезінде осы талап ыңғайында айтылған ойлар мен пікірлердің негізін ашып, Абайдың имани гүл концепциясын бүгінгі тәуелсіз ойдың таразысына салып саралайтын уақыт болды.

Алла жер жүзіндегі барлық нәрселерді адамдар үшін жаратты [Құран 2:29]. Алла адамдарға жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты [Құран 2:22]. Адамдарға Раббы тарапынан көрнеу дәлелдер келді. Кім оны көрсе, пайдасы өзі үшін. Кім көрмесе, зияны өзіне [Құран 6:104]. Алла оларды жақсы көреді және олар да Алланы жақсы көреді [Құран 5:54].

Құран аяттарынан іріктеліп алынған осы тұжырымдардың әрқайсысында үлкен мән бар. Оны терең бойлап түсіну, қырларын көріп, сырларын ұғу Абайдың имани гүл концепциясының мазмұны мен мағынасын, Абайдың шығармашылық ойлау жүйесін, азаматтық көзқарасын дұрыс пайымдауға септігін тигізеді.

Абай дүние жаратылысы жайындағы ойларын Құран аяттары негізінде жинақтайды. Алла жер жүзіндегі барлық нәрселерді адамдардың пайдасы үшін жаратқаны, адамдарға жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратқаны, көктен жаңбыр жауғызып, жерден мал мен жанға азық болатын түрлі жеміс-жидек, астық, көкөрай шалғын өсіріп шығарғаны... адамдарға Раббы тарапы-

нан көрнеу дәлелдер екені туралы Құран аяттарының мәнісін сипаттай келіп, оны Алланың адамды сүйетініне мысал етеді. Адамның жаратылысындағы артықшылықтарды көрсете отырып: «...бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» [1, 193] – деп бір толғайды да, сөзін жалғастырып, ойын байыта түседі: «...һәммасы адам баласының пайдасына жасалып... бәрі – адам баласына таусылмас азық ...адам баласының рақаты, пайдасы үшін жасалса, бұл махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?» [1, 194], «Адам баласынан махшарда сұрау беретұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт, һәм махаббат бар» [1, 193], – дейді.

Абайдың осы ойлары мен қағидаларын кеңестік кезеңнің идеологиялық талаптары үстемдік жасап тұрғанда ашық айту Абайдың шығармашылық мұрасынан теріс айналуға әкеліп соққан болар еді. Абайға, Абайдың шығармашылық мұрасына, әдеби айналасына жаулықпен, жат пиғылмен қарау белең алып тұрған шақта Абай шығармашылығындағы адам мен Алла арасы туралы ойларды ашып айтудың өзі қатерлі еді: айтушыға да, Абайдың шығармашылық мұрасына да.

Абайдың адам мен Алла туралы айтқан ойларының негізі тереңде. Әбу Насыр әл-Фараби Алла турасында: «Ол – Бірінші Сүюші әрі Бірінші Сүйікті» [5, 78], – дейді. «Онда (Бірінші себепте) ғашықтың өзі – ғашық етуші» [10, 241], «ғашық болушы – ғашық етушінің өзі» [10, 242], – деп тұжырым жасайды.

Құран аяттарында да, әл-Фарабидің тұжырымдарында да адамзаттың тарихи есі мен қоғамдық санасында ежелден қалыптасқан құндылықтар көрініс тапқан. Олар – Алланың адамзат баласын сүйетіні мен адамзат баласының Алланы сүйетіні туралы анық және ақиқат таным деректерінің көзі. Имани гүл болатын үш сүюдің түп мәні мен мәнісі Құран аяттары мен әл-Фарабидің еңбегінде, Абайдың ілімінде толық сәулеленген.

Ғұламалардың пайымдауынша, сүю нұрының негізі адам баласында жаратылысынан болады. Кісі білімі толған, рухани толысқан, ақыл тоқтатқан кезінде, өз жаратылысындағы осы нұр-

мен жетіледі. Бұл – адамның рухани кемелденуіндегі айрықша кезең. Бұл кезеңнің сыры мен шынын Абай ер данасы жасқа келгенде барынша терең ұғынды. Ақын айналасына өзі жеткен ілім биігінен қарағанда, көргенінен, дүние дос болғандардың ісінен, қылығынан көңілі қалады. Сөйте тұра сабыр етіп, заманының адамына махаббат нұрымен, ақиқат көзімен қарағанда, оларға жаны ашиды, рақымы түседі, өзгелерге де осыны насихат етеді:

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харакет қыл, пайдасы көпке тисін [4, 266].

Мазлұмға жаны ашу, мейірімі түсу, оның мүшкіл халіне күйіну, көпке пайдасы тиетін hareket қылу дүниеге дос болған адамның қолынан келмейді. Дүниеге дос туралы, надан туралы Абай негіздеген қағидалардың мәні терең, күрделі. Әдепкіде ақын наданнан түңіліп, одан жерінген күйін білдіреді. Ол үшін наданнан асқан жаман жоқ, адам баласының дұшпаны да сол. Оны жек көрмеске, одан жерінбеске лажсыз. Өйткені дүниедегі зұлымдық, ғадауат біткеннің бәрі содан шығады. Екінші жағынан, ақын өзгеге айтқан ақыл сөзінде осы надан көпке жаны ашитынын, мейірімі, рақымы түсетінін білдіреді. Жұртын надан екен деп, «шектен шыққан ел екен деп», үгіт айтудан айнып кетпеді [Құран 43:5], «үгіт мүміндерге пайда береді» [Құран 51:55], – деген қағиданы ұстанды. «Түпсіз терең жақсылық сүймек» ниетін барша адамзатқа деген махаббатпен ұштастырды. «Түпсіз терең жақсылық сүймек» барша адамзатты бауырым деп сүюмен парапар деген түсінікте болды. Алланы, адамды, адамзаттың бәрін сүюге бір адамды емес, бар адамды үгіттеді. Адамды, барша адамзатты сүюдің мәнісін: «...әрбір адам баласын өз бауырым деп, өзіңе ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек» [1, 148], – деп түсіндірді, сол жолда ой ойлап, сол жолда әрекеттенді.

Ақын үгітін, насихатын шын ниетімен, бар ықыласымен айтты, өзі сүймегенді өзгеге сүй демеді. Жүрегін қырық жамау қылған, надандығынан жерінген, көңілі қалған жұртты Абайдың өзі сүйді. Шын ниетімен. Риясыз. Адам үшін дүниеде осы сүюден игілікті, одан баянды, одан аяулы ешнәрсе жоқ деп білді. Жүре-

гіндегі махаббатқа қарсы ғадауат болып майдан ашқан, өзі жерінген, көңілі қайтқан көпке жаны ашып, оны осынша кешіріммен, шынайылықпен, шын ниетпен сүю Абайдың ақындық, азаматтық, адамдық кемелдігінен ғана тууы мүмкін еді. Мұндай махаббат ақындық, азаматтық, адамдық кемелдікке негізделе ме немесе ақындық, азаматтық, адамдық кемелдік осындай махаббатқа негізделе ме – оны көріп-біліп тұрғандай айтудың үлкен жауапкершілігі бар. Бірақ ақын танымында бір нәрсенің басы ашық: Жаратушы өзінің махаббат нұрын кімнің көкірегіне түсірсе, сол ғана кемелдікке жеткен жан болмақ.

Өмірдің өзі көрсеткендей, көкірегіне махаббат нұры түспеген жандар да азамат, адам атанып жүре бермек. Адам баласының адамды, барша адамзатты бауырым деп сүюі – рух кемелдігінің, даналық танымның сәулесі. Адамзат баласының көкірек қазынасына мұндай нұрдың түсуі өте сирек кездеседі. Тіпті мұндай керемет дүние жүзінде бір ғасырда бір адамның көкірегінде ғана ашылады дейтін болсақ, тым артық айтып, кең пішіп қойған болуымыз ғажап емес. Абайдың көкірегінен адамзаттың бәрі үшін жағылған махаббат отының жарығы мен қуатындай қасиет жержаһанда арғы-бергі заманда бірде-бір ақында болған емес. Өйткені ол адамды, көпті, адамзатты сүюдің құдіретін сезіп, мойындап қана қойған жоқ, оны өз адамшылығының, өз жаратылысының кемел қасиетіне айналдырды, сол сүюдің сәулесін қалың елінің қараңғы көкірегіне түсіру үшін күресті, бейнет кешті. Бұл ретте Абайдың адамды, көпті, адамзаттың бәрін бауырым деп сүюі – жан аффектісі, сезім ғана емес, кемел оймен ұштасқан берік ұстаным, нақты және игілікті іс. Бұл Алла қалағандай қаншалықты ізгілікті, игілікті іс болса да, дүниеге дос жұрттың жалғанға ауып кеткен беті бері қарамады: ол жұрт өзін риясыз сүйіп, өзіне құтты білім беріп, жақсылыққа асық болуды, жамандықтан қашық болуды насихаттап тұрған кеменгердің махаббатын да, құтты білімін де, абзал насихатын да керек қылмады. Адамзаттың бәрін шын ниетпен, риясыз сүйген адамның махаббатын олар жазадан ауыр азап қатарында қабылдады және оған қарсы шықты. Махаббат пен ғадауаттың бір жүректе майдандасуы осылай туды. Мұның салдары оңай болған жоқ: ақын адамзаттың бәрін бауырым деп сүйген махаббатынан бұрын-

соңды жан баласы көтеріп жүре алмаған жарық пен қуат алды, бұрын-соңды жан баласы төзіп көрмеген азап пен мекнат шекті, «жаны ашып, іші күйді».

Зордың зорлығынан, сұмның сұмдығынан, зұлымның зұлымдығынан, қудың қулығынан, бәлекордың бәлесінен, жалақордың жаласынан қорғанар амалы аз қалың елге, тәуелсіз мемлекеті жоқ, әділетті биі жоқ қара халыққа жанашырлықпен қарауға, солардай көптің пайдасына қаракет қылуға ақын ерекше мән береді. Осыдан ақынның іліміндегі, дүниетанымындағы айрықша ұстаным, ерекше қағидат өріліп шығады:

Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін [4, 266].

Жаратқан ешкімнің сүйіспеншілігіне, махаббатына мұқтаж емес. Сүю – Жаратқанның қасиетті аттарының бірі. Жаратқанның рақымына, сүйіспеншілігіне Оның жаратқандары мұқтаж. Адам өмірінің мәні мен мағынасын ақын осы мұқтаждықпен байланыстырады:

Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?! [4, 288] –

деп, түпкі ойын аша түседі. Алланың хикметін сезу, адамды сүю ақынның өзі қасиет тұтқан, қалың елінің де соны қадір тұтуын көздеген ақындық, азаматтық асыл мұратынан туған, даналық ақыл-ой қуатынан өнген баламасы жоқ биік рухани құндылық еді.

Терең ойдың соңына ермей, беріден қайтқан адам үшін ақынның айтып отырған насихаты түсініксіз болып көрінуі ғажап емес. Күнделікті тіршіліктің күйбеңінен көтерілмей, дүниеге дос болып қалған жанның өзі қолына ұстап, бауырына басқан дүниені сүюдің не екенін біліп, Абай айтып отырған үш сүюдің не екенін білмеуіне таңдануға да болмайды. Адамды алдап, арбап, ұрлықпен, зорлықпен, қулықпен, жалақорлықпен, пәлекорлықпен дүние тауып, шекпен киіп, шен тағып жүрген жан «Алланың хикметін сез», «адамды сүй» деген насихатты ести алмайды, ұға алмайды.

Ақынның «мені» Алланың хикметін сезуден, адамды сүюден, адамзаттың бәрін бауырым деп сүюден басқа өмірде қызық жоқтығы туралы ойды үзілді-кесілді айтады, ақиқаттан туған, сыннан өткен, қалыптасып болған берік қағида түрінде ұсынады.

Халықтың дәстүрлі дүниетанымы тұрғысынан қарағанда, Алланың адамды жаратуында терең мән бар. Топырақтан тұлғасын жасады, өз рухынан үрлеп, жан салды. Білім берді. Періштелерді оған сәжде жасатып, бас игізді. Сәжде жасамаған ібілісті малғұнға айналдырды. Өзіне де, жұбайына да жәннәттан жай берді. Адамға күре тамырынан да жақын болды. Барша әлемді, барша әлемдегі барлық нәрселерді адамның пайдасы үшін жаратты.

Адам баласының өзіне достық, махаббат қылғанға достық, махаббат қылмағы адамшылық болады. Адам баласының өзіне достық, махаббат қылғанға достық, махаббат қылмауы оны адамшылықтан шығарады. Олай болғанда, адам махаббаттан, рақымнан шет қалады. Бұл адам баласының жақсылықтан үмітінің үзілуіне әкеліп соғады. Адам баласы махаббатсыз, жақсылықтан үміт етпей өмір сүре алмайды.

Айтылған жайлардан белгілі болатын нәрсе – Алланың адамды махаббатпен жаратуы. Бұдан Алланың адамды сүюі, адамға деген махаббаты бастапқы екендігі белгілі болады. Абайдың махаббат пен ғадауат туралы қағидасының мәнін тану үшін мұны білудің және оның растығына сенудің маңызы зор.

Ақынның шығармашылық әлемінде Алланың адамға махаббаты, сүйіспеншілігі адамды махаббатпен, сүйіспеншілікпен жаратуымен шектелмейді. Жаратқанның өзі жаратқан адам ұрпақтарына деген рақымы мен мейірімінде, махаббаты мен сүйіспеншілігінде шек жоқ, бірақ шарт бар. Алла өзінің шексіз рақымымен, мейірімімен, махаббатымен жаратқан адамның ұрпақтарына бұл дүниеде таңдауға екі түрлі жол қалдырған: бірі – тәннің таңдайтын жолы; екіншісі – ақылдың таңдайтын жолы. Біреу тәннің дегенін істейді, біреу ақылдың айтқанын тындап, жүрекпен сезгеніне тоқтайды. Алғашқы жол адамды Алладан алыстатып, аздыратын жол болса, кейінгі жол – Алланы сүйіп, Алланың нығметіне бөленгендердің [Құран 1:7] жолы. Ақын шығармашылы-

ғындағы махаббат пен ғадауат және олардың майдандасуы туралы ұғым осы екі жолға бастайтын күштердің бітіспес күресінен туады.

Өзіне берілген өлшеулі өмірде кімдер Алланы сүйген болса, Алла да оларды сүйеді. «Алла оларды жақсы көреді және олар да Алланы жақсы көреді» [Құран 5:54]. Алла Пайғамбарына адамдарға арнап мынадай сөзді айтуды тапсырған: «Алла: Егер Алланы сүйсеңдер, онда иман жолымен маған ілесіңдер. Сонда Алла да сендерді сүйетін болады, – деді де» [Құран 3:31]. Алла адамдарға арнап Пайғамбарының мына сөзді де айтуын бұйырған: «Аллаға және Пайғамбарға бой ұсыныңдар де. Егер олар бет бұрса, сонда Алла қарсы болушыларды сүймейді» [Құран 3:32]

Құран сөзінде адамдардың ерекше қасиетке ие болуының екі шарты анық дараланған: а) Алланы сүю; ә) иман жолымен Алланың пайғамбарына ілесу. Егер адамдар осы екі шартты шын ниетпен қабыл алып, адал орындайтын болса, осы қасиет сыртына, тілінің ұшына бітпей, «Алла тағала қарайтұғын қалыбына, боямасыз ықыласына бітсе» [1, 206], онда Алла да оларды сүйеді. «Алла тағаланың пендесін махаббат уа мархаматбірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббатбірлән ғана елжіремекті Құдаға ғашық болды дейміз» [1, 201].

Абайдың үш сүюін осы қағидалар аясында пайымдаушылардың басы М. Әуезов болды. Ғұлама жазушының пікірінше, «...адамзатты махаббатпен жаратқан ие бар, ендеше соны сүю жаратылушы бенденің қарызы деген ой жалғыз ислам ғұламаларының көзқарасы емес. Ол – Сократтан, Платоннан бері басталып келе жатқан идеалистік философияның бәрінің арқа тірегі» [5, 178].

М. Әуезов Абайдың Имани гүл болатын үш сүюінің алғашқы екі сүюін Сократ, Платон ілімдерінің аясында атап өтеді. Бұл екі сүю туралы ойдың желісі ілкі дәуірлерден бері жалғасып келе жатқанын айта отырып, Абай қағидасының дін ислам кеңістігіндегі негізін жалаң көрсетпеуді оң көреді.

Адам өзін Алла тағаланың махаббатпен жаратқанын біліп, оның махаббатына махаббатпен елжіремегі – адамшылық. Адамның Алланы сүюі деген де осы.

Пайғамбардың хадистерінің бірінде иманның мәні мына қалыпта ашылады: а) Алланы және Оның Елшісін сүю; ә) Алла

үшін адамды сүю [әл-Бұхари; Мүслім]. Абайдың үш сүюінің кейінгі екісі осы хадисте анық айтылған.

Құран кәрімде, Пайғамбардың хадистерінде көрініс тапқан үш сүюдің мәнісі мынадай болып шығады: бірінші сүю – Алланың адамды сүюі; екінші сүю – адамның Алланы сүюі; үшінші сүю – адамның адамды, адамзаттың бәрін сүюі. Абай айтып отырған үш сүюдің негізі осы аяттар мен хадисте көрініс тапқанын аңғару қиын емес. Осы сынды ойлар Абайдың шығармашылығында әр қырынан және түрлі деңгейде көрініс табады.

Ақынның «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі туралы М. Әуезов: «Абайдың осы өлеңіндегі барлық дінге байланысты нанымы да, адамгершілік турасындағы үгіті де және біз кейінірек тоқтайтын мораль философиясы да түгел байқалады» [5, 178], – деп жазды.

Абайдың имани гүлінің құрамдастарын да, маңызы мен мәнін де М. Әуезов терең парықтап білген. Ғұлама жазушы Абай айтқан «бар адам баласын сүю», «жалпы гуманистік түсініктің әділеті» «исламның түсінігінен басқаша» [5, 178] екеніне ой салмағын арнайы аударады. Абайдың «үш сүю» жайындағы ойларының мәні діни сарыннан, дін қағидаларынан мазмұны жағынан өзгеше екендігіне арнайы көңіл бөледі. Ақынның «өзінің шынайы үлкен мүддесі исләм дінінің шеңберінен әлдеқайда ары асып түсіп, кең жатады» [5, 179], – деп көрсеткенді жөн санайды. Жазушы Абайдың асыл ұғымдары мен терең танымын кеңестің қызылшыл идеологиясының қатерінен осындай тиянақты талдаулары мен баянды бағалаулары арқылы қорғады.

Ақын айтып отырған үш сүюдің екеуі ақын өлеңінің жоғарыда берілген үзіндісіндегі бастапқы екі тармақта көрініс тапқан, үшінші сүю үшінші және төртінші тармақтарда сипатталған. Осы тармақтарда «Адамзаттың бәрін сүю» туралы ойдың себептері де бар. Оның бірі – а) «бауырым деп» сүю, екіншісі – ә) «әділетті хақ жолы деп» («хақ жолы осы деп әділетті») сүю. Осы түсініктердің қара сөз талаптарына сай ықшамдалған түрі мынадай болып шығады: адамзаттың бәрін сүй: а) бауырым деп сүй; ә) әділетті хақ жолы осы деп сүй.

Зерттеу еңбектерде Абайдың үш сүюін мына түрде саралау бар: бірінші сүю – адамның Алланы сүюі; екінші сүю – адамның

«адамзаттың бәрін сүйі бауырым деп»; үшінші сүйі – адамның «хақ жолы деп әділетті сүйі» [5, 178-179; 6, 209-210; 7, 81-82; 8, 77]. Бұл жерде Алланың адамды сүйі туралы ой көңілден тыс тұр.

Ақын берілген өлең шумағының екінші жолында не себепті «Сен де сүй ол Алланы» деп тұр? «Сен де сүй» тіркесінің мағынасында «ол адамзаттың бәрін сүйеді, сен де оны сүй» немесе «ол сені сүйеді, сені ғана емес, барша адамзатты сүйеді, сондықтан сен де сүй оны» деген ойдың тұтасқан желісі бар. «Ол сені, барша адамзатты сүйеді» деген ойға орын жоқ дейтін болсақ, «сен де сүй оны» деуге негіз қалмайды. Оның үстіне ақынның осы ойы шумақтың бірінші тармағында тұр. «Адамзатты махаббатпен жаратқан Алланы сен де сүй» деген сөзді осылай түсіну дұрыс. Демек, Алланың адамға деген сүйіспеншілігі – әуелгі. Бірақ Алланың адамға деген сүйіспеншілігінің нұрын адам Алланы сүйі арқылы ғана көре алмақ. Алланың көрсеткен жолынан тайып, теріс бұрылған жанға Алланың рақым нұры түспек емес [Құран 4:115].

Енді зерттеушілер көрсеткен үш сүйудің соңғысына келейік. Әділ (Әділетті) – Алланың қасиетті сипаттарының бірі. Алланың сипаттарының бәрі қасиетті. Алла – бір және бірегей. Ол өзінің субстанциясы жағынан бөлінбейді. Ол өзінің субстанциясы жағынан бірегей [10, 127-228].

Алланы сүйген адам оның қасиетті сипаттарын сүймей ме? Алланы сүйген адамға енді Алланың қасиетті сипаттарының бірін тағы сүйуге кеңес беруге бола ма? Алланы сүйген адам Оның сипаттарының бірін сүйіп, қалған сипаттарын сүймей ме? Алланы сүйген адам Оның сипаттарының бірін ғана немесе әрқайсысын бөлек-бөлек сүйе ме екен?

Осының бәрі пайымдаушылардың арасында Абайдың «үш сүйі» туралы ойының ашылмаған сыры барын білдіреді. Оны әр зерттеуші өз тұрғысына, өз заманының талаптарына орай сараптағанмен, түбінде бір ортақ пікірге келуге болар деп ойлаймыз. Бұл жерде әл-Фарабидің ойлары мен тұжырымдарының, қағидаларының мазмұны мен мағынасына терең бойлау парыз. Екінші ұстаздың: «Әділеттілік сүйіспеншіліктен туады» [3, 241], – деген қорытындысына назар аударудың жөні бар. Бұл жерде сүйіспеншілік (сүйі, махаббат) бірбүтін болғанда, әділеттілік сол бір-

бүтіннің туынды бір бөлшегі екені туралы ой түйілген. Олай болғанда, бірбүтін құбылыс пен оның туынды бір бөлшегін бір қатарға қойып, екеуін тең дәрежедегі, тек деңгейіндегі екі дара бүтіндік деп тану, бағалау ойдың жүйесіне қайшы келмей ме. Бірақ мына жайды ескеру керек: Алланың қасиетті сипаттарына «ғашықтықтың өзі де хақлық һәм адамдық дүр» [1, 186], – дейді Абай. Алланың қасиетті сипаттарына ғашық болу – «хақлық һәм адамдық».

Абай адамның Алланы сүюін Алланың адамды, адамзатты сүюімен байланыстырады. Адамның Алланы, адамзатты сүюі Алланың адамзатты сүюінен тамыр тартады. Бірінші сүю – Алланың адамды сүюі. Бірінші сүю адамның Алланы сүюіне негіз болса, бұл өз кезегінде адамның адамзаттың бәрін сүюіне алып келеді. Абайдың ақындық танымында адамның адамзатты сүюі Алланы сүюден туады. Абай ұсынып отырған «үш сүюдің» қатарында Алланың адамды сүюі жоқ болған жағдайда, қалған сүюде мән қалмайды. Ақын ұстанымындағы «үш сүюдің» негізі бірінші сүюде, Алланың адамды сүюінде. Абайдың адамзаттың бәрін бауырым деп сүю туралы ойын исламның қағидаларына қайшы, Абайдың өзі ғана тереңіне бойлап тапқан ұстаным ретінде бағалауды шартты деп білуге тура келеді.

Ақынның «үш сүюінің» басында Алланың адамды сүюі тұрғанын М. Әуезов көрді, білді, өз еңбегінде көрсетті. Заман талабы, уақыт тезі М. Әуезовті ақын өлеңіндегі «әділетті» сөзін жеке бөліп алып, оның лексикалық, грамматикалық мағыналарының мәнін ашпай қалдыруға, қатыстық сын есім емес, тура толықтауыш тұлғасындағы зат есім ретінде қабылдауға, басқаларға осылай түсіндіруге мәжбүр етті. Алланың адамды сүюі, адамның Алланы сүюі туралы Абай қағидасын өз қалпында ашық айту және насихаттау кеңестің кезінде М. Әуезов үшін қатерлі еді. Абайдың имани гүліндегі «үш сүюдің біріншісі – Алланың адамды сүюі» деп түсіну, екінші сүюді «адамның Алланы сүюі» деп түсіндіру кеңестік идеология үшін жаулықпен бірдей еді. Ал адамның а) «адамзаттың бәрін сүюі», ә) «адамның әділетті сүюі» кеңестік заманның идеологиялық мақсаты мен мұратына сәйкес болды. Заманның, уақыттың талабын осылай қанағаттандыруға тура келді.

Ақынның «үш сүю» туралы ойын тура қалпында түсініп, сол қалпында түсіндіру кезінде оңай болмағанын естен шығармау керек. Осы ретте Абайдың «үш сүюі» С. Мұқановтың қабылдауында идеологиялық астарсыз, табиғи қалпында көрініс тапқанын айту ләзім. Абайдың «имани гүлі» жайында жинақталған ғылыми ойлар қорында С. Мұқановтың пікіріне арнайы көңіл аудару артық емес. С. Мұқанов Абайдың «үш сүю» негізінде ұсынған «имани гүлін» тура түсінеді және дұрыс түсіндіреді.

Мұсылманшылық шарттарының негізін тереңнен тарата келіп, автордың мынадай байлам жасайтыны бар: «Молдалардың иманындағы үш шарт: құдайға, құранға, пайғамбарға сену. Осы үш шартты бекер демейтін Абайдың одан басқа және үш шарты бар. Ол тәңірінің адамды сүюі, адамның тәңіріні сүюі, адамның адамды сүюі» [9, 232].

С. Мұқановтың сөзінде Абайдың «имани гүл» деп атап отырған үш сүюінің мазмұны мен мағынасын пайымдау мен тануда дәлдік бар. Ақынның «үш сүюін» осылай тура түсініп, осылай дәл қабылдауға, осылайша тура бағалауға кеңестік дәуірде, әсіресе XX ғасырдың бірінші жартысында, тек С. Мұқановтың ғана батылы жетті.

М. Әуезовтің әр сөзінен, әр шығармасынан, әр ісінен саяси астар іздеген, жазушыға бәле тағып, жала жабуға сақадай сай тұрған заманның надан күзетшісі үшін Абайдың «имани гүлінің» шын мағынасы, шынайы жүйесі жаудай жат болып көрінері сөзсіз еді.

Абайдың Имани гүлінің мәнісін, жоғарыда көрсетілгендей, мына қалыпта қабылдап, түсінген дұрыс болмақ: бірінші сүю – Алланың адамды сүюі; екінші сүю – адамның Алланы сүюі; үшінші сүю – хақ жолы деп адамның адамды, адамзаттың бәрін сүюі.

Имани гүл болатын үш сүю туралы осы жүйеде тұжырым жасау үшін оларға ортақ ерекше сипатты іздеп табу шарт. Ол сипатты үш сүюдің өзіне тән айқын да анық, айдай әлемге белгілі басты белгілері негізінде көрсету қажет. Аллаға қатысты ол белгі, сипаттар қандай екені жоғарыда көрсетілді: Алла – Бірінші сүюші және Бірінші сүйікті. Ықшамдап айтқанда, Алла – әрі сүюші, әрі сүйікті. Келесі екі тұлғаның бірі адамның бойындағы осындай

сипатқа назар аударайық: адамды Алла сүйеді, адам Алланы сүйеді. Демек, адам әрі сүюші, әрі сүйікті. Енді үшінші тұлға адамзатты алып қарайық: Алла адамзатты сүйеді, адамзат Алланы сүйеді. Демек, адамзат әрі сүюші, әрі сүйікті. Сөйтіп, Имани гүл болатын үш сүюдің жүйесіндегі үш субъекті де әрі сүюші, әрі сүйікті. Әрі сүюші, әрі сүйікті бола алмайтындарға Имани гүл жүйесінде орын жоқ.

Абайдың Имани гүл концепциясында үш сүю бар. Үш сүю барда үш сүюші мен үш сүйікті бар. Үш сүюдің құрамдастарының әрқайсысы әрі сүюші, әрі сүйікті. Абайдың Имани гүлінің ерекшелігі осындай біrbүтін жүйесінде. Бұл жүйедегі сүюші әрі сүйікті құрамдастарды басқалармен ауыстыруға немесе алмастыруға болмайды. Бұл үшеуінің бірлігі мен тұтастығын бұзуға негіз жоқ.

Абайдың Имани гүл концепциясының негізі – Алланың адамды сүюінде. Адамның Алланы сүюі мен адамды, адамзаттың бәрін сүюі бірінші сүюден келіп шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Қазақшаға ауд.: Қ. Сағындықов, М. Жанғалин, И. Ишмухаммедов. Аударманың ғылыми редакциясын жасаған А. Тұрғынбаев. Жауапты редакторы А.Х. Қасымжанов. – Алматы: Ғылым, 1975. – 455 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Том 20. Монография мен мақалалар / Жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
6. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Том XXI. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 290 б.
7. Абайдың дүниетанымы мен философиясы / Жауапты редакторы Ә. Нысанбаев. Жауапты шығарушы М.С. Орынбеков. – Алматы: Ғылым, 1995. – 184 б.

8. Мырзахметұлы М., Шойынбет Ж., Әліпхан М. Абай мұрасының өзекті мәселелері. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2009. – 140 б.
9. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. – ХҮІ том. Жарқын жұлдыздар. Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1980. – 416 б.
10. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар / Қазақшаға аударғандар: Қ. Сағындықов, М. Жанғалин, И. Ишмухаммедов. Аударманың ғылыми редакциясын қарағандар: С. Қыдыров, Т. Сәрсенбаев. Жауапты редакторы Ш.Е. Есенов. – Алматы: Ғылым, 1973. – 448 б.

Дандай Ысқақұлы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының
жетекші ғылыми қызметкері, филология
ғылымдарының докторы, профессор

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМЫ»

Адам ата жаралғалы бері адамзат баласын толғандырып келе жатқан «Адам қайткенде, адам болып қалады?», «Өмір дегеніміз не?», «Адам не үшін өмір сүреді?», «Адамның өмір сүрудегі мақсаты не?», «Бақыт дегеніміз не?» деген секілді сауалдар бүгінгі күнге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Әлемнің түкпір-түкпірінде әртүрлі діндердің пайда болуының негізгі алғышарттары да осы мәселеге жауап беру қажеттіліктерінен туындады. Ғылымның дамуымен бірге осы саладағы ізденістер де өрістей түсіп, жалпы адам, қоғам жайлы түсініктер толыға берді.

Солардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі, қазақ даласынан шығып, «Екінші Аристотель» атанған әл-Фараби болатын. Ғалымның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» («Трактат о взглядах жителей добродетельного города»), «Бақытқа жету жайында» («Книга о достижении счастья»), «Бақыт жолын сілтеу» («Указание путей счастья»), «Азаматтық саясат» («Гражданская политика»), «Соғыс пен бейбіт өмір туралы кітап» («Книга о войне и мирной жизни»), «Қоғамды зерттеу кітабы» («Книга изучения общества») еңбектерінде адам қайтсе бақытты болады, адамдар бақытты өмір сүре алатын қоғамдық құрылыс қандай болуы керек деген сауалдар төңірегінде мәселенің мәніне тереңдеп барады.

«Екінші ұстаз» адам өмірінің ең жоғары сатысы саналатын «бақыт» категориясына тоқталып, оған философиялық тұрғыдан сыпаттама беріп, терең талдаулар жасайды. Ол «Адамзат кемелдігінің ең биік дәрежесіне жеткен» адамды бақытты адам санайды. Адам бақытты болу үшін ол өмір сүріп отырған елдің басшысы да кемел адам болуы керек, «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс» (Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 356-бет) деп біледі. Осындай оймен басшыға қойылатын алты талапты атайды:

«Бірінші шарт – дана болу.

Екінші шарт – қалаға арнап бірінші имамдар (басшы. – Д.Ы.) белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу.

Үшінші – бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші адамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету.

Төртінші – бірінші имамдар андай алмаған нәрселерді бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отырарлықтай тапқыр да білгір болу; өзінің осындай іс-әрекетінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс.

Бесінші – бірінші имамдардың заңдарын және солардан кейін, олардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу.

Алтыншы – әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бер жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу» (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 338-бет).

Осы еңбегінің тағы бір жерінде: «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс...» (сонда, 356-бет) – деп, негізгі ойын нығарлай түседі. Сонда ең таңдаулы, кемелдікке жеткен бақытты адам қандай адам? Бұл сауал – адамзат қоғамын Адамата жаралғалы бері ойландырып келе жатқан мәңгілік мәселе. Әл-Фараби «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» секілді еңбектерінде осы мәселеге тереңдей барып, күні бүгінге дейін өзінің құнын жоймаған бағалы пікірлер айтты. Керек десеніз, батыстық озық даму үлгісі ретінде ұсынылған жаһанданудың салдарынан әлем дағдарысқа, тоқырауға ұшырап отырған мына заманда әл-Фарабидің гуманистік идеяларға негізделген ғылыми ой-пікірлерінің өміршендігі көрініп тұр.

Әл-Фараби өмірге келген әрбір адам бақытты болу үшін өмір сүреді дейді: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат...» (Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. –

3-бет), «Жан біткеннің бәрі ең биік кәмелеттікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады» (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 347-бет).

Әл-Фараби қоғам дұрыс болу үшін онда өмір сүретін адамдар дұрыс болу керек деп біледі. Ал адамдардың алдына белгілі бір мақсат қойып, соған жету үшін барынша ұмтылатыны белгілі. Сонда адам тіршілігінің бар мәні бақытты болуға саяды.

Бақыт дегеннің не нәрсе екендігін жан-жақты білімдарлығының, ойшылдығының арқасында жан-жақты түсіндіреді; әртүрлі қырынан сыпаттайды:

«Кейбіреулер ләззат алуды ең жоғары бақыт деп есептейді. Енді біреулер байлықты бақыт деп санайды. Үшінші біреулер бақытты сол екеуінің ұштасуы деп біледі» (сонда, 311-312 беттер);

«Бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені...» (сонда, 5-бет);

«...Біз философияның арқасында бақытқа жетеміз. Ал оны біз жақсы ақыл-парасат арқылы меңгереміз» (сонда, 36-бет);

«Ең дұрысы, бақыт – оқығанда, сабақ алғанда, білімді игеру, әртүрлі өнерлерді үйренгенде, оларды игеру, (оларға сәйкес) жұмыстарды орындау сияқты игілікті істер арқылы қол жететін мақсат» (сонда, 258-бет);

«Бақыт – өз басың үшін көксейтін игілік; бұған ешбір жағдайда және ешқашанда басқа нәрсеге бола талпынбайды, өйткені (бақыттың) ар жағында адамның қолы жете алмайтын бұдан артық нәрсе жоқ. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Қайырымдылық дегеніміз – оның өзі белгілеген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық. Бақытқа (жетуге) бөгет жасайтын әрекет жаман немесе сұмпайы әрекет болмақ. Бұл әрекетті туғызатын әдет-ғұрып – кемшілік, кесепат, пасықтық» (Әбу Насыр әл-Фараби. Бақыт туралы кітап. – Алматы, 2015. – 179-бет).

Әл-Фарабидің пікірінше, адам өмірінің мәні мен сәні, ең жоғарғы шыңы болып саналатын бақыт жанның байлығына, адамгершілікке негізделеді. «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші

болып, екеуі біріккенде бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады» (сонда). Жаны жайсаң, адамгершілігі мол адамдардың мінез-құлқы да жақсы келеді. Жақсы мінез-құлық білім алу, үйрену барысында көбіне тәрбиемен қалыптасады.

Абайдың шығармаларында да бұл мәселе жалғасын тауып, кезінде әл-Фараби көтерген адамгершіліктің ұлы қасиеттері барынша ұлықтала түседі. Әл-Фараби де, Абай да әлеуметтік мәселелердің шешімін имандылықтың қағидаларына сүйене отырып, анықтай түседі. Абайдың нағыз «толық адамы» жан-жақты жетілген, мұсылман, иманды: «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз (шек, шама) болады, оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаңа болса, өзің ниһаятлысың, ол жол Құдайдың жолы емес» (Отыз сегізінші сөз). Яғни қарақан басының қамын жасау мақсатындағы түрлі амал-айлаларының халыққа зияны тиетіндерді дұрыс адам деуге болмайды; сенің істеген іс-әрекеттерің саған да, оған да, басқаларға да тиімді болса, пайда әкелсе, нағыз тәрбиелі адам – сол.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласын елден бөлек», –

дей келіп, бұл үшеуінің «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз», бірі кем болса, «Жеке-жеке біреуі жарытпайды» деп, ондай адамды «жарымес» атаған.

Абай қазақтың бойындағы қисық мінездерді сынаған өлеңдерінде имандылықты басшылыққа алып отырған. Құнанбай қажының шаңырағында өмірге келіп, Семейдегі Ахмет Риза медресесінде мұсылманша дәріс алған Абай жастайынан діни білім, тәрбие алып, иманды болып өсті. Сондықтан да ақын шығармашылығындағы имандылық тақырыбы – орталық мәселелердің бірі.

Ақын әбден кемеліне келген елу жасында:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.

Ынтылы жүрек, шын көңіл –
Өзгесі Хаққа қол емес.
Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты
Махаббат қылса, тәңірі үшін, –

деп жырлапты.

Өмірінің соңғы жылдарында (1902) хатқа түскен мына өлеңінде:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас...
Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және Хақ жолы осы деп әділетті...» (сонда, 303-306 беттер) –

деп, адам өмірінің бақытқа бастар жолын имани тұрғыдан көрсетеді.

Әдетте біз махаббат сөзін екі жастың арасындағы сүйіспеншілік сезім ұғымында жиі қолданамыз. Атақты неміс психологі Зигмунд Фрейд: «Адамшылықтың алғышарты, негізі – махаббат» десе, Абай бізге «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтін де жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі», «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», «Адамды сүй, Алланың хикметін сүй», – деп, өсиет қалдырды. Көп адам бұлай жасау қолдан келе бермейді деп, бұл сөзге онша мән бере бермеуі де мүмкін. Абайдың айтып отырған махаббаты – «әуел адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселер бірлән» (Отыз сегізінші сөз) отбасынан – ата-анасын, Құдай қосқан қосағын, бала-шағасын, бауырларын, туыстарын жақсы көруден басталып, одан ары қарай жалпы адамдарды құрметтеп, өмірді, сол өмірді бізге сыйлаған жаратқанды сүйуге ұласуы керек. Отбасының тыныштығы, ағайынның татулығы адамның бақытты болуына алғышарт жағдайлар жасап, елдің тыныштығына, қоғамның өркендей түсуіне алып келеді.

Саған өмір сыйлаған, асырап-өсіріп, тәрбиелеген, бүкіл саналы ғұмырын арнаған ата-ананы сүйіп-құрметтеу, оған қызмет ету – әрбір өзін адаммын деп санайтын саналы азаматтың Алла алдындағы ең бірінші перзенттік парызы. Махаббат ата-ананы жақсы көруден, сүйуден басталады. Әке-шешесін сыйламаған, құрметтемеген адамның бойында шынайы сүйіспеншіліктің болуы – екіталай; бола қалғанның өзінде – жалған, фанатизм. Адамның адамшылық қасиеті, ең алдымен, оның ата-анасына деген қарым-қатынасынан көрінеді. Жақсы жар құшып, перзент сүю – адам өмірінің мәні мен сәні. Артыңа тәрбиелі, жақсы ұрпақ қалдыру – сенің ата-бабаларыңның ғасырлар бойы қасиетті адами құндылықтарды қанында жинақтап, жалғастырып келе жатқан ұрпақтар эстафетасын асқан жауапкершілікпен қабылдап алып, оны «бүлдіріп» алмай, келесі ұрпақтың қолына тапсыру аманатын орындау – аруақтар алдындағы, кейінгі ұрпақ алдындағы, одан қалды, ұлт, қоғам алдындағы ең басты парызың. Ағайын-туыс, нағашы-жиен, жегжат-жұрат секілді сенің қандастарың – өмірдің түрлі өткелектерінде арқа сүйер сүйенішің, өркен жаяр өрісің, сені тәрбиелеп, шынықтырып, үлкен өмірдің күресіне баптап ұшырушы ортаң.

Атақты психолог Фрейд махаббатты «психикалық ауытқушылық» санап, мұндай махаббаттан сақтай гөр деп тілеген екен. Абай «Адам ұғылы екі нәрсе бірлән: бірі – тән, бірі – жан» екендігін ескертеді. Осыған орай, тән азығын, жан азығын қажетіне қарай қамтамасыз етіп отыру адам тіршілігінің негізгі өзегін құрайды. Ол үшін адамзат баласының ғасырлар бойғы жинақтаған рухани қазынасындағы адамгершілік ұстанымдарымен ғұмыр кешу маңызды. Осы бір аса күрделі мәселелерді жүзеге асыру оңай шаруа емес. Мұның дұрыс жолын Абай көрсетіп береді: ол – ақылмен өмір сүру.

Жар тандауда да көп мәселе ойлаумен шешіледі. Бір көргеннен ғашық болып қалу – аз; оның ішкі жан дүниесі, мінезі сияқты адам болмысының негізін құрайтын компоненттерді ескермей, шаңырақ көтеруге асықпау керек. Қазіргі ғылым екі ғашықтың жұптасуы үшін олардың арасында әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық үйлесімділіктердің болуын бақытты отбасылық өмірдің бірден-бір кепілі санайды. Абай да үйлену мәселесіне

келгенде ойлануға, асықпауға, осы сияқты барлық жағдайларды ескере отырып, ақылмен шешуге, тіпті текті жерден құда түсіп, қалыңын төлеп, үйленуге кеңес береді.

Осы сияқты сан алуан тіршілік әрекеттері сүйіспеншілікпен суғарылып жүзеге асса, Алланың нұры жауып, ол адам өмірдегі шын бақытқа кенеледі. Өйткені «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім» (Қырық бесінші сөз); «Махаббатсыз – дүние дос, Хайуанға оны қосыңдар» («Кейде есер көңіл құрғырың»). Адамдарды сүйе білген адам ғана Алланы шын сүйе алады. Жүрегі адамгершіліктің, имандылықтың рухымен нұрланған адам – нағыз адам, кемел адам.

Абай:

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең, үлгілі жақсы атақпен.
Артағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де өлмегенмен боласың тең, –

деп жырлайды.

Ақын «Махаббат пен ғадауат майдандасқан» мына заманда бақытты өмір сүрудің оңай еместігін ескертеді. Тағы бірде:

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап, сөйлемек, –

дегенінде адам баласының өмірге деген сүйіспеншілігін алдымен айтып тұруы тегіннен тегін емес сияқты.

Мына өлеңнің мәтінін толық келтірейік:

Кейде есер көңіл құрғырың,
Махаббат іздеп, талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын,
Асау жүрек алқынар.
Тартқан бейнет, өткен жас,
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат – өмір көркі, рас,
Өлген соң, ол да үндемес.
Махаббатсыз – дүние дос,
Хайуанға оны қосыңдар.

Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар.
Жүрегі жұмсақ білген құл,
Шын дос таппай тыншымас.
Пайда, мақтан бәрі – тұл,
Доссыз ауыз тұшымас.

Осындағы «Махаббатсыз – дүние дос» тіркесінің мән-мағынасына абайтанушылар күні-бүгінге дейін пікір таластырып келеді. Қазіргі аға ұрпақ мектепте бұл тіркесті «Махаббатсыз – дүние бос» деп оқып келсе, кейінгі зерттеушілер осындағы «бос» сөзін «досқа» өзгертті. Біздің айтпағымыз, осындағы екі сөздің қай-қайсысы болса да, Абайдың айтпақ болған негізгі ойын өзгертпейді; айтылар басты идеяға екі арнада екеуі де көлеңкесін түсірмей, толықтыра түсетіндей.

Хакім Абай «Отыз төртінші сөзінде»:

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіп, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріне бірің қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күнdestік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?» – деп, адам баласын ойлануға, мына «бес күндік» жалғанда сыйластыққа шақырады.

Абай екі жастың арасындағы сүйіспеншілік пен жалпы өмірге, адамзат баласына, Аллаға деген махаббаттың аражігін ашып, түсіндіреді. «Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол», – деп, жұрттың махаббат деп жүргенінің көпшілігі жай ғана сырты жылтырағанға құмарлық екендігіне назар аударады. Шындығында да, адамның, тіпті жас баланың өзі де жақсы ойыншыққа дегендей, жақсы нәрсеге, сұлулыққа ұмтылатындығы, құмарлығы – бойындағы туа біткен қасиеті. «Бұл өмірдің қызығы – махаббатпен». Ал қыз бен жігіттің алдағы болашағын, тағдырын қосарлап, шаңырақ көтеріп, бірге өткізуге, сөйтіп, өмірде бақытты болуға ұмтылған

ерекше сезімі шын махаббат болса, ол адамгершілік рухымен суғарылуы тиіс:

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл». «Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,
Көрсен қызар, күнде асық – дуаналық». «Біреуді көркі бар деп, жақсы көрме,
Лапылдақ көрсен қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!...
Шу дегенде, көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.
Бетім барда бетіме кім шыдар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі тантық?
Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын керек.
Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек...
Жасаулы деп, малды деп, байдан алма,
Кедей қызы арзан деп, құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма». («Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат»)

Ақын екі жас бірін-бірі ұнатып, шаңырақ көтергеннің өзінде де, оның іргесі берік, мықты болуы үшін қазақтың ата-баба дәстүрін сақтаудың міндетті екенін де ескертеді:

Қыз іздесең, қалың бер,
Мұным ақыл болмай ма?
Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда да көңіл толмай ма? («Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!»)

Екі жас өсеміз, өнеміз, жұптасып, бақытты өмір сүреміз деп, үйленгендіктен де олардың өзара сыйластықта (сыйға – сый, жақсылыққа – жақсылық) болуы аса маңызды:

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң сасық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, райыс үстіндегі үй. («Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат»)

Қазір күн сайын құбылып жатқан мына заманда елімізге баса-көктеп келіп жатқан батыстық мәдениеттің салдарынан бүгінгі жастарымыздың бойындағы сұлулыққа, жар таңдауға деген талғамдарының өзгере бастағандығы байқалады. Ал қазақтың сұлу қыздары қандай еді?

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?
Аласы аз қара көз айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын.
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.
Егерде қолың тисе, білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіне.
Бетінді таяп барсаң, тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіне.

Абай қазақ ұғымындағы сұлулықтың, сұлу қыздың, екі жастың арасындағы алабұртқан, бүкіл сананы билеп, есті шығарған ғашықтық сезімдердің классикалық үлгілерін жасап, оны көркем кестелі өшпес өлең жолдарымен өрнектеді. «Қақтаған ақ күмістей, кең маңдайлы», «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған», «Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол», «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қызарып, сұрланып», «Көзімнің қарасы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Мың сәлем жазамын», т.б. өлеңдері арқылы қазақ әдебиетіндегі махаббат лирикасының асқар шыңына шығып, теңдесі жоқ асқан өрнектерін жасап кетті.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас», – деп, жыр жазған Абай діннің адам өмірінің аса маңызды бір бөлшегі ретінде құнды пікірлер айтқан:

«Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге бола ма?

Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз.

Құдай тағала дүниені кәмәләтті шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өсіп-өнсін деп жаратқан.

Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса, өзің ниһаятлысың, ол жол Құдайдың жолы емес.

Құдай тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған...

Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?

Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?

Себебі Алла тағала өзі – хақиқат жолы.

Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де – хақлық һәм адамдық дүр». Түсіне білген адамға осы жолдардың арғы жақтарында адамдардың дұрыс өмір сүруіне көмектесетін не бір терең имандылық ойлары жатыр; адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшегендігі көрінеді. Тағы бірде ол: «Толық мұсылман болмай, толық адам болмайды», – деп кесіп айтқан. Абайдың имандылықпен суғарылған ой иірімдері өзіне қарай тартып, ішіне кірген сайын мынау мың құбылған өмірдің қыр-сырларын енді ғана түсіне бастағандай боласың; дана Абайдың ұлылығы алдында еріксіз бас иесің.

Қай заманда болмасын, күн тәртібінен түспей тұрған адам қайтсе адам болып қалады деген мәңгілік сауалға ұлы Абай осылайша жауап беріпті. Әсіресе жаһандану дәуірінде ғаламдық өзгерістердің салдарынан жойқын рухани шапқыншылықтарға ұшырап жатқан қазақтар үшін бұл өсиеттердің адами болмысымызды сақтап қалуымыз үшін де, ұлт болып өмір сүруіміз үшін де маңызы зор.

«Бүгінгі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі һәм бірегейі – адами құндылықтарды сақтау. Ал Абай еңбектеріндегі «Толық адам» ұғымы – адамзатты кісілік тұрғысынан жетілдіруді көздейтін үлкен даналық ойлармен ұштасып жатқан күрделі мәселе. Ақынның мұраты – адамды рухани кемелдендіру арқылы қоғамды жетілдіру, елді ілгері дамыған мәдениетті мемлекеттер қатарына қосу.

Халқының мінез-құлқының бұзылып бара жатқанын көріп, «Толық адам» ілімін жасаған Абайды әрбір қазақ білуі керек. Абайды білсе, пенделік жолдан қайтады. Қазір көп адамның көкейінде тек қарын тойдыру, киім кию. Одан басқа мақсат жоқ

сияқты. Аш қарын тойынар, бірақ оның рухани қазынасы болмаса, қуыс кеуде пенде болып қалады. Біздің қауіміз сонда. Жастарымыз қуыс кеуде болып қалмауы қажет. Дүниені өмір бойы жинап, ана дүниеге алып кеткен кімді көрдіңіздер?! Оның барлығы қалады. Сондықтан рухани қазынаға басымдық беру керек» (М. Мырзахметов).

Абайды заманы атқа ерте мінгізіп, ерте есейткен. Ел-жұртына сөзін өткізе алмай, әбден қажыған Абай: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», – деп қамыққанда, небары 41-де, ал «Ішім өлген, сыртым сау», «Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ. Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ. Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным», – деп, торығып жүрген кезінде небәрі 43 жаста екен.

«Толық адам» ең алдымен, жаман қылықтардан аулақ болуы керек.

Ақын:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз...
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз....
Ақыл сенбей, сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз...
Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл...
Егер түзу көрінсе,
Ойлап, ойлап, құлаққа іл.
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма» («Ғылым таппай, мақтанба»), –

деп, нағыз адам осылай болуы керек деген негізгі ойын көркем сөзбен өрнектейді.

Осылайша, күңіренген Абай өз замандастарынан соншама түңілгенімен де, елінің ертеңіне сенеді; келер ұрпаққа сөз тастап,

«Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен?» – деп, болашаққа үлкен үмітпен қарайды.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де – бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан.
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға...
Пайданы көрсең, бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мінінді ұрлап жасырып,
Майданға түспей, бәйгі алма.
Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға. («Әсемпаз болма әрнеге»)

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап...
Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме». («Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап»).

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбатта» «толық адам» тұлғасы барынша ашыла түскен:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат...
Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,

Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
 Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
 Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.
 Керек іс бозбалаға – талаптылық,
 Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық...
 Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
 Жетпесе біріндікін бірің жеткіз!
 Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
 Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!
 Бір жерде бірге жүрсен, басың қосып,
 Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып.
 Бірінді бірің ғиззат, құрмет етіс,
 Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.
 Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
 Оның қадірін жетесіз адам білмес.
 Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
 Артыңнан бірауыз сөз айтып күлмес.
 Күйлесе жігітпін деп, үнемі ойнас,
 Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
 Ер жігіт таңдап тауып еппен жүрсін,
 Төбетке өлекшіннің бәрі бір бас...
 Жаман тату қазады өзіне ор,
 Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
 Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
 Өзі зордың болады ығы да зор (Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі том-
 дық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1977. – 59-62-беттер).

Пайда ойлама, ар ойла,
 Талап қыл артық білуге...
 Қызмет қылма оязға,
 Жанбай жатып сөнуге. («Ғылым таппай, мақтанба»)

Мынау азған қу заман
 Қалыбында тұрмайды. («Көкбайға»)

Абай болыс болуға қайта сайлауға түсіп жатқан Күлембайға арнаған өлеңінде: «Ел билеген адам жоқ, Ата менен бабаңда», – деп, оған өзінің көңілі толмайтындығын білдіреді. Мұндай сөзді айтуға қазақтың адамды тегіне қарай бағалау дәстүрі себеп болып тұр. Жеті атасын, жалпы өзінің ата-бабаларын, туған-туыстарын (руластарын), ұлтын, яғни өзінің тегін жастайынан жақсы біліп өскен жас ата-бабалар салған дәстүрді жалғастырып, солардың кемшілігінен сабақ алып, өнегелі істерін үлгі тұтып өседі. Сонда ғана ата-анасынан бастап, ол айналасына, еліне адал қызмет ете

алады. «Өке жолын жалғастырған ұл бақытты» деген сөз бар. Ал мұндай тәрбие көрмегенді, не болмаса тегінде рухани тазалық сақталмағандарды «тексіз» санаған. Сондықтан да қазақ текті жерден қыз алған; ел билеуді тұқымында тектіліктің қаны бар ер-азаматтардың қолына сеніп тапсырған. Өлеңде тегінде ел билеген адам болмаған Күлембайдың түрлі қитұрқы әрекеттермен болыс болып сайлануға барын салып жатқаны сыналған.

Жалпы, Абайды елді қалай билеу керек мәселесі қатты толғандырған. Лермонтовтан аударма саналып жүрген халықтың тыныш өмір сүруі үшін аса маңызды осы бір мәселеге жауап та бергендей болады:

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек,
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.
Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып,
Паңсымай, жайдақсымай ірі жүрмек.
Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір,
Сүйтсе де ірісімен кеңесіп жүр.
Кейбірін қауіптендір мінін тауып,
Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.
Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ.
Анда-санда құтырған жаман емес,
Оныңды жиі қылмай және бол сақ.
Кісімсі қайда жүрсең, олжаға ток,
Шұқыма халық көзінше қарғаша боқ.
Жұрт – жас бала, жылатып тартып алма,
Білдіртпей, ептеп алсаң, залалы жоқ.
Жат елге жадағайда сөйле шәргез,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты жау деп, еліңді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез.

(Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: Ғылым, 1977. – 61-бет).

Десе де Абайдың ел билеуге қатысты айтқан пікірлері мұнымен шектеліп қалмайды. Ақын поэзиясының, қара сөздерінің өн бойынан осы сауалға әртүрлі қырынан келіп, өлеңмен өрнектеліп берілген жауаптарды, ой өрімдерін көреміз.

Тектілік – қазақ халқын адам, ұлт ретінде өмірдің не бір аумағы-төкпелі кездерінен аман-есен өткізіп, сақтап келген өміршең қасиет. «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел», – дейді

Абай. «Көсемі бар халық бақытты» деп білген қазақтың тарихи көшін тектілерден шыққан ақылмандар, батырлар бастап, бүгінгі күнге аман-есен жетіп отыр.

Абайдың:

Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде
Не болады өңкей нөл?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол. («Сәулең болса, кеудеңде») –

деген өлең жолдарының мағынасы тереңде жатыр. Мұнда елдің тағдыры тікелей ел басқарып отырған азаматтарға байланысты деген негізгі ой айтылған. Ал билік басында отырған адам қалың халықтың ішінен, текті жерден әбден сұрыпталып, іріктеліп, суырылып шыққан «елім» деген азамат болуы керектігін еске салған. Мұның ар жағында халықтың басын бір бағытқа бұрып, ел бастайтын көсемдер шықпаса, ұйымдаспаған жерде іс-әрекеттің барлығы да нәтижесіз, «нөл» болады, яғни тобырлық қозғалыстан ештеңе шықпайды деген өмірдің ащы шындығы жатыр.

Ақынның ойынша, көпті көрген, көп ізденген, көп нәрсені ойына тоқыған, жақсы мен жаманды ажырата алатын адам – ақылды адам. Ал ақылсыздық – «ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі» болса, ақылды жан – қуаты күшті адам. Ақылсыздық, білімсіздік – адамның қоры. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. «Білімсіздік хайуандық болады». «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» (Отыз сегізінші сөз).

Абай әлемде не болып жатқанынан бейхабар халқын өзгерлерден қалып қоймас үшін өнер-білімге шақырады. Тіпті өнер-білімді үйренудің әдістемелік жолдарын да көрсетіп береді:

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені есті-

генде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (Отыз сегізінші сөз), «Ғылымның бір аты – ақыл» (сонда), «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» деп білген Абай елінің ертеңін білім мен ғылыммен байланыстырды; сондықтан да халқын оқуға, білім алуға, ғылымды үйренуге шақырды. «Ғылым» Алланың сегіз сипатының бірі екендігін еске салды: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат», «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» (Оныншы сөз). Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Он сегізінші сөз), «Ғылым мал табу құралы емес, мал ғылымды дамыту үшін қажет» дейді. Демек, ғылым – өмірді танып білудің бірден-бір жолы; адам білімдар болған сайын ақиқатқа қарай, яғни Аллаға да жақындай түседі деген сөз. Білім-ғылымның халық өміріндегі мәні мен маңызын осы жолдарды оқығанда, шын мәнінде толық түсінгендей боласыз.

Абайдың «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңін кім білмейді. Біз де осы өлеңді жаттап өстік:

Ғылым таппай, мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып, шаттанба,
Ойнап босқа күлуге...
Ғалым болмай, немене,
Балалықты қисаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеніз.

(Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. – Алматы: Ғылым, 1977. – 65-66 беттер).

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне,
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз, –

деп, жастарды білімді болуға шақырады.

Ақынның «Білімдіден шыққан сөз», «Интернатта оқып жүр», «Ғалымнан надан артпас ұққанменен», «Мен боламын демендер», «Түбінде баянды еңбек егін салған», «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезген» т.б. өлеңдерінде жастарды білім-ғылымға үндеп, оның жақсылыққа бастар бірден-бір жол екенін ескертеді.

Ешқандай мектеп көрмеген, оқу бітірмеген, бар болғаны туған халқының ішінде жүріп, оның рухани құндылықтарын көкірегіне тоқи білген дана Абайдың сол кездегі қазақ қоғамын жайлаған рухани дерттерді емдеудің жолдарын көрсете білуі бүгінгі ұрпақтарды таңғалдырады. Халқының даналығын, ұлтының ұлылығын бойына сіңіре білген ұлан-ғайыр білім иесінің «Жасымда ғылым бар деп, ескермедім» деуінің өзі де Абайдың ұлы тұлғасын байқатса керек:

Жасымда ғылым бар деп, ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң, түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім. (Сонда, 43-бет)

Абай ғылымның не үшін қажет екендігін, оны игерудің оңай жол еместігін ескертеді:

« – Әуелі білмек керек;

– Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену керек;

– Әрбір хақиқатқа тырысып ыждағатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма!

– Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу (ойласу, пікір алмасу), екіншісі – берік мұхафаза қылу (сақтау, қорғау). Бұл екі қуатты зорайту жаһатында болу керек. ...Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

– ...уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зінһар жаным, соған бек сақ бол, әсіресе әуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

– Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады».

Абайдың «толық адам» ілімінде мінездің орны ерекше. Адамның адамгершілігі, білімдарлығы, сана-сезімі, өмірге көз-қарасы оның мінезінен, яғни оның түрлі орталарда, түрлі жағдайларда өзін ұстай білуінен, сөйлей алуынан, іс-әрекеттерінен көрінеді. Мінезсіз адам жоқ. Десек те білімді, тәрбиелі, парасатты адам қандай да бір қиын жағдай болмасын, бәрін ақылға салып, дұрыс шешім қабылдап, өзін ұстай біледі. Білім, тәрбие арқылы қалыптасқан мәдениеттілік мінез арқылы көрінеді. «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген» – нағыз мәдениетті адам.

Білімсіз, ғылымсыз адамды наданға, хайуанға теңеген Абай «Жиырма бесінші сөзін» түгелдей осы мәселеге арнапты:

«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды...

Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңоны болмаса, заңонсыз қорлығына көнбес едік...

Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет!» (Жиырма бесінші сөз).

Бұл жердегі Абайдың негізгі ойы – анық: білім де, ғылым да, өнер де – бәрі орыста; сондықтан да «орысша оқу керек». Осы сөз әр кезде әртүрлі түсініліп келді. Десек те осы сөздерді ұлы ақынның тек қана ізгі ойлармен жазғанына күмән келтіруге болмайды.

«Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады», – деп жазады. Осындағы адам баласы көбіне «ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» деген сөзінің астарына үңіліп көрейік. Адамның миында алдымен, ой пайда болып, ол қорытылып «ақылға» айналады. Абай ақыл жеткілікті болғанымен, жүректе байлау болмаса, жүзеге аса бермеуі мүмкін дегенді айтып отыр. Ойшылдың бұл ойлары мына өлеңінде шынайы көркем көрініс тапқан:

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек.
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп, күнелтпек...
Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?
Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

Абайдың «толық адамында» «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүрек» атауларына ерекше назар аударғаны байқалады. Оқырманға осы үшеуін тең ұста дейді:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Иә, осы жерде «ақыл» (ой, идея. – Д.Б.) іске асуы үшін міндетті түрде жүректің сарабынан өтіп, жылуына оранып, қайраттанып, қуаттанып шығуы міндетті. Сонда жүрек кез келген «ақылды» қабылдай бермейді, оларды сүзгіден өткізіп, бойында жылуы, жігері бар өміршең, адамзаттық, ұлттық руханиятпен суғарылған тиімділерін ғана қабылдайды.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – деп жазыпты.

Адамның дене мүшесі болумен бірге, жүрек – ислам дінінде иманның тұрағы, Аллаға сенім мекені, адамның дәні, өзегі саналады. «Адамзат денесінде бір ет бөлігі бар. Ол дұрыс әрі жақсы болса, бүткіл дүние жақсы болады. Ол жаман болса, бүткіл дене жаман болады. Мұқият болыңдар, ол – жүрек» (Бухари. Иман. 39-бет). Жаман адамды жүрегі былғанған, имансыз дейді. Ниет – жүрек амалдарының бірі. Сондықтан да ең алдымен, ниетті түзеу керек. Абайдың дүниетанымында да жүрек осы тұрғыдан түсініліп, жырға қосылады.

Кезінде әл-Фараби жүрек адамның ең басты дене мүшесі деген екен: «Жүрек адам денесіндегі ешкімге бағынбайтын басты орган болып табылады. Одан кейінгі – ми. Ол да – басты орган; ол басқа органдардың жұмысын басқарғанымен де, өзі жүрекке қызмет етеді. Басқа органдар оған жұмыс жасаса, ол тек қана жүрекке бағынады...

Жүрек – туа біткен жылылықтың қайнар көзі...

Ми – жүректің сезімтал жүйкелерінің жұмысын қамтамасыз етіп, энергияны жеткізіп отыратын орталық...

Мидан кейінгі – бауыр, талақ, одан кейін ұрпақ қалдыру органдары, т.б.» (Абу Наср Аль-Фараби. Добродетный город. Том первый. – Алматы, 2014. – 164-166 беттер).

Ислам әлемінің тағы бір ғұламасы Аид әл-Қарни жүрек туралы былай деп жазып қалдырыпты:

«Кісідегі бағалы һәм лайықты нәрсе – оның жүрегі. Ол жаратқан туралы біледі, оған ұмтылады және оны сүйеді. Жүрек – иманның және білімнің ошағы... Жүрекке ең қымбат нәрсе – иман және ақыл-ой тарту етілген, дененің қалған барлық бөліктері оған

ереді. Ол оларды қожайын қызметкерлерін пайдаланғандай пайдаланады» (Аид әл-Қарни. Мұңайма! Бақыттың бұлағы және қайғы-мұнның дауасы. Аударған Қанат Сұлтанбекұлы. – Алматы, 2019. – 152-бет). Тәрбиенің мақсаты – жүректі пәктеу. Алла жүрек арқылы танылады. Адам жүрек тәрбиесімен жетіледі; жүрегі қандай болса, адамы да сондай. «Иманды адамның жүрегі нұрланып тұрады, ол қайрат пен ақылға бағынбайды, жақсылыққа қуанады, жамандыққа ермейді. Ақиқат аулын тапқан жүрек алдамайды, алаламайды, адалдықтан айнымайды» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 6-том. – Алматы: Арыс, 2007. – 635-бет).

Абайдың айтуынша, сөз «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді»; «бойда қуат, ойда көз болмаса, ондайларға айтпа сөз»; жүрексіз айтылған сөз – жалған сөз – ондайларға сенбе. Сондықтан да «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі» бірдей ұста.

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.
Достық, қызық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі, –

деп жырлаған ақын жүректің адамның рухани өміріндегі шешуші рөлін дәл айтып отыр.

Сонымен, Абайдың XIX ғасырдың екінші жарымында бүкіл шығармашылығымен халқына өсиет ретінде айтып, ұсынып кеткен адамгершілік нормаларын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты жүйеге келтіріп, ұсынған «Кісілік кодексі»:

Кұдайдан қорық, пендеден ұял.
Адал жүріп, адал тұр.
Досыңа достық – қарыз іс.
Дұшпаныңа әділ бол.
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.
Ақырын жүріп, анық бас.

Пайда ойлама, ар ойла.
 Әсемпаз болма әрнеге.
 Ғылым таппай, мақтанба.
 Кісіге біліміне қарай болыстық қыл.
 Жан аямай кәсіп қыл.
 Ісім өнсін десең, ретін тап.
 Бес нәрсеге асық бол:
 - Талап.
 - Еңбек.
 - Терең ой.
 - Қанағат.
 - Рақым.
 Бес нәрседен қашық бол:
 - Өтірік.
 - Өсек.
 - Мақтаншақ.
 - Еріншек.
 - Бекер мал шашпақ.
 Жүрегіңнің түбіне терең бойла.
 Өзіңді өзің күзет.
 Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау.

Өрине, Абайдың: «Қалың елім, қазағым, – деп, кейінгі ұрпақтарға өсиет ретінде айтып кеткен адамгершілік қағидаларын ұстану кез келген адамның қолынан келе бермейтіндігі түсінікті болса керек. Ол үшін адамның адам болып қалуын, яғни бойындағы адамгершіліктің асыл қасиеттерін сақтап, оны күн сайын өзгеріп жатқан заманға сай жетілдіріп, қалыптастыруды қамтамасыз ететін, әр адам міндетті түрде ұстануы тиіс алғышарттар бар. Заман қалай құбылса да, адамның хайуан болып кетпей, адам болып қалуына жағдай жасайтын өміршең ұстанымдарды Абай өлеңмен де, қара сөзбен де айтудайын-ақ айтып кеткен:

1. Алланы сүйю:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»;
 «Алланы сүй, адамды сүй, әділетті сүй»;
 «Махаббатпен жаратқан адамзатты,
 Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті»;
 «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ»;
 «Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қаруласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәпшештеуге керек»;

2. Адамзатты сүйю:

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»;
«Адам баласына адам баласының бәрі – дос»;
«Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа»;
«Әкесінің баласы – адамның дұшпаны,
Адамның баласы – бауырың»;
«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі
боласың, адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүй-
ген құлының бірі боласың»;
«Досыңа достық – қарыз іс»;
«Достықты достық шақырады»;
«Бұл өмірдің қызығы махаббатпен».

3. Әділеттілікті сүю:

«Алланы сүй, адамды сүй, әділетті сүй»;
«Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет»;
«Бұл ғаделет, махаббат сезім кімде көп болса, ол кісі – ғалым,
сол – ғақил»;
«Досыңа достық – қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол»;
«Ынсап, ұят бұл ғаделеттен шығады».

4. Ғылымды үйрену:

«Ғылым таппай, мақтанба»;
«Ғалым болмай, немене,
Балалықты қисаңыз»;
«Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге»;
«Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз»;
«Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық
өзі де – хақлық һәм адамдық дүр»;
«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез
деген нәрселермен озбақ»;
«Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық
ешбір ғибадат орнына бармайды».

5. Қарапайымдылық:

«Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат»;

«Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!;
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!»;
«Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан»;
«Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден»;

6. Адал еңбек:

«Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады»;

«Сен ерінбей еңбек етсең, шыдамдылықпен іздеп, пайдалы жұмыс жасасаң, бай болар едің»;

«Онан гөрі еңбек қыл,
Улы сусын төгілсін»;

«Әуел Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды»;

«Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі»;

«Сұрауын табамын, қалауын табамын деп, қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек»;

«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға».

7. Өмірге бейімдел:

«Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды».

«Мынау азған қу заман,
Қалыбында тұрмайды»;

«Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек»;

«Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді»;

«Өмір, дүние дегенің,
Ағып жатқан су екен»;

«Өркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билеме?

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек».

8. Қайырымдылық:

Бір бойында адамды адам қылып тұрған адамшылықпен, қажетті рухани құндылықтармен бақытты өмір сүруге талап қылған жан әдетте адамгершілігі мол, мейірімді, қарапайым келеді.

Елінің ертеңін қазақтың бірлігінен көрген ақын оған жетудің әлеуметтік тұрғыдан келгенде, бірден-бір дұрыс көрсете білді. Ол жол – ең алдымен, Алладан бастап, бүкіл адамзат баласын, өмірді сүю. Өйткені «Құдайдан қорықпағаннан қорық»; Құдайдан қорықпаған адам адал өмір сүре алмайды; яғни ол өмірді, айтылған сөзді түсінбегендіктен де түзелмейді. Адам түзелмесе, халық та түзелмейді; қоғам да түзелмейді. Заманның түзелуі жеке адамның түзелуінен басталады.

Абай осыны ескертіп отыр. Несін айтасыз, «Бойда қайрат, ойда көз. Болмаған соң, айтпа сөз», – деп, өзін тыңдай алатын, сөзін түсіне білетіндердің аздығына налиды.

Адамның түзелуі отбасынан басталады. Отбасында сүйіспеншілікке бөленіп, бабалар салтымен тәрбиеленген бала ата-анасынан бастап, бауырлары, ағайын-туыстарын, одан қалды жалпы адамдарды, өмірді сүйіп өсіп, өзі де өзгелердің сүйіктісіне, халқына адал қызмет етіп, еңбегі жанып, елінің елеулісіне, қоғамның қадірлісіне айналады.

Ел тұтастығы ой бірлігінен, «ақылға бірліктен» бастау алады деп білген Абай осы идеяларды жүзеге асырудағы сөздің атқаратын қызметін жоғары бағалайды. Ең басты шарт – сөз түзу болу үшін ой түзу болу керек. Ақын бір өлеңінде «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп, халқына үндеу тастайды. Мұны айтып отырған себебі – адамды адам қып, елді бірлікте сақтайтын идеялар жасалды; енді соны дұрыс сөз арқылы сыртқа шығарып, халықтың санасына жеткізіп, ары қарай жүзеге асыру керектігін алға тартып отыр.

Абай оннан астам өлеңінде тілдің құдіреті, өлеңнің қалай болуы керектігі жайлы пікір білдіреді. Ол алдымен, өнердің өмірдегі орнына, ақынның қоғам алдындағы парызы мен қарызына айрықша маңыз береді. Өлеңді кәсіпке, мал табудың, күн-көрістің құралына айналдырып «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» жүргендерге

қарсы шығады. «Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан, Нең кетеді жақсы өлең, сөз айтқаннан. Сүйінерлік адамды құрмет қыл, Аулақ боп жіп сатып, нәрсе алғаннан», «Өлеңі бар, өнерлі інім, сізге айтам, Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге. Өзге түгіл, өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер қор болып кетер түзге», – деп, ақындарға жалынғандай да болады. Ал өзі болса: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ» – деп, өлең жазғанда, алдына қойған әлеуметтік мақсатын айқындай түседі.

Абайдың сөз өнері жайлы ой концепциясы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Базарға қарап тұрсам әркім барар», «Сегіз аяқ», «Сәулең болса кеудеңде», «Адамның кейбір кездері», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» сияқты өлеңдерінде мейлінше ашық айтылған.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» қазақ поэзиясының өлеңмен жазылған теориясы іспеттес. Өлеңді өлеңнің теориясын өлеңмен жазған Еуропадағы атақты Буалоның «Поэтикасымен» салыстыруға болады. Сонымен бірге бұл өлең Абайдың сөз өнері жайлы айтқан ойларының шыңы, өлеңмен жазылған манифест іспеттес:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Абайды білгісі келген адам алдымен, оның «Сегіз аяқ» өлеңін оқып, түсінуі керек сияқты. «Сегіз аяқ» – ақынның бүкіл адами, шығармашылық, дүниетанымдық болмысын аңғартатын философиялық толғау. Адамды бейжай қалдырмайтын өмір жайлы терең толғамдар сырлы сөзбен салынған суреттер арқылы көркем кемел-

дікке ұласып, небір ғажайып ойларға жетелейді. Оқушы кезімізден оқып, жаттап өскен біз осы бір өлеңді қанша рет оқысақ та, оқыған сайын жаңадан жаңа әлемге кіріп кеткендей әсерде боламыз. Маған «Сегіз аяқ» «мың өліп, мың тірілген» қазақ сияқты, қазақпен бірге мәңгі жасай беретін өмір философиясы секілді көрінеді.

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиудан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан

Надандар бәһра ала алмас», – (Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым. – 117-бет)

деген осы бір өлең жолдарында сөздің магиясы, құдіреті барынша көркем бейнеленген.

Иә, жер бетіндегі саналы тіршілікте сөзден асқан құдірет жоқ. Дуалы ауыздан шыққан бірауыз сөз адам тағдырын, ел тағдырын, керек десеңіз, жаһан тағдырын шешіп, әлем әміршісіне айналып жатыр. Сөз ақылдың өлшемі болып, сөзіне қарай кісіні танып келсек, енді сөзіне қарап, елін, ұлтын, халқын, мемлекетін танитын болдық. Сөйлей білу, байқап сөйлеу – мәдениеттілікті, кісілік пен кішілікті білдірумен бірге тәрбиеліліктің де, ақылдылықтың да, керек десеңіз, ұлылықтың да белгісі. Сөзі мықтылар әлемдік өркениеттің көшін бастап, шешуші сөздерін айтып жатыр. Жүректен шығып, жүрекке жеткен сөздің өлмейтінін Абай он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ білген. Білген соң барып, қырық жасынан бастап, қаламын қолына қайта алып, халқының жай-күйі туралы ойланып, толғанып барып жазылған мәңгі жасап, ұлтының жарқын болашағына қызмет ететін ұлы идеялармен суғарылған өлмес өлеңдерін қалдырды.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ДИСКУРСЫ

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.

Сөз мәнісін білмесең,
Өлең оқып не керек?
Не айтқаның сезбесең,
Жарапазан не береді?

Әдеби мұраның игерілуін Ыбырай Алтынсарыұлы білім, ілім беру, ағартушылық, тәрбиелік бағытқа бағындырса, Абай басқаша жол ашты. Абай өзіне дейінгі қазақ әдебиеттануында бұрын-соңды болмаған әдеби-эстетикалық жаңалық ашқан. Әл-Фараби дәстүрін жалғастырған Абай әдеби сөзді білімге, ғылымға бағындырады. Көркем сөздің мәнін, оның сапасының сырын толықтырды. Оның дұрыс және орынды қолданылуын талап етті.

Абай бірінші болып ақын, айтушы мен тыңдаушы, талдау мен талғамның әдебиеттанулық тұжырымдар екенін айырып, келесі өлең жолдарында айқындап берді:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Абайдың «Өлең – сөздің патшасы» екенін А. Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әдебиет танытқышта» дәлелдеп берді. Аталған кітапта Абайдың осы бір жол өлеңіне арналған сөздің міндеті туралы арнайы тарауша бар.

Абай сөйлемнің, «сөз сарасының тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» тұруын да талап етеді. Кейіпкердің тілі өзіне ғана тән болуы көркемділіктің шарты екені бүгін мойындалған қағида. Бұл талап туралы Абай келесі шумақта былай айтыпты: Бөтен сөзбен

былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бейшарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Көркемділіктің негізгі мәні, мазмұны қандай басты ойға бағыну керек деген сауалға Абай былай деп жауап береді: Әуелі аят, хадис – сөздің басы. Қосарлы бәйітмысал келді арасы. Қисынымен қызықты болмаса сөз. Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы. Демек, көркем мәтіннің ойы аят, хадистердегі имандылық, адамдықтың (Абай) мәнін ашуға бағышталмаса, оның қажеттілігі де шамалы. Себебі басты ой сөздің басы яғни ең маңыздысы – Алла мен Пайғамбардың кісіліктің үлгісін нұсқаған көркем, имани сөздерін насихаттау, осыны түсінуге ұмтылу. Абай көркемсөздің адамның жанына әсер етіп, қасиетін білуді де ескертеді: Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, Қазақтың келістірер қай баласы? Себебі, Абай айтқандай, «өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», бірақ көптің ішінде бар таңдамасы.

Көркем өлеңге қандай талаптар қойылу керек? Ақын «көржерді өлең қып, жоқтан қармап» жүрмес үшін не істеу қажет? «Сөз қадірін» кетіrmес үшін, «мал үшін тілін безеп, жанын жалдап» жүрмес үшін, «қайда бай мақтаншаққа» бармас үшін, тек соның сөзін сөйлеп «жанын сатпас үшін» ақынның адал болуын, оның ойы мен сөзінің бөлінбеуі шарт екенін Абай осылай алға тартады.

Замандастарын Абай сөз қадірін түсінуге шақырады, оның басты міндетін есте сақтауды нұсқайды. Сонымен қатар заманға сай ақынға жаңа көркем талаптар қойылатынын ескертеді: Ескі бише отырман бос мақалдап. Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.

Себебі: Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел! Сендерге де келейін енді аяндап. Яғни қазақ сөз өнеріндегі әдеби-эстетикалық жағдайдың өзгергенін Абай әдебиеттанушы ретінде осылай мойындатады. Әдебиетші Абай ақын сөзі біреуге ұнау үшін, не болмаса мал үшін емес, адамның жанына қажетті болуына мән беруді меңзейді. Ақынның сөзін қабылдаушы оқырманның эстетикалық талғамының да дамуын, өзгеруін талап етеді. «Мұндай көркемдікті кім игере алады?» деген сауалға Абай былай дейді: Мақтан қуған, мал құмар нені ұға алсын, Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Осы орайда, Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың Бас ақыны» мақаласында: «Ақындық, өлеңшілдік ел көзіне қадірсіз көрінсе, кемшілік ақындық пен өлеңшілдікте емес, ақындық пен өлеңшілдікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілдікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен», – деп айқындайды [1: 157]. Жоғарыдағы өлең жолында Абай көркемсөздің стильдік үйлесімділігін, оның алдындағы жазу тәсілінен айырмашылығы бар екенін және табиғи әсемдікті меңгеруге шақырады.

Сөздер өлеңге қалай тізіледі, түр мен мазмұн қалай келіседі? деген сауалға Абай нақты тұжырымды жауап қайтарады: Өлең деген – әр сөздің ұнасымы, Сөз қосарлық, орайлы жарасымы. Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе, Оған кімнің ұнасар таласуы. Сөйлемде буын, тармақта сөз үйлесуі, алдындағы ойды жалғастырып, жарасымды байланысуын бүгін біз стильдің қалыптасуы дейміз. Әрине, Абай айтпақшы, ол үйлесімділіктің мағынасы түзу болуы ақынға міндет. Түзу ойды Ахмет Байтұрсынұлы «асыл сөз» деп анықтаған көркемдікті кім түсініп, бағалай алады? Әдебиетші Абай бұл жағын да айырып береді: Қарны ток, қас надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді. Қадірін жақсы сөздің білер жанға, Таппай айтпа оған да айтар кезді. Осы ретте басқа жұртта бар көркемдік үлгілерін ескере отырып, әдебиетші Абай өз кезінің сөз өнеріне сын көзімен қарауға мәжбүр. Ақын ұлттық стильдің шеңберінен шығып, дүниежүзілік классикалық деңгейге көтерілгенін, жаңа әдебиеттің талаптарын айрықша алға тартады: Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау. Өттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса, Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау! Бұдан бұрынғы зерттеулерде айтылғандай (Исмакова А.С. Казахская художественная проза. А., 1998. – С.86), әдебиетші Абай осы орайда, Шортанбай, Дулат, Бұқар өлеңдерінің мәнін емес, жанрды сынап тұр. Толғау жанрының авторға еркіндік бермейтінін көздегендей. Ескі өлең шеңберінен шығып кеткен ақын Абай оның өзінің заманына тар екенін осылай айғақтады.

Әдебиетші-ақынның көңілі көркем сөздің нағыз үйлесімін, мәтіннің мазмұнына сәйкестігін, түр мен мағына үндестігін алға тартады, сондықтан ол қатал сыншылыққа бейім.

Абайға толғау жанрының біржақтылығы жеткіліксіз. Бұқар мен Абылайдың халық алдындағы ағынан жарылуы ғана емес, Абайға толғауда орын алмайтын жеке адамның сезімдерінің бейнеленбеуі, оның істерінің себебі, «неге?» деген сауалға жауап беретін кейіпкер-пенденің ой ағымы, яғни лирикалық психологиялық талдаулар қажет. Әдебиетші Абай өлеңдерінде өз замандасының ішкі әлемін, оның сезімдерін бейнелеуді ұсынады, сондықтан ол үшін толғаулар – «бірі – жамау, бірі – құрау». Совет кезінде осы төрт жолды Абай Шортанбай, Дулат, Бұқар өлеңдерін біржақты түсініп, оларды жоққа шығарушы деп теріс насихаттап келдік.

Абай тұлғаларды емес, қазақ сөз өнерінің толғау жанрын сынап, оның жаңа заманға мүмкіншілігі жеткіліксіз екенін пайымдайды. Себебі әдебиеттанушы Абайдың міндеті: Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның сөзін қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер, Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ. Тура осы ойды А. Байтұрсынұлы: «Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан, Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген», – деп түсіндірді [1: 160].

Сөз өнерінің, сөздің адам жанына тигізетін әсері туралы әдебиетші Абай былай меңзейді: Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап бойға жайылған... Әдебиетші үшін басты мәселе – сөзді кімнің қолдануында болуы, кімнің қандай ойды насихаттауында. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта»: «Өнердің ең алды – сөз өнері» деп санайды: «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар... Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады... Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, тануға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [1: 165].

А. Байтұрсынұлы «Қазақтың Бас ақыны» (1913) атты мақаласында Абайдың шығармашылығы туралы былай дейді: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең. ...Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсе-нің сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды сынайды» [1: 155].

А. Байтұрсынұлы Абайдың реформаторлық сырын бір-ақ сөйлеммен анықтайды: «Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған» [1: 156].

Біліммен би болу оңай ма?! Білімі көптер ел билеген заман болған ба?! Абайға дейінгі ақындар әдеби терминдерді, оның ішінде «айтушы», «тыңдаушы», «сөз сарасы», т.б. қолданбағаны белгілі. Абайдың сыны туралы Ахмет Байтұрсынұлы: «Жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөзінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр» – деп анықтап береді [1: 157]. Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы Абайдың сөзге деген ерекше көзқарасын, сөздің қару екенін түсінетінін айта кетеді, себебі: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» [1: 158]. Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттанушы Абайды осылай бағалайды. Абайдың қазақ әдебиетіне жаңа жол көрсеткені де ескеріледі: «Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөзінің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады».

А. Байтұрсынұлы Абайдың: – Өзі тексергіш болған соң оның өлеңін тексеріп, қате шығарып ешкім жарыта алмайды, – дей келе, ұлы ақынның «қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады [1: 158], – деп, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін талдап береді.

Әдебиетші Абай үшін басты мақсат: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» екені анық, себебі ақын үшін «Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз». Ол тереңдік қайдан пайда болады? деген сауалға ақын Абай нақты жауап береді: Жүрегім, нені сезесің, Сенен басқа жан жоқ па? Дүниені, көңілім, кезесің, Тиянақ жоқ па, қой, тоқта! Күрделі философиялық ұғымды Абай стильдік үйлесімділікке теңейді, сондықтан «Тиянақ» – әр нәрсенің реттілігін, ішкі сырын, мәнін сабырмен танып, оны көркемсөзбен бейнелеп беруді көздейтін әдеби-танымдық ұғым. Сонымен қатар Абай әдебиеттегі заман мен жазушының қарым-қатынасын ашады. Өз кезеңінің үні болуы үшін ақын бүгінгіні ғана көксемей, не болмаса оны жалған деп, шапшаңдықпен суреттеумен шектелмей, ақын мәңгілік контекст пен хронотопты (мекен шақ) ұстануы қажет.

Әдебиетші Абай өткенді есте сақтай отырып, бүгінгіні саралауды меңзейді, әр құбылысқа екі көзқарас болуын айтады жеке пенделік және адамзаттық, бүгінгі өткінші және бүгінгіден тыс мәңгілік өлшемнің бар екенін есте сақтауды талап етеді.

А. Байтұрсынұлы осы орайда: «Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы – әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен», – деп әділ бағалаған [1: 160].

Абай «Ғақлиясын» «Қара сөз» деп атауы да тегін емес. Замандастары көркемсөзді өлең мәтінімен шығарған кезде, Абай қазақтың қара сөзіне атам заманнан келе жатқан, жыраулар қалыптастырып, түйіндеп берген ұлттық пәлсапалық ойлау жүйесін қайтарды. Бұл ата-бабаның өсиет, аманат сөзі іспеттес жанр.

Әдебиетші Абай ақын Абайды өлеңдерінде талдап отырса, қара сөзінде хакім Абай осы екеуінің үйлесімділігін, пәлсапалық, дүниетанымдық, ғалымдық, діни, әлеуметтік тұрғылардан тоғыстырғаны анық, сондықтан «Ғақлияның» стилі де ерекше.

А. Байтұрсынұлы Абайдың жазуы туралы былай депті: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар»

деп тайсақтап тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған». Бұған себеп болған – ақынның, әдебиеттанушылығы: «Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктен» екенін А. Байтұрсынұлы осылай дәлелдеп берген [1: 160]. Бұқар мен Дулатты сынау үшін Абай, әрине, өзінің алдындағы қазақ сөз өнерімен таныс болған, сырын ашып, кемшіліктеріне көзі жеткен соң ғана оны сынауға бет алған. Ол үшін сөзді талдау, талғау қабілеті болуы шарт екені белгілі және сөз өнеріне қояр басты тұжырымы: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Мәселе өлеңде ғана емес, сөздің контекстінде. Осылай бір ғана сөйлеммен әдебиетші Абай сөздің стильдік мәнін, сөздің көркем мәтіндегі орнын, міндетін анықтап берген.

Сыншы Абай жоғарыда талданған өлеңінде ескішіл ақынның баяндау тәсілін сынайды: Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен сөз қосарлап. Ақындары ақылсыз, надан келсе, Көр-жерді өлең қыпты, жоқты қармап». Ақындардың оқиғаларды көп сөзбен баяндауы, оны дәлелдеу үшін мақал-мәтелдерге ғана сүйенуін не болмаса ақы үшін әркімді мақтауға еліктегендерді Абай өлеңмен сынайды. Жалған сөйлеуден Абай әдеби сөздің ақтық, шыншыл күдіретін айырып алады, олар болса: «Кетірген сөз күдіретін жұртты шарлап». Сыншы Абай сөзді сабырмен, орынды пайдалануға шақырады: «Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап». Ескіні анықтап алып, әдебиетші Абай бүгінгінің талабын алға тартады. Бұл екі жолда, әрине, баяндау стилі, елді жалықтырған біріне-бірі ұқсас сөз тіркестері сыналады. Сонымен бірге Абай жаңа стильді, жаңа мазмұнды, жаңа түрді насихаттайды. Бұл құбылыстың тек «мақұлдаумен» не «зарлаумен» ғана шектелуі тиіс емес екені анық. Себебі Абайдың оқырманы тек мәлімет, деректермен шектеліп қалмайды, ол сөзді асыл деп танып, оның әсемдігін түсінетін тұлға екені сөзсіз: «Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап».

Әдебиетші Абай сөздің маңыздылығына да ерекше мән береді: Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап. Бұларды керек қылмас, ешкім қалап. Терең ой, терең ғылым іздемейді. Өтірік пен өсекті жүндей сабап. Адамға қажетті көркем мазмұнды баяндауды және оның соған сай форма-пішіні болуын әдебиетші Абай осылай айғақ-

таған. Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген бір жолмен ауыл баласының көркемсөзді қабылдауына, оның өнер екенін мойындап түсінуге, оны бағалай білу қабілеті адамзатқа ортақ көркемдік-эстетикалық жай екенін түсінуді меңзейді. Әл-Фараби мен Буало айқындаған әдеби талап пен шарттарды Абай пән тілінде осылай нақтылай түсті. Абайдың қара сөздері «хақиқатты хақиқат қалыбында» тану үшін жазылғаны анық.

А. Байтұрсынұлының айтуынша: «Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөзінің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады... Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген» (1: 158). Сондықтан «Абай асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді». А. Байтұрсынұлы классикалық мұраның түп-тамырын осылай нақтылайды, себебі. Абай «әр нәрсенің бер жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен». Осы ретте А. Байтұрсынұлы Абайдың әдебиеттанулық, пәлсапалық ілім дәрежесін анықтай түседі: «Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз» (1: 160).

Абай қырық үшінші сөзінде: «Адам ұғымы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан», – дейді. Екеуінің қажеттіліктері – Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің басты тақырыбы. Адамның жаны мен тәнінің қажеттіліктерін анықтау – Абай үшін басты мақсат. Себебі «Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз. Сол махаббат пен әділетке қарай тартпақпыз, сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады» (45-сөз). Рақым не, рахман не? Адамшылық не, иман не? Ғылым не, махаббат не? Сөзім не, ғаделет не? Адалдық я адамшылық пен имандылық не?

Абайдың «Ғақлиясында» ақынның әдебиеттанулық ойларының пәлсапалық сыры ашыла түседі. Сөз өнерінің алдына қойған мақсаттарынан бастап, оның жауапкершілігі мен міндеттері, сөздің мағынасының қандай болуы шарты, т.б. мәңгілік сұрақтарға жауаптарды Абай осы шығармада топтастырған. Алласын мойындаған пендеге, толық адамға тән қасиеттер мен оған қарсы тұратын надандардың сипаттарын Абай анықтап берді.

Абай меңзеп отырған толық адам – дұрыс пенде образы қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің «Абай жолындағы» Абай образында көркем бейнеленді. Әдеби образдың тарихи тұлғамен сәйкестігі өз алдына арнайы мәселе екені анық. «Ғақлиядағы әдеби ойларды» зерттеу қажет-ақ. Әдебиеттің басты тақырыбы да осы Абай қара сөздерінің мазмұны екені де аян. «Қара сөздерді» жауып қойған кездегі қазақ әдебиеттануының жай-күйі оңай болмағанын және білеміз.

Абай сөзінің ішкі сырын, оның әр сөзін «хақиқатты хақиқат қалыбында» тануға бағышталғанын түсінген XX ғасыр басындағы Алаш әдебиетшілері өздерінің кәсіби зерттеулерін Абайдың шығармашылығын насихаттаудан бастағаны да сондықтан.

Әдебиетші Абайдың қара сөзге келуінің сырын осылай түсіндіруге де болады. Қара сөз ойдың жан-жақты, еркін дамуына мүмкіншілік береді және ол үшін ойдың тереңдігі қажет, өмір мен өлім, өткінші мен мәңгілік мәселелері күрделі білімді қажет ететіні сөзсіз. Бұл мәселеге жауап іздеген ақын Абай әдебиетші ақынның «Ғақлиясында» айғақтала түседі. Әрине, бұл шығармалардың басты шарты Құран ілімі болғандықтан, оның әр сөзі анық, хақиқат екеніне күмән болмауы тиіс.

Абайдың «Сегіз аяғында» әдебиетші-ақын өзінің өмірін саралай түскендей. Осы орайда Т. Нұртазин былай депті: «Көп құбылалы, толғаулы ойды шолған, қиын қияға шарықтаған өмірді бейнелеуге сай өлең» (3: 128). Т. Нұртазиннің байқауынша, «қара өлеңге» Абай көңілі сыймайды. Абайтанушы академик З. Ахметов осыған орай былай дейді: «Абай қазақ поэзиясының ырғақтық-интонациялық байлығын молынан пайдалана біліп, өлең өрнектерін дамытып, байытуға зор үлес қосты... Жазба әдебиетінің негізін салып, жазба поэзиялық дәстүрлерді қалыптастыруға күш салған Абай өлең ырғағының мүмкіндігінше еркін болуына айрықша мән берген. Бұл тұста ол қазақ поэзиясында әбден үйреншікті болған он бір буынды өлеңнің өзіне тән мүмкіндігін пайдаланған» (2: 208).

Он бір буынды өлеңнің қазақтың үйреншікті қара өлеңінен қандай айырмашылығы бар? Абай бір өлең жолымен шектелмейді. Бұрын мұндай күрделі, бірінші жолда басталып, келесі өлең жолына көшіп жататын сөйлемдер болмайтын. Осыған

байланысты Т. Нұртазин былай деген: «Шағатай үлгісімен құрылған қазақ өлеңдерінде пікір шумағы жол аяғында аяқталып, екінші жолды жартылап барып тынатын ұзақ, құрмалас сөйлем кездеспейтін, төрт құбыласы түгел болып, ақсамау үшін өлеңнің ырғақ үйлесімі сақталуы бірінші шарт болатын. Шынымен де: Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз. Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз деген екі жолдың да соңы сазды, дауыс ырғағымен бітіп тұр. Абайда ойдың мұндай қайырылуы мүмкін емес. Кез келген өлеңде алдыңғы ой келесі жолда жалғасып жатады. Бір жолдан екінші жолға асып жататын сөйлемді Абай тек жаңа өлеңдерінде ғана емес, қара сөздерінде де қолданатын» (3: 128).

Әрине, бұл жай ақыны емес, әдебиетші ақын Абайдың сөзге, өлеңге қойған жаңа талаптары екені анық. Совет кезіндегі әдебиеттанудан ұйғарғанымыздай, әдебиетте ол кезде екі түрлі көзқарас болған: жазушы, әдебиеттанушы әдебиетті үстем биліктің идеологиялық қаруы ретінде, басқаларды қаралау үшін саяси күресте пайдаланған. Енді бір топ – әдебиеттің әсемдік, асылсөздігін мойындаған, себебі олар үшін өнер, әдебиет – тікелей шындық емес, оның эстетикалық, әсемдік болжамы, интерпретациясы. А. Байтұрсынұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабай, М. Дулатұлы, М. Әуезовтер осы тұрғыда басты әдебиеттанулық еңбектерін жазғандары белгілі.

Демек, ұлттық әдебиет тек өзіне тән ана тілінде ғана, соның заңдылықтарына сүйене отырып, тіршілікті бейнелей алады. Басты мәселе жазушы өзінің ішкі рухани бостандығын сақтап отыруы шарт. Әдебиеттің қоғамдық қызметінің мәнін қазақ әдебиеттануында ең бірінші Ыбырай Алтынсарыұлы ұсынса, оны Абай қалыптастырғаны мәлім. Ақын өлеңнің басты жолдарында ұрандап, қысқа, нақты, ұмытылмайтындай етіп шегелеп берген: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Әдебиеттің қызметі, көркем шығарманың әсері қандай? деген сауалға Абай былай деп қайырады: «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Өнді сүйсең, менше сүй...». «Көңілге түрлі ой салар», «Дүние ойдан шығады» жолдарында әдебиетші Абай көркемсөздің ерекше әсерін тіршіліктің, ғаламның, адамдықтың сырын түсіндіруге бағышталғанын осылай алға тартады.

Әдебиетші Абай осы ретте көркемсөз өнерінің тағы бір құдіреті туралы айта кетеді. Яғни көркем шығармашылықтың өз заңдылықтары бар, жазушы, ақын соған тәуелді, сондықтан ол көркемдік ақиқатына бағынуға мәжбүр, себебі асыл сөздің өз «заңдары» бар: Өзгеге, көңілім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың? Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярсың. «Өзімді-өзім ұмытып» Пушкиннің «Евгений Онегиндегі» баяндаушының: Татьянаң Евгенийді ысырып тастап, тез тұрмыс құруын түсінбей қалдым, – деп таңғалуын еске салады. Татьянаң образы автордың әсерінен тыс өзінің даму логикасына бағынғаны осыдан аңғарылады. Әрине, бұл – шынайы көркемдік әлемі, себебі әр кейіпкердің өзіне тән сөздері қалыптасқан, істері дамыған. Автордың кірісуімен емес, оның тікелей араласуынан тыс. Кейіпкерлердің сөздері автордың әдеби, дұрыс, үлгілі тілінен ерекшеленіп тұруы да сондықтан. Әрине, бұл да әдебиетші Абайдың шынайы көркемдік әлем туралы түсінігі екені анық. Әдебиеттану осындай шынайы көркемдікті зерттейді, оның ішкі сырын насихаттайды. Әдеби шығарманың өмір шындығымен қатар, әдемі, көркем, әсем болуы шарт. Ол туралы Абай Буало іспеттес, бірақ қазақша нақтылайды: Алыстан сермеп. Жүректен тербеп, Шымырлап бойға жайылған... Осы сегіз жол бір сөйлемді құрап тұр. Сөйлем күрделі болғанымен, сөздері жеңіл байланысып, бір-бірімен жарасып, ұштасып, өлең болып кете береді. Ең соңғы сөздерде ой түйінделеді.

Әдебиеттанулық түсініктерді әдебиетші Абай осылай нақтылап, өлең жолдарымен өрнектеп кеткен екен: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін...

Отыз сегізінші қара сөзінде Абай: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерімен», – дейді. Ал «Ғылым – Алланың бір сипаты» екенін ескеруді басты мақсат деп санайды. Сонымен бірге «Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым». «Растың бір аты хақ, хақтың бір аты Алла», – деп ақиқатты айқындайды.

Көркемсөздегі ақыл, қайрат, жүрек, ғылым айтысы Абайдан кейінгі әдебиеттануда дами түсті. Абайдың әдеби, ғылыми зерттеушілік ой-пікірлерін оның өлеңдерінен, қара сөздерінен осылай анықтап алу – бүгінгі қазақ әдебиеттануының басты

мақсаты екені де айқын. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Өлең – сөздің патшасы», «Өзгеге, көңілім, тоярсың» атты өлеңдерінде Абай өлең құрылысының сырын ашып береді. Мазмұн мен түрдің үйлесуін, сөзді қолданғанда, арнайы білім мен талғамның болуы шарт екенін әдебиетші Абай осылай өлеңмен жырлады. Әдебиетші Абай өзінің поэзиясында өлеңнің өнер екенін дәлелдеді, оның әлеуметтік қызметін алға тартты. Өлеңге білім мен ілімді сыйғызды.

Мазмұнды түр деген бүгінгі әдебиеттанудың парадигмасын өлеңмен қазақ тілінде түсіндіріп берді. Стилді келесі сөздермен анықтайды: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бейшарасы».

Тәуелсіз кездің әдебиеттанушысы Жандос Смағұлов бұл өлеңдерді «поэзиялық үлгіде жазылған теориялық трактат» деп дұрыс баға берген. Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес.

Абайдың «Ғақлиясы» – әдебиеттің мазмұны мен міндеті, қандай мәселелерді зерттеуді қажет етеді деген сауалдарға толық жауап беретін туынды екені де түсінікті. Көркем туынды оқырманға қалай әсер етуі керек? Шынайы көркемсөз тууына не әсер етеді? Бұл ретте Абай былай деп ағынан жарылады: «Өзгеге, көңілім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың. Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярсың».

Аристотельдің поэтикасындағы әдебиеттің мимесис категориясының, яғни көркем, асыл сөздің адам жанына тигізетін әсері, оның тазаруына ықпал етуін Абай осылай қазақшалап бейнелейді.

Көркемсөз оқырманның «іштегі дертіне» әсер етіп, оны қозғай алмаса, онда міндетін атқармағаны. Абайдың әдебиеттанулық ойларын тұңғыш талдаған А. Байтұрсынұлының «Қазақтың Бас ақыны» атты зерттеуінің мәні зор. XX ғасыр басындағы әдебиетшілер осы тұжырымдарды алға тартып, совет кезіне дейін қазақ әдебиеттануын қалыптастырып берді. Оған дәлел 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш».

Ресейдегі ұлттық ғылыми-теориялық ой-пікірдің өріс алуына себеп болған В.К. Тредиаковский мен Н.В. Ломоносов саналса, сонау әл-Фарабиден басталатын қазақ әдебиетіндегі ұлттық сөз

өнерінің табиғатын түсіндіретін, оның негізгі міндеті мен шарттары, тегі мен түрі, айтушы мен тыңдаушы, т.б. категориялардың анықталуы тұңғыш рет Абай өлеңінің мәтінінде айқындалды. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып дамуына Абайдың әдеби-теориялық ұғымдары тікелей әсер еткені аян. Оған дәлел тағы да А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы».

Осы ретте Шоқанның: «Өлең төрт жолдан құралады, алдыңғы екі жолы мен төртінші жолы силлабикалық жүйемен бір ырғаққа ұйқастырылады, үшінші жол ұйқаспайды» деген сияқты теориялық тұжырымдары қазақ өлең құрылысының алғашқы үлгісі екенін мойындауымыз қажет. Ш. Уәлиханов айтыстың ерекшелігін, оның суырыпсалмалық өнерін, халық мұрасын ауызша ұрпақтан-ұрпаққа тікелей жеткізу мәселесін тұңғыш айтқан әдебиетші екенін де есте сақтау қажет.

Ғалым «Жоңғария очерктері». «Халық поэзиясының түрлері». «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбегінің «Сөз өнері» атты тарауындағы ертегіші, өлеңші, жыршы, жырау, ақын терминдерін бір-бірімен салыстыра қарастырып, ерекшеліктерін алғаш рет анықтады.

Өлең құрылысының зерттеушілері Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, З. Ахметов, З. Қабдолов өз зерттеулерін Шоқаннан бастайтынын да білеміз яғни өлең туралы алғашқы теориялық тұжырымды Шоқан айтқаны белгілі.

Шоқанның еңбегі ғылыми айналымға 1904 жылдан бастап енгенін ескерсек, оның қазақ ұлттық әдебиеттануына әсері болғаны сөзсіз.

Абай мен Ыбырай әдебиеттің өнер екенін дәлелдеді, жазба әдебиеттің негізін салды. Абай өз өлеңдерінде қазақ тілінде тұңғыш әдеби-теориялық «пән сөзін» (А. Байтұрсынұлы) жүйелеп берді. Екеуі де әдеби істерімен, аудармалары мен шығармалары арқылы қазақ әдебиеттануына мысал, әңгіме, новелла, баллада, поэма, қара сөз, өлең, т.б. жанрлық түрлерді қалыптастырды. Абай қазақ өлең құрылысында реформа жасаса, Ыбырай әдебиеттің тәрбиелік мәнін, оның тәлімдік әсерін дәлелдеді. Абай өзінің жаңаша әдеби-теориялық көзқарасын өлеңдерінде жүйелеп, есте қалардай нақыштап берді.

Абайды, Ыбырайды, Шоқанды оқыған Алаш арыстары XX ғасыр басында қазақ әдебиеттануын ғылым ретінде қалыптастырды. Олардың осы арнадан сусындағаны да заңдылық.

Абай, Ыбырай, Шоқанның қазақ әдебиеттануына қосқан әдеби-теориялық үлестері арнайы зерттеуді қажет ететіні де сондықтан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Алаш, 2003.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995.
3. Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті // Абай тағылымы. – Алматы, 1986.
4. Сағди Ғ. Абай // Абайды оқы, таңырқа. – Алматы, 1993.

Қанипаш Мәдібаева,
филология ғылымдарының докторы,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының профессоры

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК

Көркем туындыны талдау жүйесі ұдайы тосындығымен назар аударатын. Әдеби мұраның жалпыадамзаттық нышандарын айғақтау ынтықтығы, шығарманы шапшаң сіңіру алғырлығы алабөтен көзге ұрып тұрар еді.

Поэтикалық құнарға құр тамсану дағдысында жоқ; құт-берекесін теориямен байыту бейімдігі, осындағы оңтайлы ептілігі, кім-кімді де жарылқап тастайтын таным жомарттығы екінің біріне бұйырмаған. Білім сіңген білікті зерттеушінің сөз «қуу», сөз сырын аялау, сөздің жарығын сақтап саралауындағы нәзік шеберлік, туа бітті озық түйсік, ана тілдің құдірет-киесіне кішірейіп бас ию құрметі көркем таным түзудегі түпкі мұратына қарай жеделдете жетектеп отырды.

Өлшеулі ғұмырында айта берсең таусылмастай мазмұнмен өмір сүрді. Туа бітті мінез даралығымен де көпке жаққан еді. Кісілік парасатын, жан-дүние кеңістігіндегі ізгілік нұрын жақын-жуық жүрген, араласқан алыс-жақынның барлығын да шарпыды.

Мандайға сыймай кеткен Майтанов туралы көп айтылып жүр. Айтыла беретіні де анық. Ол қазақ руханиятына атын өшірмейтін дәрежеде лайықты еңбек сіңірді. Толымды мазмұнды том-том кітап жазды. Тағылымды зерттеу мектебін қалыптап үлгерді. Тындырымды, тиянақты шәкірттерін қалдырды. Қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі заманғы екінін, еркіндігін негіздеудің тарихи міндеттерінде зор талғам, шалқар білім, тұғырлы төзімімен, тұлғалық тәлімімен дараланды.

Бақытжан Майтанов қазақ сөз өнерінің қай қиырында қарайлағанда да қайраң қалдырғандай тауып айтты, тауысып сөйледі. Әдеби үрдістер, кезеңдік көркемдік үдеріс, шығармашылық даралық, жанр мен түр, тек пен стиль, тіл мен діл – көркемдік өрістің кеңістігін түк қалдырмай түгендеп, түбірінен тартып, ұксата ұғындыруда алдына жан салмаған бір жүйрік еді.

Ол қазіргі қазақ әдебиеттануының алым, қарым, таным өзектілігіндегі арғы мен бергінің алтын арқау ара жігін, ара салмағын; ары мен барын тұтас болжайтын айтулы өкілі еді.

Абайды айтты. Абай өлеңінің маңызын бұрын-соңдыда айтыла қоймаған тосын тұстардан аңдады. Әр өлеңге бөлекше үңілді. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінің жоғарыдағы алғашқы және соңғы бір шумағында таза метативті-филологиялық лирика сазы белең алған.

Бақытжан Майтанов осылай айтады. Бақытжанның бос желікпемен ой қорытпайтыны айдан анық. Көзі жеткенін күдіксіз иландырып дәріптеу дағдысы даусыз.

Абай өлеңінің поэтикалық серпінінде қайсы негіз нендей міндет алып тұратыны тұрғысында ойланып па едік. Өлеңтануда, абайтануда поэзия жұмбағына осы тұстан қашан үңіліп едік?!

«Ақын туындыларының тағы бір ересен ерекшелігі – ой, пікір ағымының ішкі монолог түрінде айтыла отырып, екінші бір тыңдаушы – субъектіге бағдарлана сөйленуі. Мұны өлеңнің, мазмұн, стиль жүйесіндегі екінші дауысқа санау лайық. Екінші дауыс автордың тасасында тұрғанмен, онсыз ақтарылған сырдың мәні жоқ. сырды суыртпақтап шығарушы да, оны мақұлдап, желеп-жебеуші де сол. Бұл феноменді ақынның өзіндік «мені», ішкі түсінігі, рухы деп те, мақсат-тілегі, арманына ортақ, мінез, қылығына қанық зерделі қауым, келешек ұрпақ яки жалпы әлемнің зиялы ұл-қызы, терең мәдениет иесі деп те қарау дұрыс» [1].

Бақытжан Майтанов «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінің, бір ғана өлеңнің «тасада тұрған» талай сырын ашады.

«Жоғарыда үзінді келтірілген өлең Лермонтовтан аударатын «Әм жабықтым, әм жалықтым» атты жырындағы биязы ғана салмақты наздан әлдеқайда бойы озық сарынға қол созады. Қайсыбір адамның қайырылмас соңғы сөзі болатындай аса зілді лебіз» [1, 23 б.].

Өлеңдегі үдемелі ой тізбегі; ашыну, жеріну әсерлерінде бейнеленген арзан да надан, жетесіз дағды-салт; көңіл толмау, опыну. Б. Майтанов осылайша бүкіл қауым үшін күйіну еркін

Абай қайдан алып еді дегендей, сыры ашылмас сауал тастайды. Жауабын өзі айтады.

«Ол – Абайдың сұраусыз шыққан асуы, жан дүние, ақындық психологиясындағы жұмбақ құбылыс» [1, 25 б.].

«Абай жырларындағы уайым, арман сарынының түбірі ұлттық поэтиканың, фэлсафалық сана бастауларынан көз алады», – дейді зерттеуші Абайдың шығыс, Батысын арасалмағында безбендеп отырып.

Өлең таңдауында баяндау типтеріне екпін түсіре саралау жасаған тұстары, осындағы өтімділік серпіні ойландырады.

«Жастықтың оты жалындап» атты жырда баяндаудың үш типі де қолданылады. Ол сезім мен байлам ырғағына сәйкес құбылады. 13 шумақтан тұратын шалыс ұйқасқа құрылған туынды «ол» түріндегі сипаттаумен басталып, 5-ден 9-шумаққа дейін «сен» тұлғасымен бітімденеді де, қайталай бейтарап тынысқа көшеді» [1, 25 б.].

Абайды бұлай талдау болып па еді? Оқушы, тыңдаушы категорияларын өлеңге кіріге айқындалуы сырттай болжамға сыр алдыра ма?

Ақындықтағы альтруизм. Жанқияр, нартәуекелдік айрықшалығы. Ақын тұлғасына алдырмас жабық қамалдардан шабуыл жасауында Майтанов ұдайы жеңіске жетіп отырған сияқты көрінеді.

Тұрақты ретінде әлдеқандай бір шумақтың салмақ жүгін даралау дағдысы өлеңтанудағы өнімді тәсіл ме еді?

«Жастықтың оты жалындапқа» және бір қайырылып: «Жоғарыдағыдай аяққа шумақтар түзіліміндегі өзгеріс ішкі эмоциялық зор кернеу табиғатын танытса керек. Ассонанс, аллитерция, эпитет, қаратпа сөз үлгісі, сәтті метафора («Балы тамған жас қамыс»), сұрау, тұжыру интонациясы шығармадағы психологизм аяларының кеңдігіне кепіл. Автор жеке бір адам жайлы сөз қозғамаған. Адалдық пен аярлықты қарама-қарсы ыңғайда алады да, осы мінездер иесінің жинақты бейнесін мүсіндейді» [1, 26 б.].

Бақытжан Майтановтың талдау тәсілі басқа. Стилі бөлек. Жауыр болған сөзге жоламайды, жақтырмайды. Ұдайы мәтін сәулесінің қыр соңынан қуалап, ырғақ, серпінімен бітеқайнасып бүтінделген, «естілмейтін» есті сөзбен арбайды.

Бақытжан Майтанов Абайдың М.Ю. Лермонтовтан аударма өлеңі делініп жүретін «Асқа, тойға баратұғын» өлеңін өзгеше интерпретацияда ұсынған. Аударма деп қарамаған. Бұл талдауында Бақытжан Майтанов өзі Абай арқылы аңлап басып жақындаған түбегейлі дүниетанымдық ұстанымын, әдеби шығарманы дін негіздерінде танудың мүддесінде ой қорытыпты.

«Он шумақ өлеңнің үшінші, алтыншы шумақтарында авторлық баяндау екінші жақтық тұлғаға ауысады да, ақын типтік нұсқада бейнелеп отырған кейіпкеріне – ғашық жарға қарай сөйлейді. Алдағы жаманшылықтың азалы күйінен хабар беру, қыл қобыздың шанағынан тартып қалғандай хал. Алла мен тағдырдың жазуынан құдіретті күш жоқтығын ескеріп, жұбаныш айту, аяныш таныту» [1, 27 б.].

Әрі қарай Абайдың «Лай суға май бітпес, қой өткенмен» өлеңіндегі қаһарман автор тұлғасының тұтастығы; жуасу, ашу, ыза, қажу әуендерінен арылу айқындалады. Тәңірді ойлау, дүниеге кеңдікпен қарау. Етектен тартқан оралғының барлығына қол сілтеу. Хақ тағала, тазалық, биіктік, кеңдік, ұлылық ұғымына дес беру. Көңілді мейірімге толтыру, ізгілік сәулесінде шырайлану, жасампаздық. Адамның сабасына түсуі. Тәубаға келуі. Абайдың шығармашылық стихиясындағы игілік кезеңін елжірей сіңіру. Түп Иені ойлау ортақтығында жарылқану.

Бақытжан Майтановтың «Өлсе өлер табиғат, адам өлместің» мәніне тереңдеуі афористік ырғағында жатталып қалған осы бір тармақтың түпмәнін тарқата талдау кеңістігінен ой салады.

«Табиғатты өлдіге саю түпкілікті ақиқатқа жатпаса керек. Алайда суреткер табиғат деп оның бір бөлшегі – адамның физикалық болмысын айтып тұр. Дене мен жанның бөлінуін тұжыра отырып, ол адам рухының мәңгілігін дәріптейді» [1, 29 б.].

«Меніменен, менікінің» жайы ғой. Майтанов зерттеулері ой түсіріп отырып оқылуымен де өтімді. Абай поэзиясындағы діни арқаудың, орнығу, біртіндеп тұтастану тұғырларын ұғыну, ұғындыру тәсілдеріндегі батыл байламдар қарайлатады. Абай өлеңіндегі байқала бермейтін «ығысулар», кейінгінің ілгеріні «жеңуі» тұрғысында кең зерттеулерді мінеттейтін пайымдаулары өзекті.

«Көк тұман – алдындағы келер заманды» да Б. Майтанов аударма өлең деп алмаған. Бұл туындыдағы Абай сырының басым таңбаларын басқаға «қимайды».

«Ілгеріде басқаға кіжіну, реніш эмоциясы басым болса, ендігі жерде әдепкі түсінігін мүлде орнықтыру және өзіне өзге жақтас жандарды жақын тартып, сыр бөлісу, ортақ сезім табуға, жұбанышқа ұмтылу әсері өрнек салады» [1, 29 б.].

Майтановта өлеңнің өзегіне түсіп талдаудың озық өнегесі бар. Әр сөз, әр дыбыс, әр ырғақ, әрбір тасада табылған ой жүгі таным шеңберінде ұзақ айналып, аялдайды. Айтылмаған, есесі кетіп жүрген сыры мен сымбаты еселене түгенделеді.

«Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр» деген жолдағы метафораның ұлттық бояуы қандай әсем, қымбатты!

Лексикалық қайталау, аллитерация үндестігі мен сөз семантикасынан елес беретін сурет: алыста шаңы мұнартқан асау жылқы дүбірі – көріністің мұңды сазына сағыныш лебін жалғайды.

Ақынға бүгін мен ертең бәрі бір сияқты. Ол сондадағы әділет, шапағат, мейірім жолын уағыз студен танбайды» [1, 31 б.].

Бақытжан Майтанов Абай поэзиясындағы «өзгеше сырлы тәсіл монологқа» екпін түсіре, қайталап айтып отырады. Күрделі тереңдегі ұзаққа тартатын мағыналарға аялдайды.

Суреттеудің көпүнді түрлерінде көрінетін шығарма мазмұнын, ой, сезім бояуларын әспеттейді.

Майтановтың поэтикалық түйсікті оятатын зерттеу стилистикасы туралы арнайы зерттеулер жазылуы тиіс.

Бақытжан Майтанов – өзі айтқандай, «персонаждың жан әлеміндегі қалың тасалы қабаттар» туралы поэтика тілінде сөйлеу үрдісін саяси мән, тақырып тұрғысында жалпы түйсінудің қарадүрсін саралауға құрылған, құрсаулы таным кеңістігін бұзып-жарып орнықтырған санаулы зерттеушінің бірі.

Бақытжан Майтановтың әдебиеттанудағы кеңсала өрісіне құтты пайымдарымен қосылған дара-дара зерттеулерінің бір бағыты – әуезовтану.

«Жібек жолы» баспасынан 2009 жылы жарық көрген «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер» атты зерттеу, эсселер жинағын Бақытжан Майтанов 2010 жылдың 8-сәуір күні маған өз қолымен сыйлап еді.

Шағын мақала ма, іргелі теориялық зерделеу ме Бақытжан Майтанов айтар ойын, жазатын жайын тұтасымен көз қиырында, таным ауқымында ұстап тұрып, жинақтаудан саралау, саралаудан жинақтау жасап ой зерделеудің ғылыми машығын шығармашылық даралықпен дамытқан кәнігі маман қалпында ғана көрініп отыру дағдысынан жазған жоқ.

Жинақтың «Әдебиеттану – адамтану» атты Алғы сөзінде ғалым он-сан ойдың салмағын артқан саралау сұлбасының өзімен-ақ тұсау салып, тұтқындап тастайды.

Бақытжан Майтанов әдебиеттануға ынтық көңілден түзілген алғашқы ой-пайымнан-ақ осал емес-тұғын. Ғалымның араға жылдар салып үздіксіз байыған ой-әлемі кейінгі кезеңде жалпы-адамзаттық деңгейді емін-еркін еншілегеніне куә болдық. Сүйіндік. Марқайдық. Ұлттық танымға бетбұрыс ағыстар қосқан аз ғана алғы сөздің өзі көзге қораш көрінбей, қиыр-қиыр алыстарды шалып жатты.

I бөлім «Ұлттық мұрат және Мұхтар Әуезов поэтикасы», II бөлім «Ұлттық ойдың даналығы мен дәстүрлері», III бөлім «Жаһандық ғалым және көркемдік сана машықтары» аталып, олардың аясында шығармашылықтың ұлт болмысымен бітеқайнасып жататын төлтумалық нышандары тоғысқан.

Кесек-кесек, түйдек-түйдек таным тоқтамдары соншалықты етене, табиғи. Бірақ оңай бойлатпайтын, иірімді терең.

Бақытжан Майтанов әдебиет, шығармашылық ұғымдарын теориялық телімдер төңірегінен іздеп, табудың дәстүрлі үрдістерінен әлдеқайда алыстағы ақиқатқа жүгінуге саналы түйсігімен беріле түспек.

Майтанов бала күнінен бауыр басқан Әуезов тақырыбына енді дүние-жұмбақтың сырынан тартқан тың толғаммен кіріседі.

Мұхтар Әуезовтің 1919-1923 жылдар аралығындағы шығармашылық бағытының кереғар заман қолтығындағы айнымас, бұлжымас болмысы, публицистикалық толғам, көркем шығарма аралығындағы айқын суреткерлік өріс Бақытжан Майтанов сынды Әуезов әлемін ұдайы биік ұстанымдармен ұштастыра зерделеген ғалымның талғам талқысында тосын қырларымен тұғырлана түсіп отырған.

Әуезов шығармашылығын әлемдік деңгеймен өлшеп, бағалаудың жаңа бағытын түзу мәніндегі мейлінше маңызды пайымдау үрдісін межелеген майтановтық ой жүйесінен туу шырқау биікке шарықтап, қара үзіп кеткен ғалымның ұшқыр, ұтқыр түйсік-танымын көреміз.

Ушығып тұрған саяси қырағылық заманында, жан-дүниені бұзып шыққан жүрекжарды аңсарлар тұншыққан дәуірде Мұхтар Әуезов сынды дана тұлға тығырықтан шығар жолды қайдан тапты, қалай тапты? Осал сауал емес. Бақытжан Майтанов шығармашылықтың сырын тосын тұстан ой тастауға ынтық.

Майтанов осы еңбегінде «Құран Кәрімге» негіздеп ой түйіп отыру машығында тұлғалана түскен. Қысқа өмірдің кернеу қысымы бейғамдыққа бой алдыртпай, жайбарақат жүргендей болғанымен, жәндәрмен күй кешті ме?

Осы іргелі зерттеуде Бақытжан Майтановтың ғылыми әлеуеті, озық ой алымы тұғырлы теориялық, методологиялық қисын, айғақтамалар өрісінде еркін кеңістік құрып жарқырай мазмұн ашты.

Б. Майтанов – Мұхтар Әуезов шығармашылығы туралы айтылар сөздің ұлтын сүю, ұлтын ұлықтау сынды ұғымдармен астасып жатқан құнарлы, құнды мазмұнда болуын пәндік тұрғыда күн тәртібіне шығарған зерттеушінің бірі.

Жалаң мазмұндау, жалпыға мәлім жайларды тәптіштеу, жаңалық ашқандай білгір болып көрінуге құштарлықтан ада.

Диссертациялық кеңесте сөз ұстау машығы, ұланғайыр сөз өнерінің қадірі, қымбаты туралы ұшан-теңіз, көл-көсір білім, өтімді етіп айту, ұтымды сөйлейтін. Орнымен, әлдебіреудің шамына да тимей, бірақ шырылдаған шындықты қорғап отырып ренжітпей де, асыра дабырлатып мақтамай да пәнге сыйымды тоқтамдармен ой бөлісер еді. Міндетті түрде қағазға басып әкеліп, өзіндік құштар көңіл мәнерімен оқып берер еді.

Айтқаны айдалада қалмайтын, айналасы сөзге құлағын түріп жүретін дуалы ауыз ғалымның бірі болды.

Қарапайым, кеудемсоқтығы жоқ, алайда ешкімге мысын да басқызбайтын мығым. Адамды алалау, орағытып астарлап аяқтан шалу, сыртынан сөгіп сөйлеуге де бой алдырғанын байқағанмыз жоқ. ұстамды. Терең. Таза.

Лақ еткізіп төге салар, лақтырып бере салар қолпашы жоқ. Кім-кімнің де құнын біледі, орнын тауып бағалайды. Қазақтың тұлпар сынды дүлдүл, асып туған азаматтарының дара сипатын аша түсіп, көсіле төгіліп жазған мақала, сөйлеген сөздеріне куә болды. Ой сарандығы да, сөз сарандығы да жоқ. Бірақ баға беруде шаша салатын мырза да емес еді.

Үздіксіз еңбегі қазақ әдебиеттануының аса өзекті мәселелеріне ғана бағытталған Бақытжан Майтанов әдеби шығарма жаратылысы туралы теория тілімен қасаң сөйлеген емес. Қазақтың сөз ұстаған дуалы ауыз абыздарының дәстүрінде, сол өнегеде сусыған жібектей сапалы, қоспасы жоқ таза тілмен төгіле, кеңінен қамтып, ой құнарын қопара сөгілетін.

Сөз ұстау машығы өзгеше өрелігімен, мәселеге маңыз беріп отыру, айтылмаған, ашылмаған құбылыстарды қозғап кету дағдысымен жұртты ынтықтырып отырушы еді. Кім-кімнің де, қайсыбір құбылыс, мәселенің де құндылығын, құпия-қалтарысын қозғап, әр тоқтамына маңыз құйып, мәнін ашып айта алатын. Артық сөз, бос жетекке алып отыру амалы дегеннен бойын аулақ ұстаған, аса мазмұнды ғалым болатын.

Б. Майтанов әдеби шығармашылықтағы әдіс-тәсілдер; туған халқының тарихи тағдыры толас тапқан сөз өнерін аса бір аяулы, құрметтеушілік ілтипат, ыстық ықыласпен түгендеп, тауыса саралаған ғалым.

Бақытжан Майтанов көлем қуып, әйтеуір бірдеңе істеу керек деп зерттеу жазбаған; шыны таза, біртуар, замандасы Балтабай Әбдіғазилы айтса, айтқандай елден ерек жан болатын.

Байыпты пайыммен, аптығын басқан сөзбен баяндауы ұнататын. Ақындық қуатпен, биіктеп сөйлейтін тұстары да бар.

Б. Майтанов әдеби зерттеуде сөздің тілдік қабаты, сөз қуаты, сөз аясы, сөз мағынасы мәніндегі мақсатты тұтастық өнегесімен де дараланды.

ӘДЕБИЕТ

1. Майтанов Б. Сөз сыны (XX ғасыр әдебиетінің көріністері). Зерттеулер, мақалалар, портреттер. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 344 б.

Низами Мамедов Тагисой,
доктор филологических наук, профессор
Бакинского славянского университета
г. Баку, Азербайджан
nizami.mamedov@mail.ru

ДВЕ ВЕЛИКИЕ ЛИЧНОСТИ В ИСТОРИИ ТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРЫ (МИРЗА ФАТАЛИ АХУНДЗАДЕ И АБАЙ КУНАНБАЕВ)

Мирза Фатали Ахундзаде (1812 – 1878) и Абай Кунанбаев (1845 – 1904) каждый из них благодаря своей активной социальной и творческой позиции, как яркие личности, вошли в историю культуры своего народа. М.Ф. Ахундзаде был не только поэтом-просветителем, оригинальным писателем, прозаиком, но и фило-софом-эстетом, крупным общественным и политическим деятелем, основоположником азербайджанского критического реализма и драматургии, зачинателем новой азербайджанской литературной критики.

Он в литературу вступил с «Восточной поэмой на смерть А.С. Пушкина» (1837), когда впервые услышал о гибели великого поэта (поэма была подписана псевдонимом «Сабухи», т.е. «Утреннее дуновение»). Находясь в Тифлисе в канцелярии наместника Кавказа на службе, он имел тесные связи не только со своим наставником Мирза Шафи Вазехом, но и немцем Ф. Боденштедтом, русским А.С. Бестужевым-Марлинским, многими декабристами, деятелями грузинской культуры, М.Ю. Лермонтовым и другими известными представителями культуры и литературы того времени. Родившись в провинциальном городе Шеки, маленький Фатали через два года вместе с отцом и матерью переезжает в южноазербайджанский посёлок Хамне близ города Табриз. Прожив здесь до 13 лет и получив образование в моллахане, изучив персидский и арабский языки, он с помощью своего дяди Ахунда Гаджи Алескера переезжает в Шеки.

Через некоторое время Ахунд Гаджи Алескер, взяв Фатали с собой в Тифлис, устраивает его на работу в канцелярии по Кавказу у главы барона Розена в качестве переводчика по восточ-

ным языкам. Удовлетворив просьбу дяди, барон Розен с ноября 1834 г. принимает его на работу. Впоследствии Тифлисская среда сыграла большую роль в становлении М.Ф. Ахундзаде. Здесь он часто становился участником литературных вечеров и театральных представлений, знакомился с художественными произведениями и репертуаром русских драматургов, где часто ставились не только пьесы русских классиков (например, А. Грибоедова), но и французского драматурга Ж.Б. Мольера и др.

Впоследствии именно в тифлисской среде у М.Ф. Ахундзаде появляется значительная тяга к созданию драматургических образцов [8, с. 256 – 257]. Следует отметить и то обстоятельство, что после того, как в 1851 г. было построено здание Тифлисского театра, здесь в ощутимой степени оживилась культурная жизнь региона. Об этом мы читаем в заметках графа Соллогуба в газете «Кавказ», где буквально изложено следующее: «Необходимость просветительской работы здесь зримо чувствуется: местные публикуют свои статьи, в результате накапливается достаточный материал для ежемесячного грузинского журнала. Князь Георги Эристави на грузинском, Мирза Фатали Ахундзаде на татарском (т.е. на азербайджанском) начали писать свои комедии» [7].

Вся сознательная, бурная и кипучая жизнь М.Ф. Ахундзаде была связана с Тифлисской общественно-политической и культурно-литературной средой. Именно здесь ему посчастливилось иметь тесные творческие связи, как с видными представителями азербайджанской интеллигенции той эпохи А. Бакихановым, И. Куткашенли, М.Ш. Вазехом, грузинскими писателями Г. Эристави, Н. Бердзенешвили, А. Чавчавдзе, Г. Орбелиани, А. Церетели, а также русскими писателями, историками, декабристами, востоковедами-ориенталистами А.А. Бесятужевым Марлинским, В.А. Соллогубом, Ю. Полонским, Н. Ханьковым, А. Берже, Н.Ф. Дубровиным и др.

Работая в Тифлисе, с большим усердием, умножая знания в области культурно-литературной, общественно-политической, философско-исторической мысли, Ахундзаде стремительно развивается и совершенствуется. Именно здесь у него происходит близкое знакомство с образцами классической азербайджанской и восточной поэзии, истории и философии, индийской

философии, совершенствуется в части постижения особенностей творчества Фирдоуси, Низами, Руми, Хафиза, Джами, Саади, Гасана ибн Мухаммеда Бюзюрха Умира, Элазири Ассалама, Ибн Сины, Шейха Махмуда Шабустари, Вагифа, Закира и др. В то же время он с большой ответственностью и творческим усердием ознакомился с передовой русской литературной и общественной мысли таких, как М.В. Ломоносов, Г.Р. Державин, Н.М. Карамзин, А.С. Грибоедов, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.В. Кольцов, Н.В. Гоголь, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов и др. Посредством русского языка М.Ф. Ахундзаде вскоре расширял и углублял свои знания в области общественно-социальной, философско-эстетической, историко-литературной Европейской общественной мысли.

На мировоззрение М.Ф. Ахундзаде значительное влияние оказали сочинения крупных представителей общественно-философской мысли мировых гениев таких, как Гомер, Гераклит, Сократ, Платон, Аристотель, Ксенофонт, Петрарка, Эразм Роттердамски, Спиноза, Вольтер, Монтескье, Дидро, Руссо, Гольбах, Ренат и др., с трудами которых он был близко знаком. В его библиотеке были книги многих европейских историков, социологов и естествоиспытателей, в частности Бокла «История цивилизации в Англии», Бартольда «Индия под господством Англии», Минье «История французской революции», Гизо «История цивилизации во Франции», Дрепера «Умственное развитие истории Европы», Д.Ч. Лебека «Происхождение цивилизации и особенности древнего человека», Ч.С. Милла «Основы политической экономии», К.Ф. Неймана «История Соединённых Штатов Америки», А. Тьера «Консульства во Франции и история империи», Ч.Л. Льюиса «История философии, начиная с периода Греции по нашему времени» и т.д., а также имелись сочинения таких выдающихся учёных, как Ч. Дарвин, Т.Т. Хаксли, М. Фарадей, Шлейзе, Циммерман и др. [5, с. 439].

Мирза Фатали Ахундзаде первым из азербайджанских мастеров художественного слова внёс кардинальные изменения традиционному мировоззренческому аспекту, стремился основательно менять художественный стиль творческой мысли. Это

был тот период, когда не только восточные философы, но и Западноевропейские мыслители смотрели на Восток глазами Запада. В 50 – 60-ые годы XIX в. представители азербайджанской культуры Мирза Казем бек и М.Ф. Ахундзаде, первый из них в части ориенталистики и исследовательских работ, второй в части драматургии, художественной прозы, литературной критики и своими философскими статьями и работами с большим успехом справились этой задачей [11, с. 126 – 127].

Являясь наиболее светлой творческой личностью, в то же время М.Ф. Ахундзаде впервые в истории азербайджанской культуры и литературы выдвигал новые идеи, новые жанры, новый стиль, новое видение реальной действительности. Он явился основоположником национальной драматургии не только в истории литературы Азербайджана и Востока, а также зачинателем реалистической прозы [12, с. 16]. Наряду с отмеченными, если сюда добавим его неутомимую деятельность в области реформы азербайджанского алфавита, где он разработал новые основы правописания и орфографии, тогда мы все более зримо представим настоящий образ реформатора культуры. Помимо сказанного, подчеркнём, что М.Ф. Ахундзаде оставил огромное творческое наследие. Первые творческие опыты писателя относятся к 30 – 40-м годам XIX в., когда он находился под влиянием классической традиции и ашугской (акынской) поэзии. К таким образцам относятся «Жалоба на время», «Восточная поэма на смерть Пушкина» и другие стихи, сочинённые в жанре «гошма» («гошгы»). Здесь же подчеркнём, что элегия «На смерть Пушкина» в том же 1837 году, переведённая самим М.Ф. Ахундзаде на русский язык, была издана в популярном тогда русском журнале «Московский наблюдатель».

Вскоре М.Ф. Ахундзаде порывает с жанром поэзии и находит себя в других видах творчества, в частности, в жанре драматургии, литературный талант которого с особой силой проявлялся именно здесь. За 1850 – 1857 гг. он создаёт шесть комедий и одну повесть «Молла Ибрагим-Халил, алхимик, обладатель философского камня», «Повесть о Мусье Жордане – учёном-ботанике и дервише Масталишахе, знаменитом колдуне», «Приключения везира Ленкоранского ханства», «Медведь, победи-

тель разбойника», «Приключения скряги» («Гаджи Кара»), «Правозащитники города Тебриз» («Восточные адвокаты») и социально-философскую повесть «Обманутые звёзды».

Помимо новаторства в области прозы и драматургии, М.Ф. Ахундзаде явился также основоположником современной литературной критики. Он отстаивал принципы реалистического искусства, стоял на народных позициях, выступая против натурализма и формализма в искусстве и театре.

Драмы М.Ф. Ахундзаде не раз были поставлены ещё при его жизни на сцене Тифлисского театра и других русских театров и т.д. Однако он мечтал о постановке своих пьес в азербайджанских театрах на родном языке. Это произошло лишь 10 марта 1873 г. в зале Бакинского благородного собрания под руководством Гасан бека Зардаби – основоположником азербайджанской периодической печати, при активном участии Наджаф бека Везирова и Аскераги Гезалов (также известных в тот период представителей культуры) была поставлена его комедия «Везирь Ленкоранского ханства» в четырёх действиях. Ровно через пять лет – 10 марта 1878 года Мирза Фатали Ахундзаде скончался в Тифлисе [13].

В отличие от своих предшественников и современников он в значительной степени углублялся в проблемы национальной истории, культуры, философии, литературы, вопросов театра. Неслучайно, что русские литературные и театральные критики называли М.Ф. Ахундзаде «азербайджанским Мольером». Комедия «Мусье Жордан, ботаник и дервиш Масталишах, знаменитый колдун» (1850 г. была поставлена ещё при жизни его в Петербурге на частной сцене в 1854 г.) журнал «Библиотека для чтения» тогда называл комедию милой, живой, грациозной и оригинальной» [14].

Творчество М.Ф. Ахундзаде по многим своим особенностям в значительной степени способствовало развитию истории, философии, культурологии, литературной критики, школьного образования, просветительского движения и просветительских идей не только в Азербайджане, но и в других тюркоязычных регионах.

Именно во времена М.Ф. Ахундзаде, в век просветительства, общественно-научная мысль входит в азербайджанскую историю как период формирования новой исторической эпохи [9, s. 233 – 234]. Начиная с творчества М.Ф. Ахундзаде, азербайджанская литература берёт курс к освещению проблем человека и общества, ведёт целенаправленную борьбу за поиски новой жизни. Воззрения М.Ф. Ахундзаде и проблемы, поставленные в его научно-философских, литературно-критических трактатах и драматургическом творчестве ещё при жизни сделали его имя широкоизвестным не только в Азербайджане, в тюркском мире и на Востоке, но и далеко за их пределами, в России, Западно-европейских странах.

Когда мы знакомимся с жизнью и творчеством великого казахского поэта, писателя, основоположника литературного языка и реализма в родной литературе Абая Кунанбаева также находим много параллелей с жизнью и творчеством М.Ф. Ахундзаде. Абай, будучи на 33 года младше М.Ф. Ахундзаде, выходец из числа местной знати, также получив первоначальное образование у муллы (потом в медресе у Ахмет Ризы в Семипалатинске), там же он изучал арабский, персидский и другие восточные языки. Также как Ахундзаде, занимался изучением русского языка. Уже в юношеские годы начал писать стихи, постепенно создавая лучшие образцы поэзии. Абай родился от второй жены по имени Ульжан, которая была доброй и отзывчивой, данное отцом имя «Ибрагим», она заменила на «Абай», что значит «осмотрительный, вдумчивый» [10, с. 153], что он всегда носил с гордостью.

На формирование мировоззрения Абая большое влияние оказали также воззрения восточных и тюркских поэтов Фирдоуси, Алишера Навои, Низами, Ибн Сины, Физули, а также представителей русской литературы И.А. Крылова, М.Ю. Лермонтова, А.С. Пушкина, европейских классиков И.В. Гёте и Дж.Г. Байрона. В 70-ые годы XIX в. Абай познакомился с русскими революционными демократами, в частности с политическими ссыльными Н.Г. Чернышевским, Е.П. Михаэлисом, с которым впоследствии была большая дружба.

Необыкновенно широки были умственные способности Абая. Он придавал огромное значение трудам А.С. Пушкина,

М.Ю. Лермонтова, И.А. Крылова, Л.Н. Толстого, И.С. Тургенева, М.Е. Салтыкова-Щедрина, А.И. Герцена, В.Г. Белинского, Н.Г. Чернышевского, Н.А. Добролюбова. Знакомство в русском переводе с произведениями Гёте, Байрона, Мицкевича, Спенсера, Спинозы, Дарвина и др., оказало благотворное влияние на формирование общественно-политических и литературно-эстетических взглядов поэта. Абай, также и как М.Ф. Ахундзаде, занимался распространением русского и западноевропейского взгляда на общественную, культурную и литературную жизнь своего народа. Для казахов он стал не только искусным поэтом, властителем дум, но и подлинным гражданином и пропагандистом русской и европейской культуры. Если вокруг М.Ф. Ахундзаде были близкие друзья поэты-азербайджанцы, то вокруг Абая группировались такие местные таланты – поэты, певцы, как Муха, Акылбай, Какитай, младший сын Магавья.

Изложенное даёт нам право сказать, что «Абай Кунанбаев... фигура и далёкая, в то же время невероятно близкая всем нам даже сегодня, когда он уже свыше века живёт лишь в памяти людей...

...Человек недюжинного ума, который благодаря интереснейшей вязи слов передаёт выстраданное и пережитое. Ради своих соотечественников, но ещё и ради нас сегодняшних. Ибо выраженные им мысли несут важнейший посыл для людей различных национальностей и вероисповеданий, вне зависимости от места их географического проживания и века на дворе» [6, с. 8].

О жизни и творчестве Мирзы Фатали Ахундзаде и Абая Кунанбаева написаны сотни томов художественных, научно-критических работ. В Казахстане и Азербайджане учёные-исследователи и сегодня продолжают раскрывать все новые и новые грани их дарования. Каждый из них не только в истории национальной, но и в мировой стали личностями неординарного масштаба.

В Азербайджане Абая любят и чтят также и как великих своих творцов Низами, Насими, Физули, Вагифа, М.Ф. Ахундзаде и др. Его общественно-культурная деятельность и поэтические творения не раз переведённые многими нашими мастерами художественного перевода с колоссальным успехом звучали на азербайджанском языке. Произведения его переводили самые мас-

титные мастера поэтического перевода: Мамед Рагим, Сулейман Рустам, Сабир Алмазов, Эйваз Борчалы, Рефик Зяка, Сабир Мустафа, Атиф Зейналлы, В. Адиль, Агаджавад Ализаде, Алиага Кюрчайлы, Илья Тапдыг, Ибрагим Аразлы, Фикрет Садыг, Ахмед Джамиль, Мирварид Дильбази, Музаффар Шюкюр, Эльхан Зал Гараханлы, Ибрагим Ильяслы, поэмы – Новруз Гянджали, Гасым Гасымзаде, Алекпер Зиятай, «Гаклию» («Слова назидания»), Гейдар Оруджев, Нариман Абдулрахманлы, Эльхан Зал Гараханлы, Ибрагим Ильяслы и др. [1; 2].

Азербайджанский учёный Фируза Агаева, посвятившей творчеству Абая две монографии «Абай: личность и литературное наследие» [3] и «Абай и Азербайджан» [4] в одной из них пытается провести некоторые параллели между личностью и творчеством Абая и Мирзы Фатали Ахундзаде.

«Для того, чтобы казахский народ смог стоять в одном ряду с другими народами, Абай выдвигал как фундаментальное условие заниматься трудом и получить широкое образование. Для того, чтобы человек смог измениться, имел высокие общечеловеческие ценности, в первую очередь он должен много трудиться и быть умным, должен разбираться в происходящих процессах в мире. В этом смысле позиция Абая во многом созвучно с позицией азербайджанского просветителя М.Ф. Ахундзаде. Слова Абая, обращённые своим сородичам, во многом напоминали слова положительного героя поэта Гаджи Нуру из комедии «Молла Ибрагим Халиль алхимик» [4, с. 37].

Абай, также как и Мирза Фатали Ахундзаде, старался отстранить своих соотечественников от отрицательных поступков, раскрывая им глаза на мир. Вот почему широк и разнообразен поиск творческих интересов Абая. Он писал не только лирические стихи, но и поэмы, уходящими своими корнями вглубь веков, связанными с фольклором, сказаниями, историй, но и вплотную занимался переводами из других литератур, оставив великие «Слова назидания», в которых высказаны идеи, связанные с этногенезом казахов, с исламской религией, жизненной философией, в которых собраны квинтэссенции о человеке, о его умственном, религиозном, научно-творческом развитии.

Неспроста называли Абая «Казахским Гёте». Ибо в его поэтическом мире воплотились самые лучшие черты казахского словесного искусства, у которого лирика по своей тематике весьма разнообразна: здесь вопросы невежества, паразитизма, духовной опустошённости, косности и др. Язык стихов Абая, также и как язык драматургии М.Ф. Ахундзаде, богатый, колоритный, красочный, отличающийся ярким национальным своеобразием. В них много красок, сравнений, метафор, употребляющихся в казахской устной поэзии. Стихотворения Абая «Грязный в словах и делах...», «Коль тебя в чужом роду...», «Поэзия – властитель языка...», «Если умер близкий – скорбен человек...», «Осень», «Ноябрь – преддверие зимы, пора в аул, пора...», «Зима» и др. наводят на размышления, в которых посвоему чувствуются оттенки поэтического настроения А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова, А.А. Фета, Ф.И. Тютчева и др. русских, а также Дж.Г. Байрона, И.В. Гёте и др. европейских поэтов. В то же время их многое роднит со стихами казахского символиста Магжана Жумабая.

Особое место в новаторском поэтическом творчестве Абая занимают его поэмы «Искандер», «Масгуд», «Сказание об Азиме». Надо сказать, что не только своей поэтической стихотворной строкой, эмоциональными зарисовками, но и поэмами, обновляя национальную поэтическую форму, Абай стремился к реформированию жанра поэмы. Как мы убеждаемся, и М.Ф. Ахундзаде, и Абай прекрасно знали историю и культуру своего народа. Если М.Ф. Ахундзаде реформировал азербайджанскую литературу в части её новых тем, проблем, образов, жанров, направлений, то тоже самое сделал Абай для обновления казахской литературы, вводя в неё элементы реальной действительности. Он, также и как М.Ф. Ахундзаде, наряду с современной им действительностью, прекрасно знал исторические факты, личности не только в истории казахского и тюркского народов, но и Востока и Европы. Именно благодаря этим знаниям он по-своему интерпретировал исторический образ Александра Македонского, Аристотеля, образы русского писателя тюркского происхождения И.С. Тургенева и мн. др.

И хотя М.Ф. Ахундзаде не занимался столь последовательно переводами (исключая перевод своих собственных творений на

русский язык), Абай на казахский язык в течение 15 лет с русского переводил более 50-ти произведений русских писателей: А.С. Пушкина, в частности, отрывки из «Евгения Онегина» (роман в стихах), 28 стихотворений М.Ю. Лермонтова, 12 басен И.А. Крылова, произведения других поэтов. Каждый из переводов Абая – целый художественный мир, где переводчик не только оставался в плену оригинала, но и показал настоящее мастерство в области интерпретации иноязычного материала на казахском языке.

Настоящее дарование Абая раскрылось в создании им своеобразного прозаического произведения «Гаклия» («Слова назидания»), что не раз переводилось на азербайджанский язык нашими талантливыми переводчиками.

Сегодня уже более полувека Ахундаведение и Абаведение в национальном (и не только в национальном) превратились в главную магистраль в азербайджанской и казахской философии, эстетики, литературоведения и критической мысли в особую область исследования. Нам думается, что давно настала пора исследовать необъятное творчество М.Ф. Ахундаде и А. Кунанбаева в сравнительно-сопоставительном ракурсе, не только в плане их отношение на общественно-политическую, культурно-историческую жизнь, но и в части философии, религии, эстетики, литературы.

Необходимо отметить важность параллельного изучения общественно-политических и философско-эстетических воззрений обоих писателей. Во многих своих произведениях М.Ф. Ахундаде стремился утвердить себя как философ-социолог, что в частности зримо проглядывается в его трактатах «Письма Кемалюддовле», «Ответ английскому врачу Юму», «Джон Стюарт Милл о свободе», «Моллаи – Руми и его критика» и в др. работах. В философско-социальных и общественно-политических воззрениях М.Ф.Ахундаде нашли особенности западно-европейского просветительства XVIII и просветительский реализм 40 – 60-х годов XIX в. В вышеназванных работах М.Ф. Ахундаде выступал против деспотического режима, царившего в кавказском регионе. А что касается Абая, то он также, вооружаясь передовыми идеями просветителей России и Европы, как предыдущих эпох, так и

современного ему периода также выступал не только в своих стихотворениях, но и в превосходном своём труде «Слова назидания», основная идея которых просвещение казахского народа и служение будущему человечества. Все изложенное ярко демонстрирует мысль о том, что и М.Ф. Ахундзаде, и Абай всю свою жизнь посвятили просвещению родного народа, освобождению их из-под гнёта. Роль каждого из названных художников велика в обретении азербайджанским и казахским народами независимости и суверенитета.

ЛИТЕРАТУРА

1. Abay. Tərt. ed. F.Dursunova. Bakı, «Mütərcim», 2017, 252 s.
2. Abay. Şeirlər. Poemalar. Qara sözlər. Bakı, «CBS-PP», 2020, 448 s.
3. Ağayeva F. Abay şəxsiyyəti və ədəbi irsi. Bakı, «Elm», 2010, 176 s.
4. Ağayeva F. Abay və Azərbaycan. Bakı, «Elm», 2011, 136 s.
5. Azərbaycan ədəbiyyatı tarixi. 6 cildə, 4-cü cild. Bakı, «Elm», 2011, 860 s.
6. Атаев Т. Величие Абая, или попытка создания портрета мыслителя в XXI веке Нур-Султан «Фолиант», 2020, 160 с.
7. Газета «Кавказ», 1851, 17 февраля.
8. Qasımzadə F. XIX əsr Azərbaycan ədəbiyyatı tarixi. Ali məktəblər üçün dərslik. Bakı, «Maarif», 1974, s. 256 – 257.
9. Həbibbəyli İ. Azərbaycan ədəbiyyatı dövrləşdirmə konsepsiyası və inkişaf mərhələləri. Bakı, «Elm», 2019, 452 s.
10. История казахской литературы. В трёх т., т. 2. Алма-Ата, «Наука», 1979, 339 с.
11. Məmməd T. XIX əsr Azərbaycan ədəbiyyatı. I hissə. Bakı, «Apostrof» çap evi, 2010, s. 126 – 127.
12. Məmmədova L.K. Mirzə Fətəli Axundzadə və müasirlik // Filol. elm. dokt. diss. avtoref. Bakı, 2018, 50 s.
13. Мирза Фатали Ахундзаде <https://poetal.azertag.az>node>
14. Мирза Фатали Ахундов. Библиография Мирзы Ф... peoples.ru

АБАЙ ДӘСТҮРІН ЖАЛҒАСТЫРҒАН ДАСТАНДАР

Дәстүрлі қазақ поэзиясында сюжеттік оқиғаларды арқау етіп, тарихи кезеңдердің шындығын биік көркемдік деңгейде, тартымды суреткерлік шеберлік аясында жинақтап көрсете алған эпикалық шығармалар молынан кездеседі. Поэзиямыздағы осынау арналы көркемдік ізденістердің арғы бастауларына назар аударатын болсақ, бірінші кезекте Абай поэзиясының көркемдік тағылымы, шеберлік мектебі ойға оралады.

Абай Құнанбаевтың халық басынан өткен белгілі тарихи кезеңдерді және осы кезеңдерде тағдыр кешкен немесе ел өміріндегі ірі-ірі оқиғаларға ұйытқы болған тарихи тұлғалардың өмірінен алынған сюжеттік желілерді арқау етіп отырып терең гуманистік, адамгершілік, азаматтық идеяларды көтеретін туындылары кейінгі қазақ поэзиясына да өзінің игі ықпалын тигізді. Абай жырлаған бұл тақырыптардың ішінде қазақ поэзиясының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан алтын арқауы – мәңгілік махаббат, жастар арасындағы сүйіспеншілік, отанды қорғау, туған жер үшін күресті бейнелеу идеялары да алдыңғы қатарға шығады. Айталық, ұлы ақынның «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» атты поэмалары осынау өзекті тақырыптарды бейнелеудің қазақ әдебиетіндегі озық үлгілері болып табылады.

Ақынның көркемдік қабылдауында Ескендір сияқты тарихи тұлғаның жеке тағдырынан бастау алатын сюжеттік желі өрби келе поэманың көркемдік шешіміне орай айырықша әсерлі, айырықша тартымды, тағылымдық, тәрбиелік маңызға ие болады. Яғни жеке тұлғаның өмірінен алынған тарихи оқиғалар шоғыры көркемдік дүниетаным, философиялық ой-толғамдар арнасында ақын үшін бүкіл адамзаттық идеяларды көтеруге мол мүмкіндіктер ашты.

Тарихи тұлға Ескендір патшаның қанқұмарлығы, тойымсыздығы, дүниеқоңыздығы сияқты жағымсыз қасиеттері шығарма арқауында үзбей жалғасып, бір-бірімен іштей сабақтасып отыра-

тын сюжеттік оқиғалар арқылы оқырманға әсерлі жеткізіледі. Поэманың идеялық, көркемдік жаңалығы да алдымен осынау авторлық шешімдегі ақынның өзіндік толғаныстарынан нәр алады. Демек, Абай сомдаған көркем бейнелер тарихи кезеңдер шындығын авторлық идеяға сәйкес қайтара жаңғыртып, қайтара құбылтып, мүлдем жаңаша мазмұндық аяда оқырманға ұсынуға болатындығын көркемдік тұрғыдан дәлелдеді.

Абай поэмаларының тарихи-танымдық маңызына қоса, әсіресе олардың эстетикалық әсерлігін айырықша атап өткеніміз жөн. Көркем шығарманың әсерлік күші туралы кезінде ұлтымыздың ұстазы, Алаштың ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлының айтқан толғамды пікірі күні бүгінге дейін өзінің өткірлігін, өзектілігін бір елі де төмендеткен жоқ. Әдебиет теоретигінің: «Көркем әдебиетке деген көзқарасым: оның құндылығы сонда – нендей идеяны көтерген шығарма болмасын егер адам әлемінің сезіміне, жан дүниесіне қалай, қайтіп әсер ете алады дегеннен шығып жатады. Әсерге бөлей алса ғана ол – әдебиет. Ой-тұжырым мәселесі екінші кезекте тұрғаны жөн. Ал адамды өз әлеміне баурай тартып еліктіріп әкетер күші жоқ шығарма әдебиет емес, идеология ғана деп ойлаймын», – деген түйіндеуі жалпы сөз өнеріне қойылатын биік талаптың айнымас өлшеміндей естіледі.

Ахмет Байтұрсынов айтқан осынау талап биігінен табылған, Абай негізін қалаған жаңашыл, мәңгілік құнарлы суреткерлік шеберлік мектебі жиырмасыншы ғасыр поэзиясында да келесі буын қаламгерлер шығармашылығы арқылы құнарлы арнаға, яғни жаңа көркемдік әдістерге жол ашты. Сондай үлгілердің бірін өткен ғасырымыздың айтулы ақындарының бірі, сан қырлы талант иесі, саңлақ өнерпаз Иса Байзақовтың шығармашылығынан да аңғарамыз.

Қазақ поэзиясында көркем бейне сомдау, осы мақсатта ақындық шеберлік шыңына көтерілу мәселелеріне арналған еңбектер аз емес. Әдебиеттану ғылымындағы осынау мәселені құнарлы, дәстүрімізді байытқан тақырып десек те болады. Алдымен Абай дәстүрінде көркем бейне сомдаудың саңлақ үлгілерін қалдырған қалам қайраткерлері еске түседі. Классик қаламгерлеріміз Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров,

Сәбит Мұқановтан бастап, кейінгі толқын қабырғалы ақын-жазушыларымызға дейінгі үлкен шоғырдың арасынан осынау дәстүрлі арнаға із салып, қалам тартпаған шығармашылық тұлғалар кемде-кем екен.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», Ілияс Жансүгіровтің «Күй», «Күйші», «Құлагер», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», алпысыншы жылдары дүниеге келген Қалижан Бекхожиннің «Ақсақ құлан», Хамит Ерғалиевтің «Құрманғазы», Жұбан Молдағалиевтің «Кісен ашқан» т.б. поэзиялық шығармаларымыз әдебиетіміздегі тарихи тақырыпты, тарихи тұлғалар тағдырын бейнелеуді жаңа белеске көтерді. Осынау шығармалардағы тарихи тақырыпты меңгеру ерекшеліктері, сюжет құрудағы пішіндік ізденістер, тарихи тұлғаны даралаудағы көркемдік әдіс-тәсілдер Абай дәстүріндегі суреткерлік арналармен әр қырынан келіп сабақтасады.

Бұл туындылар ішкі көркемдік қуаты, халықтық сипаты жағынан да ұлы ақын шығармаларынан үлгі-өнеге алғанын, қазақ поэзиясында бұрыннан бар бай дәстүрлерді жаңа көркемдік сапалық деңгейде қайтара жаңғыртқанын таныта келді. Қазіргі қазақ поэзиясында да бұл өнер көші, құнарлы дәстүр тоқтап, толастаған жоқ. Тарих сахнасына шыққан кейінгі толқын өнер саңлақтары да қазақ поэзиясының тұлғалы кейіпкерлері ретінде көріне бастады.

Ал енді киелі әдебиетіміздегі бұл тақырыпты көркемдік тұрғыдан меңгерудің прозамыздағы жалғасы ретінде XX ғасыр қаламгерлерінің ішінде суреткер жазушы Мұхтар Әуезовтің үлесі, көркем сөзімізге алып келген олжасы айырықша көз тартады. Әйгілі роман-эпопея «Абай жолы» өнер адамының тағдырын халық тағдырымен, ел өмірімен, тарихтың тұтастай бір кезеңімен, үлкен белесімен астастыра, сабақтастыра бейнелеудің үздік үлгісін ұсынады.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы да осы бағытта үлкен суреткерлік мектеп қалыптастырып кетті. Осынау шеберлік мектебінен, суреткерлік мектебінен үлгі көрген, тағылым алған бір шоғыр шығармашылық тұлғалардың жалпы қазақ әдебиетіне алып келген үлесі аз болған жоқ. Туған әдебиетіміз үшін

сәтімен оралған осынау игілікті көркемдік құбылыстың әр қилы, әр бағыттағы, әр алуан тақырыптардағы қаламгерлік көріністерін де молынан табамыз. Қазақ прозасында осы бағытта, осынау тақырып аясында сәтті көріне алған, өзіндік жаңашыл қолтаңба таныта алған Тәкен Әлімқұлов, Әнуар Әлімжанов, Әбіш Кекілбаев, Ілия Жақанов, Әнес Сараев, Орысбай Әбділдаев сынды қаламгерлерді атап өтуге болар еді.

Ал енді поэзиямыздағы сондай көркемдік үлгілерді тудырған, қазақ әдебиетіндегі биік бәйтеректердің бірі, ақындық жаратылысы бөлек, тума дарын Иса Байзақов шығармашылығы дара көрінеді. Аса дарынды өнер иесінің басқа бір, өзі қатарлас өнер иесі туралы сөз толғауы, образ сомдауы, сол арқылы киелі қазақ өнерінің тұлғаларын әдебиетімізге көркем бейне ретінде қайтадан алып келуі әрқашан да оқырман ықыласына бөленіп отырған. Иса Байзақ қаламынан әр жылдары, әр кезеңде туған өнер туындылары да өз оқырманын оқшау көркемдік бояуымен, сирек кездесетін ұтымды теңеулерімен, сюжет тартымдылығымен оқырман назарын аударды.

Иса Байзақовтың әдебиетіміздің алтын қорына қосылған «Құралай сұлу» мен «Алтай аясында» атты поэмалары тарихи оқиғаларды көркемдік тұрғыдан жинақтаудың жаңа үлгілерін танытты. Бұл шығармаларына арынды ақын алдымен қақтағдырындағы айрықша орны бар ірі-ірі тарихи оқиғаларды арқау етеді. Халықтың бостандық, тәуелсіздік жолындағы мақсатты күресі алдыңғы қатарға шығады да, осынау оқиғалардың алдымен ел өміріндегі, жекелеген адамдар тағдырындағы әлеуметтік-рухани салмағына назар аударылады. Ақынның дүниетаным тереңдігі, тарихи көзқарасы, поэтикалық, көркемдік жинақтау әдіс-тәсілдері өзінің кең ауқымдылығымен, шынайылығымен оқырманын баурайды.

Ақындық диапазон, тарихи-деректік оқиғалар шоғыры автордың туған жер туралы идеяны және халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан батырлық рухын асқақтата жырлауға жол ашқан. Жаужүрек, батыр жігіт Келденнің қалмақтарға қарсы күресі мен Құралайдай сұлу да парасатты қазақ қызының тағдыры қатар өріле сюжет арқауын ширата түсетіндігі алдымен ақынның суреткерлік шеберлігінен бастау алады.

Қазақ жүрегінде «Есімханның ескі жолы» деген аңызға бергісіз қанатты сөз қалдырған, ел бірлігі, ұлттық мұрат жолында баға жеткісіз тарихи еңбек жасаған әйгілі Есім ханның заманында тағдыр кешкен, елінің жоғын жоқтаған, әділдігімен, турашылдығымен көпке жакқан Монтай бидің тұлғасы да поэманың құнарлы тұсы десек қателеспейміз.

«Құралай сұлу» поэмасында туған жерді қасық қаны қалғанша қорғай білетін батырлық болмыс пен адал махаббаттың жолында басын бәйгеге тігетін азамат тағдырының арасындағы рухани сабақтастық, жүрек қуаты қылаусыз поэзия тілінде сөйлейді. Автор осынау адам бойындағы ізгі қасиеттерді нақты көркем тұлғалар арқылы, олардың жан дүниесіндегі сезім толқындарын жарқырата аша отырып, оқырманына терең тебіреніспен жеткізеді. Жаугершілік замандағы қазақ тұрмысы, сол кезеңдердегі алмағайып тіршіліктің тарихи келбеті поэтикалық айшықты суреттермен боямсыз, шынайы түрде көз алдымызға келеді. «Алтай аясында» атты поэмасы да – ақынның осынау ұлы идеясын басқа қырынан алып, оны ары қарай тереңдете түсетін туындысы. Бұл шығарманың да алтын арқауы – тәуелсіздік, бостандық, яғни еркін өмір жолындағы ер жүрек жандардың бойындағы күрес рухын, қажыр-қайратын құдіретті поэзия тілінде кестелеу. Адал махаббат, шынайы сүйіспеншілік жолында басын бәйгеге тігетін, биік мақсат-мұратты армандайтын, осы жолда қандай да қауіп-қатерден тайсалмайтын қазақ жастарының тұлғасы типтік көркем бейнелер деңгейіне көтеріледі.

Поэманың орталық кейіпкерлері Балағаз бен Еркежанды өмірдің қиын өткелдеріне салатын автор сол кезеңдегі дала өмірінің сан қатпарлы тарихи-әлеуметтік шындығын жалаң алмайды. Керісінше кейіпкерлер тағдыры арқылы сан қатпарлы тарихи шындық көрініс табады. Оқиға желісінде әрқилы әлеуметтік топтар өз әрекетімен, өз мінез-құлқымен шынайы танылады.

Әлеуметтік күрес үстінде шындала түсетін қазақ жастарының сан қилы тағдыры, күрес жолдары қоғамдағы көпқатпарлы сюжеттік желілерге арқау болады. Әрқилы мақсатты көздеген, сол жолда жан беріспей тоқтамға келмейтін сандаған кейіпкерлердің рухани әлемін іштей ашып көрсетудегі ақын шеберлігі өзіндік сантүрлі көркемдік бояуымен көз тартады. Тарихи оқи-

ғаларды қамтып көрсету, тұлғаның көркемдік қуатын аша түсетін іс-әрекеттерді бір желінің бойында шебер киюластыру, табиғат суреттері, психологиялық иірімдер, барлығы түптеп келгенде ақынның суреткерлік шеберлігінің терең құнарынан бастау алып жатады.

Иса Байзақовтың ақындық болмысында сандаған өнердің біте қайнасып жататындығын аңғарар едік. Ақын ең алдымен сан қырлы өнер иесі болған. Оның қалың елге кеңінен жайылған, талай өнер саңлақтарын тамсандырған, таңғалдырған актерлік, артистік, әншілік, жыршылық өнерінің өзі бір бойына осыншама дарын қуатын тоғыстырған қайталанбас талант иесі екенін көрсетеді. Оның табан астында, қалың қауым алдында сөз маржандарын ақ жауындай төгілтіп алып кететін суырып-салмалық өнері де тыңдармандарын таңғалдырған.

Өлеңнің өткел бермес теңізіндей әсер қалдыратын арқалы ақынның өнер айдынында қалдырған қолтаңбасы қазақтың қай түпкірінде болмасын ауыздан ауызға аңыз болып тараған. Қанаты талмас қырандай парлаған ақынды барлығы бір рет көріп қалуға, бір рет үніне құлақ түруге асыққан. Осының бәрі кездейсоқтық емес, тума таланттың алдымен сүйегіне біткен, сонан соң сан ғасырлық тарихы бар халық шығармашылығының бай мұрасы нәр беріп, қанаттандырған асыл арналар болатын.

Өнер жарысында ешкімге есе жібермеген, алқалы топтың алдында алмастай жарқырап, қырандай самғап өнер құдіретін танытқан ақынның шығармашылығы сондықтан да сан қырлы, сан қатпарлы болып келеді. Жоғарыда сөз болған туындылардағы тарихи оқиғалардың жанды тұлғалар арқылы жарқырап шығатындығы да алдымен ақын талантының осынау қасиеттерінен бастау алады.

Өнердің барлық жанрындағы классикалық үлгілеріне құлаш сермеген және солардың бірде-бірінде осалдық танытпаған төкпе ақынның барлық тақырыптағы туындылары төрт аяғынан тең тұрған дүниелер ретінде оқырман жүрегіне жол тапты. Оны қазақтың ең бір сүйікті, ардақты ақынына айналдырған дүниелері де осы мәңгі тозбас құдіретті поэзияның арқасы еді. Солардың ішінде, тағы да қайталап айтсақ, тарихи тақырыпты, әлеуметтік-рухани мәселелерді арқау еткен туындылары алыстан менмұн-

далап, айшықты көрінеді. Осылардың қатарында «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Ақбөпе» сынды поэмалары көркемдік талаптарының ең биік шыңына көтерілген туындылардың қатарына енді.

Жалпы ақындық шеберлік туралы сөз қозғағанда Иса Байзақовтың алдымен өлеңдері, толғаулары, дастандары және ән мәтіндері көзге алдымен түседі. Осынау көркем туындылар несімен көз тартады, қандай қасиеттері арқылы қазақ поэзиясына жаңалық болып қосылды? Оның шығармалары алдымен көркемдік сапасымен, кең тыныстылығымен, жаңашыл өрнегімен көзге түсті дегенде ақынның қай бағыттағы ізденістері бірінші кезекте аталуға тиіс? Бұған жауапты ең алдымен ақын туындыларының көркемдік бояуынан, суреткерлік болмыс бітімінен іздеуіміз абзал.

Суреткер қаламгер Мұхтар Әуезов Иса Байзақовтың шығармашылығына бір жағынан сүйсіне қызықтап, екінші жағынан шынайы ақын талантына оқырман назарын аударып: «Иса – желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Бүгінгі Еуропа Исаның ақындығындай суырыпсалма желдірмелігі мен тұтқиыл ақындығын ақындық теңіз деп түсінер еді... Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей.

Жақсының сарынындай құбылтып, бүктетіліп толқынған желдірменің әніне қосылғанда, шалқыған ақындық сөзін ту ғып ұстап, заманды қазып келе жатқан өнер желмаясының шабысы елестегендей болады», – дегенде өнер иесінің теңіздей терең талантын, сан қырлы өнерпаздығын, парасат биігін дөп басып айтқандай.

Парасат биігі дегеніміз шын мәнінде, ұлы Мұхан, Мұхтар Әуезов меңзегендей шығарманың ішкі көркемдік қуатынан бастау алатыны даусыз. Иса Байзақовтың әр алуан, тарихи маңызы терең тақырыптардағы туындыларын сөз еткенде алдымен ақын парасаты, яғни соған сабақтас, астарлас танылатын суреткерлік дүниетаным, көркемдік жинақтау, тіл кестесі, барлығы жиылып келгенде бір арнаға тоғысады. Ол арна ақындық талант деген бір сөзге сияды.

Ақын талантының тағы да бір қайталанбас қыры «Ақбөпе» поэмасындағы Ақбөпе тұлғасының көркемдік қуатымен сабақ-тас көрінеді.

Кім көрді көктің жерге құлағанын,
Кім көрді күннің жарық сұрағанын.
Кім көрді Ақбөпедей қыршын жастың,
Шомылып қанды азапқа жылағанын.

...Кім ұқты махаббатты Ақбөпедей,
Жүрегі жанулы тұр әлі сөнбей.
Аспанда ай, жұлдыз шашу шашар еді,
Егер де тірі жүрсе арманда өлмей.

Аруды Ақбөпедей ел жырлайды,
Бес кепе, бес арналы көл жырлайды.
Ертек қып, тауда қыран түзде тоты,
Ғашықтың өмірінен сыр жырлайды.

Халықтың қасиетін қанмен ұққан,
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды?
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің,
Жандары бізді де айт деп сыбырайды, —

деп басталатын дастанның тұтастай сюжетті желісі, ішкі композициялық құрылымы, кейіпкерлер жүйесі, барлығы жиналып келгенде бір идеяға тоғысады, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол идея — мәңгілік махаббат идеясы.

Сүйіспеншіліктің биік тұғырынан бір елі шегінбейтін қазақ жастарының қайсар мінезін асқақтата жырлау мақсатын көздеген автор суреткерлік талғам мен көркемдік талаптың биік деңгейіне көтеріледі. Яғни адамгершіліктің, кісіліктің, азаматтықтың айнымас өлшемі — адал махаббатқа деген тұрақтылық екендігін ақын барлық шығармаларында өмір бойында жырлап өтті.

Қаламгердің халыққа кеңінен танылған лирикалық, эпикалық шығармаларының дені осынау тақырыпқа құрылатындығы да тегін емес. Сондықтан да махаббатқа деген адалдықтың ар жағында ерлік, туған жерге деген сүйіспеншілік, батырлық, яғни адамның бойындағы барлық ізгі, асыл қасиеттер тұратындығын көркем тұлғалар арқылы бейнелеп беру Иса Байзақовтың күллі шығармашылық тағдырын анықтайтын басты арна деуімізге

болады. Осы арнада ақын шеберлігінің барлық көркемдік қырлары, яғни тұтастай алғанда қазақ оқырманының жүрегіне жол тартқан, ілтипатына бөленген қаламгер шығармаларының сан қырлы суреткерлік қасиеттері жарқырап бой көтерді.

Тұрсын Жұртбай,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Рамазанова Шайгүл Әмірғалиқызы,
филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

«ҒЫЛЫМСЫЗ – АХИРЕТ ТЕ ЖОҚ...»

Ұлы ойшыл Абай атамыздың оқыған-тоқығаны көп болғанын білеміз. Талмай ізденген, қазынған. Оны өлеңдері мен қара сөздерінен де анық байқауға болады. Дүниетанымы кең, білім-білігі мол екені бірден аңғарылады. Әр қара сөзінің тағылымдық һәм тәрбиелік мән-мағынасы, әр өлеңінің өзіндік айтары бар. Астарына жасырынған құпия-сыры бар. Оны әркім өзінше талдап, өзінше шешіп жүр. Абай сонысымен ұлы, сонысымен ұлық. Дегенмен өз өкініш, өз мұңы бар. Оны да қара сөздері мен өлеңдерінен білесіз. Бәрін тасқа таңбалап, жазып, ұрпағына аманаттап кеткен ғой! Оқыған жан керегін табады, қажеттісін алады. Жастайымыздан ұлы ақынның өлеңдерін көп оқыдық, жаттап өстік. Ақын жырларын оқу һәм жаттау барысында көп нәрсені ойға түйгеніміз есімізде. Әсіресе оқу-білім, ғылым туралы өлеңдері ойымызда мәңгі жатталып қалды. Содан бері қанша уақыт өтсе де санамызда әлі күнге дейін жаңғырып тұрады. Кейде бәрімізді оқу-білімге, ғылымға жетелеген де Абай атам сияқты көрінеді. Мәселен, мына өлеңіндегі:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім? –

деген жолдар алғаш оқығанда қатты әсер еткен. Оқу-білімге, ғылымға құштарлығымызды ерте бастан оятқан да ұлы ақынның осы тақлеттес ойлы жырлары еді. Рухани нәр берді, болашағымызды айқындауға жол сілтеді, бағыт көрсетті.

Шынында да Абайдың ғұмырлық басты мақсатының бірі, сонымен қатар «Дүниенің сырын біліп, Оның (Жаратқанның) бір және шын екенін ғылым арқылы таныған адам – шын мұхминун», – деп баға берген аса ыждаһатты иқсаны – Ғылым. Демек, ғылымсыз – жан тазалығына, «иман тазалығына» жету мүмкін емес. Ақынның өзі де жасынан:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілді.
Кұлағын салмас,
Тілінді алмас,
Көп наданнан түңілді [1.141].

Абайға салсаңыз, тіпті:

«Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» [1.448]. Бұған біз де қосыламыз. Себебі шынында да солай. Жалпы адамзаттың ғылымсыз күні қараң, алға жылжу, даму болмайды. Соны ұлы ойшыл бір ауыз сөзбен осылай түсіндірген. Бұдан асырып айту да мүмкін емес, сірә! Өйткені ғылым: «Ғылым – Алланың бір сифаты, ол – Хақиһат, оған ғашықтық өзі де хақтық һәм адамдық-дүр... Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ізет-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен білім-ғылымның Хақиһаты табылмайды...» [1.469-470] «Онсыз (ғылымсыз) «дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жете де, діннің хақ Мағрифатына жете алмайды» [1.477]. Сонымен қатар ғылым – «Алла тағаланың болмысына тән сифаты әрі құдіретінің бірі һәм оның адамға жасаған рәхмәты (рақымы)» [1.471]. Сондай-ақ ол – жанның, ардың, ақылдың, қайраттың күзетшісі һәм ақылдың баламасы. Ал «Күзетшісіз, ескерусіз иман (тақырыбымызға орай – ар-ождан деп қабылдауыңызды өтінеміз) тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі аңдып, шын діни (бұл арада бұл сөзді – жәнтәніңмен деп қабылдауға болады) шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы (ар-ожданы) бар деп болмайды» [1.450]. 1.450]. «Ақыл да, ғылымның бір аты екендігі мәлім-дүр. Бұлар әр адамның бойында Алла тәбәрәкә уә тағала тәхмин (бұл арада

Абай жиі қолданатын «көкірек көзі» деген ұғымды берсе керек) бар қылып жаратқан» [1.469-470].

Ғылым мен білімнің исламияттағы мәні туралы белгілі исламтанушы Иса Абдуль-Кадыр: «Білім – іс-әрекеттер негізі, ол біздің іс-әрекетімізді жүйелеп отырады. Іс-әрекетсіз – білім де, білімсіз – әрекет те пайдалы емес. Өз біліміне сай қарекет қылмайтын ғалым бәрінен бұрын пұтқа табынушылардың азабына ұшықұқрайды. Өйткені егер кімде-кім білімсіз әрекет етсе, оның әрекеттері зая кетеді және қабылданбайды» [2.47], – деп баға береді.

Адамның жан бостандығы мен бас еркі бостандығын, әдепті, көргенді тәрбиені – өзінің өмір сүруі мен көзқарасының ұстыны етіп қойған Абай, ғылым-білімге келгенде ырықсыз ынтаға да жол беруді ұсынады: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін – ол жол, бірін – бұл жолға салу керек. Дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда бір медресе бар, соларға түсіріп беріп: Сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хатта (тіпті) қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді... (Әйтпесе) Қазақты иә қорқытпай, иә параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен, ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес» [1.484-485], – деп ақыл қайратын амалға ауыстырып, қысым көрсетуді де хош санайды. Бұл – ақылға, талапқа, бас еркіне зорлық емес, жаман ғадетті қатаң тәртіппен жөнге салуға ұмтылған, күні ертеңнің қайырын ойлаған рақымның амалы. Әйтпесе, ақын одан өзге былайша: «Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген», ғадетке айналған надандықтан құтылудың амалын таппай қиналып: «Енді не қылдық, не болдық?!» [1.485] – деп күйінбес еді.

Күйіне отырып Абай оқығандардың ғылымды игерудегі мақсаты: «Білімнің қаруымен қазақты қалай аңдысам?» – деп емес,

қайта «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену» [1.458] болуы керек, – дейді. Ол үшін, енді ғылымның өзіне емес, жалпы білімді игерудің мақсат-тілегіне орай қойылатын талаптарды рет-ретімен түсіндіріп береді. Олар:

Бірінші: «Әуелі білім-ғылым табылса, ...ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да білсем деп ұмтылып, әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, сөз суретін ішке жайғастырсаң», онда бұл «бір рахат – хұзур (жақсылық) хасил (таныстық)». Егерде «дін көңілің өзге нәрседе болып, білім-ғылымды» сол жат пиғылың, бас пайдаң, жеке құзырың үшін үйренсең, онда «білімге деген мейірің – асырап алған шешеннің мейірімі секілді, ...бастапқыдай болса, тапқан шешеннің мейірім сияқты болады. Шын мейірленсең – білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір – шала» [1.164] қайырым жасайды, не қайырымы мүлде болмайды.

Екінші: Ғылымды – ақиқи мақсатпен ақ тілекті Ақиқатты білмек үшін үйрену керек. «Бақас ғылым – ғылымның мақсатын көздемейді, керісінше, көңілді кірлетеді, ниетті бұзады, менмендікті (ғұрурлық), бақастықты (ерегес-бәсеке, өшпенділік), күншілдікті (хұсдшілікті) қоздырады, зорлықты, жалғандықты, орынсыз мақтанды, өтірік-өсекті, қастандықты күшейтеді». Бұл – ғылымды да, адамды да аздырады, ғылымды да, өзін де қорлайды. «Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі, бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!» [1.164]. Дұрыс, біз де соған пейілдіміз.

Үшінші: «Ынта-ықыласпен (иждихатыңмен) Хақиқатқа көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтып құрмет күтесін?» [1.164]. Білімнің, ғылымның қадірін біл. Білгеніңнен – айырылма! Өйткені ол – Хақиқат жолы, ал Хақиқат жолы – Хақ жолы!

Төртінші: Адамның ішінде білім-ғылымға күш-қуат беретін екі қару бар: «Бірі – мулахаза (терең ой), екіншісі – берік (ұстанған) мухафата (күш, ерік, жігер)», яғни бұлар жан мен рух қуаттары. «Бұлар зораймай – ғылым зораймайды». Абай бұл пікірін

«тән қуаты» мен «жан қуаты» туралы «Қара сөзінде» жетеге жеткізе айтады, қолмен қойғандай дәлелдеп береді.

Бесінші: «Осы сөздің он тоғызыншы бабында (1940 жылғы басылым бойынша «нөмірінде» деген сөз «бабында» деп алынды, ал Абайдың өзі «Он тоғызыншы бап» деп жазып кеткен бұл ғақлия, барлық басылымда «Отыз бірінші сөз» ретінде беріліп келеді. Жалпы, Абайдың «Қара сөздерінің», соның ішінде діни тақырыпқа арналған ғақлияларының орналасу реті дербес танымдық, теологиялық, текстологиялық аса маңызды мәселе болып табылады. Бұл туралы абайтанушы Қ. Мұхамедханов кезінде шағын ескертпе пікір де білдірген) жазылған «ақыл кеселі» деген төрт нәрсе бар». Білім-ғылымды үйрену үшін «содан қашық болу керек» [1.464]. Олар, яғни «ой кеселдері» – уайымсыз салғырттық, ойыншыл-күлкішілдік («орынсыз ыржан»), бір қайғыға салыну және бір нәрсеге құмарлықтың пайда болуы. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздырады» [1.463].

Ақыл мен ойдың төрт кеселінің ішінде Абайды ерекше түршіктіретіні – «уайымсыз салғырттық». «Уайымсыз салғырттықтың» зарарын көрсетіп, ескертіп қана қоймайды: «Зинһар (аса қатты өтінемін) жаным, әсіресе, соған бек сақ бол. Әуелі – құдайдың (1940 жылғы басылым бойынша), екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибыраттың (үлгінің, тәрбиенің), бесінші – ақылдың, (алтыншы) ардың – бәрінің дұшпаны. Олар бар жерде бұлар (құдай, халық, дәулет, ғибырат, ақыл, ар) болмайды» [1.464], – деп зәрәзап болады. Абай осы бір «уайымсыз салғырттықтан», мүмкін өзінің басына түскендіктен де шығар, өзі де ерекше сескенген. Ол өзінің «Төртінші сөзінде» тағы да шамырқанып: «Уайым-қайғысыздығыңа уайым қылдағы...», оны «орынсыз күлкімен азайтпа, орынды характерпен азайт! Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып (1940 жылғы басылым бойынша алынды), қамалып қалмақ: ол өзі де бір антұрғандық және әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғандықтан күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы» [1.142], – деп сақтандырады.

Сөз реті келгенде кіріктіре кетейік, осы ойдың тиянақталар тұсында Абай: «Өзің де ызалы күлкіге салына бермессің, әрбір жақсы адамның жақсылығынан жақсылық тауып, ғибырат алып

күл. «Әрбір ғиырат алмақтың өзі де – бастыққа (1940 жылғы басылымда, 172-бет және 1995 жылғы басылымда, 163-бет – мастыққа, 1961 жылғы басылымда, бастыққа – 442-бет) жібермей, уақытымен тоқтатады» – деп жұбата сөйлейді.

Біздің ойымызша, осы арадағы «мастық» та, «бастық» та өз орынында қолданылып тұрған сөз емес, тіпті, мағынасыздыққа алып келетін абсурд. Өзің «уайымсыз салғырттықпен» «қайғының ішіне кіріп алып, қамалып, шыға алмай жүрсең», қайдағы «мастық», қайдағы «бастық»?!. Абайдың «ой мен ақыл кеселі» туралы «Отыз екінші сөзіндегі»: «Бақас ғылым – ғылымның мақсатын көздемейді, керісінше, көңілді кірлетеді, ниетті бұзады, менмендікті (ғұрурлық), бақастықты (ерегес-бәсеке, өшпенділік), күншілдікті (хүсдшілікті) қоздырады» – деген сөзін еске алсақ, онда: «Әр адамның жақсылығын тауып, ғиырат алмақтың өзі де бақастыққа жібермейді» – деп оқу және солай түсіну қисынды сияқты. Абайдың «ғылымның жауын» бақастық деп ашып айтады, одан сақтандырады, «бақастыққа барма» – деп тұр емес пе? [3.297]

Жә, бұл ойдың кеңейтілген дәлелін – дербес салыстыра талдаудың еншісіне қалдырайық.

Алтыншы: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!». Көрсекызарлық, жеңілектік, орынсыз қызбалық, кез-келген қызыққа шайқалып қалмақтық – мінездің беріктігін бұзады. Қоярға орыны жоқ ғылымды үйреніп те пайда жоқ. Ақылы – азғырылмайтын, айтатынын – айтатын, арды – сақтайтын, ақыл үшін, ар үшін қайсарлық танытатын «мінез беріктігі мен қайсар қайрат!» [1.464] – ғылым көркі. Алайда, басты талдау талапқа қатысты болғандықтан да, осы арада тағы бір тағатсыз ойдың орайы кеп тұр. Абайдың тура осы біз тәфсірлеп отырған талап, білім, ғылым, өнер, ақыл, хауас, «ынталы жүрек, шын көңіл», ішкі, сыртқы қуат туралы жазылған, осы мәселенің өлеңге түскен нұсқасындай көрінетін:

Алла – деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі Хаққа жол емес.
Дененің барша қуаты,
Өнерге салар бар күшін [1.266], –

деп басталатын «мутааккалими» (калам) мен «мантихин» (мантик, логика) ілімін қағытып өтетін өлеңі бар. Мұндағы айтылған ой-пікірдің барлығы да жоғарыдағы «Қара сөзде» тәпсірленген талап, ілім, білім, ақыл, хауас, ішкі-сыртқы қуат, «ынталы жүрек, шын көңіл» жеке-жеке талданып келіп, ең соңында «ғылымдағы мінезге жеке бап арқылы тоқталып: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады», – деп анықтама береді. Ал өлеңдерінің барлық басылымдарында соңғы екі жол: «Жүректің ақыл – сауаты» немесе «Жүректің ақыл – суаты»,– деп қайталана басылып келеді. «Сөзді ұғарлық адамға», мұндағы «сауаттың» орынына «сауыт» сөзінің қолданылуы керектігі анық «көрініп тұр». «Жүректің сауаты» емес, «жүрек – ақылды сақтайтұғын сауыт» қой! Әрине, батырлар киетін сауыт емес, «Сәулем саған арнап жырлар жазамын, Қаламымды малып жүрек қанына», – деп Мағжан жырлайтын сауыт (сия сауытты қазіргі оқырман түсіне қоймас).

«Бұдан бұрын да талай сөз бен уәж, дәлел айтсақ та», бұл мәтіндік мәтқапы түзелер емес. Қалай дегенмен де, әйтеуір, жүректің сауат ашуға, не суат ретінде суаруға қатысы жоқ екені, жүрек – ақылдың, демек, мінездің сауыты екені анық қой! Енді, мұны ешкім жоққа шығара алмас.

Абай өлеңдерінде мұндай қате кеткен сөздер баршылық. Себебі ақынның өз қолымен жазған дәптер табылмаған, нұсқа жоқ. Тек көшірулер мен көшірмелер арқылы жеткен. Ендеше кейбір жолдар мен сөздердің қате болуы табиғи заңдылық. Естігенде қақас естуі, болмаса көшіргенде қате көшіруі бек мүмкін. Ал оны бір ізге түсіру, өңдеп-жөндеу – болашақтың ісі. Оның өзінде де мән-мазмұны мен мағынасына қарай екі шоқып, бір қарау керек. Онсыз бәрі бекер. Керсінше болып шығуы да ғажап емес.

Қорытындылай келе айтарымыз, ұлы ойшылдың айтқандарымен келіспеу, бұра тарту тіптен мүмкін емес. Өйткені айтары – нық, ойы – орнықты, дерек-дәйегі – нақты, дәлелі – қисынды. Тек қана үнсіз келісесің, іштей мойындайсың, мойынсынасың!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы / Редакциясын қарап, түсініктерді, материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Ә. Жиреншин. – Алматы: Қазмемкөркемәдбас, 1961. – 693 б.
2. Иса Абдуль-Кадыр, Истина суфизма / Перевел с арабского М. Саадуев.sunnainfo.ru.
3. Жұртбай Т. Хақ және Жалғыз (Абайдың сыртқы әлемі): әдеби-салыстырмалы рисала. 1-кітап. – Астана: Алгорифм, 2022. – 398 б.

Иманғазы Нұрахметұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, ғылым кітапханасының қызметкері

АБАЙТАНУҒА ЖАҢА БАҒЫТ КЕРЕК

Абай – бір-біріне қарама-қарсы екі дәуірдің алмасу кезеңінде (өларасында) өмір сүріп, жаңашылдық пен дәстүршілдікті қатар ұстанған тұлға. Шығармаларының сыры дәстүр мен жаңашыл ойлардың жарасым тауып кірігіп кеткендігінде. Біреуге жаңашылдығы ұнаса, біреу дәстүршіл идеясын жоғары бағалайды. Онан қалса, мазмұнының күрделілігі, сөз өрнегінің, образ жасау тәсілінің даралығы тағы бар.

Ұлы ақын отыз сегізінші Қара сөзінде: «Алла тағаланы өзінің білінгені хадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хақим ақыл ерістіре алмады. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» [1,127 б.], – дейді. Адамды Алламен салыстыруға болмас, бірақ Абай өзі айтқандай: «Алла тағалаға ұқсауға» барынша тырысқан, шартты түрде айтқанда ұқсаған хақим. Оның ақыл-ойы мен сезімінің тереңдігін біздің салыстыруға келмейді. Адами өлшеммен айтқанда, шексіздікке жеткен. «Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» дегенге келісек, аз бен көпті жете түсіну де мүмкін емес.

Абай – бірін-бірі толықтап тұрған үш тұлғадан құралған бір тұлға. Ең әуелі, Абай – өз заманының саясаткері, қазақтың дәстүрлі ел билеу жүйесін жақсы меңгерген көне билердің соңы. Ұзақ жылдар ел билеген, болыс болған кісі. Екінші, Абай – философ, яғни ойшыл. Үшінші, Абай – ақын. Ғалымдардың жеке пікірі мен мақалалары болмаса Абайдың саясаткерлік қыры толық зерттелген жоқ. Бізде ол туралы айтпақшы емеспіз, Абайдың ақындық болмысын тануда кездесетін кейбір мәселелерге ғана тоқталмақпыз. Абайдың ақындық болмысын тану Абай дүниетанымының ұлттық қайнар көзін тану мен Абай өлеңдерінің түрін тану.

Абай дүниетанымының ұлттық қайнары. Абай әлемінің әлі ашылмаған беттері болуы да мүмкін, десе де ойшыл Абайды

тануда жетістіктеріміз аз емес. Абайтанушылар осыған дейін ақын өлеңдеріндегі философиялық ойлардың астарын ашуға көбірек күш салып келді. Бұл ретте ақынның батыс пен шығыстан алғаны ойлары көп қаузалды. Мысалы, Абайдың рухани қайнар көзі ретінде батыс пен шығыс қатар айтылады. Әсіресе орыс мәдениетінен алған үлгі-өнегесі көбірек зерттелгені белгілі. Оны М. Әуезовтің: «Абайдың барлық поэзиялық мұрасында Шығыстың орны орыс классик поэзиясынан әлдеқайда аз» [2, 91] немесе «Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсеткен батыс әдебиетінің үлгі өрнектері» [2, 268 б.], – деген пікірінен көруге болады. Әрине, М. Әуезовтің бұл пікірі кезінде ақынның зерттелуіне, танылуына игі ықпал жасағаны даусыз.

Байқап отырсақ, Абайдың батысын айтамыз, Шығысын айтамыз, өзі туралы сөз жоқ. Өзі деп отырғанымыз – Қазақ поэзиясы және орта ғасырлық түркі әдебиетінің ықпалы ғана емес, ақынның ішкі таланты, дара болмысы.

Абай орыс, классиктерін оқыған, солармен үндес пікірлер айтқан. Араб, парсы мәдениетінен, ислам дінінен мол нәр алған. Бұл – талас жүрмейтін шындық. Өйтпесе ол данышпан болмас еді. Бірақ соған қарап Абай озық ойлары мен айшықты өлең үлгісін орыс әдебиеті мен араб, парсы әдебиетінен ғана алды десек, бұл ақынды ұлықтау емес, көпе-көрнеу жасалған қиянат болмақ. Бұл жерде Абай өзін туған халқынан, оның ғасырлар бойы қалыптастырған мәдениетінен нәр алмаған ба, өмірден ешқандай ой қортпаған ба деген сұрақ туары анық. Орта ғасырлық түркі мәдениетінің Абайға жасаған ықпалын жоққа шығаруға болмайды. Абай дүниетанымының негізгі қайнары ұлт руханиятында. Бұл жағы әлі де зерттеле бермек. Адам ретінде Абай түркі, соның ішінде қазақ халқының перзенті, ақын ретінде сол түркілік мәдениеттің жемісі. Оның нәр алған бастауы – рет-ретімен айтсақ, ең алдымен қазақ өмірі, қазақ поэзиясы, орта ғасырлық түркі ойшылдарының еңбектері. Абайдың рухани тіні – осы. Араб, фарсы ойшылдарының еңбектері, ислам діні және орыс әдебиетінің ықпалы онан кейінгі орында. Бұл шындықты қанша терең түсінсек ақынның дүниетанымын ашуға сонша жақындай түсеміз.

Абайдың орыс және шығыс мәдениетінен, екі арнадан бірдей нәр алғанын айта отырып, М. Әуезов: «Абайдың өз пішіні – қазақ тұлғасы жоқ демейміз, жаға – жаға да, арна – арна. Ұлы арнасы мен жол арнасының түп-түбімен шығып жатқан, қайнар көздер – ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды» [2, 240 б.], – дегенін ұмытпаған жөн.

Дүниетаным бір күнде пайда болатын және өзгермейтін құндылық емес. Ол ұзақ жылдар бойы қалыптасып, әлеуметтік ортаның ықпалына ұшырап, алған біліміне, ақыл-парасат деңгейіне қарай дамып, кемелденіп отырады. Мақал-мәтел, көркем шығарма, музыка, сурет бәрі де – ұлттық дүниетанымның қайнары емес, қайта сол дүниетанымды сақтап тұрған рухани қаб, бірегей тасымалдаушы. Дүниетанымның негізгі қайнар көзі – өмір. Осы тұрғыдан келгенде Абай дүниетанымының бірінші қайнар көзі – қазақ өмірі. Оны М. Әуезов «Абай жолы» романында тамаша ашып береді. Эпопеяда жастай билердің тартысын көп көріп, ел ісіне араласып өскен ақын қоғамды ішінде жүріп таниды. Бұған қатардағы жай шаруа емес, ағасұлтан Құнанбайдың отбасында дүниеге келуі де үлкен ықпал еткенін тайға таңба басқандай көрсеткен. Әсіресе Қодардың өлімі тұсында жас Абайдың көзқарасы, дүниетанымы қалай өзгергені үлкен шеберлікпен баяндалады.

Өмірлік көзқарасы қалай қалыптасқанын, ойларының төркіні қайда жатқанын қара сөздерінде ақын өзі де үнемі қайталап отыратыны бар. Бірінші қара сөзі: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бір талай өмірімізді өткіздік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық әуершілікті көре-көре келдік, енді.... қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік», – деп басталады. Екінші қара сөзін: «Мен бала күнімде естуші едім», – деп бастайды да, сол бала кезінде естіген қазақты мақтаған, басқа ұлттарды мұқатқан сөздердің бәрі жалған екеніне көзі жеткенін айтады. Үшінші қара сөзі: «Қазақтың бір-біріне қаскүнем болмағының, бірінің-бірі тілеуін тілеспейтінінің, рас сөзі аз болатынының, қызметке таласқыш болатынының» [1, 7, 8, 9 б.] себебін өмірден іздейді. Ақын әр қара сөзінің басында айтатын ойын өмірден қорытып алғанын осылай ескертіп отырады. Бірде-бір жерде,

мен орыс әдебиетін немесе араб, фарсы әдебиетін көп оқығандықтан осындай қорытынды жасадым демейді. Бұл – заңды құбылыс. Ақылды адам көзқарасты кітаптан емес, өмірден қорытып шығарады.

Сөзінің нұры

Абайдың ойшылдығы туралы зерттеулер сөздің сырын зерттеу болмақ. Ендігі бір көңіл аударар мәселе – Абай сөзінің нұры. Ақын: «Білімдіден шыққан сөз» дейтін өлеңінде:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға келсін кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз, –

деп, сөздің сыры және сөздің нұры деген екі ұғымға ерекше мән берген. Әр сөз бір-біріне нұр шашып, сәуле түсіріп тұратынын екі сөзден құралған кез келген тіркестің орнын ауыстыру арқылы байқауға болады. Сөздердің орны ауысқанда тіркестің әуезділігі, беретін әсері өзгеріп кететінін дәлелдеп жатудың басы артық. Бір-біріне сәуле шашып тұрған сөздер ғана «тілге жеңіл жүрекке жылы» тимек. Абай сөзінің нұрын тану әлі мәресіне жеткен жоқ. Абайдың ақындық болмысын танудың бір шарты – сөздің нұрын тану. Бұл айтылған сөздің нұры – поэтика.

Абай Қазақ әдебиетінде бұрын жоқ жаңа тіркестер қалыптастырып, сөз арқылы образ жасаудың ғажап үлгісін қалдырған. «Саңырау қайғы», «ақылым ашыған у», «көңіл құсы», «ойсыз құлақ», «көк тұман заман», «жүректің суаты», «ұйықтаған ой», «құлағын сатқан», «күңгірт көңіл», «жүрегі – айна», «қайғың – қыс, күлкің – жаз», т.б. Мұндай алмастыру әдістерін Дулат та көп қолданған. Мысалы, «Дүние – жемтік, мен – төбет», т.б. Екі ақындағы сөз образдарының сыртқы түрі ғана емес, жасалу жолы, ой қорыту тәсілі де үндесіп жатыр. Дулат: «Өксігіңді ойласам, Ұйқы еріп, қайғы алам», – десе, Абай: «Мен ішпеген у мар ма?» – дейді. Бірі бастап, бірі аяқтап тұрғандай. Абайдың: «Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қайтқан ой», – дейтін образды ойы Дулаттың: «Мөңірей жұртқа ой қайтты, Бұзауы өлген сиырдай», – дейтін жолын еске салады.

Абай өлеңдерінің түрін тану. Жүйрік аттың қасиеті сыртқы тұлғасынан көрініп тұратыны секілді, шығарманың да ішкі мазмұны мен сыртқы түрі бірін-бірі толықтап тұратын, бір-бірінен бөліне алмайтын бірлікке ие. Өлең – ақынның ішкі энергиясы, белгілі мағынадан алғанда жанды құбылыс. Осы тұрғыдан келсек Абай поэзиясының түрін танудың мәні аса зор. Дегенмен Абайдың сөз өрнектерін, өлең үлгісі, образ жасау жүйесін тануда бізге қиындық тудыратын түйіндер жоқ емес.

Абайдың өлең құрлысын тану. Абайдың ораз жасау тәсілі ғана емес, ұйқасының өзі зерттеуді қажет етеді. Ақынның көп қолданылған «қара өлең ұйқасы» (ааба), «шалыс ұйқас» (абаб), «егіз ұйқас» (аабб). Мұның бәрі арысын айтсақ әлем әдебиетінде, берісі қазақ әдебиетінде бар ұйқастар. Бірақ ақын оны жетілдіріп, түрлендіріп қолданады.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында көбінде тармақ соңындағы бір немесе екі буын ғана ұйқасатын. Төрт буынды ұйқас Абай өлеңдері арқылы қазақ поэзиясына мықтап орнықты.

Абайдың шалыс ұйқасының төркінін М. Әуезов орыс поэзиясынан келген деп қарайды: «Орыс классиктерінің ішінде Абайға үлгі беріп, үлкен ұстаздық еткен ақынның ең үлкені – Пушкин» [2, 263 б.], – дейді. Бұған дәлел ретінде Абайдың:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері,
Көк бұлттан ашылса, –

деген шумағы мен Пушкиннің:

Пока не требует поэта,
К священной жертве Аполлон,
В заботах суетного света,
Он молодую погружен.

дейтін шумағымен салыстырады. Басқада шалыс ұйқаспен жазған өлеңдерін мысалға ал отырып, «Бұл өлеңдерді Абайдың қазақтың өлең түрімен жазбай, Пушкиннің шалыс ұйқасымен жазуында да мән бар» [2, 266 б.] дейтіні бар. М. Мырзахметұлы: «Абай өлеңіндегі шалыс ұйқастың шығу төркіні ХІ ғасырдан әлде қай-

да арыда жатқан» [3, 151 б.], Түркі халықтарында бұрыннан бар көне өлең үлгісі деп біледі. Бұл қорытындыға М. Қашқаридің «Түркі тілдер жинағындағы» өлең үлгілері негіз болғаны анық. Онда шалыс ұйқасты өлеңдер көп кездеседі. Мысалы,

Kimi işige oldurup,
İla suvin keştimiz.
Uqur taba başlanıp,
Miñlak əlin aştımız [4, 323 б.].

Кеме ішіне отырып,
Еміл суын кештік біз.
Ұйғыр жаққа бет бұрып,
Мыңлақ еліне өттік біз.

Демек, ұйқастың бұл түрі Түркі халықтарында ежелден бар деген сөз.

Егіз ұйқас өлеңдерге келсек, Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» дастаны бастан-аяқ егіз ұйқаспен жазылғанын білеміз. Онан да маңыздысы әлем халықтарының (Түркілердің де) мақалдары түгел егіз ұйқасқа құрылады. Бұл көңіл аударуға тұрарлық мәселе. Егіз ұйқас барлық халыққа ортақ, ұйқастың ең көне түрі болса керек.

Абай өлеңдерінде кездесетін ұйқастың ерекше бір түрі «ааб, әәб, гтгб» ұйқасы. «Иүзи – раушан, көзі гауһар» өлеңін оқып көрейік:

Иүзи – раушан, көзі гауһар,
Ләғилдек бет үші әхмәр.
Тамағи қардан әм биһтар,
Қашиң күдірет, қоли шигә

Өзің гузәлләра раһбар,
Саңа ғашық болып кәмтар,
Суләйман, Ямшит, Искандәр,
Ала алмас барша мулкигә

Мубәда олса ол бір кәз,
Тамаша қылса йүзмә – йүз,
Кетіп қуат, йумылып көз,
Бойың сал- сал болар нигә.

Әр шумақта алдыңғы үш жол ұйқасып, төрінші жол ұйқас-
сыз. Бірінші шумақ «аааб», екінші шумақ «әәәб», үшінші шумақ
«гггб» болып келеді. Бірінші шумақтың ұйқаспайтын төртінші
жолы (шигә), екінші шумақтың ұйқасыз соңғы жолына (кигә), ол
үшінші шумақтың ақырғы жолымен (нигә) ұйқасып тұр. Сөйтіп,
ұйқасы «аааб» «әәәб», «гггб» болып келетін поэзиялық түр
қалыптастырған. Өлең 12 жолдан құралған бір ғана күрделі сөй-
лем. Мекемтас Мырзахметұлы ұйқастың бұл түрін «желілі ұйқас»
деп атап жүр. Бұл ұйқас М. Қашқаридің «Түркі тілдер Диуанында»
кездеседі.

Ertiř suvi yәмәki
Sithap tutar bilәki
Kүkmәt anıñ yүәki
Kәlgәlimәt irkiřür [4, 425 б.]

немесе

Өzlәk yarag көzәtti
Ogri tuzak uzatti
Bәglәr bәgin azitti
Kaçsa kali kutulur [4, 338 б.]

Қарастырылып отырған «аааб» ұйқасы қара өлең ұйқасынан
(«ааба») анағұрлым ескі болса керек. Ежелгі ата-бабаларымыз
қара өлең ұйқасын тапқанша осы ұйқасты пайдаланған секілді.
М. Қашқари түркі жұртында «Күг» [4, 186 б.] деген өлең түрі бола-
тынын айтады. Бірақ, «күг» өлеңінің нақты сипаттары айтыл-
маған. Түркі тілдер сөздігінде мысалға келтірілген өлеңдердің
ұйқастары «аааб» және «абаб» түрінде келеді. Бұдан Қашқари
жазған «күг» өлеңінің қасиеті осылар емес пе деген ой туады.
«Түрік тілдер сөздігіндегі» желілі ұйқасты өлеңдердің бәрі төрт
тармақтан құралған. Ұйқастың осы түрі Абай өлеңдерінде барын-
ша кемелдене түскен.

Әлішер Науаидың араб әріптерінің атымен аяқтайтын ғазалы
бар. Абайдың «Әлифби» өлеңі де сол дәстүрдің жалғасы іспетті.
Бірақ мазмұны да формасы да жаңа. Науай әр жолды араб әрпі-
мен аяқтаса, Абай мақсатты түрде әр жолдың басын араб әрпі-
мен бастап отырады.

Әлифби өлеңінде «Абай ұстазы Әлішер Науаимен ақындық өнер жарыстырғандай мінез танытатыны» [2, 155 б.] кездейсоқ құбылыс емес. Абай медресеге түскенше Орта ғасырлық түркі поэзиясының ауызша таралған нұсқаларымен таныс болғаны анық. Әлішер Науаидың «мухаммас» (бестік), «мұсалдас» (алтылық), «мұсамман» (жетілік) деген өлеңдерінің атауы әр шумақтың жол сандарына қарап қойылғанын білеміз.

Абайдың «Мұсамман» (жетілік) үлгісінде жазылға «Қатыны мен Масақбай» өлеңін желілі ұйқастың Абайға тән жаңа түрі деуге болады. Алдыңғы төрт жолы шалыс ұйқас, онан кейінгі екі жолы егіз ұйқаспен келіп, соңғы тармақтың аяғындағы «келтірді» деген сөз, екінші шумақтың соңғы тармағындағы «өлтірді» мен байланысып, «абабээс» ұйқасын құраған. Желілі ұйқастың («ааб ээб») көне түрі көбінше төрт жолдан құралады да, алдыңғы үш жолы бір ұйқаспен келіп соңғы жолы желі аралық ұйқас болып оқшау тұратын. Абайда ол мейлінше еркін. «Сен мені не етесің» өлеңі жеті жолдан құралған «желілі ұйқас». «Жетіліктердің» екінші түрі «абабггг» ұйқасты дара жетілік «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңін алсақ:

Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті,
Не бітті?

Алтылықтардың («мұсалдас») «аабээб» болып келетін түрлері де бар. Мысалы,

Бай сөйілді,
Бір пейілді
Елде жақсы қалмады.
Елдегі еркек,
Босқа селек
Қағып елін жалмады.

Алдыңғы үш жолы бір ойды, соңғы үш жолы бір ойды білдіретін, үштіктерден құралған алтылық. Өлеңнің аса күрделі жаңа

түрлерін жасауда Абай желілі ұйқастың синтаксистік құрылымын жеке шумақтарда ұтымды пайдаланады. Абайға тән бір күрделі өлең үлгісі «Сегіздіктер». Мысалы:

Алыстан сермеп(а)
Жүректен тербеп(а),
Шымырлап бойға жайылған(б),
Қиюадан шауып (г),
Қисынын тауып (г),
Тағына жетіп қайырған (б),
Толғауы тоқсан қызыл тіл (с),
Сөйлеймін демсең өзің біл (с).

Мұнда алдыңғы алты жол үш тармақтан тұратын желілі ұйқас, формасын қалыптастырып, соңғы егіз ұйқасты екі тармақ қорытынды ретінде берілген. Екі түрлі ұйқас аралас қолданылған.

Әрине, Абай «Түрік тілдер сөздігімен» таныс болмаған да шығар. Дегенмен арада он ғасыр уақыт жатса да бұл ұйқастың жоғалмауында үзілмей келе жатқан дәстүр сабақтастығы жатқандай. Көне түркілік өлең өлшемдері тарихтың қойнауында қалып қоймай, ХІХ ғасырға жеткен. Оның бір дәлелі – «желілі» ұйқастың Дулат өлеңдерінен бой көрсетуі. Қ. Жұмалиев: «...ХІХ ғасырда өмір сүрген ақындардың ішінде поэзиямызға жаңа бір түр кіргізген ақын – Дулат» [5, 162 б.], – дегенде осы желілі ұйқас пен сөз өрнектерін жаңалық ретінде бағалаған.

Абай білетін қазақтың ескі ақындарының ішінде Дулат өлеңдерінің түрі әр алуан, мазмұны бай еді. Дулат жырларында желілі ұйқастың канондық үлгісін бұзған жаңашылдық та бар. «Әуелі қазақ деген жұрт», «Тай туып тайлақ қайыған», «Сен туған жерді тастадың», «Патшаның заңын қуаттап», «Есерсоқ өңшең жастары», «Тырнақтай меңі болған соң», «Өзіңе өзің тұсау сап», «төртінші біреуге» сияқты көп тармақты шумақтан құралған (тармақ сандары тұрақсыз) өлеңдеріндегі желілі ұйқастың жаңа түрлері кездеседі. Абайдың жаңа үлгілер табуына Дулат поэзиясының ықпалы болса керек. З. Ахметов: «М. Әуезов Абай романы аталып 1942 жылы басылған кейінгі төрт томдық эпопеяның бірінші кітабында жас Абайға үлкен әсер еткен ақын ретінде Дулатты, әрине, жайдан-жай ала салмаған. Бір жағынан, Дулат-

тың ұлғайған кезінде Құнанбай ауылына келіп, жас Абайды көруі шынында да мүмкін екенін ескерсек, екінші жағынан, Абай поэзиясынан Дулаттың ақындық өнегесіне жақындық сипаттар да табуға болады» [5, 190 б.], – дейді. Осы жерде басын ашып айтып кететін бір мәселе Дулат – қазақ поэзиясында көне түркіден жалғасып келе жатқан өлең үлгісін жеткізуші және өзінше дамытқан ақын. Абай өз кезінде Дулаттан өлең үлгісін ғана емес, поэзияда жаңалық жасау идеясын да алған.

Абайдың ақындық болмысын танудағы күрделі мәселенің бірі – орфография мен тыныс белгісі. Абайдың тілі – бай тіл, қазір қолданыста жоқ, шағатай тілінен кірген араб, парсы сөздері, көне қазақы атаулар көп. Оларды оқу, түсіну барсында кейде сыңар жақтылыққа бой алдырып жатамыз. Мысалы, 38-қара сөзіндегі «Алла әзәли әм әбәди» сөзі, 1995 жылғы Академиялық басылымда «Алла әзәли әм әдеби» болып жазылып, оған Алла әуелде бар және көркем деген түсініктеме беріліп жүр. Демек, әдеби сөзін көркем дегенмен ауыстырған. Ал Мүрсейт қолжазбасында «әбади» [7] болып жазылған. «Алла әзәли әм әбәди» сөзінің мазмұны Алла ежелден бар, яғни ғалам жаратылмай тұрған кезден бар және барлық тіршілік аяқтағанда (қиямет қайымда) қалушы, яғни ең алғашқы және ең соңғы деген мағына береді.

«Иүзи – раушан, көзі гауһар» өлеңіндегі «Қашин (сенің) құдірет қолы (оның) деген тармақтағы «қашын» сөзі өлеңге кірікпей тұр. Өлең бастан-аяқ үшінші жақпен баяндалады. Өңгіме «мен» мен «сен» туралы емес, «мені» мен «ол» туралы ғой. Дұрысы «қашы құдірет қолы шигә» болуға тиіс. Сегіз аяқ өлеңінде:

Қиудан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған, –

дейді. Тілдің қасиеті туралы айтылғанына талас жоқ. «Тағыны» сөзін адамды қойып түз тағысының өзін сөзге көндіруге болады деген мағынада образды түрде айтылған деп түсініп жүрміз. Дегенмен образ жасаудың да өзіндік өлшемі, ұстанымы болатыны белгілі. Даланың тағысы сөзге көнбейді. Қазақ құс ұстаса балапан кезінде ұяға түсіп алатын, не тор құрып ұстайтын болған.

Ұстаған құсты сөзбен үйретпейді, алдымен ырғаққа отырғызып, зорлықпен сілесін қатырып жуасытады. Сонан кейін шырғаға түсіріп (алдап) шақыруға үйретеді. Аң ұстаса не атып алады, не қақпанмен, тұзақпен ұстайды. Жабайы аңды қойып қолға үйренген төрт түлік малдың өзі тілге көнбейді. Малды, итті атын атап шақыратынымыз шындық, бірақ ол тамақ береді, болмаса су, тұз (ащы) береді деген үмітпен келеді. Демек тілге көнетін тағы жоқ. Ендеше бұл сөздің дұрысы «тағына» болуға тиіс. Тағына сөзінің мағынасын өлең мазмұнына сәйкестіре алмаудан «тағыны» деп өзгертілген сияқты. Түркі тілдерінде (қазақ тілінде де) сөздердің жуан және жіңішке айтылатын нұсқалары болады. Мысалы, «ажа» мен «әже», «ана» мен «ене», «бопа» мен «бөпе», «ұңғы» мен «үңгі», т.б. осы заңдылық бойынша, «тағына» сөзі – «тегіне» деген сөздің жуан айтылуы. Бұл сөздің түбірі – «тақ», ежелгі мағынасы – жалғыз (бір). Көштегі ескерткішіндегі «Тәңір тег Тәңір жаратқан» деп келетін тіркес бар. Ол – «Тәңір жалғыз Тәңір жаратқан»[8, 282 б.] деген сөз. Бұл сөздің түбі, төркіні деген мағыналары да бар. Демек, «тағына жетіп қайырған» дегені ойдың тегіне (түбіне) жету деген мағынада. «Ауыру жүрек ақырын соғады жай» өлеңінде:

Қараңғы саңырау қайғы ойды жеген,
Еркелік пен достықты ауру көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты,
Күнде көріп түл бойы жиіркенген, –

дейтін шумақтың екінші тармағындағы «ауру» сөзі орнын таппай тұрғанын байқау қиын емес. Үшінші тармақтағы «ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты» деген айқындауышқа сәйкеспейді. Ондай арсыз, ақылсыз тобыр еркелік пен достық неге ауру көрсін? Керісінше аңсап, күткендері сол болуға тиіс. Сондықтан да «ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақ» деп отырған жоқ па? Бұл тармақ «Еркелік пен достықты арзу көрген» болуға тиіс. Арзу – мұрат, арман. Еркелік пен достықтан басқа арман мұраты жоқ дегені мағынада айтылған. Көне жазуда «арзу» мен «ару» сөзінің жазылуы өте жақын болғандықтан «Арзу» сөзі «ауру» болып оқылып кеткен. Бұл жерде «достық» сөзі тырнақшаға алынып жазылу керек.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасын» өлеңінде:

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап,
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солар дандақ.

дейтін шумақ бар. Осындағы «қанша малды ап» деген ұйқас өлеңнің ойына қабыспайды. Өлеңде ескі ақындардың сұрамшақтығы, мықтыларға жағынып, байларды мақтап, арсыздықпен мал табатын жарамсыз мінезі сыналған. Малдың санына қатысты талас жоқ, малды көп тапқанын қызғанып отырмағаны белгілі. Айтпағы – мал табу жолының, тіршілік тәсілінің қателігі. Сондықтан «қанша малды ап» болуы мүмкін емес, «қанша амалдап» болуға тиіс. Қолжазбада бұл екі сөздің жазылуында айырмашылық жоқ. Осы шумақтың соңғы жолдағы «солар дандақ» деген ұйқас та мүлде мағынасыз, әуезсіз. «Дандақ» – бұл өлең ғана емес, қазақ лексикасына жат басы артық сөз. Ақынның сөзімен айтқанда, «бөтен сөз». Өлеңнің сыры-сипатын Абайдан артық білетін кісі болмас. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бейшарасы», – деген талғампаз ғұлама мұндай мағынасыз сөзді қолданбас еді. Бұл сөздің дұрысы – «соларданда-ақ».

Кеңсауырлы, тар мықын, қалбағайды,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы,
Күлте құйрық қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі **сығыңқы** аламайлы, –

деген шумақтағы «сығыңқы» сөзі көтені шүрішкен (кішкене) деген мағына береді. Ондай аттың белі әлсіз болмақ. Оның үстіне «кең сауырлы» құйрығының түбі жуан (әлді) жылқының көтендігі кішкене болуы (сығылып тұруы) мүмкін де емес. Есте болатын жай, бұл – аттың сынына ғана емес, күйіне де қатысты айтылған сөз. «Аламайлы» сөзі құйрықмай алып семірген жылқыға қаратылады. Ондай семіз аттың көтендігі шығып тұрмай ма? Демек, бұл тармақ «көтендігі шығыңқы, аламайлы» болуға тиіс. Араб әрпінде «ш» мен «с» әріптері бірдей таңбаланады. Айырмашылығы «ш» әрпінің үстіне қойылатын үш нүкте ғана. Бұл мысал-

дардан Абай өлеңдерінің текстологиясы өзгергенін байқаймыз. Ал «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінің үшінші шумағы:

Ақылға симас ол Алла,
Тағрипқа тілім қысқа-аһ!
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт ол куа, –

деп келді.

Ұйқасын белгілесек «абсд» болып шығады. Мүлде ұйқас-сыз, өлеңге тән қасиеттен жұрдай. Абай өлеңнің ұйқасын білмейтін кісі емес. Ендеше бұл өлеңнің текстологиясы бұзылған. Бұдан басқа ақылға қонар болжам жоқ. Кейде тыныс белгінің дұрыс қойылмауынан, ұғым шатыстығы туады да, содан өлеңнің мазмұны өзгеріп кетеді. Мүрсейт қолжазбасында тыныс белгілердің қойылуы қазіргі нормаға келмейді. Абай өлеңдерінің қазіргі тыныс белгілері кейінгі зерттеушілер жағынан қойылғаны белгілі.

Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, –

дейтін шумаққа назар аударайық. Қолжазбада тыныс белгі қойылмай «өлең сөздің патшасы сөз сарасы» деп жазылған, кейінгі текстологтар «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп түзеткен. Өлең әрі сөздің патшасы, әрі сөздің сарасы деген мағына шығады.

Бірінші, өлең сөздің патшасы болса, оған сөз сарасы деп тағы бір анықтама қосудың керегі болмас еді. Екінші, өлеңнің қандайы сөздің патшасы болмақ? Ұйқасы бар, өлең атаулының бәрі ме, әлде жетілген кемел поэзия ма? Мұндай шетін мәселені парықтамай айта салу Абай болмысына жат.

Бертінге дейін қазақ «өлең сөз», «қара сөз» деген атауларды термин ретінде пайдаланып келгені баршаға мәлім. Абайда сол дағдымен «өлең сөзді» термин ретінде алып отырған жоқ па деген ой туады. Олай болғанда бұл жолды «өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» деп оқуға тура келмек. Өлеңді өлең қылатын көпірген көп сөздің бәрі емес, бірегейі, яғни сөздің сарасы ғана... Бұл жерде ойдың түйіні сөздің қасиеті жайында болып отыр.

Текстология – үлкен ыждағатты қажет ететін және мәңгі жалғаса беретін жұмыс. Текстологияны қалпына келтірмей поэтика, көркемдік жөнінде сөз қозғау қиын. Абай өлеңдерінің үлгісін тану үлкен ізденісті қажет етеді. Сондықтан абайтануға жаңа пайым, жаңа бағыт керек, мүмкін жаңа әдіс те керек шығар?..

Абайдың канондық жинағы дайындалуы керек.

Абайды қалай тану емес, басқаларға қалай таныту маңызды. Президент Қасым – Жомарт Тоқаев: «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: «Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз», – деген еді. Абайды әлемге таныту – Қазақты әлемге таныту деген сөз. Сондықтан президент Абайды жаһанға танытудың маңызын айта келіп, «...ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады», – деп көрсетті. Аударылып та жатыр. Дейтұрғанмен қазір көптің алаңдауын туғызып отырған мәселе ақынды қалай аудару мәселесі. Абай өлеңдерінің бұған дейінгі шеттілдерге аударылған нұсқалары сын көтермейтіні де айтылып қалып жүр.

Абай шығармалары қазақ халқының ақыл-парасатының жауһары, ұлттық сезімнің айсбергі іспетті, сондықтан оны аудару – қазақ рухын аудару деген сөз. Шетел оқырмандары ақынның ойынан нәр, сезімінен ләззат ала алатын деңгейде аударылмаса аудармадан пайда жоқ. Аударманың мақсаты – сөзді аудару емес, өлеңнің рухын аудару.

Аударманың қалай болатыны түп нұсқаға да қатысты. Бұл үлкен жауапкершілікті қажет ететін жұмыс. Осы тұрғыдан қарағанда Абайды шеттілдерге аударудан бұрын аудармаға мықтап дайындалған жөн. Әрине, Абай өлеңдерін редакциялай алмайтынмыз белгілі, бірақ аударатын шығармаларын талдауға құқымыз бар. Бұған ақынның аруағы разы болмаса ренжи қоймас. Демек, Абай өлеңдерінің орфографиясын, текстологиясын түзеп, түп нұсқа қалпына келтіру өз алдына, ақынның канонды жинағын құрастыру аударма үшін де, болашақ ұрпақ үшін де керек.

Абай өлеңдерінің бәрі алтын деп ешкімді алдай алмаймыз. Біз не десек басқалар басын шұлғып отыра береді деген арзан ойдан арылған жөн. Абайдың жинақтарында көркемдік деңгейі төмен, мазмұны таяз өлеңдері жоқ емес. Мысалы,

Кім екен деп келіп ем түйе қуған,
Қатын ғой гүлдәрімен белін буған.
Төркініңнің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды бірге туған.

Немесе

Түндікбайдың қатыны атың Шәріп,
Байға жарып көрмеген сен бір кәріп.
Сен шыққан жол үстіне жалғыз түп ши,
Көрінген ит кетедібір-бір сарып.

Немесе

Қар қатын дегенге, қара қатын,
Үзіп-жүліп алып жүр қанағатын,
Ала жаздай байың кеп бір жатпайды,
Қазақтың не қыласың шарағатын.

Абайдың ақындық деңгейіне лайық емес, ауызша айта салған эксперименттік дүниелер. Берер ұлағатты да, эстетикалық әсері де жоқ, көркемдігі мүлде жұтаң. Шет тілге аударылса, оны оқыған, қазақ өмірін білмейтін, түсінбейтін оқырман не ойлауы мүмкін? Қазақтың ақыны әйелдерді қалай мұқатқан деп тамсана қоймас. Мақтаған Абайлары осы ма дейді ғой. Мұндай жөнсал шығармаларды алып тастаудан Абайдың өлеңі азайып қалмайды. Одан әдебиетке келер пайда болмаса, зияны жоқ. Ал бұларды орынсыз тықпалап аударту – Абайды жаһанға таныту емес, әлемдік деңгейде мазаққа қалдыру болмақ. Ізгі тілегіміз бен үмітіміз желге ұшпасын, селге кетпесін десек, ең алдымен, осындай өлеңдерді сараптаудан өткізген дұрыс болар еді. Абайдың канондық жинағын құрастыратын кез жетті.

Абай арқылы идеология жасау.

Абайтануға жаңа мақсат керек. Алдымызда абайтанудың жаңа дәуірі тұр. Абайдың шығармаларын тану, түсіну өткен заман-

ның талабы. Ол өз берерін берді. Енді жаңа биікке талпынуға тиіспіз. Бізге ендігі керегі – ұлтымыздың кемелденуі үшін Абай тағылмынан пайда алу, Абай арқылы өзімізді таныту. Озық елдер ұлы тұлғалары арқылы өз мәдениетін, ұлттық идеологиясын таратуда. Мысалы, Қытайдың Конфуций институты. Дүниенің көп жерінде жұмыс істейді. Алайда ол Конфуцийді зерттемейді, Қытай мәдениетін таратып, қытай тілін үйретеді. Түркияның Жүніс Өміре институты да түрік тілі мен мәдениетін таратып отыр. Абайды тану үшін танысақ одан пайда жоқ. Ұлт ретінде Абайдан пайдалана білуіміз керек. Бұл үшін Абай арқылы идеология жасауға көшкен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай шығармаларының екі томдығы. II том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 380 б.
2. Мырзахметұлы М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемасы. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым баспасы», 1982. – 289 б.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 319 б.
4. Әбілемет Аһмет Бүту. Шағатай ұйғыр тілі. – Үрімжі: Шинжаң университеті нәшириәті, 2007. – 516 б.
5. Махмұт Қашқари. Түркі тілдер диуаны. III том – Үрімжі: Шинжаң халық нәшиаты, 1984. – 612 б.
6. Махмұт Қашқари. Түркі тілдер диуаны. I том. – Үрімжі: Шинжаң халық нәшиаты, 1984. – 686 б.
7. Махмұт Қашқари. Түркі тілдер диуаны. II том – Үрімжі: Шинжаң халық нәшиаты, 1984. – 532 б.
8. Дулат Бабатайұлы. Шығармалары (зерттеу пікірлер). – Алматы: Ана тілі, 2013. – 295 б.
9. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 236 б.

Төрегелді Тұяқбай,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының
профессор м.а., с.ғ.к. (PhD)

АБАЙ МЕН ГЁТЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР

Абайдың «Тотықұс түсті көбелек» деп басталатын бір ғажап өлеңі бар. Көбелек туралы. Жай ғана көбелек емес, қанатын жайып жіберсе, тотықұстай түрленіп шыға келетін тіршілік иесі...

Көбелек туралы өлеңді кім жазбады екен дерсіз? Иә, рас. Мәселен, Гётенің де «Шексіз сағыныш» («*Selige Sehnsucht*») деп аталатын, көбелек жайында жазылған осындай өлеңі барын білеміз. Осы екі алып тұлғаның аталмыш өлеңдерін өзара түп-нұсқа тілдерінде салыстыра отырып, зейіндеп, зерделеп көрелік.

Абайдан: «Тоты құс түсті көбелек // Жаз сайларда гулемек» екенін білсек [1, 407], Гётеден: «Махаббаттың түні сергек самалы // Сені жарық дүниеге әкелген. // Маздай жанып тұрған кезде шам әлі // Арылмайсың жат сезім мен қатерден» дегенді оқимыз («Сені» дегені – көбелек) [2, 51]. Бұл үзінділерден білгеніміз – екі автордың да лирикалық кейіпкерінің кәдімгі көбелек екендіктері. Кейде өлең тақырыптары ұқсастығының, олардың сыртқы пішіндері (формалары) бірдейлігінің кездейсоқтық болуы да мүмкін. Әйтсе де екі өлең мәтінінің ішкі мазмұнынан олардың бір-бірінен айырмашылықтарын да, өзара ұқсас, ортақ сарындарын да байқаймыз. Енді осы айрықша ерекшеліктер мен ортақ сарындар жайында өзге зерттеушілер не дейді екен?

Белгілі абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы: «Абай дүниетанымында ұлттық, шығыстық жағы басым» екенін айта келіп, «...қазіргі күндегі Қазақстанның қоғамдық ғылымдар саласы евроцентристік, кеңестік, затшылдық модельдің ырқынан шыға алмай тұйыққа тірелген қалпын байқатуда. Бұл рухани дағдарыстан шығудың жолы – түбегейлі, түбірлі түрде қоғамдық ғылымдардың ескірген стереотиптік танымдарынан бас тартып, ғылымның жүретін рельсін өзгертуге бет алу керек», – дейді [3, 596]. Осындай тұжырымды толғамның үдесінен шығу үшін қазіргі зерттеушілер жауыр болған жалаң идея, жалпылама пікірлерден

гөрі жалқы жағдаят пен нақты мәселеге, оқшау ойға ойыса бастағандай.

«Гёте мен Абай» атты эссесінде Герольд Бельгер екі ақынның көбелек туралы өлеңдерін салыстыра қарамаса да, жалпы түрде Абайдың әрбір өлеңі «бір кітаптың жүгін» аркалап тұратынын айта келіп: «Немесе «Тоты құс түсті көбелекті» еске түсірейікші. Соңғы төрт жолда қаншама мағына, қаншама философиялық ой, түйін жатыр», – деп атап көрсете отырып, өлеңнің соңғы, үшінші шумағын мысалға келтіреді [4, 175]. Бәлкім, мұндай ұқсастықтар, ортақ образдар жиі ұшырасатындықтан, оларға жеке-жеке тоқталып жатуды мақсат тұтпаған да болар.

Шығыстанушы ғалым И.С. Брагинский Гётенің осы өлеңіндегі көбелек пен шамның образдары шығыс ақыны Сағдидың «Жұмақ бағы» кітабында да кездесетінін мысалға келтіреді. Гёте өлеңінің де негізгі идеясы: мәңгі өлмейтін ақын сөзінің өз махаббаты үшін отқа түсуден тайынбайтын көбелектің ерлігімен парпар екендігін суреттейтін өзектес, сарындас идеясында жатыр, деп өз пікірін түйіндейді. Өлімнен тайсалмайтын көбелектің жанқиярлығы туралы көркем әдебиетте, оның ішінде шығыс аңыздары мен әфсаналарында жиі кездесетінін нақты мысалдарымен дәйектейді [5, 579].

Өзбек ғалымы А. Саидовтың пікірінше, Гёте Германияда туып, өз шығармаларын сонда жазса да, рухани жағынан Шығыс ақыны болып саналады. Оның шығармаларының маңызы мен мәні, ондағы сезім, көңіл-күй ауаны шығыс адамына тән қасиеттерімен ерекше көзге түседі. Сондай-ақ зерттеушінің пайымдауынша, орта ғасырдағы Шығыс поэзиясындағы сопылық идея («Өлесің де, қайта пайда боласың!») Гётенің «Батыс-шығыс жинағын» тұтасымен қамтиды.

Сопылық идеяға байланыстыра отырып, көбелек образы туралы осылайша жалпылама пікір білдіргенімен, оның жазуынша, әлем поэзиясының барлық жеті жұлдызы да – Шығыс ақындары. Шығыс әлемінің осы жеті жұлдызы ішінен Сағди, Хафиз және Навои үшеуін бөлек атап көрсетіп, Гёте өзін олардың тырнағына да татымайды дейді [6].

Шынында да Гёте өзінің осы «Жинағына» енген «Хафиз-нама» («Hafis Nameh») кітабындағы «Еліктеу» («Nachbildung») атты өлеңінде Хафизді:

Келер сенің ұйқасыңа ұқсағым,
Еліктеу де кейде маған ұнайды.
Алдымен мән, сонсоң сөзді ұқса кім;
Екінші рет салмай-ақ қой бір әнді
деп көкке көтере мадақтайды [2, 66-67].

Зерттеуші И. Лагутина қос тілде (орыс және неміс) тұңғыш рет 2013 жылы жарық көрген Гётенің осы «Батыс-шығыс жинағына» жазған түсініктемелерінде негізінен ақынның өзіндік поэтикалық синтез-диалог құру тетіктеріне біршама тоқталады. Оның пікірінше, Гёте осы кітабының кейінгі толықтырылған басылымында әрбір жекелеген сөз түгілі, тіпті, тыныс белгілеріне, мәселен, тырнақшаға дейін де үлкен мән берген: егер әдетте мәтінде тырнақша «бөгде» сөздің авторын, дәйексөзді беру үшін қолданылса, ал, Гёте керісінше өз сөздерін, ойларын «өз даусы ретінде» тырнақшаға алып береді немесе дәйексөз бен өз сөзін мидай араластырып жібереді. Ал көбелек туралы өлеңінде өзінің субъективтік (батыстық) танымын қоса бергенімен, онда шығыстық образ менмұндалап айқын көрініп тұрады дейді [7, 192-194].

Белгілі гётетанушы әрі аудармашы А.В. Михайлов Гётенің «Батыс-шығыс диуаны» кітабының академиялық басылымына арнайы жазған зерттеу мақалалары мен түсініктемелерінде асыл мұрат, мәңгілік махаббат идеясы жолында отқа түсуден тайынбайтын көбелек образының дәстүрлі мәдениет тілінде, әсіресе шығыс әдебиетінде жиі кездесетінін мысалға келтіреді. Сондай-ақ ол өзі де аудармашы болғандықтан, Гётенің осы кітабын көптеген орыс ақындарының түрліше аударуы себебін шығарманың аса терең философиялық мағынасынан, күрделі формасынан туындаған деп түсіндіреді [8, 728-731].

Жалпы алғанда, осы қысқаша шолудың өзінен-ақ неміс ақыны мен қазақ ақынының көбелек туралы өлеңдерінің жиі аталып, көбірек талқыға түскенін байқаймыз. Әйтсе де, әр ақынның шығармасы негізінен өзінің туған топырағында кеңінен

таралып, жеке-дара жеткілікті талданғанымен, олардың нақты бір туындысы, атап айтқанда, көбелек туралы өлеңі бір-бірімен салыстырыла зерттеліп көрмеген екен. Оның басты себептерінің бірі: екі алыптың өмір сүрген дәуірлерінің әрқалай, яғни екеуінің жас айырмашылықтары жүз жылдай уақытты алып жатса, екіншіден, қазіргі кездің өзінде де екі ел арасындағы әдеби-мәдени байланыстардың қарқын ала қоймағандығынан болса керек. Оның үстіне Гёте көзінің тірісінде-ақ әлем әдебиетінен ойып тұрып өз орнын алған болса, Абайдың шығармалары өзі қайтыс болғаннан кейін бес жылдан соң ғана жарық көргені белгілі.

Бұдан басқа да сан алуан объективті себептердің бірі: екі елдің тарихи қоғамдық-әлеуметтік даму сатылары да феодалдық-патриархалдық бір деңгейде болғанымен, қоғамдық ой-сана дәрежелері бірдей емес-ті. Германияда Гёте тұрған Саксен-Веймар герцогтығы өз алдына ергежейлі мемлекет болса да, онда ой еркіндігі, атап айтқанда, немістің классикалық философиясы өзінің шарықтап даму шегіне жеткен шақта Абай елінде жоғары қоғамдық ой-сананың орнына қауымдық-рулық жікшілдіктің, бақастықтың, «алты бақан алауыздықтың» өршіп тұрған кезеңі болатын. Осындай мезгіл жағынан да, мекен тұрғысынан да алып қарағанда замандары бір-бірімен мүлдем үндеспейтіндей, үйлеспейтіндей көрінетін екі ақынды олардың шығармаларындағы өзара ұқсас, ортақ тағдырлар табыстыратынына таңғалмасқа шараң жоқ. Әдебиетте мұндай құбылысты «данышпандар диахрониясы» десе керек-ті.

Осылайша, екеуінің тағдыры екі бөлек автордың жоғарыда аталған өлеңдерін салыстыра қарасақ, сыртқы пішіндері әртүрлі (Абай өлеңі – 3 шумақтан, Гётенікі 5 шумақтан тұрады), өлшемдері (ұйқас түрлері, буын-бунақтары, ырғақтары, т.б.) әрқалай болғанымен, ішкі мазмұн бірлігі, символдық мән-мағынасы, идеялық тұтастығы өзектес, сарындас екендігі анық байқалады.

Мұнан әрі тақырып, пішін, мазмұн және идея бірлігі мен тұтастығын байқау үшін екі өлеңнің де мәтінін толығымен қатар келтірелік.

Абайда:

Гетеде:

Тоты құс түсті көбелек,
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгіремек,
Ақылмен ойлап, сөйлемек.

Өркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек [1, 407]

Шексіз сағыныш
Данышпаннан өзге ешкімге айтпандар
Тобыр білсе, келекелей береді.
Өлімнің де аулын көріп қайтқан бар,
Мен тіріні дәріптегім келеді.

Махаббаттың түні сергек самалы,
Сені жарық дүниеге әкелген.
Маздай жанып тұрған кезде шам әлі,
Арылмайсың жат сезім мен қатерден.

Бұдан былай қараңғыда қалмайсың,
Сол да өмір ме көлеңкеде өткізер?!
Тұрса да алда қандай биік, қандай сын,
Бұл жол жаңа мұратыңа жеткізер!

Жеткізбестей көрінсе де қашықтық,
Ұшып, қонып бір мұратқа жетесің.
Ақыры отқа талпындырған ғашықтық,
Көбелек боп жанасың да кетесің.

Қолда бары бұған дейін жеткенше:
Өлесің де, қайта пайда боласың!
Қап-қараңғы жерден алыс кеткенше
Түнеріңкі қонақ болып қонасың [2, 51].

Абайдың тотыдайын түрленген көбелегі жаз бойы мың-сайрам сайларда сайран салып, қызылды-жасыл дүниені қызықтап, рахат бір күй кешеді. Ақын бұл арада көбелекті тотықұсқа жайдан-жай теңеп отырған жоқ. Жұмақ бақтарының төрінде таранған, патша сарайларының сәнін келтіретін тотылар аңызға айналып, қасиетті, киелі құс саналған... Міне, бәйшешек солып, жайраң жаздың жәрмеңкесі тарқағанда сол «тоты құс түсті көбелек» те өлмек екен. Осы бір шумақ өлеңмен-ақ Абай көбелегінің тағдыры тәмам болғандай...

Ал Гётеңің көбелегі қайтеді? Ақын өз өлеңінің алғашқы шумағын адамдарға арнай отырып, отқа ұмтылған көбелектің «күпия тағдыры» тобырға емес, данышпанға ғана тәмсіл бола алатынын айтып өтеді. Тумысынан табиғат, жаратылыс зерттеушісі, натурфилософ – дүниәуи дарын Гёте өзінің әрбір лирикалық кейіпкерінің сыртқы пішін-пoryмын ғана суреттеп қоймай, сонымен бір мезгілде оның ішкі жан-дүниесіне де терең үңіліп,

ғылыми тұрғыдан шұқшия зерделейді (Бұған оның «Өсімдіктер метаморфозасы», «Жануарлар метаморфозасы» деп аталатын және басқа да ғылыми-зерттеу еңбектерін мысалға келтіруге болар еді).

Өлеңнің екінші шумағынан бастап қана «Махаббаттың түні сергек самалы // Сені жарық дүниеге әкелген» дейді Гёте өз оқырманын көбелектің «өмірбаянынан» хабардар ете отырып. Іле шала: «Маздай жанып тұрған кезде шам әлі // Арылмайсың жат сезім мен қатерден» деп, көбелектің жанып тұрған шамды («Kerze») айнала ұшып жүргенін, бұл оған қауіп-қатер төндіретінін көреміз. Бұл, әрине, заңды да: кез келген көзсіз көбелек лапылдап жатқан от-жалынға қойып кетуі де кәдік! Әйтсе де Гёте далада немесе пеште (камінде) лапылдай жанып жатқан отты емес, бар болғаны бөлмедегі маздай жанып тұрған балауыз шамды көрсетеді. Көз алдымызға түнгі мезгілде жұмыс істеп отырған ақын, үстел үстіндегі шам және жарықты айнала ұшқан көбелек келеді...

Ақын көбелекпен сырласып отыр:
Бұдан былай қараңғыда қалмайсың,
Сол да өмір ме көлеңкеде өткізер?!
Тұрса да алда қандай биік, қандай сын,
Бұл жол жаңа мұратыңа жеткізер! –

дейді. Ақын жаны адам түгілі, көбелектің де қараңғыда қалмай, жарыққа ұмтылғанын қалайды. Тіпті, алдында қандай қиындық, мейлі, сансыз сынақ тұрса да, таңдаған жолың сені жаңаша бір мұратыңа жеткізеді, деп, көбелекті сендіреді, жігерлендіре түседі.

Гёте бұл арада, әрине, көбелекті көзсіз ерлікке – өлімге итермелеп отырған жоқ. Керісінше, «өзекті жанға бір өлім» бар екенін білсе де, жарық пен көлеңкенің бітіспес айқасында ажалдан араша сұраудың қажеті жоқ екенін: «Сол да өмір ме көлеңкеде өткізер?!» деген сөздерімен шегелей түседі.

Әрі қарай оқиық:

Жеткізбестей көрінсе де қашықтық,
Ұшып, қонып бір мұратқа жетесін.
Ақыры отқа талпындырған ғашықтық

Көбелек боп жанасың да кетесің.

Міне, осы арада Гётенің көбелегі де «отқа... жанып» кетіп, опат болады. Абайдың көбелегі – өлеңінің бірінші шумағында, ал, Гётенің көбелегі өлеңінің төртінші шумағында өліп қалады.

Әйтсе де, Абайға қайта оралайық. Бірінші шумақта табиғаттың заңы бойынша бәйшешек солып, көбелек өліп қалған соң өзінің ақындық кредосына сәйкес («Өлсе өлер табиғат, адам өлмес») Абай табиғатты жырлаудан бірден адамзат тақырыбына («Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп») ауысады:

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап, сөйлемек.

Абайдың қай шығармасын алып қарасақ та, мейлі ол табиғатты жырласын, мейлі, махаббатты мұңдасын, тақырыбының түйіні, идеясының иіні адамға, адамзатқа келіп тіреледі. Міне, осы өлең шумағындағы «сүймектен» бастап «сөйлемекке» дейінгі адамдық қасиеттің барлығы да – тек адамзат баласына тән, соның өмір-тіршілігіне ғана керекті іс-әрекеттер. Ал тіршілік иесі көбелекке тән қасиет, оның тағдыр-таланы «жаз сайларда гулемек» және «өлмек» қана ма екен? Гётенің көбелегі қайтпек? Неміс ақыны осы өлеңіне былайша нүкте қояды:

Қолда бары бұған дейін жеткенше:
Өлесің де, қайта пайда боласың!
Қап-қараңғы жерден алыс кеткенше
Түнеріңкі қонақ болып қонасың.

Өлеңнің соңғы шумағынан көбелектің өзі отқа барып түсіп, бостан-босқа өлмегенін білеміз (Өлесің де, қайта пайда боласың!). Гёте құдды бір жаратушы құдайдай өзінің көбелегіне: «Stirb und werde!» (Сөзбе сөз: «Өл де, тіріл!») деп бұйырады! Демек, Гётенің пайымынша, көбелек қайта тууы үшін отқа түсіп өлуі керек екен. Ақын өлеңінің түпқазық идеясы да («Тумақ бар да, өлмек бар!») осы арада жатқандай! Өлеңнің соңғы екі жолы-

нан да шығыс даналығының сарыны («Адам баласы – бұл өмірге келген қонақ») байқалады.

Ал Абайдың көбелегі де, адамы да алабөтен. Өлеңі «Тоты құс түсті көбелек» деп басталып, соңғы шумағы адам мен заман туралы өз тиянақ-тұжырымымен былайша түйінделеді:

Өркімді заман сүйремең,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.

Абай өлеңінің осы бір шумағының өзі айрықша тоқталып, терең талдауды қажет ететіндіктен әрі көбелек тақырыбынан ауытқып кетпеу үшін бұл жайындағы оқшау ойларымыздың осы арада ошарылғанын жөн көрдік. Нақтырақ алғанда екі алыптың осы өлеңдерінің бір-бірінен айырмашылығы аздау: Гётенің өлеңі адам туралы басталып, көбелекпен аяқталса, Абайдың өлеңі көбелек туралы басталып, ақыры адамзат туралы, адам мен заман жайындағы тұжырымдармен тиянақталады. Бұл – сырт көрінісі ғана. Ал ішкі мән-мағынасы, мазмұны жағынан алып қарағанда, екі ақынның образдық ойлау, тұжырымдау, тиянақтау жүйелерінде өзара ұқсастықтар молынан ұшырасады. Бұл құбылысты ортақ сарындар диахрониясы тұрғысынан талдап, түсіндіре аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы, 2020.
2. Goethe / Гёте. West-östlicher Divan / Батыс-шығыс жинағы (неміс және қазақ тілдерінде). Неміс тілінен ауд. Төре Рахман. – Нұр-Сұлтан, 2019.
3. Мырзахметұлы Мекемтас. Абайдың шығыстық әлемі. – Халықаралық Түркі академиясы, 2020. – 680 б.
4. Герольд Бельгер. Мұнар тау (Өңгімелер, эссе, толғаулар, жазбалар) – Алматы: Өлке, 2006. – 304 б.
5. Брагинский И.С. Западно-восточный синтез в «Диване» Гёте. // Гёте. Западно-восточный диван. – М.: Наука, 1988. – Стр. 896.
6. Саидов А. «Шарққа хижрат эрур вожиб...» // «Узбекистон адабиёти ва санъати» газетаси. 2009 йил 31-сони.
7. Лагутина И.Н. «Западно-восточный диван» Гёте: опыт интерпретации // Достоевский и мировая культура. – 2019. – №1(5). – С. 189-217.
8. Гёте. Западно-восточный диван. – М.: Наука, 1988. – Стр. 896.

Г.Ж. Пірәлі,
филология ғылымдарының докторы,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институты «Әуезов үйі»
ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері

Ш.М. Әмірбаева,
филология ғылымдарының магистрі,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты «Әуезов үйі»
ҒМО-ның ғылыми қызметкері

АБАЙДЫҢ ОРЫС ДОСТАРЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР ТҮГЕНДЕЛДІ МЕ?

Осы сауал кезінде Мұхтар Әуезовті де қатты мазалаған болса, қазіргі мұхтартанушыларды да солай мазалайтынын жасыра алмаймыз. Өйткені жазушының өз кезеңінде бұл тақырып көпті толғандырғанымен қол қысқа, жол жабық, мұрағаттар мығым, мүмкіндіктер мүшкіл болғаны мәлім. Ал қазір егемендігімізге ие болып, рухани кеңістігіміз кеңіп, әлемнің түрлі мұрағаттарында шаңы қағылмай іздері жоқ болып жатқан көне жәдігерлерімізге, беймәлім мұраларымызға, назардан қалыс қалған құнды құжаттарымызға қол жеткізуге құлшына кіріскен жанкешті мамандарымыздың саны көбейіп, сан ғасырлар бойы сырын бүккен архивтер ашылып көненің көзі ашыла бастағаны көңіл қуантады. Руханиятымыздағы олқы түскен осы тұстарымыздың бірі әлгінде Әуезов айтқан ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының қатпары қалың, құндылығы жоғары орыс достарына қатысты құжаттар, тарихи деректер көзі екені кәміл. Абай өмірбаянын өзінің бүкіл саналы ғұмырында тереңдей зерттеп, толықтырып жазу жұмысына жанкештілікпен, асқан жанашырлықпен белсенді түрде атсалысса да ақтандақтардан арыла алмаған М. Әуезов әрбір жазған өмірбаян нұсқаларында да, мақала зерттеулерінде де бұл тақырыптың әлі жетер өрісіне жетіп, аяқталмағанын ескертуден жалықпаған. Ақын шығармаларының әрбір толық басылымының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосылып отырса да оны толықтырар тарихи деректер әлі де мол екендігін, әсіресе орыс тілінде сақталған деректердің назардан тыс қалып келе жатқанын зерттеушілердің есіне салуды ұмыт-

пайды. Айталық, «Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945)» деген еңбегінде: «...Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының: Михаэлс, Долгополов, Гросс-тардың не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жинай алмадық», – деп өкініш білдіру – соның нақты дәлелі (1. 210 бет). Және осы мақаласында тек орыс достары ғана емес ақынның өмірінде, ел билеу қызметінде қоян-қолтық араласқан орыс патшалығының ресми өкілдері, олардың Абай жөніндегі түрлі мәселе кезіндегі кеңселік құжаттары, тіпті жеке жазбаларындағы ойлары мен пікірлерінің де абайтануда атқарар рөлі зор екендігін ескертуі де осы еңбегінде айтылған: «... Анығында, Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе, оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері барлығының архивтерінде Абай жөнінен көп жаңалық табуға болар еді.» (2. 210 бет).

Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану саласының тұсауын кескен ғұлама ғалым, көрнекті зерттеуші М. Әуезовтің көкейіндегі арман бүгінгі күнде жүзеге асты ма деген сауал бізді де толғандырады. Осы орайда ақын өмірі мен өнеріне оң өзгеріс әкелген орыс достары жөніндегі М. Әуезовтің осы тәуелсіздік жылдары жарияланған елу томдық толық жинағындағы зерттеулеріндегі пікірлеріне тоқталуды мақұл көрдік.

XIX ғасырдың 70-80 жылдары тарих сахнасына шыққан орыстың революционер, зиялылар өкілдерінің тағдыр айдап Семей қаласына шоғырлануы, олардың көбінің Абаймен көңілі жара-сып, табысуы шынында да кез келгенге бұйыра бермес бақ болғанын мойындамасқа болмас. Олар орыс халқының тағдырындағы трагедияның өзге ұлттың бәріне де бар ортақ қасірет екендігін Абай сынды көзі ашық, көкірегі ояу ойлы жандарға ұғындыруға ұмтылған. Жалпы адамзаттық құндылықтарды көздеген ақыл-ойдың озғындары саналған А. Пушкин, М. Лермонтов, Л. Толстой, М. Салтыков-Щедрин, Ф. Достоевский, Н. Чернышевский, т.б. сынды тұлғалардың туындыларымен таныстырып, көзін ашқан орыс достарының есімдері М. Әуезовтің ақын өміріне

қатысты әрбір ғылыми зерттеу еңбектері мен «Абай жолы» романында жиі кездеседі.

Бұл жөніндегі М. Әуезовтің **«Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904) Өмірі мен творчествосы»** деген ірі монографиялық еңбегінде: «...Міне, осы адамдармен Абайдың байланысы күшейіп, ол байланысы үлкен достыққа айналады. Олар жаз уақытында Абай аулына келіп, қонақта болады, қыс кезінде онымен үнемі хат жазысып, байланыс жасап тұрады. Абайдың орыс достары оның өздігінен оқуына шын көңілдерінен сүйсініп жәрдемдеседі, оған керекті кітаптарды іріктеп алып, сұраған мәселелеріне жауап беріп тұрады», – деген пікірі қазақтың ұлы ақыны, үлкен ойшыл Абайдың өз ортасынан озып, рухани кеңістігіне жаңа өріс ашар арнаның ашылғандығын аңдатады (3.107 бет).

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы көркемдік шындық пен ақын өмірбаянындағы тарихи ақиқаттар М. Әуезовтің биограф ретінде де, абайтанушы ретінде де, жеке шығармашылық тұлға туралы тұңғыш тарихи туынды тудырған талантты суреткер ретіндегі бүкіл әдеби, ғылыми, көркем мұраларындағы ақиқаттан айнымайтын, тарихтан аттамайтын, архивтік құжаттарға негізделгенін айғақтайды. Мәселен, М. Әуезов қазақтың ақыл-ойшылы, ұлы кемеңгері Абайдың 100 жылдығына дайындық кезінде жазылған **«Абай – қазақ халқының ұлы ақыны»** деген мақаласында орыс халқының шын адал және ұлы өкілі болған, патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары – Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс ету айдаудағы революцияшыл демократтардың саяси үлкен жолының бірі болғандығын, бұлардың арасында Абайға алдымен әсер еткен кісі Михаэлис екендігін, Абай кейінгі уақыттарда: «Дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис», – деп, өмір бойы алғыс айтып өткендігін ерекше атап өтеді (4.50-бет).

Ол жөнінде кеңінен ақпарат бере келіп, Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат (жердің жаратылысы) ғылымы болса да дүние танымы кең, жан-жақты білімді болғандықтан Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен бағыт бергенін, бұрындары қолына түскеннің бәрін талғаусыз оқып жүрген Абай, ендігі оқуын Михаэлистің ұсынуы бойынша, үлкен тәртіпті

ретке қойып, көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғылымдары, әлеумет жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болғандығы жөніндегі дерек те осы еңбекте егжей-тегжейлі баяндалған.

Осы орыс достарының ақыл-кеңесінің нәтижесінде қыр қазағы Абайдың 1884-1885 жылдары дүниеден көп мағлұматы бар кісі болып, дүниетанудың әр саласы бойынша ғылым мен философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонауғұрлым қырағы, озғын кісі болып, жекеленіп шыға бастағанын айта кеп: «...Абай, айтуынша, отыздың ішінен бастап, Европа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта «бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп, Күншығысым Күнбатыс, Күнбатысым Күншығыс болып кетті», – дейді (5.50 бет). Ол енді бұрынғы күнге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған ақынның аз ғана уақытта қаншалықты рухани дамып, ой-өрісі өскендігін сөз етеді. Осы орыс достарының дәнекер болуымен дүние жүзінің данышпандарынан дәріс алып, ғұламаларынан ғибрат, өнерлілерінен өнеге алғандығын айтып, ақынның өмірі ғана емес бүкіл дүниетанымына, ой өрісіне орасан зор оң өзгеріс енгендігіне: «...Бірақ Абай өзінің ісінде болсын, өлең-жырларында болсын өзі шыққан таптың сөзін сөйлемейді, халық сөзін сөйлейді, тап намысын жоқтамайды, халық намысын жоқтайды: атаның ұлы болмайды, адамның ұлы болады», – деп жоғары баға да береді (6. 51 бет).

Ел мұқтажын әділеттілікпен шешуді көздеп өз ықтиярынан тыс би-болыс болуға, Семей қаласының үйез, жандарал, судьялар сияқты төре, ұлықтарымен араласуға мәжбүр болған Абай енді көзі ашық, көкірегі ояу орыс достар тауып, жалпы адамзаттық құндылықтар, өнер, білім, мәдениеттің қайнарынан сусындап, түсінік танымын түбірінен тың арнаға бұрғаны белгілі.

Ақын өмірі мен ой-өрісіндегі осы өзгеріс жөнінде «Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927-1933) Абайдың туысы мен өмірі» деген еңбегінде: «...Осы ретпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан: А. Пушкин, М. Лермонтов, Н. Некрасов, Л. Толстой, И. Тургенев, М. Салтыков-Шедрин, Ф. Достоевский сыншылардан: В. Белинский, Н. Чернышевский, Н. Добролюбов,

Д. Писарев; Еуропа ақындарынан Гете сияқты фэлсафашыл, табиғатшыл білгіштерінен: Спенсер, Луис, Дарвин; тарихшыларынан Дрепер сияқты талайларды оқыған. Әрине, бұл аталған жазушылардың бәрін бірдей Абай бірер-ақ жылдың ішінде оқыды деуге болмайды. Соңғыларының көбін бері келіп, ұлғайып, кәрілікке айналған кезінде ғана қолына түсіруі мүмкін», – деп, сол кезеңге дейін беймәлім болып келген ақын кітапханасынан да ақпарат береді (7. 82 бет).

М. Әуезовтің «Абай жолы» романы мен көрнекті тарихшы, әдебиетші ғалым Ләйла Мұхтарқызының ««М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген зерттеуіндегі тарихи деректер мен әдеби фактілер Абайдың орыс тіліне жетіктігі мен Еуропа мәдениетін меңгеруіне Семейдегі саяси жер аударылғандар орыс достарының ықпалы зор болғандығын, соның нәтижесінде әлемдік рухани кеңістіктегі тарих, философия, т.б. жөніндегі озық еңбектер, орыс және батыс еуропа әдебиеттері, мерзімді баспасөздер өнімдері жиналған Семейдегі кітапханасы екендігін дәлелдесе керек. Және Семей қаласындағы статистика комитеті осы саяси жер аударылғандардың көмегімен өлкенің мәдени өмірін, географиясын, тарихы мен экономикасын, этнографиясын зерттеу жұмыстарын жүргізгені, олардың жергілікті халықтың рухани оянуына түрткі болғаны белгілі. Абайдың жақын досы Евгений Петрович Михаэлис статистика комитетінің бірінші секретары болып, жинақтау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, бұл ұжымды қаладағы тұңғыш ғылыми мекемеге айналдыруы да мақтанышпен еске алар құнды мәлімет. Михаэлис жинаған экспонаттары негізінде 1883 жылы музей ашылуы да қазақ өміріне енген үлкен мәдени құбылыс болғаны мәлім.

М. Әуезовтің көптен көксеген бір көкейкесті мәселесі, арман тұтқан мұраты – осы орыс достарының табылмай жүрген жәдігерлерінің бірін ұлы ұстаздың шәкірті, көрнекті әдебиет зерттеушісі Қайым Мұхамедхановтың анықтауы дер едік. Ол құнды мәлімет Н. Долгополов арқылы Абай өткізген музей коллекцияларының тізіміне тиісті документ болып табылады. Бұл факті жөнінде журналист, қаламгер Болат Жүнісбековтің «Абай мұрасының бас шырақшысы» деген мақаласында: «...1885

жылы Н.И. Долгополов арқылы Семейдегі өлкетану музейіне тапсырған заттар (жалпы саны – 17, олар – кебеже, саба, сүйретпе, жезмойнақты торсық, піспек, табақ, шыныаяққап, әшекейлі құтылар, бесік, ұршық, тоғыз құмалақ, қару-жарақтар – (айбалта, найза, шокпар), ұста саймандары – (көрік, тас, қысқаш) музыка аспаптары – (қобыз, сыбызғы, асатаяқ, домбыра) бола-тын. Абай тапсырған заттардың ішінде қазақ ауылында сүттен даярланатын тағам түрлері, тіпті қара сабынға шейін болған. Бұлардың бәрі қазақ халқының этнографиялық болмыс-бейнесін көрсетуді мақсат етіп, ғылыми тұрғыда жүйелі түрде жинақталған экспонаттар еді. Алайда Қайым Абай мен Долгополов тапсырған заттарды арнайы өлкетану музейінің экспозициясынан, қоймасынан іздегенде « акын тапсырған заттардың 23-і ғана табылған, кейбірі күтімсіздіктен тозған», – деп ренжіген (1963 ж, 8 қыркүйектегі «Ертіс» (қазіргі «Семей таңы») газетіндегі мақаласында). Қайымның тікелей араласуымен 1964 жылы Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Абай тапсырған заттардың 17-і акынның музейіне берілді. Қазіргі күні бұл жәдігерлер Абай музейінің баға жетпес асылдары қатарында Семейдегі Бас мұражай және Жидебайдағы акынның мұражай-үйі экспозиция залдарында көрермендер көзайымына айналып отыр. Ал оның біреуін Абайдың құтысын Астанадағы Ұлттық музейдің төрінен көре аласыздар», – деп жан-жақты ақпарат берілген (8. 230 бет).

Соңғы жылдары айғақталған тағы бір тың тарихи мәлімет-Музей қорында бүгінгі күні Абайға, оның туыстарына, шәкірттері мен орыс достарына қатысты көптеген архивтік құжаттар сақталуы. Атап айтсақ, Мәскеу, Ленинград, Омбы, Том, Қазақ қалаларының және Қазақстанның мұрағаттарынан табылған Абайдың өмірі, атқарған қызметі, туыстық, өнер айналасына қатысты архив деректері; Абай оқыған медресенің араб, түрік, шағатай тілдеріндегі кітаптары (барлығы – 252) қор каталог жасалып ақынға қатыстылары түгел жүйеленуі де қазақ руханиятына қосылған құнды жәдігер екендігі сөзсіз.

Осы ретте Әрхам Ысқақұлымен қатар Ахат Шәкәрімұлымен үзбей хат алысып, Шәкәрімді ақтау ісіне де аянбай атсалысқан Қайым Мұхамедхановтың ерен еңбегін елеусіз қалдыруға бол-

майды. Аталған еңбекте 1949 жылғы мемлекеттік баспаға шығаратын өнімдер тізімінде Қайым Мұхамедхановтың Абайдың ақындық мектебінің өкілдері – Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп, т.б. таңдамалы шығармаларын алғы сөзбен, Б. Аккерманның «Абайдың досы – Е.П. Михаэлис» (8 б.т.), Рахымжановтың «Абай туралы естеліктер» (10 б.т.). Бәрі 51 б.т. кітап шығару жоспарланғаны, осы есепте «Абайдың орыс достары» бөлімі Н.И. Долгополовтың, Хася Шурдың жаңа портреттерімен, сондай-ақ Н.И. Долгополовтың Толстой және Хася Шур туралы жазған естеліктерімен және кітаптармен, Е.П. Михаэлистің жеке архивінде сақталған өзінің және оның отбасының, Герцен, Чернышевский, Шелгуновтардың суреттерімен толығып, Абайдың шөбересі Базила Омаровадан (Ақылбайдың немересі, Бәкизаттың қызы) сүйектелген кебеже, кіршомбал, Еркежанға тиесілі жез леген және салпыншақтар алынғаны жайлы да баяндалады (9. 231 бет).

Абай өмірбаянына қосылған бұл соңғы тың деректер бізге Мұхтар Әуезовтің: «...Орыс достарының өзара хаттары, естеліктері, күнделік жазбалары да Абай жөнінен нелер қымбат, қызық жаңалықтар айтса керек» (10. 211 бет), – деген ойын жаңғыртып, жақсы, құнды мәліметтердің қазақ оқырмандарына әлі де қызықты мәліметтерін сыйларына сенім туғызады.

Расында да 1886 жылы Е.П. Михаэлистің ұсынуы бойынша Абай Құнанбаев Семей облыстық статистика комитетінің мүшесі болғаны қазақ оқырмандарына жақсы таныс.

1902 жылы апрель айында статистика комитетінің негізінде әлдеқашан өлкелік ғылыми мекеме болып қалыптасқан орыс география қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің Семей қосымша бөлімшесі құрылып, оның жұмысына Г.Н. Потанин, В.А. Обручев, П.П. Семенов-Тянь-Шанский т.б. сынды тарихи тұлғалар белсене қатысқан. А.П. Карпинский, С.Ф. Ольденбург, Ю.М. Шокальский, жергілікті оқымыстылардан Е.П. Михаэлис, Н.Я. Коншин, Б.Г. Герасимов және Абай Құнанбаев қоғамның құрметті мүшесі және оның академигі болғаны да бүгінде белгілі болып отырған тың мәліметтер.

Осында аты аталған Нифонт Иванович Долгополов Харьков университетінің медицина факультетінің 5-курсында «Народная

воля» үйірмесінің белсенді мүшесі болып, айдалғанын, 1884-86 жылдары Абаймен жақсы қатынаста болғанын Семей облыстық басқармасының қорындағы архивтік документтер дәлелдейді. Соның бірі 1885 жылдың жазында ауырып қалған Н. Долгополов Семей генерал-губернаторынан Абай ауылына барып, емделіп қайтуға рұқсат сұраған ресми құжаты. Онда: «Менің денсаулығым қатты бұзылды, безгек және өкпе ауруымен ауырамын, денсаулығымды түзету үшін қаладан жаз айларында далаға барып қымыз ішіп таза ауа жұтуым керек. Жоғары мәртебелі Сізден осыған байланысты Шыңғыс болысына – Өскенбаев Құнанбай ауылына баруыма 15 августқа дейін рұқсат беруіңізді сұраймын, 1885 жылғы 4 июнь Н. Долгополов», – деп жазылған (11. ЦГА КазССР, ф.15, оп.2, д. 88, л. 69).

Ал оның жұбайы, Могилевтағы көпестің қызы Хася Шур болса, тергеу ісіндегі мәлімет бойынша, өте білімді, неміс, француз тілдерін еркін білген, шет мемлекеттерде (Берлинде, Лондонда, Швейцарияда) көп уақыт бойы тұрған, онда жаратылыс тану ғылымын оқып-үйренумен айналысқан екен. Жоғарыда келтірілген тың тарихи деректерде Хася Шурға қатысты қаншама құнды деректер, эпистолярлық мұралар, т.б. табылғандығы да ұлы ақын өміріне қатысты жаңа деректер көзін дәйектері сөзсіз.

Ал заң ғылымының кандидаты, 1877 жылы Петербург университетін бітірген Севи́рин Гроссепен, осы университеттің студенті А. Блекпен, америкалық журналист Джордж Кеннанмен Абайдың тығыз достық, шығармашылық қарым-қатынаста болуы да көп нәрседен хабар береді (Д. Кеннан. Сибирь. Т.1. СПб., 1906. Стр.100-102).

Кезінде М. Әуезов «Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945)» деген еңбегінде: «...Тек бір табылған аз сөз америкалық жазушы Кеннанның «Сібір және айдау жазасы» деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек», – деп ерекше атап көрсетугі бұл саланың түпкілікті зерттелмей олқы соғып тұрғанын сездіртуі еді (12. 210 б.). Кейін бұл деректер жазушының рухани ізденушісі, қызы Ләйлә Әуезованың «М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» атты зерттеуінде де кеңінен талданып, бірнеше ғылыми деректермен дәлелденгені де мәлім.

Л.М. Әуезованың осы зерттеуінде баяндалған Абай араласқан Д. Кеннанның бір жазбасындағы Семейге жер аударылғандардың кітапханаларындағы әдебиеттер, газет-журналдар тізімін еске түсірсек әлемдік деңгейдегі өркениеттің ортасын, классикалық шығармалардың шоғырын көріп таңданбасыңызға шара жоқ. Мәселен, онда «*Revue des deux Mondes*» және «*Русский вестник*» деген атақты басылымдардың барлығы, Блек мырзаның үйінде орыс кітаптарынан басқа Лонгфеллоның өлеңдері, Мэннің «Ежелгі право» және «Село қауымы», Миланның «Саяси экономикасы», Локктың «Рационализм тарихы», Спенсердің «Тәжірибесі», «Социология принциптері», Тэннің «Ағылшын әдебиетінің тарихы», Лабулэнің «Біріккен Штаттар тарихы», басқа да көптеген заң және саяси экономия жөніндегі французша және немісше жазылған шығармалар барлығы Абай оқыған кітаптардың тізімдерінде бар екендігі бүгінде ешкімді таңдандыра алмасы хақ. Оны Д. Кеннанның жазбасындағы: «...Осынша кітаптарды оқып, оларды өзімен бірге Сібірге әкеліп жүрген адамдар ешқашан жабайы фанатик болмақ емес, «надан етікші және қолөнерші» болмақ емес, олай деп ойлаудың өзі артық, қайта маған бір орыс офицерінің суреттегеніндей, олар – өте ұстамды, білімді, ойшыл адамдар. Егер ондай адамдар монғол шекарасындағы қараңғы қапас Сібір деревнясына жіберілсе, онда олар, мемлекеттік қызметті атқара жүріп, өз Отанына пайда келтіреді, бұл, әрине, мемлекет үшін жаман», – деген сөздері де дәлелдесе керек-ті (13.239 бет). Дала данышпаны Абайдың шетелдік зиялы қауыммен қоян-қолтық араласуы, оның орыс тілін жетік білуі арқылы бүкіл Батыс, Еуропа елдерінің озық ойлы ойшылдары мен шығармашылық тұлғаларының туындыларымен таныс болуы кім-кімге де, әсіресе ақын өмірбаянымен таныс оқырман қауымға таңсық емес. Америка журналисі Джордж Кеннанның естелігіндегі Абайға қатысты әрбір құнды дерек, маңызды мәліметті білгісі келген оқырман міндетті түрде Ләйлә Әуезованың жоғарыда аталған зерттеуін зер салып, зердесіне тоқыса құба-құп. Бұл факті Абайға қатысты барлық еңбектерде жиі-жиі жүгінетін мәтін болғандықтан бұл жерде қайталап жатуды емес, түпнұсқамен танысуды тілер едік (Д. Кеннан. Сибирь Т.1. – СПб., 1906. – С. 84-85). Сол кездегі америкалық журналисті және өз ортасынан озық қайраткерлерді

қайран қалдырған қыр қазағын қомсынып, «сауатсыз» деп кемсіткен кейбір келімсектердің өзін ұстараның үстінде тұрғандай лыпылдатып, мысын басатын Абай әлі де талайды таңдай қақтырары хақ. Егер де бағы жанып, өзіндей ұлы дарынды ақынның, талантты тәржімашының қолына шығармалары түссе талай ғасырлар бойы әлемді дүр сілкіндіреріне күмән жоқ. Осындай ойлы ортада Еуропаның ең озық ойшылдарымен тең дәрежеде сөз сайыстырып, пікір алысқан, кеңескен кемеңгер Абайға күдік келтірушілерге М. Әуезовтің зерттеулеріндегі, мұрағатындағы қолжазбалар мен Ләйлә Әуезованың зерттеуіндегі және осы соңғы жылдары табылған тың деректер айнимас айғақ, даусыз дәлел болары сөзсіз. Тәуелсіздік алғаннан бері түрлі мұрағаттардан табылып жатқан жаңа фактілер тасқыны Абай өмірбаянына қатысты қоржынында мол олжамен толықтырары сөзсіз.

Ал М. Әуезовтің мұражайында әртүрлі архивтерден және әдеби шығармалардан жазылып алынған Абайдың орыс достарының өмірі мен шығармашылықтарына, жазалану жағдайына, тергеу жұмыстарына қатысты көптеген құнды құжаттардан, жазбалардан, кітаптардан көшірмелер де баршылық. Абайдың Семейге саяси жер аударылған орыс достары жайлы көптеген архивтік деректерді түрлі мұрағаттардан тауып, тұңғыш рет ғылыми айналымға ендірген көрнекті тарихшы ғалым, әдебиетші Ләйлә Мұхтарқызы Әуезовадан кейін де бұл тақырып тоқырап қалған жоқ, әлі де ғылыми іздестіру жұмыстары жалғасуда.

Абайдың шығармашылық өмірі халықтың ұлы жаңғыру, рухани өрлеу кезеңі ретінде келешекте де талай ғылыми ізденістердің өзегі болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945). Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 448 б. – 210-бет.
2. Әуезов М. Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945). Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 448 б. – 210-бет.
3. Әуезов М. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904)». Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. Алматы: «Жібек жолы», 2007. – 448 б. – 107-бет.

4. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904). Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 448 б. – 50-бет.
5. Әуезов М. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904)». Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 448 б. – 50-бет.
6. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904). Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 448 б. – 51-бет.
7. Әуезов М. Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927-1933) Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – 8-т. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 504 б. – 82-бет.
8. Жүнісбеков Б. «Абай сәулесі (зерттеулер, эсселер, новеллалар, әңгімелер) / ҚР Ұлттық кітапханасы. Жалпы ред. басқ. Б.Қ. Оспанова. – Алматы, 2020. – 602 б. – 230-бет.
9. Жүнісбеков Б. «Абай сәулесі (зерттеулер, эсселер, новеллалар, әңгімелер) / ҚР Ұлттық кітапханасы. Жалпы ред. басқ. Б.Қ. Оспанова. – Алматы, 2020. – 602 б. – 231-бет.
10. Әуезов М. Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945). Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 448 б. – 211-бет.
11. ЦГА КазССР, ф.15, оп. 2, д. 88, л. 69.
12. Әуезов М. Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945). Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: «Жібек жолы», 2007. – 448 бет. – 210-бет.
13. Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 271 б. – 239-бет.

АБАЙ – ЛЕРМОНТОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АУДАРМАШЫСЫ

Абай Құнанбайұлы орыстың көрнекті ақыны М. Лермонтовтың поэзиясын жақсы білген, оның өлеңдерінің поэтикалық-көркемдік қуатын, романтикалық мұраттар мен ұстанымын айқын ұғынған. Абай тек орыс қауымының тілек-талабын, мұңын жақсы біліп қана қоймай, Батыс елдеріндегі саяси жағдайлардан да хабардар болған. Сол кездегі беделді орыс басылымдармен үнемі танысып, жер айдалған орыс зиялыларымен жиі әңгімелесуі саяси көзқарасын айқындауға ықпал еткен. Ресейдегі және басқа да мемлекеттердегі өзгерістерді біліп, байқап отырған.

1895 жылы Абай Лермонтов поэзиясын аударуды бастаған. Алдымен екі өлеңін аударған. Бұған бір себеп аяулы, ардақты, асыл перзенті Әбдірахманның мезгілсіз дүниеден өткеннен кейін қапаланған, қайғылы көңіліне айналадан жұбаныш іздегенімен, жан-жүрегіндегі мұң-шерді баса алмаған. Бір жағы сүйікті жазу өнерін, үзіп алмауға бекініп, Лермонтов поэзиясы көңіл-күйімен, сезім-ойымен үндескендіктен, аударманы жалғастырған.

Бұл кезде Абайдың ақындық таланты шындалып, шеберлігі кемелденген еді. Лермонтов поэзиясын аударғанда аудару өнерінің қыр-сырын жетік меңгергендігін көрсеткен болатын. Қайғыға қаламымен қарсы тұрып, жігерленіп ширығады.

«Пушкин мен Лермонтов қазақ тілінде керемет сөйлегені сондай, оны Абайға да, Лермонтовқа да тән санауға болатынын білдік. Біз Лермонтовты дүниеде бәрінен жақсы көрдік», – деп Мұхтар Әуезов 1957 жылғы 8 ақпандағы КСРО Жазушылар одағының пленумында сөйлеген сөзінде айрықша атап өткен [18]. Бұл – ғұлама суреткердің Абай аудармасын айрықша бағалауы. Расында да Лермонтов поэзиясы қазақ тілінде жазылғандай, анық та айқын, түсінікті тәржімеленген.

М. Лермонтовтың тебіреністі терең туындысы – Кавказдағы Терек өзенін сипаттаған лирикасы. Бұл ақынның пейзаждың лирикаларының бір көркемі әрі көрнектісі – «Дары Терека» («Те-

ректің сыйы»). Өлеңнің басталуынан-ақ оқырман Теректің биік Кавказ тауын, құз-жартастарды қақ жарып аққан ақ толқын ақ көбік ағынымен танысады:

Терек воеет, дик и злобен,
Меж утесистых громад.
Буре плач его подобен,
Слезы брызгами летят.

Но, по степи разбегаясь,
Он луковый принял вид.
И приветливо ласкаясь,
Морю Каспию журчит [20.180].

Абай аудармасын салыстыра сараптайық:

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп, ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады қу [21.239].

Лермонтовта биік-биік құз-жартастарды қақ жара аққан буырқанып, долданған әрі асау, адуынды өзеннің буырқанған ағысы әлдекімнің ағыл-тегіл көз жасына ұқсайды. Әр тамшы көкке шапшып атқылайды.

Абайдың сезімталдығы, дүниетаным кеңдігі – асау Теректің долданып, буырқанған, тауды бұзып, тасты жарып жол салған қуатты ағынын, өзен күшін көрсетуінде. Орысшасында асау Терек айтылмаса да, Абай тау өзенінің арда жылқыдай асаулығын айқындап әдемі теліген. Кез келген тау өзені аңғарында көлбей созылып жол жатады. Мейлі ол үлкен көлік жолы болсын, керуен жүретін соқпақ болсын, өзгермейтін, барар жерге жеткізер бағдарлы жол. Әрине, кейбір құзар шыңдарда, тар қысаңдарда адамдар сирек жүретіндіктен, соқпақ болмауы да мүмкін. Абай

Теректің ағысының қаттылығын, қарқын-қуатын ерекшелей келіп, ағысын асауға сәтті астастырған.

Бұған қосарымыз – бейнелеу сипаты арта түскен, көркемдік-поэтикалық мағынасы әсерлі. Абайдың аудару амалдарына еріксіз сүйсінесіз. Әлем көркем аудармасында мұндай тәсілдер сирек. Абай осының бәрін қалай керемет ойластырған. Орыс ақынының басқа бір поэзиялық туындысынан байқағанын аудармаға үндестіріп жіберген. Абайдың алғырлығы, керемет сезімталдығы, ізденгіштігі де осында. А. Пушкин кейбір жолдарды В. Жуковскийден достық ниетпен алып, пайдаланған. Орыс әдебиетінде мұндай дәстүр жиі орын алған.

Реминисценция (лат – еске түсіру) – ақынның көздеген немесе еріксіз түрде басқа ақын туындысынан таныс тіркес не образды алып жаңаша пайдалануы. Кейде реминисценция жырды ырғақтық-синтаксистік қайталау арқылы беріледі. Мұны көшіріп алу немесе қазақшалағанда «жиендік жасау» деп ұқпау керек, бұл өзін-өзі ақтайтын, мақсатты қолданыс. Мысалы:

1. Город пышный, город бедный. (А. Пушкин)
Остров пышный, остров чудный. (А. Хомяков).
2. Прощай, свободная стихия. (А. Пушкин)
Прощай, немытая Россия. (М. Лермонтов)

Бұл – ақын поэзиясынан өзіне ұнаған сүйікті жолдарын ала отырып, оны ойымен қайта дамытып жаңартып, жаңа қырынан сипаттау үлгісі. Лермонтовта және басқа да орыс ақындарында мұндай үлгілер кезінде қалыпты дәстүрге айналған.

Абайдың үлгі аларлық бір қыры – керемет ізденгіштігі. Мысалы, М. Лермонтовтың «Теректің сыйы» лирикасындағы

Терек воеет, дик и злобен,
Меж утесистых громад,
Буре плач его подобен [20.180], –

деген әдемі шумақты ақынның «Демон» поэмасынан алған.

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып [21.239].

Буырқану, долдану етістіктері – Лермонтовтың «воет, дик и злобен» өлең жолына қандай ұтымды балама! Алып жартастарды қақ жарып, ақ тамшыларын көкке шашып, толқыны күркіреп, сарқыраған тау өзенін жасын төгіп қатты жылаған жанға ұқсатады.

Лермонтовта өзеннің ақ қарлы, мұзарт Кавказ тауынан басталатыны берілмеген. Далаға, кең арнаға жайылған өзеннің қуланған түрге енуі, яки қуақыланып әрі жылы шыраймен еркелеп Каспий теңізіне сарқырап ағып құятыны суреттелген.

Абай өзеннің Кавказдан жайнап, айналасын у-шу ғып, түзу жерге, яғни жазыққа барған соң арнасын кернеп, судың ұлғайғанын жақсы бейнелеген. Сондай-ақ қалың қайратын бойында сақтап, беті күліп, қуақыланған, момынсынған сыңайда ағатынын сипаттаған. Су бетінің күлуі Лермонтовта жоқ, Абайда бар. Тапқыр да тың бейнелеу. Су сылдыры, сыңғыры – оның әдемі күлкісі.

Лермонтовтағы журчить етістігін, судың сылдырлап, сыңғырлап ағуын су бетінің күлуімен қалай сәтті алмастырған. Судың жазықта жібектей ескен желмен толқындары нәзік дірілдеп, бейне езу тартқандай көрінетін сәтін ойға елестетсеңіз, Абай баламасына еріксіз сүйсінесіз. Лермонтовтағы «принял лукавый видті» аудармашы «момынсыған пішіндегі» ағысқа балаған. О баста асау Терек десе, енді өзенді қу мінезді адамға теңеген. Мына шумақ өзеннің монологы іспетті:

«Расступись, о старец-море,
Дай приют моей волне!
Погулял я на просторе,
Отдохнуть пора бы мне.
Я родился у Казбека,
Вскормлен грудью облаков,
С чуждой властью человека
Вечно спорить был готов,
Я, сынам твоим в забаву,
Разорил родной Дарьял.
И валунов, им на славу»,
Стадо целое пригнал [20.180].

Абай аудармасы:

Кавказдай құзда туған перзентімін,

Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін.
Қазбектей ағам, сені көксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда – күйреткенмін.
Зор кеуде адамзаттың айланына,
Көнбей, бүгін күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп, айғайласам,
Шын құтырсам, шың тасты тербеткенмін [21.240].

Аударма ғаламаты неде? Түпнұсқамен мазмұндық-мағыналық тепе-теңдікті сақтауында ма? Әлде ойдың бейнелі берілу дәлдігінде ме? Лермонтов Теректің Каспий теңізіне құятындығын «О, қарт теңіз, қақ жарыл, менің толқындарыма баспана бер, кең далада серуендеп келдім, енді демалар шақ келді» деп өтініш ұғымында білдірсе, Абайда арыны басылмаған асау Терек суреттелген. Абай алдымен Теректі Кавказдай асқар тауда тұрған перзентке балаған. Лермонтовта бұл екінші шумақта тұр. Бұлттар кеудесін еміп, нәр алған Қазбекте туғанын мақтан етеді. Абайда ол керемет суреттелген. Бұлттың сүтін еміп, ержеткен Кавказдай құзда туған перзент болмысын асқақтатады. Лермонтовта бұлттың емшегін еміп өскен жас ұғымында алынса, ақша бұлтты ана төсінде бейнелеп, оның ақ сүтімен өсіп, ержеткенін ерекшелеген. Лермонтовта «О, қарт теңіз, қақ жарылып, орын бер» деген тілекте Теректің аңсар арманы, асыл үміті аңғарылады. Абайда «Кім қақтықса жолымда күйреткенмін» деп өзеннің жойқын, қатты ағысы көзге елестейді. Екінші жағынан, сол өңірді мекендеген халықтың өр-өжет мінезіне де ұқсатады. Тәуелсіздікке сан рет талпынған Кавказ халқы әлі мақсатына жете алмай келеді. Ал «С чуждой властью человека Вечно спорить был готов» деген жолда яғни жат биліктегі адамның еркі болмайтыны бейнеленген. Түпнұсқада өмір бойы еркіндік үшін тартысуға тастүйін таулық мінез-қылық танылса, Абайда: «Зор кеуде адамзаттың айланына, Көнбей бүгін күшімді көрсеткенмін», – деп тіпті адуынды, қайтпас, қайсар ер болмысы бейнеленген. Абай өлеңді толық аудармаған, қажетті шумақтарды алған, біршама өзгерістер, прагматикалық амалдар жасаған. Лермонтовтағы кейбір ой Абайда мүлде берілмеген.

Терек туралы туынды – Кавказ табиғатының поэтикалық көркем тілмен салынған сұлу суреті. Кавказға бармаса да, оның бірде жойқын, бірде жайлы ағысын көрмесе де, Абай ғажайып лириканың

бүкіл поэтикалық көркемдігін, рухын тереңнен сезініп, ұлттық тілдің берекелі, бай бояуларымен шебер кескіндеген.

Ұлы Кавказды, жаужүрек, өр мінезді ұлдарын, тұнық, көгілдір аспанын, буырқанған тау өзендерінің ғасырлар бойғы күркіреген дауысын, тік, жанама жартастарды, күн нұрымен жайнап, жайқалған, жұпар қауашағын ашқан дала гүлдерін, ала бұлтты жауынды күндерін, көне қорған-қамалдарды, батыстан ағылған қардан да ақ бұлттардың тау басына үйірілгенін, алуан түр-түсте, қыр-далаларын Лермонтов поэзиясынан табасыз. Мәңгілік қар басқан, алмастың қырындай жарқыраған Қазбекті, жартасты қақ жарып, қарайып аққан шұғылалы Дарьял шатқалын шабыттана жырлап, Теректі тебірене сипаттайды. Одан әрі Грузин жазығын, кілемдей құлпырған бақытты ырысты жерді, сыңғырлай жүйткіген сүйкімді бұлақтарды, түрлі-түсті тастарды, райхан гүлді жота-жазықты, бұлбұлдардың сайрауын, талтүстегі тамылжыған қапырықты ұмыт қалдырмайды. Шалғынға төгілген жұпар шықтарды, грузин аруының қара қастарын түнгі аспан көгінде жарқыраған жұлдызға теңейді. Осының бәрі ақынға өзгеше сезім, соны серпін береді.

«Кавказ тұтқыны» поэмасындағы:

Там Терек издали кружит,
Меж скал пустынных протекает.
И пеной зыбкой орошает.

Яғни қазақшаласақ,

Бұрала билеп алыстан Терек,
Қақ жара ағып жартасты,
Шаяды толқып көбікпен.

Теректің құз-жартастан еңіске аққан тасқынды, қуатты ағыны көзге елестейді.

Лежал ковер цветов узорный,
По той горе и по холмам.
Внизу сверкал поток нагорный,
И тен струисто по кремниям... –

деп жан-жағы көк кілемдей құлпырған, таулары мен қыр-жоталарды, төменде жарқырап күнге шағылыса жалтыр тас төсемен тау өзені ағысын суреттеген. Кавказдың сұлу көрінісін сыршыл суреттеуі де Лермонтовтың көз көрген табиғаттың әдемілігін жүрекпен терең сезінуін білдіреді. Ол Кавказ табиғатын көрген сайын, өзіне беймәлім жаңа бір ерекшелігін аңғарады. Содан да болар, Кавказ табиғатын тамсана, шабыттана жырлайды. Терек туралы өлеңді гребендік казак фольклорынан алған, өзен туралы халықтық жыр-аңыздарын да пайдаланған. Ақын Теректі бірнеше рет көргендегі әсерін көңілге түйген. Кавказ тауларындағы бірден-бір дара дария деп ерекшелейді.

М.Ю. Лермонтовтың «Кинжал» («Қанжар») өлеңі тақырыбынан-ақ кавказдықтарға арналғаны айқын. Өлеңнің алғашқы шумағынан ақын қанжардың Кавказ халқына не үшін қымбат екенін түсіндіреді.

Люблю тебя, булатный мой кинжал,
Товарищ светлый и холодный.
Задумчивый грузин на мсть тебя ковал,
На грозный бой точил черкес свободный [20.164].

Абай аудармасы:

Сүйкімді болат қанжар, тұрсың жайнап,
Ыстық, суық майданда шығады ойнап.
Грузин ашулы ұста кекке соққан,
Ер шеркес соғыс үшін алған қайрап [21.235].

Лермонтов болат қанжардың жарқ-жұрқ еткен түсінен суық қару екендігін, оны жолдасындай жақсы көретінін жырлайды. Абай ақын ойын дамытып, ширатады. Болат қанжардың сүйкімділігі жайнап тұруында ғана емес, ыстық, суық майданда ойнап шығып, талай қатерлі сәттерден өзін құтқарғандығында. Орыс ақынында қалың ойға батқан грузиннің оны кек алу үшін соққаны, ал еркін, азат шеркестің қаһарлы ұрыс алдында қайрағанын ұғынамыз. Абай Лермонтов ойының түп тереңіне бойлайды да, ойлы, жаны мазасыз грузиннің кескін-келбетін әлгі қанжарды кекке соққан ашулы ұста кейпінде береді, ал ер шеркестің соғыс үшін қайрап, жанына сақтап жүруімен қадірлейді. Лермонтов

шеркеске еркін сөзін қолданса, Абай Ресей патшалығының Кавказ халықтарын отарлау үшін жиі соғысып, қақтығысуын еске алады. Таулықтардың батырлық болмысын биіктете түседі. Қанжар – романтик-ақын жырында соғыс қаруы емес, азаттық, еркіндікке ұмтылған күш-жігердің, намыстың символы тәрізді.

Келесі шумақта болат қанжарды кім, неге тарту еткені баяндалады.

Лилейная рука тебя мне поднесла
В знак памяти, в минуту раставанья
И в первый раз не кровь по тебе текла,
Но светлая слеза – жемчужина страданья [20.165].

Аударма:

Еркелі нәзік қолмен маған тиді,
«Ұмытпа», – деп, айрылған жерде берді.
Қан сорғалар жүзіңе жас сорғалап,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді [21.165].

Лилейная рука – ләйла, жауқазын, гиацинт, т.б. өсімдіктердің ортақ атауы, яғни нәзіктік белгісін білдіреді, Қанжарды Абай ерке, нәзік қолмен ақынға ғашығының қимастықпен қоштасу сәтінде еске сақтауға сыйға бергенін айтады. Әрі «ұмытпа» деген сөзін қосып, нақтылап, екеуі екі жаққа айырылған шақта сыйластық белгісі ретінде сипаттаған. Қанжарды қолға алып қарағанда жауына жұмсап, бойлата қан ағызбағанын, мөлтілдеген жарқын жасы – сағыныш маржанындай жалтылдаған жүзімен аққанын Лермонтов бейнелі бедерлеген. Абай осы бейнелі жолдарды өзінше пайымдап, қан сорғалар жүзіне жас сорғалап, қайғымен өртенген ғашықтық ғаламатын даралайды.

Үшінші шумақ Лермонтовта:

И черные глаза, остановясь на мне,
Исполнены таинственной печали,
Как сталь твои трепетном огне,
То вдруг тускнели, то сверкали. [20.165].

Қара көз қарап маған көп қадалған,

Құпия қайғы өртеніп, бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған [21.235].

Аударманы салыстырсақ, ешқандай артық-кемі жоқ, барлық жағынан түпнұсқамен сәйкес, тіпті соңғы шумақтарында асып түсетін теңдессіз тәржіме. Лермонтов қанжардың бірде лапылдап, бірде басылып, ұста көрігінде, яғни дірілдеген от-жалында қақталып, соғылғанын, оттан жалтырап шығып, суға салғанда қарайған, жасалу шағын суреттесе, Абай ақын ойын жете ұғынып, ұстаның еңбегін ерекшелеп көрсеткен. Болатша жалын көріп балқып, шыңдалып, бірде күңгірт тартып, бірде қып-қызыл оттай жанғанын, яғни жасалу жайын шынайы берген.

Лермонтовтың 16 жол «Кинжал» («Қанжар») өлеңі Абай аудармасында 12 жол. Аударылған 3 шумақтың орысшаға жолма-жол сай келетіні, соңғы шумақтың аударылмағаны, Абай тапқан сипаттамалардың нақтылығы мен бейнелілігі Заки Ахметов зерттеуінде айқындалған [13]. Абайдың Лермонтовтың поэзиясынан жасаған сәтті аудармаларының бірі – «Қанжар». Мұнда Абай аудармашылық шеберлігімен бірге, ақын өлеңінің ойын, мағынасын айқын ұғынып, қанжардың жасалуын сипаттап, не үшін қажеттілігін нақты түсіндірген. Абайдың түрлі кәсіппен таныстығы, әсіресе ұстаханада ұсталардың еңбегін көзбен көріп, көңілге тоқуы әрі зергер, колөнер шеберлерінің ісін білетіндігі айқын аңғарылады. Қанжар жырда бейнелі, көркем, көрікті сөздермен шабыт көрігінде шыңдалып шығып, жүзі жалт-жұлт жанып, жарқырап тұрса, аудармасында ойы да алмастай жалт-жұлт жайнап, көңіліңді баурап алады. Абайдың білімінің биіктігі, дүниетаным тереңдігі, сезімталдық ерекшелігі, талант даралығы Лермонтов поэзиясындағы әр сөз тіркес, жол мағынасының алуан астарын айқын ұғынып, талдап, пайымдап, қазақша құлпыртып, құтайтып жіберетіндігінде. Поэзия аудармасында Жуковский тұжырымдаған ақынмен бәсекелестік дегеніміз – міне, осы. Лермонтов поэзиясының қызу оты ағынына нағыз талантты ақын ғана бойлай алады. Лермонтовтың өлеңдері қаншама халық тіліне аударылса да, сөз жоқ, Абай аудармалары солардың алдын орап кетеді.

Елі үшін ет жүрегі елжіреп, халық қамын жеген, мұң-қайғысын ойлап, түн ұйқысын төрт бөлген бір ардақты тұлға болса, ол – ақын. Ақындар қай заманда да халқына өлеңімен де, өмірімен де қалтқысыз қызмет еткен. Ел ертеңін тереңнен ойлаған. Алдағы бұлдыр болашаққа батыл болжамдармен бойлаған. Сондай санаулы да сирек ұлы сана иесі – ардақты Абай. Ол поэзиясында ел билеу туралы ойларын аз айтқан жоқ. Басынан өткерген жайларды аянбай ашық жазды.

Абайдың Лермонтовтан сәтті аударған бір туындысы – «Молитва» («Дұға»)

В минуту жизни трудную
Тесниться ль в сердце грусть
Одну молитву чудную
Твержу я наизусть [20.179].

Абай аудармасы:

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,
Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің.
Сонда сенің отынды басатұғын
Осы өлең – оқитұғын дұғам менің [21.238].

Орысшасын оқыған оқырман қасиетті діни кітаптағы дұғаға арналған деп ойлайды. Абай өмірдің қиындығынан гөрі, өмірдің кем-кетігі, яки өзіңнің қате-кемшіліктеріңді ойға түсірген кезде осы өлеңді оқып, сабаңа түсеріңді айтады да, тулағыш мінезі бар жүректі кінәлайды. Адам өзінің қателіктерін, теріс істерін, жағымсыз қылықтарын білсе де, білмегендей жүре береді.

Өлең – шын мәнінде, адам мінезін ететін, оны рухани демеп, қолдап, қорғайтын қуатты сөз. Лермонтов ойының мазмұнына байыппен бойлаған ғұлама оны жайнатып, жаңартып, жарқыратып жіберген. Өлең өнерінің қасиеттілігі, кереметтілігі келесі шумақта сипатталса, Абай аудармадағы алғашқы шумақтан-ақ танытады. Лермонтов екінші шумақта жаттап, айтып жүретін дұғасы – өлеңге өзіндік сипаттама береді.

Есть сила благодатная
В созвучье слов живых,

И дышит непонятная,
Святая прелесть в них [20.179].

Өлең ақын ұғымына да, бейнелі сөздер үйлесіміне де жарылқап, жебейтін қуатқа ие. Қасиетті көркемдіктегі әркім түсіне білмейтін тынысы бар. Абай оны өз дүниетанымымен толықтырады.

Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,
Тірі сөздің жаны – сол, айрылмайды.
Қасиетті напасы желдей есіп,
Қайнап тұрған ыстық қан салқындайы [21.238].

Ол өлеңнің құдіретті қуатына сенімді, тірі сөздің жаны – ақиқат, шынайы сөздер. Өлең одан айырылса, еш қасиет, құны қалмайды. Абай неге тірі сөз деп алып отыр. Ол – ешқашан өлмейтін, өшпейтін көңілде, ел жүрегіне жатталар өнегелі сөздер. «Святая прелесть» тіркесін «қасиетті көркемділік, әдемілік» деп алмай, «напасы» сөзімен алмастырған. Напас – арабша дем беру, үру, үшкіру, ақын үні, сөзі мағынасында.

Аудармашы жырдың қасиетті, дем беруші ретінде салқын желдей есіп қайнап тұрған ыстық қанды салқындататын кереметтілігін де ерекшелеп көрсетеді. Қайнап тұрған ыстық қанды қасиетті өлең дем беріп салқындатып, сабырға келтіреді. Дана сөзден құралған дұғадай қасиетті керемет өлең өнері.

С души как бремя скатится,
Сомненье далеко –
И вериться, и плачется,
И так легко, легко... [20.179].

Нағыз керемет өлеңді оқыған шақта жаныңнан ауырлық түскендей, күдік-күмәннің бәрі алыста қалып, шынымен осылай ма дегендей көңілің сеніп, әрі толқып жылап аласың, мұның бәрі бойыңды жеңілдетіп тастайды. Өлең құдіреттілігінде шек жоқ.

Абай:

Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей,
Көңілден кернеген кек кемігендей –

Болады жылауға да, сенуге де,
Жүректің басынан у төгілгендей [21.238], –

деп аударған.

Алғашқы жолы түпнұсқаға баламалы, дәл шыққан, екінші жол түбегейлі өзгергенмен, мағынасы жаңа қырынан жарқырайды. Адам баласының бір мықтылығы – көңілде ешқашан кек сақтамау. Кек тұтанса, өшпенділікке, араздыққа, жауыздыққа, қатыгездікке апарады. Абай осыны жақсы білгендіктен, көңілдегі кернеген кекті кемітетін кереметтілік өлең, поэзияда екенін дөп басқан. Әрі кілең «к» дыбысынан тұратын сөздерден өрілген өлең жолы ішкі ұйқас, ырғақпен өзектесіп тұр. Өрелі, өнегелі өлеңге жылауға да, сенуге де болады, өйткені жүректің басынан у төгілгендей ащы азап пен ауырлықтан арылып қаласың. Бұл – ақиқат. Жүректің басының улануы жақсы емес. Ол жүрекке жайылса, адам адамгершіліктен кетеді. Абайдың у дегені – жамандық, жат әдет-қылық, жағымсыз қасиеттер. Өлең құдіреті сол жүрек басындағы у төгетіндей қасиетке ие. М.Ю. Лермонтов осылайша поэзияның адам көңіліне, жанына, жүрегінде дұғдай қуатты, керемет сөздермен зор әсер ететінін, адамды сендіріп, көндіріп, баурап алатын ерекшелігін, қасиеттілігін дараласа, Абай өлеңнің адамды тәрбиелейтін тағылымын айқындап көрсетеді. Лермонтовтағы кейбір ойлардың мағынасын өз көзқарасымен толықтырып, оқырман жанына жақындатады. Ойды тың тіркеспен, салмақты соны сөздермен жарқыратады. Лермонтов ойына өз шабытының алауынан қызу леп береді.

Лермонтовтың өлең өнеріне арнаған «Молитва» атты өлеңін Абай «Қасиетті дұға» деп ерекшелеп көрсетіп, жаңа нұсқасын жасаған.

Абай:

Өмірден тепкі жесем, жазығым жоқ,
Еш нәрсеге көңілім болмаса тоқ.
Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүректе жанады шок [21.239], –

деп бастапты.

Лермонтовта:

Не обвиняй меня, всеильный,
И не карай меня, моллю,
За то, что мрак земли могильный.
С ее страстями я люблю [20.179].

Ақын жаратқаннан кеткен қателіктері үшін кешірім сұрап, күнәдан арылуға ұмтылған. Түбінде бір қараңғы көрге түсірер өлімнен қорықпайды, өмірді құштарлықпен сүйеді. Абай өмірден тепкі, яки қорлық «қиянат» көрсем, ешнәрсеге көңілім толмаса жазығым жоқ, бәрі де адамның өзінен деп өмірге жауаптылығын айқындайды. Сондай кезде дұғасын оқып, тәубасына келсе, әлдебір үмітсіздіктен арылып, қиындықтан бойы жеңілдеп, сөніп қалған жүрегінде сенім шоғы жағылғандай күй кешеді. Осының себебі де бар:

Қуаты бір дұғаның қуантарлық,
Қапаланған жүректі жұбантарлық.
Адам ұқпас бір тәтті лебізінен:
«Уан», – деген естілер ұлы жарлық [21.239].

Дұға – қашан да қуатты, күдіретті құдай сөзі. Ол ақынның қапаланған жүрегін жұбатады. Тіпті адам түсініп, ұға алмайтын тәтті лебізінен «Уан» деген ұлы жарлық естілгендей болады. Абай дұғаны ерекшелеп тәтті лебізге тенеген. Шын мәнінде күдіретті дұға сөзін оқып, тыңдағанда адам жүрегіне бойлап, иландырып, имандай ұйытып, ізгі үмітке, нық сенімге бастатады. Бойды балқытып, ойды тебірентіп, жүректі елжіретіп керемет күйге түсіреді. Лермонтовта:

За то, что, редко в душу входит
Живых речей твоих струя;
За то, что в заблужденье бродит
Мой ум далеко от тебя [20.179].

Мұнда дұғаның жырдан керемет, әсерлі сөздерінің ара-тұра жанына бойлағанмен, ақылдан адасып жүргенде, өзіне бір үміт артқаны аңғарылады. Абай шын мәнінде дұғаның адам жүрегіне, жанына дем беретін, жігерлендіретін рухын сезінтеді. Лермонтовта шабыт тасқындап, кеудесіне сыймай алабұртқан көңілдегі

әлдебір толқу-қобалжулардың қарашығын әйнектей бұлдыратып тұрғаны жырланады. Мынау тар өмірде оған жандүниемен бойлағысы келгенмен, одан да қорқады. Кейде күнәлі жырларын еске алып, Құдайына сыйынудан да сескенетіндей. Лермонтов ойларын жинақтап, Абай әдемі қорытынды жасаған.

Көңілім ауыр жүктен бір құтылар,
Кек арылып көкіректен, ұмытылар.
Адамның баласына ашып жаным,
Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар [21.165].

Дұғаны оқыған кезде адам көңілі ауыр жүктен, яғни өмір ауыртпалығынан, қиындық, азабынан құтылып, тұлабойы жеңілдейді, екіншіден, көкіректегі ашу-ыза, кектен арылып, жамандықтың барлығын ұмытып, мүлде жаңа ой, жаңа мақсатқа құлшынады. Яғни өзіңнің жеке басыңды ойлап, уайымдамай, адам баласына жаның ашиды. Ал адам баласына жан ашығанда жүрек жақсылыққа құштар келеді, ізгілікке ұмтылады. Барша адам баласына керегі де осы. Ол Лермонтов, Абай заманындағы ізгі мұрат қана емес, бүгінде де, ертеңде де қажет. Ізгілік, имандылық, адамгершілік ой-санасына адамзат ақылымен үстемдік еткен кезде жер жүзінде қуаныш тасқындап, шаттық, бақыт алауы мәңгілік алаулап тұрады.

3. Ахметов бұл «Молитва» өлеңінің екінші нұсқасы болғанымен, орысша нұсқаға мағынасы жағынан түгелдей алғанда жақын және көркемдік сапасы да жоғары» деп тұжырымдай келе, «Лермонтов өлеңдеріндегі ойды дамытуын» ерекшелейді [13.357].

М.Ю. Лермонтовтың поэзиясы – елдің патшалық езгіден құтылып, еркін өмір сүруін аңсаудан туған мағыналы романтикалық мұраттан туған шынайы, рухты туындылар. Орыс әдебиетін А.С. Пушкин, В.А. Жуковскиймен жаңа биікке көтерген жалынды, жарқын, өміршең поэзияда өмірге құштарлық, арман-мақсатқа ұмтылыс, зор жігер және адамгершілік асыл қасиеттерді дәріптеу айқын байқалады.

Абай Лермонтовтың шығыс хикаятына құрылған «Демон» («Шайтан») дастанының бастапқы бөлігін ғана тәржімелепті. Мұнда Абайға тән аудару тәсілі көрінеді. Ол Лермонтов жырла-

ған мазмұн мағынасын зерделеп, пайымдаған, оны өзінше жырлаған. Дастанның 1-бөлімінің бірінші шумағы:

Печальный Демон, дух изгнания,
Летал над грешною землей,
И лучших дней воспоминания
Пред ним теснились толпой [20.555].

Ал Абай қалай жырлаған?

Мұңлы шайтан – құдайдың қуған жаны,
Күнәлі жер кез келіп, бір ұшқаны.
Өткен жақсы дәурені ойында оның,
Сондағы не көксегені, не қылғаны [21.242].

Салыстыра сараласақ, ой тұтастай қамтылған. Лермонтовтағы еске сақтайтын өткеннің ең жақсы күндері, көз алдында тұрса, Абайда анық та айқын; өткен жақсы дәурен, яки күндер ғана емес, тұтастай адам өмірі берілген. Яғни өткенді еске алған кезде, әдетте не істегенінді, көргенінді жадында, көңілде қалғанды жаңғыртасың. Лермонтовта келесі шумақ:

Тех дней, когда в жилище света,
Блистал он, чистый херувим.
Когда бегущая комета,
Улыбкой ласковой привета [20.555].

Херувим – христиан дінінде жоғары дәрежелі періште. Сонан соң мұнда аударуға қиын тиетін бір сөз – комета (құйрықты жұлдыз). Абай мұны жақсы білгенімен, екеуінде солай қалдырса, өлеңнің мағынасын ұғу оқырманға қиынға соғар еді. «Ласковой привет» – мейірімді, жылы шырайлы амандасу ұғымы.

Абай аудармасы:

Ол күнде нұрлы бейіс ішінде екен,
Өзі де періштелер түсінде екен.
Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп,
Сәлемдесер, сөйлесер күшінде екен [21.242].

Мұнда балама табуға қиын бір тіркес – в жилище света – жер жүзіндегі қоныс, дүние тұрағы. Оған басқа балама іздегенмен, өлеңдегі ойды айқындап аша алмайды. Абай – тапқыр талант. Тапқырлығы теңдессіз. Осынау қиын да күрделі тармақты тарық-тырмай, бас-аяғы жұмыр, теп-тегіс ғажап өлең жасаған. Ойды бейнелі, әсерлі, әдемі берген. Нұрлы бейіс – қандай ұтымды те-неу. Ислам дінінде періштелер – жалпы бір ғана ұғым. Ол хрис-тиан дініндегідей жіктеліп, бөлінбейді. Кометаға балама бергені-мен, оқырман түсінбес еді. Абай аудару негізінде алдымен қалың оқырманның түсінуін ойлаған. «Бегущая комета» – жүйіткіген құйрықты жұлдыз. Оның көктен жер жүзіне жарқырай мейірімді нұрлы сәлем беруі де жарасымды. Жұлдыздардың жылы жүзбен жылжып жүруі жан жадыратады. Данышпан ақынның астроно-мия ғылымынан хабардарлығын сезінеміз. Әл-Фараби, Бируни ең-бегімен таныстығын байқайсыз. Жұлдыздардың сәлемдесіп, сөй-лесер күшінде жүруі де әдемі. Аспан әлемінің ғажайып қозғалыс жер бетіндегі адамдар тіршілігімен ғаламат астастырған. Бұл – ойдың тереңдігі, даналығы.

Лермонтов аспан әлемін суреттегенде «Звезда с звездою го-ворит» деп жұлдыздарды сөйлестіреді. Міне, Абай осыған мұнда әдемі балама жасаған. Ой қуатты да айқын, мағынасы да мәнерлі. Аудару шеберлігі еріксіз таңырқатады. Келесі шумаққа назар салайық:

Любила поменяться с ним,
Когда сквозь вечные туманы.
Познания жадный, он следил,
Кочующие караваны,
В пространстве брошенных светил [20.555].

1898 жылы М. Лермонтовтың «Демон» поэмасынан алын-ған бұл үзіндіні «бастапқы екі бөлімін түгел алып, сөз қосып еркін аударған», тіпті соңына өз ойын бір шумақпен түсіндіруге ниеттен-ген [13.601].

«Шайтанның» бірінші бөлімі небәрі 20 жол, тармаққа бөлін-беген. Абай оны қалыпты өлең шумағына түсірген. Лермонтовта құйрықты жұлдыздың жылы, мейірбан сәлемін қабыл алып, со-нымен ауыспақ ниетін сездіреді. Сөйтіп, мәңгілік қалың тұман

арасын қақ жарып, білімге құштарлықпен ұмтылуды көрсетеді. Абай ақын ойын түрлентіп дамытқан.

Ол күнде көз жетпесті көп көздеген,
«Түгел білім қайда екен», – деп іздеген.
Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,
Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген [21.242].

Лермонтов білім туралы деп айтпаған. Ол басқа жырында танымды (познания) алға шығарады. Бұл арқылы ол білімді жинақтап берген. «Сквозь вечные туманы» Абайда – көз жетпес. Керемет тіркес. Көз жетпес дүние, ұшы қиырсыз әлем тәрізді білімнің шексіздігі аңғарылады. Ал құр білімге қызу құштарлық танытқан жан ойдағы мақсатына жете алмайды. Абай танымды біліммен сәтті алмастырған. Білім арқылы таным кеңейеді. Бұл – заңдылық. Сонан соң, құр білімге сүйенуден түк шықпайтынын қандай ғаламат пайымдаған.

Құр білімге сүйеніп, өмірден опық жегендер аз ба?! Білім – телегей теңіздей көз жетпес беймәлім белгісіз әлем, ұшы-қиырсыз бір дүние. Білім алу көздеген мамандығын меңгерумен шектелмейді. Адам онымен толық мақсатына жетпейді. Абай жалғыз білімге ғана қанағаттанып қалмай, үнемі ізденіп, оқып білуді өмірбойы мұрат етуді ұсынады. Білім – әлемді, дүниені, адамзатты, өмірді тану, түсіну үшін әрі өзің өкінішсіз, өнегелі өмір сүру үшін қажет. Міне, осыдан да Абай білімнің шексіздігін түсінбегендерді «Өлшеусіздің сыймасын бір сезбегендер» қатарына жатқызады. Білім – шексіз әлем. Адам оқып, білген сайын құлшыныс-құштарлығы арта түседі, сусыны қанбағандай жаңа ізденіске ұмтылады. Бұдан кейінгі шумақ Лермонтовта жоқ. Абай ойдан қосқан.

Босағасы кең еді, төрде орын тар,
Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.
Жалғыздық – бір Тәңірінің сыбағасы,
Өршілдікпен лағнетке болған душар [21.242].

Жалғыздық Аллаға ғана жарасқан. Жалғыздық – Тәңір сыбағасы. Шайтан өршілдігі, тұқапарлығы, жауыздығы, арамдығы үшін жаратқанның қарғысына ұшырап, лағынетіне душар болған.

Мұнда ақын шайтанның адамдарға қиянат жасамауын, жалғыздықтан гөрі көппен бірге өмір сүруді жөн санайды. Бұдан кейінгі шумақта Құдайдың «Шайтансың» деп жазғырғанда, Алладан қарғыс алған кеудесінен сүю мен сенім кеткені, содан бастап адаммен өлмес, өшпестей кектескені сөз етіледі. Жақсылық жасағысы келгенімен, ешкім қуанбаған соң, амалсыз жер дүниеге бәле сепкен шайтанның жауыз зұлымдығы жырланады. Алғашқы екі жол Лермонтовта жоқ. Өлеңнің мазмұнын дамытып, шира-тып, Абай ойдан қосқан. Түпнұсқадағы кейбір жолдарды, сөздерді, қайта мазмұндап, өзінше ой толғаған.

В пространстве брошенных светил;
Когда он верил и любил.
Счастливый первенец творенья!
Не знал ни страха, ни сомненья,
И не грозил уму его.
Веков бесплодных ряд унылый...
И много, много... и всего.
Припомнить не имел он силы! [20.535].

Лермонтовтағы осы шымыр шумақ түгел алынбаған. Абай ойды өзінше түсініп, тереңдетіп жаңа мағынада берген.

Тиянақ, сенім, сүю көрмей өтті,
Алаң-жұлаң етіпті, тентірепті.
Алласыз дос таппады, сыр таппады,
Неше мың жыл кезсе де төңіректі.

Лермонтовтағы мына шумаққа жақындайды:

Давно отверженный блуждал,
В пустыне мире без приюта,
Вслед за веком век бежал,
Как за минутою минута.
Однообразной чередой [20.556].

Салыстыра қарасақ, екі жолдан басқасын аудармашы түгел-дей өз ойымен алмастырған, жаңартқан, толықтырған. Лермонтов өлеңдерінде Алла сөзі кездеспегенімен, бұл поэмада «Жаратушы ие» ұғымында алынған. Лермонтов шайтанның азғыры-

луын, адамдарға жауыздық пен зұлымдық жасайтын қара пиғылын ашып көрсеткен.

Ничтожной властвуя землей,
Он сеял зло без наслажденья.
Нигде искусству своему
Он не встречал сопротивления –
И зло наскучило ему! [20.556].

Лермонтовта шайтан жер бетіне мәнсіз-мағынасыз билік жүргізіп келіп, жауыздық ұрығын себумен жаны рахаттанғаны, тіпті ешкімнен қарсылық таппағаны, ақыры жамандықтың жалықтырғаны мазмұндалған. Абай мұны өзгерткен.

Сүйтсе де жамандыққа бір тоймаған,
Антұрғандық қылығын еш қоймаған.
Баяғы алдау ескірген кәрі иттікпен:
«Не қылдым, не бітірдім?» деп ойлаған [21.243].

Абай бұл шумақтың алдында шайтанның іс-әрекетіне мінездеу жасаған.

Жаманды күнде азғырса, жан демейді,
Жақсы жаннан кей-кейде таяқ жейді.
Күнінде неше бүлік шығарса да,
Еңбегі жанған жан боп, сүйінбейді [21.243].

Адам қанша жақсылыққа көңілі ауса да, бәрібір шайтан зұлымдығынан тайынбайды. Жамандыққа тоймайды, жауыздық, жамандығынан, яки Абайша айтқанда антұрғандық қылығынан қайтпайды. Ол адамды арбап, алдап, баяғы ескірген кәрі иттігімен қандай жамандық жасаса да «Не қылдым? Не бітірдім?» деп ойлап, өз іс-әрекетінің дұрыс еместігіне көз жеткізсе бір жөн. Алайда Лермонтовтағы «Шайтанның» жаңа редакциясындағы мына бір шумақта Абай ерекше зер салса керек.

О, если бы ты могла понять,
Какое горькое томленье.
Всю жизнь веска, без разделеной,
И наслаждаться, и страдать.
За зло похвал не ожидать,

Ни за добро вознагражденья! [20.616-659].

Абай аудармасы:

Ақылға, өмірге де адам кенде,
Өлмес өмір, қайрат күш – бәрі менде.
Күнінде жүз қуанып, күліп жүрген,
Осы адам уайымсыз неткен бенде? [21.243].

Жақсылыққа жамандықты қарсы қою – тек зұлымдардың ісі. Ой-ниеті, пиғылы қара жандарға тән. Жамандықтан ниеті түзу адам аулақтануы тиіс. Әйтсе де шайтан бойын билеп, азғырғанда амалсыз соның дегеніне көнеді. Адамның азғындық, жамандыққа тап келуі өзіне деген сенімсіздігі, ақыл-ойдың тапшылығы, адамгершілік қасиеттердің жетіспеушілігі. Дегенмен дастанның бірінші бөлігін Абай қалай даналықпен топшылаған. Шайтанның жауыздығы адамдарды толғандыруы, ойлантуы тиіс. Шумақ мағынасын тарата талдасақ, шайтанда өлмес өмір, қайрат, күш болғанымен, адам бәрібір ақылға, өмірге кенде. Бұл – рас. Адамға өмір бойы жетіспейтін асыл құндылық – ақыл. Ақыл аясында адамгершілік, иман, әдеп, өнеге, білім, мәдениет, т.б. ізгіліктер тұр. «Шайтанның күніне жүз қуанып, күліп жүрген адамға «уайымсыз не еткен бенде?...» деп таңдануы бекер емес. Адам өмірдің қысқалығын, өткіншілігін біліп, сезсе де, кейде пендешілікпен ұмытып та кетеді. Қатыгездікпен, жауыздықпен, арамдықпен, аярлықпен өмірдің қымбат мән-мағынасын, қайталанбас құндылығын түсінбей-ақ өтеді. Ештеңені елемейді. Тек күн сайын ойлаған дүниесіне жетуге жанталасады. Сол үшін неше түрлі амал, айлаға барады. Бірақ соның ең қауіптісі – азғындық. Адам – асыл адам атымен ардақталуы абзал. Басқаға жол жоқ. Абай дананың айтпағы осы. Ол шайтанның іс-әрекетін, жамандығын өзіне сынатып, талқылатып, одан адамдарды сабақ алуға шақырады. Жауыздық, зұлымдық, арамдық – шайтан ісі, одан бойынды аулақ сал, ізгілікке ұмтыл. Жасаған жақсылығың алдыңнан шығады. Жамандық, антұрғандық еш опа таптырмайды. Зұлымдықтың түбі өзінді адамдар алдында айыпталуға апарыды. Сондықтан күнәһар болма, жамандыққа қарсы тұр. Адал, шын еңбек ет. Өзәзілдік, азғындықтан сақтан, адамдық асыл атқа

лайық бол, соны сүй, кірлетпе деген танымды тағылым. Абай аудармасының соны да сәтті шешімі іспетті.

Абай ұзақ дастанды толық аударуды көздемеген. Бастапқы бөлігін алған, онда да оны жаңа мазмұнмен толықтырып, қайта жырлаған. Мұнда бірінші жолда шайтан бейнесі, мінез-құлығы сипатталғанымен, оның адамдар тарапынан кейде қолдау көретіні, Алла тағаланың лағнатына ұшырағаны аңғарылады. Адам жауыздық пен жамандыққа қалай жанасқанын түсінбей қалады. Өйткені ол ақылға кенде. Ең бастысы өмірге кенделігін, пенделігін ұғынса, онда ешқандай хайуандық қылықтарға, жамандыққа жол бермейді. Адамды тәрбиелеудің өзінен бұрынғы ұстаздарының талай тамаша тағылымдық пайымдауларынан өзінше ой түйіп, ғибрат алған кемеңгер ақын М. Лермонтов дастанын түгел тәржімелемей-ақ, алғашқы бөліміндегі ойды тереңдетіп, қайта мазмұндаған. Оқырманын ойланып, ақылға салатындай ғаламат еңбек жасаған. Абайдың бұл – шығармашылық шыңдалған тәжірибесі жетілген кездегі елеулі ізденістерінің бірі.

Абайдың батыс және орыс ақындарынан жасаған аудармалары – поэтикалық аударманың зор жетістігі, үйренудің, ізденудің озық үлгісі. Абай – қазақ көркем аудармасының айбынды, асқар шыңы, абыройлы алыбы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
2. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б.
3. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дереккөздері: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.

Ж.Қ. Смағұлов,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

А.Қ. Каринов,
докторант, Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті

АБАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ КОУЧИНГТІК ИДЕЯЛАР

Бүгінгі таңда қоғам ішінде кең таралып келе жатқан коучинг ғылымы өз алдына бірнеше ғылымдармен байланысып, сол ғылымдардың әсерінен туындаған. Олардың ішінде философия, теология, әдебиет, психология, анатомия, экономика, спорт және т.б. атап өтуге болады. Тіпті кейбір ғалымдар коучингтің негізі Сократтың еңбектерінен бастау алған деген пікірді де алға тартып жүр. Бұл тұрғыда қазақ деген халықтың ең ұлы ойшылы хакім Абайдың бізге қалдырған мол мұрасынан бүгінгі заманның коучтері айтып жүрген негізгі идеялар мен құндылықтарды мол кездестіруге болады. Президент Қ. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге», – деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет», – деп айтып өткендей, Абай мұрасы әлемдегі ғылыми, технологиялық өзгерістерді меңгеруімізге, ұлт болашағы жолында қолдануымызға жәрдем тигізе алады. Ең алдымен бұның сағат сайын өзгеріп жатқан жаһандану үдерісінде өзіндік орын алатын лайықты ұрпақ тәрбиелеуде маңызы зор. Президентіміз айтпақшы: «Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы тиіс».

Қоғамды дамытудың ең басты жолы – қоғамды алға сүйрейтін тұлғаларды қалыптастыру. Демек, қоғам мүшелері өз-өзін тәрбиелеп, дамытып, осының нәтижесінде басқаларға үлгі болып, қоғамның ілгерулеуіне үлес қосатын азаматтарды тәр-

биелейді. Бұл жайында Абай «Он бесінші қара сөзінде» «өзіңнен өзің есеп ал» деп, жеке қалып ойланып-толғанудың, өзінен-өзі есеп алудың көп пайдасы бар екендігін көрсетеді. Ал өзінің осы ғақлияларын жазуының себептерін түсіндіретін бірінші сөзіне үңіліп қарайтын болсақ, ақынның өздік «менмен» бетпелі жеке қалып, ойланып барып қолына қалам алғанын байқаймыз. Сол уақытқа дейінгі өміріне үлкен талқы-талдау жасап отыр. Осыған дейінгі өміріндегі көрген қорлықтарын, әурешіліктерін, қызықтарын бір саралап өтіп, ендігі қалған ғұмырда қандай мақсат қоюға болады деген сұрақ қояды. Міне, коучингтегі адамның өзімен-өзі санасатын «ішкі диалогтың» нақты мысалы. Әрі қарай Абай «ел бағу», «мал бағу», «ғылым бағу», «дін бағу», «балаларды бағу» секілді фәнилік әрекеттерге тоқталып, бұл істердің өзіндік ішкі олқылықтары мен оған сыртқы факторлардың әсері жайында ой қозғайды. Ақыр аяғында ешбіреуімен де айналыспайтындығын айтып, себептерін шегелеп көрсетеді. Бұл қара сөздің соңғы бөлігінде енді тек қана ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуға бекінгендігін айтады. Хакім бұл сөздерін кейінгі оқырмандарына ой тастау мақсатында жазғаны анық.

Абай шығармашылық мақсат үшін қоғамнан оңашалануды жөн көрген, көптеп кітап оқыған, ақ қағаз бен қара сияны ермек еткен. Алайда «мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың кейде қазақ ішіндегі ұрлық-зорлықтан, ұсақтық пен көре алмаушылықтан жерініп, елдің сұмдығын көруге жүрегі шыдамай, бөлек, бөтен жаққа кеткісі келген уақыттар да көп болған еді. Әсіресе бұл оның кемеліне жеткен, қартайған шағында жиі болды. Бұл жайында ол өзінің «Тоғызыншы сөзінде»: «Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін», – деп ашық айтады.

Бүгінгі коучтердің тренингтерінде адамның өзінің бүгінгі күні қандай күйде екендігін біліп алу әдісінен кейін, қазір бұл жағдайға, кемшіліктерге, жетіспеушіліктерге бірінші кезекте сол кісінің өзі кінәлі екендігі түсіндіріледі. Яғни мінді біреуден

көрмей, өзінен көру. Бұл тұрғыда Абай бір өлеңінде кінәні сырттан іздемей, өз бойыңнан көруге байланысты сөз қозғайды:

Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме-өзім жақпадым,
Енді қайда сыя алдым?
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылып тыя алдым?
Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес.

Абай «Қара сөздерінің» негізгі желісі – кеше мен бүгінді ой таразысына салу. Ойлану үшін адам, әрине, «ішкі диалогқа» жүгінеді. Содан соң ғана өз бойындағы міндерді байқайды. Хакім енді сол міндердің себебі сыртқы факторлардың әсері емес екендігін анықтап, кінәні өз бойынан іздегендігін байқаймыз. Абай «Ғылым таппай мақтанбасында» бір ғалымды тауып алып, соған еліктеу мәселесін қозғайды. Бұл жерде Абайдың өзі бізге «мінді өз бойымыздан іздеу» тұрғысында жатпай-тұрмай еліктеу арқылы үйгенуге тұрарлық хакім-ғалым, жетілген тұлға болып тұр. Оны өзінің:

Мен боламын демендер,
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.
Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі кесел асқанға, –

деген өлеңінде нақтылай түскен болатын.

«Қара сөздердегі» ғақлиялар – қазақ қоғамындағы үлкен проблемалардың бетін ашып, соның кейбіреулерінің шешу жолдарын көрсеткен еңбек. Ел-жұрт боламыз десек, әуелі өзімізді түзетуіміз шарт. Бұл жерде Абайдың ойлары коучинг қарасты-

ратын негізгі мәселелермен ұштасады. Мысалы, адамның өзін-өзі түзетуіне байланысты, бойдағы мінді теріс деп біліп, одан арылуға қарекет етпек үшін қам жемейтін қазаққа жаны ашып, тіпті көңілі де қалып, «Жиырма алтыншы қара сөзінің» соңында былай дейді: «Көңілі, көзі жетіп тұрса да, хайуан секілді әуелгі әдетінен бойын тоқтата алмайды, бір тиянақсыздыққа түсіп кетеді, ешкім тоқтатып, ұқтырып болмайды. Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда, я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп біліп, ойланып өздігінен тоқтаған адамды көрмессің». Абайдың «адам мінезін түзетуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген қанатты сөзін жақсы білеміз. Сондықтан Абай «үмітсіз шайтан» деп, қазақты түзетудің тағы бірер жолын» «Қырық бірінші ғақлиясында» көрсетеді: 1) күшпен көндіру; 2) ақшамен сатып алу. Яғни есепсіз күшке сүйеніп, зорлықпен көндіру немесе есепсіз бай болып, ақшамен паралап алу. Алайда осы қара сөзінің соңында бұл жолдардың да пайда бермейтіндігіне келіп тоқталады. Абайдың айтуынша, барлық күш пен бар байлық бір адамның қолына ешқашан бітпейді. Ал қазақтың көп күштісі мен көп байының басы бір қазанға сыюы мүмкін емес нәрсе. Сол себепті Абай бұл қара сөзінің соңында өзі ұсынып отырған екі жолдың да еш пайда бермейтіндігін айтады. Алайда сонда да үмітін үзбепті. Осы қара сөздің «Енді не қылдық, не болдық?!» деген соңғы сөйлемі бұған дәлел. Абайдың бұл жерде ұсынар ұсынысы болмай тұр. Бірақ, Абайдан кейінгі қазақ алыптарының ойына қазақты түзетудің басқа бір жолы келуі де мүмкін ғой.

Негізі, адам миының өзгеруі, ойдың өзгеруі, адамның өз-өзін өзгертуі жайында Абайдың барлығымызға белгілі жоғарыда айтып өткен сөзін мысал келтіру арқылы түйіндеуге болады: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім». Бойдағы мінін байқап, сол мінді бойдан аулақ қылу мақсатында жұмыс жасау – ер адамның ісі. Себебі мұндай адам біріншіден, кінәні сырттан іздемей, өз бойында екенін мойындап тұрғандығы және сол мінді жоюдың жолдарын іздестіркек. Абайдың «Жапырағы қуарған ескі

үмітпен» атты өлеңінің мына жолдарында да бұл турасында айтылған:

Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің,
Өзіңді-өзің күзет, кел, шырағым!

Абайдың өзіңнен есеп алғанда «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өз-өзіңнен есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіп-пісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» деп айтуы маңызды. Адам қойған мақсатының дұрыстығына жиі үңіліп отыруы керек. Абайдың пайымдауынша есеп алудың өзі бірнеше деңгейден тұрады: ең әлсізі – айына бір рет, орташасы – аптасына бір мәрте, ең мықтысы – күнделікті есеп екен. Ал неліктен Абай «жылында бір рет», «маусымында бір» рет деген уақыт аралықтарына тоқталмады деген сұрақ туындауы мүмкін. Біздің ойымша, бұндай ұзақ уақытта алған есептен пайда өте аз немесе мүлдем жоқ. Абай бұны сезген, білген секілді. Себебі қазіргі коучтер де осыған ұқсас идеяларды қозғайды. Бірнешеуіне тоқталып көрейік:

1. Америкалық Брайан Трейси адамның өзін-өзі өзгертуіне немесе бойдағы зиян қылықтарды тастап, пайдалы әдеттерді қалыптастыру үшін 21 күн уақыт керектігін айтады. Ол бұны тауықтың балапан шығару үшін 21 күн бойы қозғалмай жұмыртқаларының үстінде жататынымен түсіндіреді. Адамға қарағанда ақылсыз әрі миы бірнеше есе кішкентай тауықтың өзі өзін-өзі ұстап жұмыртқаларының үстінде 21 күн жатқанда, адамға бұл уақытта өзін қадағалау әлдеқайда оңай екендігін ескертіп, 21 күн қайталанған іс-әрекет адамның бойына көп жағдайда еріксіз сіңіп кететіндігін айтады.

2. Ислам дініндегі отыз күн ораза да осы коучинг идеясының бір мысалы. Біраз дін ғалымдары айтуынша, отыз күн оразада жаман қылықтардан бойын тыйған адам, көбіне шариятқа келмейтін нашар әдеттер мен пендешілікті тастап, мүлде ұмытып,

аулақтап кетеді. Біразы дінге беріледі, көбі Абай айтқан «толық адам», яғни жетілген тұлғалыққа ұмтылады.

3. Коучтердің басым бөлігі есеп алу барысында күнделік жазуды қолдануға кеңес береді. Яғни адам күнделікті істеген әрекеттерін жазу арқылы олардың пайдалы-пайдасызын саралап, ертеңгі күні, болашақ апталық, айлық, маусымдық, жылдық жүзеге асырмақ болған жоспарларды жазып отыру. Бұл тұрғыдан келгенде осы ғақлиядағы мына сөздің де маңызы зор: «Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?». Абайдың айтқанына қарағанда, адам есеп алу барысында өзінің іс-әрекеттерін үш жақты қарастыруы жөн. Олар: білім, ахирет, дүние. Әрине, бұл – Абай қарастырып отырған үш негіз. Бірақ әрбір адам өз қажетіне қарай бұған басқа да қосалқы негіздерді қоса алады. Мәселен, денсаулық, салмақ, ақша, т.с.с. Әр адамның қарекеті әртүрлі. Сондықтан бұл сандар жеке адамға байланысты өзгере береді.

«Адам баласының ең жаманы – талапсыз», – дейді хәкім Абай «Қырық төртінші» ғақылиясында. Неліктен «талапсыз» адам ең жаман болуға тиіс? Неге «еріншек» емес? Неге «зұлым» емес? Неліктен «айлакер» емес? «Талапсыз» адам ең жаманы екен. Ой жүгіртіп қарасақ, жалқаулық та, еріншектік те, залымдық та, арамдық-айлакерлік те түбі талапсыздықтан шығады екен. Талапсыздық – барлық кесапаттың, кедейліктің бастауы іспеттес. Ал талаптылық – қарекеттің, берекеттің, байлықтың бастамасы. Алайда арамдықпен мал табуға ұмтылу, зорлық-зомбылық жасауға ұмтылу, кісі ақысын жеумен әуестену де талап. Бұнда Абай айтып отырған талаптану жанағы айтқан кейінгілері емес, керісінше ізгілік жолда, таза жолда талаптану болмақ. Мұны хәкімнің осы қара сөзінің жалғасынан байқаймыз: «Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді». Яғни талаптың өзіне де өлшем керек екен. Ал Абайдың айтуынша талапты өлшейтін құрал – кітап, яғни қасиетті Құран Кәрім болмақ. Адам қыламын деген талабын осы кітаптың үкімімен «адал», «халал» деген істері болуы керек екен. Және осы талап жолындағы қарекетті бастамас бұрын, көкіректі тазалап, ниетті түзету керек,

ниет Алланың ризалығы үшін, адамзаттың игілігі үшін болмақ керек дейді. Содан соң ғибадат қылу, яғни Аллаға құлшылық етіп, намаз оқып, дұға тілеп, ойға алған ниеттің дұрыстығына, оның орындалуына Құдайдан жәрдем сұрау керек екен. Бұдан кейін ғана адам hareketке көшсе, істегені оның біліміне де, ахиретіне де, дүниесіне де пайда бермек. Ал осы жолсыз бірден талапқа көшу көбіне адамды адастырады. Мұндай адам, Құдайды ұмытып, жеткен жетістігін тек өзінің еңбегінің, қайратының себебінен деген ойға бекиді. Бұл жерден мақтаншақтық, рияқорлық, тәкаппарлық та алыс емес.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанбасындағы» «бес асыл істің» алғашқысы – талап. Содан кейін ғана – еңбек, терең, ой, қанағат, рахым. Ал бұл талаптың өз дұрыс кісісін табуын «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез, – дейді. Талаптанушының барлығы бірдей білімді, көп оқыған, тоқыған болуы шарт емес. Олардың білімділерден шыққан сөздің дұрыстығын, «нұрын», «сырын» көре аларлық көкірегі ашық болса да жеткілікті.

Ұлылардың айтқан сөзінен адам баласы талаптанбас бұрын сол талабын таразыға салып алу керек екендігі белгілі болды. Ендігі кезекте сол талапты жүзеге асыратын нәрсе – еңбек. Еңбек жайлы атам қазақ ежелден бері «Адамды адам еткен – еңбек», «Еңбектің наны тәтті», «Еңбек етсең емерсің», «Еңбек бәрін жеңбек», «Бейнет түбі – зейнет» және т.б. көптеген нақыл сөздерді айтып келеді. Ал «еңбек» тақырыбы коучингтің негізі болып табылады.

Абайдың «бес асыл ісіндегі» екінші кезекте келетіні – еңбек. Яғни адам құр талаптанбай, сол талапты орнына жеткізу үшін еңбектенуі керек. Барлығымызға бала кезден таныс, бүгінгі күні тіпті кейбіреулер авторы белгісіз халық мақалы санайтын Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деген сөзі адамның еріншектікті жеңіп, еңбек еткен адам жұрттан тілеп, сұрап жүрмей-ақ өз қарнын тойдыратын нәпәқаны өз еңбегімен тауып, қарнын тойдыра алады деген мағынаны береді. Абайдың айтуынша еңбекпен айналыспаған адам өзгеден тілемсек келеді. Ондай адам көбіне істің ретін білген күннің өзінде де ауырдың үстімен, жеңілдін астымен жүруді жөн санап, қулық-сұмдықпен,

көз сүзумен қарнын тойғызуды жөн көреді. Бұндай жолдағы адамдарды Абай өзінің төртінші ғақылиясында қатты сынға алып, істеген әрекеттерін әшкерелеп, сөз соңын былайша түйіндейді: «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды». Өзі біреуден тілемсектенген, сұрамсақтанған адам түбі сол адамның құлына айналып, алдында қарыздар болып сезінеді өз-өзін. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» деген өлеңінде айтылған:

Өз пұлынмен халің жоқ күнде тояр,
Құлдық ұрып асайсың асы бардан.
Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,
Ас берер ауыл іздеп жүрсің босқа.
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Ас берген бай көбіне асын тегіннен-тегін беріп қоймай, сол кедейді барынша іске жұмсап қалуға тырысады. Өзінің бір ісін тындыру үшін бұл қарыздар адамның уақытын, күшін пайдаланады. Абай бұдан құтылаудың жолын жоғарыда келтірген ғақылиясында «еңбегінді сау» деп келтірсе, осы өлеңнің келесі бір шумағында былайша баяндайды:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел.
Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
Есек к...н жусаң да, мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.

Адам баласының ең үлкен қателігінің бірі – ұят деген нәр-сені дұрыс түсінбеуінде. Көбіне құдайдың адал деп бекіткен істерін қылуға арланып, керісінше шарифатқа теріс істерді дұрыс санап, соған ұмтылу біраз адамның бойында бар қасиет. Абай елден тілемсектенгеннен гөрі, «есектің артын жусаң да мал тап» дегенді айтып тұр. «Есектің артын жуу» секілді жағымсыз болса да, шарифатқа теріс емес адал іс, біреуге телміріп көзін сатқаннан әлдеқайда абзал. Боқ ешкімнің қолына жұғып қалмайды,

алайда біздің қоғамда бұндай адамды кемшін санау бар екендігі анық. Бірақ басқалар кемсіткенімен бұл жерде өзін кем санауға ешқандай да негіз жоқ. Бұл жайында Абайдың он алтыншы сөзінде: «Ұялмас нәрседен ұялған мұндай ұят шын ұялу емес – ақымақтық, жамандық» және жиырма алтыншы ғақылиясында: «Ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері», – деген пікірлер айтылған. Сондай-ақ «Жиырма тоғызыншы» сөзінде де бұл жайында сөз қозғайды: «Әуелі, «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі».

Байқап қарасақ, Абай – шынымен де әлемдік деңгейдегі тұлға. Оның айтқан ақылы, ескертулері бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ал қазіргі кезде кең етек жайып келе жатқан коучинг тұрғысынан қарайтын болсақ, тіпті бұрынғыдан да маңызды бола түсуде. Абайдың осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтқан ойларының өзі бүгінгі қазақ қоғамына бере алатын көмегін айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл даналық сөздерде бүкіләлемдік ғылыми-техникалық, заманауи өзгерістерге ілесе алатын, тіпті оның бағыт-бағдарын өзгерте алатын қоғам тәрбиелеуімізге, ұрпақ қалыптастыруымызға апаратын жол көрсетілген. Ал жолымыз анық, айқын секілді, келесі қадам бізден.

Л.Ж. Мұсалы,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Н.Ә. Алдабек,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Г. Ыбырайқызы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖОО-ДА ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯСЫ

Абай Құнанбаев шығармаларын әсіресе орта білім беру орындарында оқыту қазақ әдебиетін оқыту принциптерімен тығыз байланысты екендігі белгілі. Абайтану пәнінде Абайдың өмірі мен шығармашылығына, шығармаларының жазылу уақыты мен тарихына, сонымен қатар ақынның сөз өнерінің биік үлгісі ретінде дәріптелетін поэтикасын зерттеп зерделеуге басымдық беріледі.

Қазіргі қоғамда болып жатқан жаңа өзгерістер, тереңнен ойлап, нәтижелі әрекет жасауға бейім, бәсекеге қабілетті еңбек-қор жастардың қатарын ұлғайтуда бізге керек сөз – Абайдың сөзі. Толық адам қалыптастыруды басты мақсат еткен дана Абай бүкіл шығармашылығы арқылы адамды кемелдікке жеткізудің жолын айқындап берді.

Өткен ғасырдың басында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б. алаш зиялыларының Абай туралы мақалалары арқылы белең алған Абай мұрасын тану, таныту мүддесін әрі қарай жалғастырған бас абайтанушы М.О. Әуезовтің абайтану ғылымының негізін салушылардың бірі екендігі баршамызға мәлім. Сол кезден бастап күні бүгінге дейін абайтану ғылымының іргесі кеңейіп, Абай мұрасы әр қырынан зерттелініп келді. Әлі де зерттеліну үстінде. Осы орайда барша Абай сүйер оқырмандар үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған, жалпы редакциясын осы институттың директоры, ф.ғ.д., профессор Ж. Дәдебаев басқарған елу томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» жинағының абайтанудың өз алдына дербес ғылым ретіндегі жүйесі мен

тарихын қалыптастырудағы елеулі орнын атап айтқымыз келеді. Абай және оның шығармашылық әлемі туралы ғылыми зерделеніп, зерттелген мақалалардың хронологиялық жүйемен берілуі аталған серияның басты ерекшеліктерінің бірі деуге болады.

1942 жылдан бері еліміздің жоғары оқу орындарында оқытыла бастаған Абайтану пәні қазіргі кезде бірқатар іргелі университеттердің филология факультетінде өз жалғасын табуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында білім беру саласын заманға сай дамыту керек дей келе, ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеуде Абай мұрасының тигізер пайдасы зор екендігін атап өтті. «Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [1].

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамытудың аса маңыздылығы жайында тұжырымын «Абай – рухани реформатор» мақаласында жалғастырып, алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлінбес бөлшегі ретінде «Абайтану» курсын оқыту мәселесін қолға алу керектігін айрықша атап өтті.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы тапсырмасына орай 2022 жылдан бастап оқу және таным үдерістерін Абайдың өлеңдері мен поэмаларында, қара сөздерінде өрнектелген «қуатты ойды» ашып айқындауды, Абай ілімінің негіздерін терең таныту мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірқатар мамандықтарында «Абай ілімі» оқу пәні оқытылып келеді. Бұл пән «Абай ілімі туралы түсінік», «Абай ілімінің қайнар көзі», «Абай ілімінің категориялары», «Абай ілімінің өлшеу құралдары», «Абай ілімінің мәні мен маңызы» секілді негізгі тараулардан


тұрады. Алаш көсемдерінің бірі А. Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» мақаласында: «Абайдың сөз жүйесін, пайымдауларын бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» [2, 136], – дейді. Ұлт ұстазының осы пікірі Абай шығармаларын меңгертудің, оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындауда маңызы аса зор.

Нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отырған қазіргі қоғамда, әсіресе бүгінгі жастар, келешек ұрпақ нағыз Абайды тануы үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызының ашылуы да аса өзекті. Бұл қазіргі абайтанушы ғалымдардың зерттеулерінің ғана емес, жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік мәдениет секілді құзыреттіліктерді қалыптастыруды, дамытуды көздейтін оқытушының да басты нысанасы болуы тиіс.

Абай – ұлы ақын ғана емес, терең ойдың иесі. Абай іліміндегі басты проблема – тіршілік иесі саналатын адам өмірінің мәні және адамның болмысы. Сонымен қатар «Абай ілімі» – адамгершілік, иман, ар-ұят туралы ғылым. Осы өзекті мәселелерді Абай сөз патшасына тенеген оның өлеңдері, поэмалары және қара сөздері арқылы ұғындыру – оқытудағы негізгі мақсаттардың бірі.


XXI ғасырда трендке айналған инновация сөзімен байланысты білім беру, оқыту саласындағы әдістер жеткілікті емес, жетерлік десек те болады. Білім берудің қай деңгейінде болсын, қолданылатын инновациялар қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге, сұраныс-талаптарға ықпал ететін, қоғам дамуына қажетті және табиғи шарты десек те болады. Әсіресе оқытудағы инновациялар ұлттық құндылықтарымыз мен қазіргі заман өкілі, яғни

тұлғаның бойында болуы тиіс құзыреттіліктердің берік орнауына әсері бар деп есептейміз. Әрине, дәстүрлі оқытудың мәні мен маңызына әлі де болса шек келтіре алмаймыз. Десе де жаңа мазмұндағы пәндерге жаңа әдістер жүйесін қолданудың өзектілігі зор екендігі айтпаса да түсінікті.



«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», – деп Абай атамыз айтпақшы бүгінгі күні әр оқытушы өзінің тәжірибесіне, көрген-білгеніне, түйгеніне қарай әртүрлі «инновациялық, жаңа» әдістерді қолданады. Бірақ оқытудың әдіс-тәсілдері көп болғанымен, олардың басым көпшілігі тиімді нәтиже бере бермейді. Ең өкініштісі, білім берудің әртүрлі мүмкіндіктері бола тұра оқу процесінде кешегі мектеп оқушысы, бүгінгі студенттің жеке қасиеттері мен шығармашылық өсу қажеттілігі ескерілмей жатады. Сондықтан көп ретте әріптестеріміздің дәстүрлі оқыту тәсілдерін, яғни дәріс оқу, семинар сұрақтарын әзірлеу, конспектілеу, тест сұрақтары, т.б. тапсырмалар ұйымдастырумен ғана шектеліп жататыны рас. Инновациялық оқытуды іске асыруда оқу аудиториясының ақпараттық-технологиялық, материалдық мүмкіндіктермен толық қамтамасыз етілмеуі де – өз алдына проблема.

Білім беру жүйесіне қарқынды еніп жатқан инновациялық технологияларды қолданудағы басты мақсат – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және сыни ойлау дағдысын дамыту. Пәнге деген қызығушылықты арттыру мақсатында қолданылатын технологиялардың бірі ретінде «Блум таксономиясын» айтуға болады.




Аталған тәсілдің басты ерекшелігі – оқу және таным деңгейлері белгілі бір реттілікпен, жүйе бойынша орналасқан. Сонымен қатар төменнен жоғары қарай орналасқан оқу және таным деңгейлері білім алушыны үздіксіз ізденімпаздыққа баулиды. Терең, әрі сыни ойлау дағдысын қалыптастырады. Меңгеретін тақырып бойынша салыстырулар, талдаулар, болжамдар жасайды, әр деңгей сайын білім алушыда білімді игеруге деген қарқынды ұмтылыс, нәтижелі белсенділік пайда болады. Ең бастысы бұл стратегия білім алушының желеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады.

Сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі Блум таксономиясы бүгінде көпшілік үшін тың дүние емес. Десе де қазір жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары да Блум

таксономиясының жаңа жүйесіне негізделіп құрылады. Қысқаша айтқанда, Блум таксономиясы бойынша оқыту – бұл оқу процесі, білімді меңгеру процесі. Сонымен қатар бұл стратегияны білім алушылардың алдына қойылған оқу мақсаттарына жетуіне ықпал ететін семинар сұрақтары мен тапсырмаларын дайындайтын және студенттің алған білімін сол оқу-танымдық деңгейлерге сәйкес бағалайтын оқытушының әрекеті деп түсінуге болады.

Бүгінгі күні білім беру саласында қолданылатын инновациялық технологиялар пікірлесу, талқылау, проблеманы шешу, өз бетінше іздену секілді зерттеу, зерделеу, сын тұрғысынан ойлау әрекеттеріне негізделеді. Сын тұрғысынан ойлау әдісі – білім деңгейін көтеруде, өз ойларын еркін айтуда, тез арада дұрыс шешімдерін табуға ықпал ететін бірден-бір тиімді әдіс.

Осы технология бойынша әр сабақ 5 кезеңнен тұрады:



Сөзімізді дәлелді болу үшін «Абай ілімі» пәні бойынша семинар сабағынан мысал келтірейік. «Абай іліміндегі адам және заман сипаты» тақырыбында өтетін семинар сабағында алдымен студенттердің тақырыпқа қызығушылығын ояту үшін «Ми шабуы-

лы» әдісін қолданамыз. Аталған әдісті қолдану алдында студенттер мыналарды білуі керек:

- Адам және дәуір – өнердің, оның ішінде көркем әдебиеттің, көркем туындының басты мәселесі екендігін білуі маңызды. Себебі адам тұлғасының даму заңдылықтарын тұлғаның ерекшеліктерін, тарихи жағдайын білмейінше түсіну мүмкін емес.

- Абайдың адам және заман жайын сипаттайтын шығармаларының тақырыбын, идеясын, мазмұнын.

Білім алушылардың шығармашылық ізденістерін, өзіндік ой-пікірлерін жетілдіру, игерілген ақпарат арқылы сыни ойлауы мен метатанымдық қабілеттерін арттыруды мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту арқылы жүзеге асыруға болады. Мәтін мазмұнын жан-жақты ашу үшін қолданылатын белсенді әдістер, оның ішінде атап айтқанда тақырып бойынша мәтіндік талдау, сыни тұрғыдан ойлануға байланысты жағдаяттық тапсырмалар білім алушылардың өзіндік ізденісін де арттыруға мүмкіндік береді.

1-тапсырма. Мәтінді түсіну, талдау. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. 26. – 70-б.

Ақын шығармашылығында жеке адамдардың немесе жалпы жұрттың мінездеріндегі, істеріндегі жамандықтар да, әлеуметтік топтардың типтік тілектері мен ниеттері де толық сипатталады. Абайдың заманында елдің билігі жат қолында еді. Жат жарылқамады. Жаман көрсе, оны жақсылықпен түземеді. Билеуші де, билеу жүйесі де қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетіне жат бағытты ұстанады, елді бірлік пен ынтымаққа, жақсылық пен ізгілікке ұйытпай, жамандыққа, надандыққа, жаулыққа жол ашты. Жұрт сағымдай төңкеріліп құбылды. Бас-басына би болған өңкей қиқым елдің сиқын бұзды. Ел арасы бүлінді. Бір кісінің мыңға әлі жетпегені сияқты, жүз кісінің сұмға әлі жетпеді. Қу мен сұм белең алды. Ар ойлайтын адам азайып, еңбексіз пайда табуды ойлайтын сабырсыз, арыс, көрсе қызар, жалмауыз жандар шықты. Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек бұлардың ажарын ашатын айрыққа көрікке айналды. Алашқа артынан күліп, ішінде жаулық сақтады, жақынын тіріде аңдып, өлсе өкіріп

жылайтын әдет тапты. Теріні сатпай, телміріп, көзін сатып, теп-тегіс аларман болды. Ұрлықпен мал табатын, егессе, ауыл шабатын құдай атқандар, бойы бұлғаңдар, сөзі жылмаңдар, басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл кердең надандар бой көтерді. Аулаққа шыққыш, сыбырлап бұққыш бұзылғандар, қулықты көргіш, сұмдықты білгіш пасықтар мен пысықтар қатар түзеді. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шаппақ өріс алды, қулық-өнерге, ұрлық кәсіпке айналды. «Ісі білмес, кісі білер» деген мақал туды. Жақсылардың үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі қылмыстық іс көрсеткен арызқойлар, жалақорлар, пәлеқорлар белең алды. Ақты қара деуші, көрмегенді көрдім деуші жалған куәлік берушілерге жол ашылды. Бас пайдасы үшін біреуге мақтау сөзін айтып, қошеметін көрсетіп, ақыры оны аранға түсіретін алдампаздар алға шықты. Бәрінің көздегені мен көксегені дүние болды. «Сұм-сұрқия, қу заман [2, 168-бет] солардың көрер көзіне гүл көрінді. Дүние олардың көзі мен көңілінің құртына айналды: біреу шекпен кигісі келді, біреу шен таққысы келді, біреу мал тапқысы келді... Надандар сол үшін дауласты, зұлымдар сол үшін жауласты, арамдар сол үшін арбасты, қулар сол үшін алдасты. Сол үшін біреулер ар төкті, сол үшін қан төкті. Бұлардың ішкі мұзын көңілдің нұры, күннің қызуымен де, көздің жасы, жүректің қанымен де еріту мүмкін болмады.

Жоғарыда келтірілген «Абай іліміндегі адам және заман сипаты» тақырыбындағы семинар сабағының тапсырмасы бойынша қолданылатын әдіс-тәсілде білім алушы Абай іліміндегі адам мен заманды сипаттайтын мәтіннің мазмұнын түсінеді. Мәтін мазмұнын семинар тақырыбына сәйкес түсіндіру, салыстыру, бағалау жұмыстарын жүргізе алады; мәтіннің жасырын мағынасын және мәтінге енгізілген көркем бейнелеуіш құралдардың, сөздердің мағыналық топтарының мәнін анықтай алады; қажетті ақпаратты іріктейді және өңдейді; шығармашылық жұмыстарды жанрлық және стилистикалық ерекшеліктеріне сәйкес орындай алады.

Түйіндеп айтқанда, ЖОО оқытушысының Абайдың терең пайымды ойларын зерделеуге мүмкіндік беретін педагогика, психология ғылымдарын барынша терең меңгеруге тырысып, әр са-

бақта ұтымды әдіс-тәсілдерді аталған негіздермен бірлікте қатар өре білуі «Абай ілімі» пәні бойынша дәріс, семинар сабақтарын нәтижелі әрі қызықты өткізудің бір кепілі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы [электронды ресурс] – 2020 ж. – URL: <http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. І том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрбозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 136-143-беттер.

АБАЙ МҰРАСЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ МЕТА-АНАЛИЗИ

Абай – дана, Абай – дара қазақта,
Ондай нағыз кемел жандар, аз атқа...
Абай – дана, Абай – дара алашта,
Тамыры зор шөліркемес ағаш та...
Қай кезде де ортақ елге жақсы ісі,
Ақиқаттың қашан да ащы апшысы...
Абай – талай ақындардың ішінен,
Шыққан дара – единица жақсысы...

Иә, Абай – қазақ халқының бірінші ақыны. Міржақып Дулатов «Қазақ» (1914, № 67) газетіне сонау 1914 жылдың өзінде көрегендікпен былай деп жазған еді: «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнеге-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...». Міржақып Дулатовтың осы айтқандары бүгінде орындалып, білім мен технология дамыған қазіргі заманда халық пен Абай арасы «күшті махаббатпен жалғасын» тауып жатыр. Абайды тану оның мұрасының игерілуі, танытылуы, ғылыми тұрғыдан зерттелуі қай кезде де маңызын жоғалтқан жоқ. Абай мұрасы қазіргі уақытта сан-салада зерттеліп, елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде танытылып, насихатталып жатыр. Абай мұрасы бұрынсоңды болмаған деңгейде елімізде, әрі шет елдерде айтылып, жазылып, жарияланып, түрлі ғылым саласының зерттеу нысанасы болып жатқан белсенді кезеңін бастан кешіп отыр. Айналысқан ғылым саласының бағыт-бағдарын толығырақ қамтитын дереккөз әдебиеттер келешек зерттеушілер үшін қай кезеңде болса да өзектілігін жоғалтпайды. Абай мұрасының қым-қуат насихатталып, зерттеліп жатқан кезінде абайтану ғылымының даму деңгейін көрсететін зерттеу еңбектерге қажеттілік туындайды.

Сондықтан Абай мұрасына жасалған еліміздегі ғана емес, сонымен қатар шет елдердегі еңбектердің анықталуы, жинақталып, топтастырылуы қажетті әрі жауапты іс болмақ. Мақаламызда абайтанудың бастапқы кезеңінен бүгінге дейін жасалған, жарияланған Абай мұрасына қатысты ғылыми еңбектерді бір жерге жинақтап, талдау көзделді. Бұндай зерттеудің болашақ Абай мұрасын зерттеушілерге абайтанудағы ғылыми әдебиетті анықтап, не жасалды, не жасалуы қажет деген сұрақтың жауабын іздеуде көмегі тиетіні сөзсіз.

Абайтануда Абай мұрасына қатысты 1940-2020 жылдар аралығында Абай зерттеулері жайлы 21 библиографиялық еңбек жасалып, кітап түрінде басылды (кесте). Бұл еңбектер көп жағдайда елімізде жасалған еңбектердің библиографиялық көрсеткіштерін ғана қамтиды. Бұл жағдай Абай мұрасының библиографиялық көрсеткіштерін әлемдік деңгейде қамтитын еңбектің жасалуы керектігін көрсетеді.

Материал және әдістер. Мақаламызда сапалық зерттеу кейс-стади әдісі қолданылды. Бұл әдіс абайтанудағы Абай мұрасына жасалған еңбектердің әлемдік беделді ғылыми дереккөздердегі библиографиялық көрсеткіштеріне шолу және мета-анализін жасауға мүмкіндік береді.

Абай және оның шығармаларына жасалған ғылыми еңбектер Web of Science дерекқоры, Researchgate.net, Scopus Elsevier деректер базасы, мәтін анализі (text mining) ақпарат жинау (data mining) тұрғысынан зерттелді. Elsevier Scopus дерекқорындағы (social sciences), өнер және гуманитарлық ғылымдар (arts and humanities) бөлімдері бойынша іздеу жасалды. (10.06. 2023). Іздеуде «abay», «abai», «qunanbayev», «kunanbayev», «kounanbaiouly», «abay kazakh poet», «abai poetry», «Абай Құнанбайұлы», «Абай Құнанбайұлы» деген кілтсөздер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау.

Абай мұрасына жасалған ғылыми еңбектердің мета-анализі төмендегідей мәселелерді қамтиды. Олар: Абай шығармаларының әр жылдарда кітап болып басылуы; Абай мұрасының әлем тілдеріне аударылуы; Абай мұрасына жасалған библиографиялық еңбектер (1940-2020) ғылыми зерттеу мақалалардың елімізде

және әлемдік беделді ғылыми дерекқорлардағы жариялану жағдайы.

Абайтанудың бастапқы жылдарынан бүгінге дейін Абай мұрасы жайлы әртүрлі салада еңбектер, өнер туындылары елімізде ғана емес, әлемде жазылып, жарияланып келеді. Абай шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылды.


Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында Абай шығармаларының ұлттық құндылық тұрғысынан және қазақ қоғамының дамуындағы рөлі жайлы былай деп жазды: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріп-тегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз» (1). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев (2020) «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы әлемнің біршама елдерінде аударылып, жарияланды. Төменде (1-сурет) Президентіміздің осы мақаласының әлемде аударылып жариялануының картасы көрсетілді.



1-сурет

1909-2020 кітап түрінде жарияланған Абай шығармалары-
ның саны:

1-кесте



Кесте бойынша, 1909 жылы жарық көрген Абай шығармаларының саны 1968, 1995, 2018 және 2020 жылдары артқан.

1940-2020 жылдар арасында 18 библиографиялық еңбек жарияланған (2-кесте).

2-кесте


Абай мұрасы жайлы библиографиялық еңбектер (1940-2021 жылдар)		
	Жылдар	Еңбектің атауы
1	1940	Абай. Критико-биографический очерк, стихи и библиография (К 95-летию со дня рождения поэта). Литературный сектор Казахстанского филиала Академии наук СССР. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1940. – 46 с.
2	1946	Абай. Абайдың 1889-1945 жылдары басылған шығармалары мен ол туралы жазылған әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші (қазақша-орысша; құрастырған Сабитов Н.). Қазақ ССР Ғылым академиясы. Тарих, археология және этнография институты; Қазақтың А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1946.
3	1948	Сабитов Н. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші, 1892-1917 жылдары, 1948.
4	1957	Сильченко Митрофан Семенович. Творческая биография Абая = Абайдың творчестволық өмірбаяны. АН КазССР, Ин-т языка и лит.; Алма-Атинский гос. пед. ин-т им. Абая. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1957. – 292 с.
5	1958	Суюншалиев Х.Ж. Абай Құнанбаев. Биобиблиогр. Очерк. (М-во культуры Казах. ССР. Глав. упр. Изда-


		тельств и полигр. промсти. Книжная выставка. Декада казах. искусства и литературы в Москве. 1958). – Алма-Ата, 1958. – 24 с.
6	1965	Абай Құнанбаев = Абай Кунанбаев: библиографиялық көрсеткіш; библиографический указатель / Құрастырғандар: М. Мырзахметов, М. Қойшыбаева, Ф.И. Эльконина; ғыл. консультант Қ.Ж. Жұмалиев). Қазақ ССР-нің А.С. Пушкин атындағы республикалық кітапханасы. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1965.
7	1966	Бөжеев М. М.Әуезов творчествосы жайында библиографиялық көрсеткіш. Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1966.
8	1968	М. Әуезов ұсынылатын әдебиет көрсеткіш. Қазақ ССР-ның А.С. Пушкин атындағы кітапханасы. – Алма-Ата: «Қазақстан» баспасы, 1968.
9	1988	Мырзахметов М. Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш = Абаеведение. Библиографический указатель. – Алматы: Ғылым, 1988. – 240 б.
10	1989	Библиографический указатель литературы по тюркологии (по материалам журн. «Сов. тюркология». 1970-1988 гг.; сост. Ш.Ш. Сарыбаев). АН Каз.ССР; Ин-т языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 193 с.
11	1995	Абай және архив = Абай и архив. (Қазақстан Республикасының министрлер кабинеті жанындағы архивтер мен құжаттама бас басқармасы; мәтіні қазақ және орыс тілдерінде). – Алматы: Ғылым, 1995. – 215 б.
12	1995	Абай Құнанбаев = Абай Кунанбаев: библиографиялық көрсеткіш / Құрастырған Аймұқамбетова К., Жорабаева Г., Баймұратова А.). ҚР Ұлттық кітапханасы. – Алматы, 1995. – 299 б.
13	1996	Абай және баспасөз. З. С. Тайшыбай (XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің материалдары бойынша; жауапты редактор Р. Нұрғалиев). – Қарағанды, 1996. – 175 б.
14	1998	Абай кемел ойдың кеменгері. Әдебиет көрсеткіші. ҚР Ұлттық кітапханасы; мәтін қазақ, орыс және ағыл-шын тілдерінде). – Алматы, 1998. – 69 б.
15	2005	М. Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш, М. Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институты. – Алматы: Жібек жолы, 2005; 2009. – 331 б.
16	2007	Абай Құнанбаев: библиографиялық көрсеткіш. (қазақ және орыс тілдерінде; 1995-2006). – Алматы: Арда, 2007. – 208 б.
17	2011	Мұхамедханұлы Қайым: библиографиялық көрсеткіш=Каюм Мухамедханов: библиографический указатель. Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы

		әмбебап кітапхана, ақпараттық библиографиялық бөлімі. – Семей, 2011. – 47 б.
18	2021	Мухияева Г.С., Дүйсенбі А.К. Единица – жақсысы: Абай мұрасының ғылыми библиографиясы. – Алматы, 2021. – 316 б.

Абайдың 175 жылдық мерейтойына байланысты Абай және оның шығармалары елімізде, шет елдерде насихатталды, шығармалары шет тілдеріне аударылды. «Произведения Абая переведены на 34 языка мира: английский, армянский, арабский, азербайджанский, башкирский, болгарский, белорусский, венгерский, грузинский, испанский, каракалпакский, китайский, корейский, киргизский, латышский, литовский, молдовский, монгольский, немецкий, польский, русский, узбекский, таджикский, татарский, турецкий, туркменский, украинский, уйгурский, урду, якутский, французский и чешский» (5, URL-1)

3-кесте





2-сурет. Баку қаласындағы Абай атындағы көшенің картадан көрінісі

Қорытынды, тұжырымдар

Қазіргі кезде Абай және оның мұрасына қызығушылық әлемдік деңгейде артып отыр. Сондықтан Абай және оның мұрасына жасалған еңбектердің еліміздегі ғана емес, әлеміндегі жай-күйі анықталып, талдануы қажетті, де өзекті. Мақаламызда Абай мұрасына қатысты академиялық ғылыми зерттеулердің библиографиялық көрсеткіштері Web of Science, Researchgate.net, Scopus Elsevier деректер базасындағы ғылыми, академиялық рецензияланатын журналдардан, халықаралық әлемдік стандарттарға сай жариялану қызметін ұсынатын дерекқорлардан анықталды.

Scopus деректер базасында (10.06.2023) қаралған уақытта 1960-2023 жылдар аралығында жарияланған Абай мұрасына қатысты бар болғаны 13 зерттеу мақаласы жарияланғанын көруге болады. Бұл көрсеткіш Абай мұрасын әлемдік беделді ғылыми ортада танытатын ғылыми зерттеу жұмыстарының санының аздығын көрсетеді. Бұл құбылыс Абай мұрасы әлемдік деңгейдегі ғылыми ортаға таныту бағытында зерттелуі қажеттігін күн тәртібіне ұсынады. Осыны ескеріп, ғалымдар, зерттеушілер бірлесе отырып, Абай шығармаларын шет тілдеріне аударып бергенше, әлемдік дең-

гейде зерттеулер жасау бағытында жұмыстар жасалуы керек деген қорытынды жасауға болады. Сөзімді:

Мән арқылы дертке дауа іздеп ем,
Содан туған бұл бір еңбек, ізгі өлең...
Талап қылдық осы еңбекпен біз де бұл,
Ақиқатқа Абай жүрген ізбенен.
Пана болмас жалғыз ағаш, құр бұтақ,
Біздің әлем ғақылиядан тұр жұтап...
Білім үшін, ғылым үшін керекті,
Арман бар ма қалдыра алсаң бір кітап, –

деген өлең жолдарымен қорытсам деймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. – 9 қаңтар. – 2020.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.
3. Абай Құнанбаев: библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Арда, 2007.
4. Мырзахметов М. Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ғылым, 1988.
5. URL-1. [https://Торжественное открытие культурно-информационного центра «Абай»](https://Торжественное_открытие_культурно-информационного_центра_«Абай») 27 января, 2020.

Марат Нұрғазыұлы Бекбосынов,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті «Хакім Абай» ҒЗО-ның
Бас ғылыми қызметкері,

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ РУХАНИ ӨЗЕГІ

Біз неге Абайды ұлтымыздың рухани ұстазы, адамзатқа ортақ өлмес сөздің иесі дейміз? Жалпы Абайды не үшін оқимыз? Сөзді бұлай бастаудың себебі кейінгі кезде: «Біз Абайды түсіндірмеуіміз керек, біз Абайды түсінуіміз қажет», – деген сөздерді оқып, естіп жүрміз. Олай болғанда, ұстаз бен шәкірт, мектеп пен оқушы, тұлға мен қауым сынды үйретуші мен үйренушінің қажеті не? Бұл орайда Абай: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим (өзіндік дұрыс қасиет; өзіңе тән мінез-құлық) һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады» [1, 124], – дейді. Яки адамның махаббатпен білмекке құштар болуын оятатын осы үш үйретуші. Осы үшеуі бірігіп нағыз жақсы ата-ана, жақсы ұстаз, жақсы замандас болған қоғамда, сол елдегі халықтың келешегі жарқын, атар таңы арайлы болмақ. Міне, сондықтан да Абайдың «сахараны басқан қара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «Таңың белден атады, күнің сонау жақтан шығады» [2, 275], – деумен өткен арпалысты ғұмыры халқын, қала берді адам баласын адамдық игі қасиеттерге, білім-ғылымға, адамзатқа ортақ мораль принциптері мен гуманизмге шақырумен өтті. Сондықтан біз Абай мұрасын түсініп қана қоймай, шамамыз келгенше, түсіндіруіміз де қажет. Мұны:

Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл [3, 62], –

деп Абайдың өзі де айтқан.

Сонымен, Абайды біз не үшін оқып, неліктен түсініп қана қоймай, қал-қадырымыздың жеткенінше түсіндіруіміз керек? Қанша жерден құбылтып, құйқылжытып, түрлі стильде, алуан терминдерді қолдана отырып сөйлесек те, Абай мұрасының күллі мазмұны адамды тәрбиелеуге, адамгершілік ілім бұлақтарынан нәр алуға жетелейді. Екінші сөзбен айтқанда, Абай мұрасы – адамгершілік ілімінің қайнары.

М.О. Әуезов Абай мұрасының нәр алған, толысқан, кемелденген рухани бұлақ көздерін «Абай ақындығының айналасы» [4, 239-254], «Абай еңбектерінің биік нысанасы» [2, 275-282] атты еңбектерінде: төл әдебиет пен халық даналығы, Шығыс руханияты және орыс, сол арқылы Батыс әдебиеті мен мәдениеті деп атап-атап көрсеткен. Алайда Абай нәр алған осы айтылған рухани бұлақ көздерінің әрқайсысы күні бүгінге дейін үлкенді-кішілі талай-талай зерттеулерге жүк болған ауқымы зор күрделі кең тақырыптар. Оған қоса, бұл мәселеде Абайдың ақындық кітапханасы, сол дәуірдегі осы үш мұра көзі өкілдерінің шығармашылық әдеби бағыттары мен олардағы идеялар, олардың Абайдың әдеби көзқарастары мен адамгершілік ой-танымдары, азаматтық ұстанымдарына сәйкестігі сынды қадау-қадау мәселелері бар. Сондықтан біз бұл шағын мақалада осы аталған рухани бұлақ көздерінің ішіндегі төл әдебиет пен халық даналығынан Абайдың алған рухани нәрлерін кемеңгердің өмір жолымен, рухани кемелдену эволюциясымен байланыста ала отырып, Абай мұрасындағы адамгершілік ілімін бүгінгі заман жайымен сабақтастықта қарастырмақпыз.

Қазақ халқының Шоқаннан соңғы ғұлама ғалымы (ал Абай хакім) Ақымет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» (1926) атты әдебиеттану ғылымына арналған ғылыми еңбегінде өнер түрлерін жіктеп, саралай келе, сөз өнерін арнайы теориялық тұрғыда зерттеп, оның мақсаты мен міндеттерін айқындап, әдебиет – сөз өнері болса, оның басты мақсаты – адам тәрбиелеу екендігін дәйектеген. Ғалымды бұл байламға әкелген Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты сөз өнеріне принципті талаптар қойған атақты өлеңінің әсері болғаны даусыз. Мұны М.О. Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясындағы осы өлеңге қатысты: «Халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз –

өлең деп қарайды» [5, 127], – деген тұжырымы да нақтылай түседі. Сондықтан да Абай өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің Шығыстық, Батыстық және ұлттық ең таңдаулы жауһарларын оқып, игеріп, солардағы озық идеяларды өз шығармаларында өрістетіп дамытты. Бұл орайда ол өзіне дейінгі әдеби-философиялық мұралардағы идеяларды өзінің сау ақыл, ыстық жүрегінің сарабына салып, қорытып, өз заманының қоғамдық-саяси жағдайлары, халықтың рухани хал-күйі, келешек мүддесімен байланыста алып, жаңаша әдеби бағытта дамытты. Сөйтіп, әлемдік ақыл-ой қайнарларынан және өз жанынан сұрыптап алған асыл құндылықтарды өзінің көркем мұралары арқылы өз заманына ғана емес, келешек ғасырларға да рухани азық боларлық өлмес сөз, өшпес өсиет етіп ұсына білді.

Осылардың алғашқысы «қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры» [2, 278], – десек, Абайды Абай еткен ең басты қайнар да осы төл руханияттан басталады. Мұны М.О. Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты еңбегінде Абайдың нәр алған рухани бұлақ көздерін көркем тілмен кең арналы өзенге теңей келіп: «Ұлы арнасы мен жол арнасының түп-түбімен шығып жатқан қайнар көздер – ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды» [4, 240], – деп баса суреттеген.

Абайдың осы төл руханияттан нәр алуы бала кезден басталған. Әжесі Зере, әкесі Құнанбай, аналары Ұлжан мен Айғыз, ел ішіндегі өнер жаршылары: ақындар, билер, шешендер, күнделікті өмірдегі ұлттық шаруашылық қалып, содан туған салт, ұлттық мінез, дәстүр, ғұрып, өнер түрлері, осының бәрі – Абайдың алғашқы нәр алған рухани арнасына құяр сағалары болды. Абай осы руханияттың озығын бойына сіңірді, тозығын сын тезіне салды. Мәселен, Абайдың бала күнінде суырып салып айтқан экспромт өлеңдерінен бізге жеткен алғашқы «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» өлеңінде-ақ қазақ дәстүріне кереғар жайт сынға алынады. Сөйтіп, Абай төл әдебиет пен руханияттан алған үлгі-өрнектерді дамыта отырып, ұлттық әдебиетті жаңа сыншыл реалистік бағытқа бұрды. Бұл жолда ескілікті кертартпа кемшіліктерді сынады, халқын адамдық асыл қасиеттерді бойына сіңіруге, білім-ғылымды игеруге шақырды. Абайдың «Мыңмен

жалғыз алыстым» деген сөзінде, қазақтың бойындағы мың кеселге қарсы күресі тұрса, «Интернатта оқып жүр» («Ғылым таппай мақтанба» осы өлеңнің жалғасы) өлеңінде халықтың келешегі ғана емес, әр адамның екі дүниедегі ғұмыры да білім-ғылымға байлаулы екендігін айтқан. Неге десеніз, адам баласы жан мен тәннен тұрады. Тән бұ дүниеде (фәни дүние) қалып, жан о дүниеге (бақи дүние) өтеді, яки тән өткінші, жан мәңгі. Абай осы өлеңде «Интернатта оқып жүр» («Ғылым таппай мақтанба» осы өлеңнің жалғасы) адам жаны мен тәніне керек бес түрлі жақсы қасиетті атап айтады. Олар: талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым. Енді ойлап көріңіздер, талап пен еңбек бұ дүниеде тән үшін керек, алайда оның жеткен нәтижесі жан қопшауын туғызады. Келесі терең ой бұ дүниеге де, о дүниеге де, тән үшін де, жан үшін де керек. Себебі терең ойдың жемісі бұ дүниеде тәнді рақатқа бөлейтін дүниелік ғылымдағы нәтижеге жеткізсе, жанды екі дүниеде де махаббатпен жаратқан Жаратушыны махаббатпен тану жолында рақатқа бөлейді. Ал қанағат пен рақым екі дүниеде де жанды кемелдендіріп, Жаратушының мейіріміне бастайды. Міне, осы себептен де Абай:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Құлағын салмас,
Тіліңді алмас
Көп наданнан түңілдім.
Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсін бұйрығың [3, 92] –

деген. Яғни «бес асыл іс» бұ дүниенің де, о дүниенің де басты керегі деп отыр.

Десек те, Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінен алынған осы шумақтағы (сол үшін де шумақты толық алып отырмыз) «екі кеме» кей ғалымдар Батыс, Шығыс білім-ғылымы деген түсінік береді. Олай болғанда, жоғарыда айтқанымыздай, тұтас өлең мазмұны дидактикалық сарындағы ағартушылық бағытта жазылған білім-ғылымға шақырған туынды болуы керек. Ал «Сегіз аяқ» өлеңіне берілген 1995 жылғы академиялық жинақтың 2004 жылғы қайыра басылған төртінші басылымындағы «Түсініктерде» өлеңге: ««Сегіз

аяқ» (1899) – 1909 жылғы кітапта басылған (8-бөлік. Сегіз аяқ, 60-62-беттер). «Сегіз аяқ» өлеңі – кең көлемді, бай мазмұнды, терең мағыналы, ерекше көркем шығармалардың бірі. Әрбір шумағы сегіз жолдан келіп, қайырылып отыратын, өзгеше жаңа түрмен жазылған өлең.

Ақын осы өлеңінде заман құбылыстарын, қоғам өмірінің шындықтарын түгел қамтып, сипаттайды. Өзінің көп ойларын толғайды, сезім-сырын, көңіл күйін шертеді – ел іргесі сөгіліп, берекесі кетіп, азып-тозып бара жатқанына күйінеді» [3, 216]-деген түсініктеме берілген. Ал М.О. Әуезов «Абай Құнанбаев» монографиясында дәл осы өлеңге: «1889 жылы, жоғарыда санауымыз бойынша, Абайдың тоқтаған тағы бір тақырыбы бар. Ол – бұдан бұрын да ақын шығармаларында бізге таныс болған көңіл лирикасы.

Өз ойымен халық мұңын қоса мұндап ойшылдық, сыршылдық үлгіде туғызған терең толғаулары. Бұл қатарға қосылатындар – атақты «Сегіз аяқ», содан соң «Ішім өлген, сыртым сау», «Қажымас дос халықта жоқ» деген өлеңдер.

«Сегіз аяқ» – ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығарманың бірі»[5, 137], – деп баға берген. Демек, аталмыш туынды – Абайдың әлеуметтік-философиялық лирикасы. Олай болса өлеңнің мазмұнына «Батыс, Шығыс» емес, «Екі дүние» деген ұғым сәйкес келеді.

Абайдың адамгершілік ілімі қазақ халқы үшін ғана емес, барша адам баласы үшін де ғибратты мұра болатын болса, біз осы мұраны үлгі тұтып, қаншалықты өз өмірімізде іске асырып жүрміз? Абай өсиетін осыдан 106 жыл бұрын: «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар» [6, 73], – деген Міржақып Дулатов атамыздың үмігін ақтай алдық па? Осыны бүгінгі күнмен бағамдап, салыстырып көрейікші. Абай алысқан бойымыздағы мың кемшіліктерден арылдық па? Қазірде қазақтың бойында өтірік, өсек, мақтан, еріншектік, дүние-құмарлық, т.б. жаман қасиеттер жоқ па? Ал егер білім-ғылымға ұмтылсақ, қазақ елі неге әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған

елдердің қатарында емес, Африканың ең артта қалған жұрттарымен бір деңгейге түстік? Біздің қазақтан шыққан өнертапқыштарымыз, әлемге танылған брендті өніміміз бар ма? Біз неге Головкин, Тэн, Ильин сияқты өздері айналысқан істе белгілі бір нәтижеге жеткендерді мақтан тұтамыз? Олардың жеке жетістіктері еліміздің материалдық, рухани қорына қандай табыс әкелді, жалпы елге солардан не пайда түсті? Бүкіл халық солардың жетістіктерінен қандай игілік көріп отыр? Өз заманындағы дәл осындай даңғаза пайдасыз мақтан жайлы Абай атамыз былай деген: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Осы қуаныш қазақ ортасында бір хайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар?.. Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері» [1, 110].

М.О. Әуезов Абайдың нәр алған рухани бұлақ көзінің алғашқысын «қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры» деп бекер айтпаған. Өйткені бұл сөзде екі дәуір әдебиеті мен қазақ фольклоры жинақталып, тұжырымдалған. Мұны таратып айтсақ, қазақ әдебиеті тарихы қазіргі әдебиеттану ғылымында алты дәуірге бөлінеді: қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі (б.д.д. X-XIV ғ.), хандық дәуірдегі әдебиет (XV-XVIII ғ.), отаршылдық дәуірдегі әдебиет (XIX ғ.), ояну дәуіріндегі әдебиет (XXғ. басы), кеңес дәуіріндегі әдебиет (1920-1991 ж.), қазіргі қазақ әдебиеті (1991 жылдан бергі әдебиет). Абайға дейінгі дәуірде қазақ әдебиеті осы дәуірлердің екеуін бастан өткерді. Ал қазақ фольклоры халық мұрасы ретінде ұлттың ұлттық дәстүрінде, салтында, ғұрпы мен әдебиетінде, өнерінде сақталып жетті.

Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірінің мұраларын Абай екі түрлі дерек көзінен алған. Бірі – жазба мұралардан, екіншісі – XIV ғасырлардан бастап қазақтың көшпелі өмір салтына ауысуына байланысты ел ішінде жыр дастандарды жатқа айтатын ауыз әдебиеті өкілдерінен алды. Және тағы да қайталап айтамыз, сол алғандарын өз заманына ғана емес, халық келешегіне де оң бағыт берер мақсатта түлетіп қолданды. Мысалы, XIX ғасырдың аяғына қарай қазақ халқының шығу тарихын діни тұрғыда теріс түсін-

діру етек алған кезеңде жазған (Абайдың өз қолжазбасы сақталған) «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген тарихи мақаласында Абай: «Біздің қазақтың ықыласы атасын ғараптан шықты дегенді, яки бәни Исраилден шықты дегенді ұнатқандай. Онысы – әр не тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен, ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, дін-дестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс. Һәммаға мағлұм, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі. Бірі – Үндістан тарапынан; ол жақтан келген жұрттардың көбі – білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер. Екіншісі – маңғұл жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихтарын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі – біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят»[1, 155], – деп бастап, XV ғасырға дейінгі қазақ тарихына дұрыс ғылыми талдау жасаған. Демек, Абай қазақ халқының жеке шаңырақ көтергенге дейінгі тарихы мен әдебиеті, мәдениетін жете білген. Ал ол білімді инемен құдық қазғандай жоғарыда айтылған дерек көздерінен жанын жеп ізденіп жүріп тапқан. Ал бүгінгі оқыған, көзі ашық (көкірегін қайдам) деген ұрпақ туған елінің тарихын неге 1991 жылдан бастап қана оқуы керек?! Тарих өткеннен үлгі, келешекке сабақ емес пе еді?!

Жалпы Абайдың нәр алған рухани бұлақтарын, соның ішінде ежелгі жазба мұралардан алған дерек көзі жайлы айтқанда олардың жариялану, таралу жайы, Абайға келу жолы, Абай шығармашылығындағы көрінісі сынды дәйекті дәлелдердің болуы қажет. Онсыз айтылған сөз дерексіз болжал болмақ.

Абайға дейінгі дәуірдегі кеменгер мұрасына өзінің әсерін тигізген келесі әдебиет – хандық дәуірдегі әдебиет. Ұлттық төл әдебиеттің басы, ауызша тарап, негізгі туындылары жыраулық толғаулар күйінде ұлттық әдебиет пен мәдениетте өшпес із, тағылымды мұра қалдырған қазақ халқының тәуелсіз хандық дәуіріндегі әдебиеті болды. XV-XVIII ғасыр арасын қамтыған

осынау мол рухани мұрадан Абай көп үлгі, өрнек алды. Мысалы, жыраулардың ой толғауларында да, сыр толғауларында да дедукция (жоғарыдан төмен) мен компаративизм (салыстыра суреттеу) қолданылса, Абайда да осы әдеби суреттеу әдісі мол ұшырасады. Мұның алғашқысына Асан қайғының «Бұл заманда не ғаріп?», Бұқар жыраудың «Тілек», т.б. көптеген толғаулары мен Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Көк тұман – алдындағы келер заман», т.б. өлеңдерінен дәлелдер келтіруге болады. Ал салыстыра суреттеуге келгенде жыраулар толғауларының басым бөлігінде осы әдіс кең пайдаланылады. Мәселен, Шалкиіз жырау:

Айырдан туған жампоз бар,
Жүгін нарға салғысыз.
Арғымактан туған будан бар,
Күнінде көрінім жерді алғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жаксыдан туған жаман бар,
Бір асым асқа алғысыз»[7, 44]-
десе, Ақтамберді жырау:
Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең.
Жаксысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртеніп кеткен жермен тең» [7, 65] –

дейді. Ал Абай өз шығармаларында осы суреттеу әдістерін барынша қысқа да нұсқа, нақты ситуацияларға сай дәлдікпен, реалистік тұрғыда түлетіп өрістеткен. Оған ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінен бір шумақ алсақ та жеткілікті. Онда Абай жақсы мен жаманды салыстыра келіп, мынадай қорытынды жасайды:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйгені көп пен дүрмек [3, 46].

Абай бұл өлеңді 1886 жылы жазған. Арада 134 жыл өтті. Бүгінгі қазақ әр ісін ақылға сала ма, әлде көп айтса, болды, жұрт айтса, көндімен жүр ме?! Абай: «Естілердің айтқан сөздерін еске-ріп жүрген кісі өзі де есті болады» [1, 105], – деп еді.

Абайдың «қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, өсіріп келген өз даналығынан» алған нәр бұлағына сөз зергерінің «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» сынды көп-көп өлеңдері мен «Жиырма тоғызыншы сөз», «Отыз жетінші сөз», басқа да шығармалары дәйек десек, олардан бөлек Абай замандастарының, Абайдың әдеби мектебі өкілдерінің, алғашқы абайтанушы Алаш арыстары мен барша саналы ғұмырының басым бөлігін Абай мұрасын зерттеуге арнаған М.О. Әуезовтің еңбектерінде нақты мысалдар молынан кездеседі. Солардың бірі А. Байтұрсынұлы бұл турасында: «Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз» [8, 46], – деген.

Абайдың ғұмыр кешкен дәуірі ескі заманды жаңа заман илеген, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақи дәстүрлерге өзгерістер ене бастаған, елінен, жерінен, малынан айырылып, түрлі отарлық қысым мен қыспақтан зәрезап болып, бүкіл тұрмысын, шаруашылық қалпын өзгертуге мәжбүр болған заман болды. Халық кедейлікке ұшырап, қала маңындағы жерлерге отырықшыланып, жатаққа айнала бастады. Абай шығармашылығындағы осынау отарлық езгіге қарсы туған азаттық идеялары жайлы диссертация қорғап, арнайы «Тәуекел мен батыр ой» атты монографиялық зерттеуімізде жазғандықтан, біз осы мақаламызда Абайдың жаңа заманға сай сөз өнері мен өмір тәжірибесі арқылы салған тың жолына ғана қысқаша тоқталмақпыз.

Орыстың бір мәтеліндегі: «Бақыт болмас еді, бақытсыздық көмектесті», – дегеніндей, отаршылдық езгімен бірге қазақ даласына буржуазиялық қоғамның өзгерістері де ене бастады. Семейде тері илейтін, кеме жөндейтін кәсіпорындар ашылып, оларда мыңдаған жатақтар жұмыс істеп, бір жерге шоғырланған халық арасында ақпарат алмасу, Ресей патшалығындағы, өзге де елдердегі жаңалықтардан хабардар болу, сауданың дамуына орай қазақ ішінен ірі саудагерлер, көпестердің шығуы, олардың қазақ ішіне

жаңа өндіріс өнімдерін саудалауы, басқа да жаңа қоғамдық қатынастар орнай бастады. Қалаға жер аударылып келген революционер-демократтар, Императорлық Орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімшесі, Семей Өлкетану музейі, Статистикалық комитет пен қалалық кітапханалар, Ресейде, жақын қалалар мен Семейдің өзінде жарыққа шыға бастаған әкімшілік басылымдар, патшалықтың Санкт-Петербург, Москва, Уфа, Қазан, Омбы, т.б. қалаларында басылған кітаптардың ел ішіне тарай бастауы, бір сөзбен айтқанда, Ресей империясының буржуазиялық қоғамдық қатынастарынан туып, шеткергі отар аймақтарға тараған бүкіл басқару жүйесі мен қоғамдық, мәдени өмірдегі өзгерістер алдыңғы қатарлы ұлт интеллигенциясының санасында сапалық серпілістер тудырды. Қазақтың оқыған жастары ішкергі Ресейдің ірі қалаларында білім алып, түрлі әкімшілік, қоғамдық мекемелерде қызмет ете бастады. Міне, осындай заманда көшпелі тұрмыстағы қазақи өмір салтына лайықталған, демократиялық сипаттағы ұлттың фольклорлық мұрасы шешендік өнер, билер сөзі, ауыз әдебиеті мынадай таптық антоганистік шиеленіскен қоғамдық қатынас орнаған қоғамда халықтың қоғамдық, рухани сұранысын өтей алмады. Енді елге заманға сай түзелген сөз қажет болды. Сондықтан да Абай: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», – деді. Алайда Абай жаңа реалистік жазба әдебиетті тудыруда өзіне дейінгі әдебиетті мүлде терістеген жоқ, қайта ондағы тіл мәдениетін ұштады, көркемдік сөз өрнегін түзетті, әдебиетті жаңа қоғамдық қатынастарға лайық формаға түсіріп, адам тәрбиелеудің қуатты құралына айналдырды.

Жоғарыда біз атаған Семейдегі мәдени-ағартушылық мекемелердің бәрін дерлік дүниеге әкеп, солардың жұмыстарын жолға қойып, жүргізуге ұйытқы болған – Семей облыстық Статистикалық Комитет. Комитет 1878 жылы құрылған. Негізгі жұмысы – Семей облысына қарайтын уездердегі халықтың әлеуметтік-шаруашылық есебін жүргізу және ел тарихын, мәдениетін, жағрапиялық жағдайын зерттеу болған. Комитеттің ашылған күнінен Өскеменге ауысқанға дейін 15 жылдай уақытта оның хатшысы қызметін Е.П. Михаэлис атқарған. Міне, осы Комитет Семейдегі Облыстық өлкетану музейін (1883), Қоғамдық кітапхана (1883), Бастауыш білім ісіне қамқорлық жасау қоғамы (1893), Орыс

Императорлық Жағрапия қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі (1902) сынды мәдени-ағартушылық мекемелер ашып, Абай солардың бәрінің мүшесі болып, жарнасын төлеп, әлеуметтік, мәдени, ғылыми жұмыстарына белсене араласты. Осы мекемелерде негізінен жер аударылып келген демократтар Е.П. Михаэлис, Н.И. Долгополов, Н. Коншин, С.Т. Мирошниченко, А.И. Деров, Лобановский, Леонтьев, А.Е. Грубе, т.б. қызмет еткен. Сол азаматтардың қоғамдық-саяси көзқарастарындағы ағартушылық бағыт әсерімен отарлық езгі кесірінен білім-ғылым ғана емес, ішкі рухани дамуда да деградацияға ұшыраған халқын алға жетелеуде тоқсаныншы жылдардың басына дейінгі кезеңдегі Абайдың мәдени-ағартушылық идеясы шығармаларында көрініс берген (Аталған деректер М.О. Әуезовтен соңғы атақты абайтанушы ғалым, Алаш арыстарының асыл тұяғы Қайым Мұқаметханұлының «Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі» [8, 38-42] атты еңбегінен алынды).

Бәрімізге белгілі 1945 жылғы жинақтан бері Абайдың «Қара сөздері» 1890 жылдан бастап, 1899 жыл аралығында жазылған деген мәлімет орныққан. Осы мерзімді басшылыққа алсақ, Абайдың «Қара сөздеріндегі», өлеңдеріндегі ағартушылық-демократтық көзқарастары 1890 жылдан бері қарай жаңа бағытқа, гуманистік, ойшылдық белеске бет бұрғанын көреміз. Бұл орайда Абай ұлттық болмысқа негізделген білім мен мәдениетті насихаттау жолындағы нағыз ағартушы-демократтар мен ағартушылықты бетке ұстап, ұлттық болмысты кертартпа кесел ретінде көрсетіп, миссионерлік, великоростық мақсат көздеген жалған ағартушы-демократтарды айыра білген. Себебі халықтың ұлттық тәрбиесі тұтасымен ұлттық тағылымнан нәр алуға бағытталған. Сондықтан қазақтың барша тағылымдық ілімінде, Абай шығармашылығында ағартушы деген сөздің жоқ болуы заңды. Абайдың осындай кез келген идеяны сана сарабына салып, ұлттық, адамшылық, мұсылмандық елегінен өткізіп барып, сол идеяларды ұлтқа үйлесімді деп танығанда ғана қабылдап, өз жүрегінде қорытып ұсынатын асыл қасиеті жайлы Көкбай: «Абай Европа ғалымдарының ірі пәсапамен жазылған кітаптарын оқығанда, өзінің басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберіп отырған жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өзге сөзін мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Сондағы

көп насихаттың түп қазығы: адамшылық, ақтық, әділет болса, осының барлығын да мұсылман дінінің дөңгелегіне әкеліп, бір шалып келіп отыратын» [10, 53], – дейді.

Сөйтіп, Абай қоғам мен адамды бостандық, теңдік, ғылым-білімді насихаттау арқылы түзеуге болады деген ойдан шығыстық дүниетанымға (түркі руханияты, мұсылмандық шығыс руханияты) негізделген жаңа ойға, барлық кеселдерден қоғамды өзгерту, халықты білім-ғылымға шақыру арқылы емес, адамның ішкі жан әлемін түзеу арқылы ғана жетуге болады деген идеяға келген.

Ойлап отырсақ, шындығында да, адам баласының бақытты ғұмыр кешкен заманы деп ешбір қоғамдық құрылысты айта алмаймыз. Өзімізді мектеп пен университетте ұстаздарымыз: «Социалистік қоғамға дейінгі алғашқы қауымдық құрылыстан өзге қоғамдардың бәрі әділетсіз, таптық антоганистік қоғамдар болды. Социалистік қоғамда ғана әділет, теңдік бар», – деп оқытты. Алайда сол әділетсіз, таптық, антоганистік қоғамдарда өмір сүрген қаншама тұлғалардың ақыл-ойы мен еңбектерінен туған игіліктерді пайдаланып отырмыз. Сол жаман деген капиталистік қоғамның материалдық, рухани табыстарын қолданып, сол жаман деген социалистік қоғамдағы ата-апаларымыздың маңдай тері, ақыл-ойымен жасалған өнімдерді әлі күнге дейін пайдаланып келеміз?!

Олай болса, заманның жақсы, жаман болмағы қоғамға емес, адамға байлаулы. Адам түзелмей, қоғам, заман түзелмейді. Ал адамды түзеу үшін адам жанын тәрбиелеу керек. Сондықтан Абай «Отыз сегізінші қара сөзінде» Алла адамды жаратқанда өзінде бар сипаттардың әрқайсысынан адамзатқа да дарытқандығын айтып, оларға түсініктемелер (тағриф) беріп, талдай келе әділет пен махаббатқа (бұл жерде махаббат деген қазіргі біздің түсінігіміздегі ер мен әйелдің арасындағы сүйіспеншілік сезім емес, ғаламдық мәндегі ұғым) қатысты сөздерінде: «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында Һәм ғадаләт Һәм махаббат бар»[1, 130], – деген. Демек, махаббат пен әділет адам баласына екі дүниеде де керек қасиет екен. Жердің тартылыс күші сияқты күллі дүниені ұстап тұрған – махаббат пен әділет. Осы ойын «Насихат» сөзінің 13-бабы ретінде арнайы жеке шығарманың құрамында барша көкірек көзі ашық адамдарға

бағыштап жазған еңбегінде (қазіргі «Қырық бесінші» сөз) былайша айтқан: «Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі»[1, 153]. Ал осы махаббат пен әділеттің мекені – жүрек. Сондықтан Абай:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі [3, 126].

деген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 336 б.
2. Әуезов М. Абай еңбектерінің биік нысанасы / Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 296 б.
4. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы / Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н. Ақбаев). – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
5. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н. Ақбаев). – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
6. Дулатұлы М. Абай // Абай журналы. – 1992. – № 4.
7. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық (Құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев). Т.1, Т.2. – Алматы, 1991. – 384 бет. – 496 б.
8. Абайды оқы, таңырқа...(Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М.Мырзахметов. Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
9. Қайым Мұқаметханұлы. Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі//Абай журналы, 1992, № 1. 10. Көкбайдың айтқандары//Абай журналы, 1992, № 1.

ХӘКІМ АБАЙ ҒАҚЛИЯЛАРЫНДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Хәкім Абай тағылымы – жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды дәріптейтін мәңгілік тақырып. «Адамзаттың Абайы» атанған дара дарынның ақындық, хәкімдік болмысынан, «қуатты ойынан» туындаған даналық ілімі әр замандағы қоғамның рухани, мәдени, әлеуметтік, саяси және т.б. салаларының мұқтаждықтарына толыққанды жауап бере алатын құндылық құбылысы.

Ойшыл ғақлияларының теориялық, мазмұндық мәні, тағылымы, тәжірибелік тұрғыдағы қолданылу аясы әр уақыттың қажеттілігіне жауап бере алатын құндылық деп тұжырымдауға толық негіз бар. Абай қара сөздері өміршендігін ешқашан жоймайтын даналық тағылымы.

Жалпы, Абайдың қара сөздерін негізінен М. Әуезов, Х. Сүйіншәлиев зерттегенін білеміз. Сол кезеңдегі идеологияның талабына сай еңбектерінде хәкімнің даналық тағылымы жайында толық зерделеуге мүмкіндіктері болмаған, айтар ойларын емеурін ретінде ғана жеткізген... Абайдың қара сөздері зерттелу жағынан кенжелеу қалып қойды, себебі қара сөздерде діни-философиялық мақамдардың жиі ұшырасатындығынан болса керек. Бүкіл саналы ғұмырын Абай мұраларын зерттеуге арнаған, абайтанудың негізін қалаған, ғұлама ғалым М. Әуезов кеңестік идеологияның цензурсынан айналып өте алмады. Оның Абайдың қара сөздері туралы өз пікірін кеңінен көсіліп, қыр-сырын молынан ашуға білімі, танымы жетсе де, қызыл империяның идеологиялық талабының кедергі болғанын білеміз [1, 10]. Еліміз егемендік алғаннан кейін қазақ халқының руханиятындағы ақтаңдақ мәселелер тәуелсіздік талаптары туғызған жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеніп, халқымыздың игілігіне айналды. Рухани байлығымыз, руханият қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы жаңаша пайыммен жан-жақты зерттелініп, қоғамымыздың қажеттілігін өтейтін құндылыққа айналды. Солардың қатарында хәкім Абайдың ғақлиялары да бар.

Еліміздің рухани, адамгершілік, имани көкжиегінің кеңеюі жолында қызмет етіп, қазақ қоғамына хәкім Абай ілімін насихаттап, ұлт мүддесін өмірінің басты мақсаты ретінде ұстанып, еліне пайда тигізер өнегелі істердің бастапқы сапында жүрген тұлғалар аз емес. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық сананы Абай ілімімен оятып, ақынның даналығын әрбір қазақтың бойына сіңіруге қадам жасап, ойшыл қара сөздерінің ерекшеліктерін зерделеп, пәлсапалық мәнін түсіндіріп, «Абайды тану – қазақты тану» [2], – деген ұғымды әрбір жүрекке жеткізіп жүрген абайтанушы ғалымдардың бірі Ж. Шойынбет – ойшылдың ғақлияларын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, зерттеу нысанына айналдырған зерттеуші. Ойшылдың хәкімдік болмысын зерделеп жүрген ғалымның «Абайдың дана сөздері» (2015), «Абайдың қара-сөздерінің ерекшеліктері» (2015) монографиялары, «Абай қара-сөздерінің ерекшеліктері» (2015) атты оқу құралы, «Абайдың «толық адам» ілімінің зерттелуі және ұрпақ тәрбиесіне ықпалы» (2022), «Абайдың «толық адам» ілімі және қоғамдық сананы жаңғырту» (2023) және тағы басқа кітаптары бүгінгі таңда оқырман қауымның тарапынан жоғары бағасын алып, рухания-тымызға үлес болып қосылған еңбектер деп білеміз.

«Абай қара сөздерінің ерекшеліктері» атты еңбегі «Абай қара-сөздерінің зерттелуі», «Абайдың қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері», «Абайдың дүниетанымы және оның қара-сөздеріндегі көрінісі» деген көлемді бөлімдерден тұрады. Хәкім ғақлияларын хронологиялық, жанрлық, стильдік, философиялық тұрғыдан зерделеп, ойшылдың кемеңгерлік, хәкімдік даналығы-ның мұраты, қара сөздері арқылы насихаттаған жалпыадамзат-тық құндылықтың биік нысанасы саналатын «толық адам» ілімі-нің мәнін жан-жақты саралайды. Жоғарыдағы аталған еңбек осын-дай жаңашылдығымен, сипатымен құнды әрі бағалы.

Ойшылдың ғақлияларын өмірлік зерттеу нысанына айнал-дырған Ж. Шойынбет: «Абайдың өлеңі мен қара сөзін қатар оқы-саңыз, үлкен мән шығарып, ішкі мағынасын түсінесіз. Бүгінде адам-зат баласы рухани құлдырауды басынан өткеруде. Абайда адам-зат баласына қажетті ізгілік пен құндылықтар бар. Біз, ең бірінші-ден, адамзаттың Абайы деп жас ұрпаққа оның хәкімдік болмы-сын насихаттап, түсіндіруіміз қажет» [3, 19], – деп хәкім қара сөз-

дерін биік адамгершілік ізгілікке, жалпыадамзаттық құндылықтарға үндейтін руханият бағдаршамы екенін айрықша атап өтеді. Ғалым Ж. Шойынбет хәкім Абай кемеңгерлігінің, даналығының биік шыңы саналатын **«толық адам» ілімін зерттеп, насихаттап**, осы құндылық арқылы **әрбір жүректі ізгілікке бөлеуді ғұмырының мақсатына айналдыра білген зерттеуші. Данышпан Абайдың қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін көп жылдар бойы ғалымға тән қырағылықпен зерделеуі абайтану атты арналы салаға қосылған үлес деп бағалаймыз** [3, 19].

Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: «Біз елге, ұлтқа Абайша өмір сүруді үйретуіміз керек... Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз қажет. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алу қажет. «Толық адам концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» [4], – деп пайымды тұжырымын білдірген болатын. Ұлтымызды, адамзат баласын рухани құндылыққа шақыратын «толық адам» ілімін жас ұрпаққа насихаттау бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті, өткір мәселе деп білеміз.

Абайтанушы ғалым Ж. Шойынбет өзінің зерттеу еңбектеріне қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті мәселелер мен өткір тақырыптарды арқау етіп қоғамдық ойдың талқысына үнемі салып отырады. Хәкім Абай ілімін, ойшыл тағылымын саф күйінде насихаттауды мақсат етіп қойғанын, осы мұрат жолындағы миссиясын әр кезеңдерде жазылған зерттеулерінен, телерадио бағдарламаларға беріп жүрген сұхбаттарынан, түрлі мерзімді басылым беттерінде үнемі жарияланып тұратын мақалаларынан аңғарамыз. Абайдың рухани әлеміне қатысты барлық құбылыстарға жіті қарап, оңы мен терісін сергек санамен пайымдап, бұдан шығатын дұрыс жолды көрсетеді. Ғалымның өзі айтқандай, Абайдың **«толық адам» ілімін зерттеп, сол арқылы әр жүректі ізгілікке бөлеу** [3, 19]. Ғалымның бұл қызметі ұлтқа, оның руханиятына деген жанашырлығын һәм қайраткерлік болмысын айғақтайды. Сонымен қатар Абайдың даналығын әрбір қаза-

ғының жүрегіне жеткізіп, елінің ұлттық рухын көтеріп, құлдық санадан азат етсем деген ізгі арманын жан дүниемізбен сезінеміз. Ғалым Ж. Шойынбет өз зерттеулерінде оқырман қауымға хәкім Абайдың күрделі қара сөздерінің мәнін ашып, ой байламдарын тереңнен тарқатып, түсінік беріп отырады. Жалпы алғанда, хәкімнің қара сөздері пәлсапалық терең мәнге ие болғандықтан, оны жалаң оқып, құр сырттай үңілу ойшыл әлемінің тылсым жұмбағын аша алмайды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің: «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында оқырманға былай: «Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін біліп жазады» [3, 19], – дейді. Ойшылдың ғақлияларын бірнеше рет оқып, хәкімнің айтпақ болған ойының түпкі мәнін түсіну, өлеңдерімен сабақтастыра отырып, ой-тұжырым жасау өте күрделі мәселе екенін білеміз. Сондықтан данышпанның қара сөздерін зерттеушілер қатары сирек. Аталмыш тақырыпта қалам тербеудің өзі санаға салмақ түсіріп, үлкен жауапкершілікті, асқан қырағылықты талап етеді. Бұл тұрғысынан Ж. Шойынбет Абайды қайта-қайта оқу, үздіксіз талмай іздену, қиянға қарай қыранша канат қағу арқылы өнімді еңбектің нәтижесінде қол жеткізді. Абай қара сөздері – ғалым Ж. Шойынбеттің өмірлік ұстанымына айналған іргелі тақырып. Ойшылдың хәкімдігі жайында ол: «Абайдың хәкімдігі шығармашылығынан айқын аңғарылады. Мысалы, «Отыз сегізінші қара сөзінде» Абай «адам, жарты адам, толық адам, ғалым, әулие, хәкім, пайғамбар, Алла» деп, солардың бәріне талдау жасап көрсетіп кеткен. Абай: «Дүниеде ғалым көп хәкім аз. Ал ғалым хәкім бола алмайды. Хәкім ғалым бола алады», – дейді. Яғни хәкім ілуде біреу шығады. Сосын Абай: «Егер де хәкім болмаса, дүниенің астаң-кестеңі шығар еді», – дейді. Яғни

ғалымдар өзінің ашқан жаңалығын адамзаттың жақсылығы үшін де, жамандығы үшін жұмсай береді. Ал хәкім жаңалығын тек қана бір-ақ нәрсеге – бүкіл адамзаттың жақсылығына ғана жұмсайды» [2], – дейді. Ғалымның өмірден түйіндеген тәжірибесі мол, өзіндік пікірі бар. Ендігі кезекте, жалпыадамзаттық құндылықтың жаршысы болған ойшыл танымындағы негізгі мәселелерге, данышпан ақынның қара сөздері мен өлеңдерінің алтын арқауы, хәкімдік даналығының нысаны болған негізгі ұғымдарға тоқталып өтейік.

Хәкім Абай танымындағы «иманигүл» (немесе «үш сүю») ойшыл дүниетанымының биік нысанасы. Ойшыл ақын өзінің қара сөздерінде, өлеңдерінде осы мәселеге айрықша көңіл бөліп, шығармашылығының өзегіне айналдырады. Ақынның «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» атты өлеңінде махаббатпен жаратушы Алланы шын жүрекпен, бүкіл жан дүниемен, барлық ақыл-оймен шексіз сүюді, сонымен қатар өзінді сүйгендей, барлық адамзат баласын өз бауырындай сүйіп, әділдік жолын берік ұстануды өсиет етеді. Бұл – ақын дүниетанымында орын алған үш сүю неме-се иманигүл деп аталатын күрделі ұғымның бірі.

Осы үш сүюді М. Әуезов Абайдың «адамгершілік турасындағы үгіті», «мораль философиясы» деп бағалайды [5, 69]. Екінші сүю немесе ақын шығармаларында бастан-аяқ үзіліссіз таратылатын ой желісі «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ат қоюында жатыр. Абайдың «Және сүй хақ жолы деп әділетті» деген жолы 38-қара сөздегі ғақлия, нақлия дәлелдерге сүйене отырып ұсынатын «ғадлет» ұғымымен сабақтасатын үшінші сүюді көреміз. Осы үшінші сүю ұғымын абайтанушы ғалым Ж. Ысмағұлов былай деп таратып береді: «Абайдың адамгершілік өлшемдерінің ішінде ерекше жоғары орынға қоятын бір ұғымы – әділет.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті.

Осылай деп келеді де, ақын жаңағы бас әріппен жазылған үш ұғымды қосақтап айтып: «осы үш сүю болады имани гүл» деп, үшеуін де имандылықтың тұтас бір шоқ гүліне теңейді. Бұл оның

бала жасынан ел ішіндегі дау-шараға араласа жүргенде, таразының екі басын теңдеп келіп, төрелігін айтарда әділет ауылынан бір айнымаған тәжірибесінде елге танылған қасиеті болатын» [6, 192].

Үш сүюді жүрегінің түбіне бойлатқан ойшыл-ақынның өмірінің соңына дейін ұстанып өткен басты қасиеті – әділет жолы болды. Ал 27-сөзден Абайдың бірінші сүюді яғни Алланың пендесіне деген махаббатын, солардың қамын ойлап жасаған хикметтерін танытуға арналған сезіледі және «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде Абай осы мәселеге басымырақ назар аударады. Өзіне махаббатпен қараған түп Иеге, пендесінің де махаббатпен қарап сүюі парыз екенін:

...Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса Тәңірі үшін [7, 74-76], –

деп бірінші сүюді көрсетеді.

Осында назар аударатын негізгі бір мәселе, ол иманигүлдің бірінші сүюі:

...Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті... [7, 178]

демек, иманигүлдің бірінші сүюі, Алланы сүюді, яғни жаратушы болмысына деген шынайы сүйіспеншілікті танытады.

Иманигүл мәселесі Абай әлеміндегі күрделі таным, ақын гуманизмінің шалқар шыңы. Абай өз шығармаларындағы жүрек культін шешуі орынға қоятыны белгілі. Оның аталған мәселелерге қара сөздері (17-қара сөзі), өлеңдері айғақты дәлел. Осы жөніндегі тың байламдар жасау барысында ақынның жүрек мәселесін алдыңғы санатқа қою себебін ғалым М. Мырзахметұлы ежелгі Шығыс дүниесінің шамшырақтарымен, атап айтқанда, әл-Фараби, Низами, Руми, Науаи нанымдарының сабақтастығымен байланыстырады. Ғалым Шығыс әлемінің жұлдыздары әл-Фараби және Абай пікірлерінің рухани тамырластығын тура және жанама деректер арқылы ашып, көздеген мақсатына жеткен. М. Мырзахметұлы Абай, М. Әуезов шығармашылығын зерттеген татар ғалымы Ғабдрахман Сағдидың (1889-1956) пікіріне сілтеме

жасай отырып: Ғ. Сағди: «....философияға, даналыққа зор мән берген Абай әл-Фараби, ибн Синалармен таныс болумен бірге осы ғақылиялар кітаптарынан да мағлұматы бар еді» [8, 150], – дейді. Әл-Фараби мен Абай танымдарындағы сабақтастық мәселелері бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері деп білеміз. Мысалы, адамның «өзін танымақтық» немесе «жан қуаты» жөніндегі ілімнің ілкі қадамы көне дүние философтарынан басталса, өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған әл-Фараби, соңғы дәуірде Абай бұл қазынаға тереңнен бойлаған екен. Сондай-ақ әл-Фараби қолданған «жан қуаты» тәрізді философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен 7, 17, 27, 38, 43-қара сөздерінде қазақы ұғымға сай балама сөздермен берілуі кездейсоқ құбылыс емес. Осы ұғымдар ойшыл армандаған «толық адам» болуға бастайтын құндылықтар деп білеміз. Хәкім дүниетанымының биік нысанасы саналатын «иманигүл» (немесе «үш сүю»), «толық адам» мәселелері – бір елді ғана емес, жалпыадамзатты рухани-адамгершілік ізгілікке жетелейтін тағылымды ілім.

Қорыта келе, жалпыадамзаттық құндылықтың шамшырағы болған хәкім Абай ілімі – ұрпақпақпен бірге мәңгілік жасай беретін өміршең рухани байлық. Хәкім Абайды, оның даналық ілімін насихаттау жалпыадамзаттық құндылықтарға қол жеткізудің игілікті һәм ізгілікті жолы деп түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шойынбет Ж. Абай қара сөздерінің ерекшеліктері: оқу құралы. – Алматы, 2015. – 200 б.
2. Шойынбет Ж. Абайды тану – қазақты тану // [Электрондық ресурс] // <https://abaialemi.kz/post/view?id=1153.15.06.2018>.
3. Бақдәулетұлы Д. Хәкім Абай ілімінің шырақшысы // Қазақ әдебиеті газеті // 28 шілде 2023 ж. – №30 (3872). – 9 б.
4. Тоқаев Қ-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан / [Электрондық ресурс] https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/emlek-et-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy.08.01.2020.
5. Мұхамдиев Д. Сан қырлы ғалым. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, Дәстүр, 2014. – 288 б.

6. Ысмағұлов Ж. Абай жұмбағы және оның шешімі // Жұлдыз. Қазақстан жазушыларының әдеби-әлеуметтік журналы. – 2009. – 7 шілде. – 187-200 б.
7. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
8. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.

Сабырбаева Раушан Қойшанқызы,
Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Бегманова Бибіжан Сейтханқызы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

ХӘКІМ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ КОД» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Хәкім Абай – қазақ руханиятының ардақ тұтар данасы һәм дарасы. Абай туған халқын жан дүниесінің ең тереңінен туындаған асыл сезімдерімен аялап, сүйе білді, жақсылығына қуанып, мұңына егіле білді. Философиялық тереңдікке құрылған кемеңгер ойлары арқылы халқына ақиқат пен әділдікті, тура жол нұсқап, ізгілікке үндеді. Адамгершілік ізгі мұраттар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды әрбір қазақтың бойына сіңіруге талпынды. Хәкім Абай шығармашылығының өн бойында алтын жіптей өріліп жатқан көкейтесті мәселелер, өзекті тақырып қанша ғасыр өтсе де, қаншама қазақ қоғамы өзгеріске ұшыраса да, тағылымдық мәні мен маңызын жоймай тәуелсіздік дәуіріне жетті, әлі де ешбір күмәнсіз келесі дәуірлердің еншісіне бұйыратыны хақ. Енді Абай шығармашылығындағы «ұлттық код» деген мәселеге тоқталсақ. Алдымен «ұлттық код» деген ұғымның мәнін саралап көрейік. Бұл ұғым жайында көрнекті абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметұлы: «Ұлттық кодқа ерекше мән беру керек, бұл – шешуші мәселе. Абай – ұлттық санамыздың тірегі. Абайдың философиялық лирикасы, ойлары – біздің ұлттық кодымыз...», – дейді [1]. Расында да, әрбір қазақ Абайымен мақтанады, оның тұлғалық, даналық әрі далалық алып тұлғасын қазақ ұлтының синониміне балайтыны ақиқат. Яғни Абайда қазақтың ұлттық болмысы мен ерекшелігіне қатысты құндылықтардың бәрі бар. Сондықтан хәкім Абай – біздің руханиятымыздың бағдаршамы. Абайдың шығармашылығында ұлттық құндылыққа, ұлттық жаңаруға, ұлттық кодқа қатысты ой өзегі де баршылық. Ойшылдың мұрасын зерттеп-зерделеуге сүбелі үлес қосып жүрген көрнекті ғалым М. Мырзахметұлының

айтуынша, ұлт бойындағы мейірбандық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттерді әспеттейтін хәкімнің «толық адам» ілімі өскелең ұрпақты теріс мінез-құлықтан арылтуға сеп болмақ. Өйткені қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың шығармаларында жатыр.

Бүгінгі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі – адами құндылықтарды сақтау. Ал Абай еңбектеріндегі «толық адам» ұғымы адамзатты кісілік тұрғысынан жетілдіруді көздейтін үлкен даналық ойлармен ұштасып жатқан күрделі мәселе. Ақынның мұраты – адамды рухани кемелдендіру арқылы қоғамды жетілдіру, елді ілгері дамыған мәдениетті мемлекеттер қатарына қосу [2].

Ақын тек қазақ емес, әлем әдебиетінің биігіндегі жеке-дара тұлға болды, ақынның поэзиясы – имандылық, терең адамгершілікке, қазақтануға, ойшылдыққа, өнер үйренушілікке баулитын парасатты поэзия. «Абайдың философиялық лирикасы, ойлары – біздің ұлттық кодымыз!» – деп абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы көрсеткендей, ақынның философиялық бағытта жазылған өлеңдеріне көз жүгірте отырсақ, бұл мәселенің кілтін де табатынымыз анық. М. Әуезов болса, ақын әлемі жайында былай деген: «Абай – терең ойдың ақыны. Ол әрбір шығармасын жүрек тебіренге тереңнен толғайды. Кемеңгер ақын өлеңдерін сыдыртып оқып шығып, толық түсінік алдым деу қиын. Әрбір өлең жолдарының өзіне үңіле, ойлана оқу ғана дегенге жеткізеді. Оқыған сайын бұрын оқыған Абай сөздерінің жаңа сырын ашып отырасың. Шынын айтсақ, Абай – қазақ поэзиясындағы өнері нағыз реалистік образ, шебер сурет, жаңа көрініс жасаған білімді, мәдениетті жазушылардың тұңғышы» [3,12-13]. Қазақ ұлтының жарқын болашағы мен келісті келешегін ойлаған Абай өзінің өмірлік мақсатын халықтың болашағымен байланыстырып, халқына жаны ашиды, «қазағым», «қайран жұртым» деп қамығады:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жаксы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жаксы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? [4,25].

Туған елінің асыл перзенті болып, күллі қазақ даласына ізгі-
ліктің шамын жаққан ақын халқының қамын ойлап қана қоймай,
пайдасы көпке тиген адамды жақтап:

Мазлұмға жан ашып, ішің күйсін,
Қарекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін... [4, 47], –

деп сананы байлық сана, кедейлік санаға бөлмейді, өйткені бай мен кедейдің саналысы да, санасызы да, адамгершілігі бары да, жоғы да бар екенін жақсы біледі. Байды да, кедейді де еңбек етуге шақырады. Таптық көзқарасты дәріптемей «қалың елі қазағы-ның» қамын ойлайды. М. Мырзахметұлы Абай мұрасы жайында төмендегідей тамаша пайымды пікір білдірген: «Тарихты тану үшін Абайды тану қажет. Бұл – талап! Мемлекет үшін, оның саяси-экономикасы дамуы үшін де тарих-шежіренің алар орны ерекше. Өкінішке орай, біз Абайдың ілімін әлі толық зерттеген жоқпыз. Хәкім Абаймен қоса, Алаш қайраткерлері өз еңбектерінде елді дамытудың нақты жолдарын көрсетіп кеткен. Біз өткен ғасырларды толық білмей жатып, болашаққа қадам жасай алмаймыз ғой. Олай болса, мемлекет те бұл мәселеге жіті мән беріп, ұлы тұлғаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұраларын зерттеп-зерделеуге міндетті» [5].

Абайдың шығармашылық өнеріндегі рухани мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын құнды қазынасы, ұлттық құндылығы. Жылдар жылжып, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі көп уақыт айқын көз жеткізді. Қазақ ұлтының келешегін ойлаған Абай өзінің өмірлік мақсатын халықтың болашағымен байланыстырып:

Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ.
Наданның көзін қойып, көңін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ, –

дейді [4, 54].

«Қазағым» деген сөзді «ұлым» деген мағынада түсінген Абай туған халқының өмір шындығының араламаған түкпірін қоймайды және көрген-білгендерінің барлық бейнесін шығармаларына түсіріп отырады. Ол өмір шындығының тіркеушісі емес, көрген-білгендерінің сыншысы және кем-кетікті сынау арқылы түзетуге тырысушы.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?! [4,136] –

деуі арқылы адамгершілік биік мұраттарды үлгі ете келе, дүниеге бой алдырған пенденің соңы жақсылыққа апармайтындығын түсіндіріп, бұл пікірін ол «Харакәт қыл, пайдасы көпке тисін» деп әрбір адамның қоғамға және өзіне пайдалы істер атқаруын ұсынады. Абайдың ойынша, адал еңбек атаулының бәрі қоғамға да, жеке адамға да пайдалы, сондықтан қазақтың бір діңгегін берік орнатуға әркімнің мүмкіндігі мен шамасы бар екендігі шындық.

Абай Құнанбаев қазақ әдебиетіндегі, жалпы қазақ руханиятындағы болмысы бөлек дара тұлға. Абай ақын ғана емес, хәкім дәрежесіне жеткен тұлға. Ол өмірдің бар болмысы мен шындығын көркемдік тұрғыдан бейнелеп қоюмен шектелмеген, өз шығармашылығы арқылы өзіндік танымын, адамгершілік ілімін жасаған ойшыл ақын. Ол өлеңдері мен қара сөздерінде оқырманына «адам бол» деп қана қоймай, сол адам болудың, адамгершіліктің қалыбын, ілімін жасаған ойшыл ақын. Ол өзіне дейінгі танымы мен тәркіні терең адамгершілік ілімімен таныс болған. Өйткені оның ұзақ ізденіспен, тереңінен толғатып тапқан толық адам танымы сонау Сократ, Платон, Аристотель заманынан іргесі қалана бастаған іргелі іліммен сабақтасады [5].

Халқының мінез-құлқының бұзылып бара жатқанын көріп, «Толық адам» ілімін жасаған Абайды әрбір қазақ білуі керек. Абайды білсе, пенделік жолдан қайтады. Қазір көп адамның көкейінде тек қарын тойдыру, киім киіну. Одан басқа мақсат жоқ сияқты. Аш қарын тойынар, бірақ оның рухани қазынасы болмаса, қуыс кеуде пенде болып қалады. Біздің қауіміміз сонда. Жастарымыз қуыс кеуде болып қалмауы қажет. Дүниені өмір

бойы жинап, ана дүниеге алып кеткен кімді көрдіңіздер?! Оның барлығы қалады. Сондықтан рухани қазынаға басымдық беру керек. Абайды оқысаң таусылмайды. Хәкім бұл шығармаларын ақша үшін жазған жоқ, ол өз жан-дүниесін жазды. Ол өзі өмір сүріп отырған заманның шындығын, зарын жазды. Оның ішкі әлемі қайырлы. Сондықтан да оның мұралары өте терең, мәнді. Қазақтар үшін одан өтер дүние жоқ [1], – деп атап өтті М. Мырзахметұлы.

Туған жерді қия алмай,
Тентекті жеңіп, тыя алмай,
Әлі отырмыз ұялмай,
Таба алмадық өнге елді [4, 91], –

деген дана Абай қандай да болмасын, туған елінің тентегін тыя алмаса да, қазақтан өзге артық елді таба алмайтынын өлең тілімен өрнектейді. Бұл – ақын жанының қазақтың сайын сахарасы мен дархан даласын, әрбір тасы мен сайын, тентегі мен игі жақсысын жақсы көріп, туған жерін қия алмағандығын паш етеді.

Абай қазақ қауымы ішіндегі жағымсыз құлықтар мен береке-сіздіктің және басқа кемшіліктердің түп тамыры надандығында, оқымағандығында деп түсінеді де, халқының көкірек көзін ашып, ұлттық сана-сезімін жетілдіріп, еліне қалтқысыз қызмет ету үшін қазақ жастарын оқуға, білім алуға шақырады. Ол:

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, ойы орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

деп бар үмітін парасатты, талапты қазақ жастарға жүктейді [4, 91].

Абайдың дүниеге көзқарасындағы ұстаған негізгі принципі – «Адам бол!». Ойшыл ақынның аңғаруынша көптеген адамдарда «адам» деген ат бар, бірақ «Адам» деген зат жоқ. Сондықтан да Абай «Адал бол – бай тап, Адам бол мал тап, Қуансаң қуан сол кезде...», «Бес нәрседен (өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, текке мал шашпақтық) қашық бол, Бес нәрсеге (талап, еңбек, ойшылдық, қанағат, рахым) асық бол, Адам болам десеңіз» деп,

өз елін, келешек ұрпағын жалпы гуманистік рухқа, бірлікке шақырып, «Бірінді, қазақ, бірінді дос, көрмесең, істің бәрі бос», – дейді [5].

Хәкім Абайдың ғақлияларын зерттеуші, абайтанушы ғалым Жабал Шойынбет өзінің зерттеуінде бұл тұжырымды былайша өрбітеді: «Пендешіліктен туатын жағымсыз қасиеттер де көп болмаса, аз емес. Ондай қасиеттер бойын жайлаған адамдарды Абай жарым адам, жарым мұсылман деп атайды. Олар надандық, еріншектік, зұлымдық, қиянатшылдық, ұятсыздық, арсыздық, менмендік, күнdestік, мақтаншақтық, мансапқорлық, тәкаппарлық, жігерсіздік, талапсыздық, салғырттық, жеңілдік, әсемпаздық, ашуланшақтық, қапашылдық, маскүнемдік, тамыршылдық, қанағатсыздық. Бұл қасиеттердің бәрін Абай бір деңгейге қоймайды. Олардың біразы бірін-бірі тудырып, адамды азғындатып жатады. Жалғыз қазақ емес, жалпы адамға тән қасиеттер ретінде, хәкім үшеуін атайды» [6, 55].

Абай не туралы жырласа да ең басты халқының ұлттық мүддесі үшін жырлады, тіпті Абайдың қыс пен күз жайында жазған өлеңдерінде тек табиғат көріністері ғана емес, ұлттық болмыс мәселесі, халықтың әлеуметтік жағдайы, сол кезеңдегі дәуір шындығы, қазақ қоғамының халі суреттеледі.

Қаз, тырна қатарланып қайта бермен,
Астында ақ шомшы жүр-ол бір керуен.
Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді сейіл-серуен [4, 55].

Осындағы «Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы» деуінде-ақ ақынның еліне деген жанашырлығы мен қамқорлығын байқаймыз. Өйткені, ақын елінің бірлігі мен халқының мамыражай бақытты күндерін аңсады. «Бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығарып», қазақ елінің тұтастай мәдениетке жұмылуын тіледі, өтірік-өсек, пәлекорлықтан аулақ болуды, өркениетті елдердің қатарына жетуді, ауызбірлігі жарасқан азат ел болуды мақсат етті.

Қорытындылай келе, «ұлттық санамыздың тірегі» болған Абайдың философиялық лирикасы, ойлары – біздің ұлттық кодымыз» деп тұжырымдаған ғалым М. Мырзахметұлының қазіргі абайтанудағы зерделі ой толғамдары мен пікірлерінің маңызы

қашанда зор деп білеміз. Ақиқатында, хәкім Абайдың әрбір өлең жолдарындағы даналық ойлар ұлтты сүюге, ізгілікке үйретін, адамдық сипатта бой түзеуге насихаттайтын һәм парасаттылық пен өркениетке үйретіп, ұлттық тұрғыдан рухани жаңаруымызға бағдарлам болатын темірқазық екені даусыз. Абай шығармашылығын, дүниетанымын жаңа қырынан тереңнен зерделеу нәтижесінде біз жаңа тұрпатты жаңғырудың басты құралы – ұлттық кодымызды сақтап қалатынымыз анық деп түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзахметұлы М. Абай танымындағы ұлттық код мәселесі / [Электрондық ресурс] // <https://kazgazeta.kz/news/68990>. 22.05.2018
2. Абайдың «Толық адам» ілімі оқу үдерісіне енгізіледі / [Электрондық ресурс] // <https://www.zakon.kz/redaksiia-zakonkz/4862336-abaydy-toly-adam-l-m-o-u-der-s-ne-eng-z.html>. 06.06.2017.
3. Әуезов М.О. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
4. Абай. қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
5. Мырзахметұлы М. Бұл уақыт бейқамдықты көтермейді / [Электрондық ресурс] // <http://z-taraz.kz/index.php/kz/2014-04-15-15-49-02/5299-mekem-tas-myrzakhmetly-filologiya-ylymdaryny-doktory-b-l-ua-yt-bej-amdy-ty-k-termejdj>. 30.11.2016.
6. Шойынбет Ж. Абай қара сөздерінің ерекшеліктері: оқу құралы. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 200 б.

Насихат Набиолла,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 1-курс докторанты,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының ғылыми қызметкері

АБАЙДЫҢ ӘЗІЛДЕРІ МЕН ШЕШЕНДІГІ ХАҚЫНДА

Ел арасында Абайдың «Қара сөздері», «Өлеңдерімен» қатар кең тарағаны – шешендік сөздері (әзіл-әңгімелері). Алайда бүгінгі күні көбінде жоғарыдағы жанрларға баса мән беріп, акын әзілдері мен шешендік сөздері назардан тыс қалып келе жатыр. Осы бостықты толтырған С. Қорабай мен А. Бисенғалиева құрастырған «Абай әзілдері» жинағы деп айтуға болады. Онда Абайдың өз әзілдерімен қатар, оның айналасындағы адамдардың арасында тараған әзіл-әңгімелері де жарық көрген. Айталық Абайдың әкесі Құнанбай, шәкірті Көкбай, қайын атасы Алшынбай, балалары Әбіш пен Ақылбай араларындағы, т.б. әзіл-қалжыңдары жарияланған. Кейіннен осы әзілдер «Бабалар сөзі» жүз томдығына да енген.

Әзіл-әңгімелер елді күлкіге қарық қыла отырып, тыңдаушысына үлкен ой тастайды. Бұл өнер де шешендіктің, тапқырлықтың, ойдың жүйріктігінің, сана тереңдігінің нәтижесінде ғана барлыққа келеді. Әзіл мен шешендік кез келген адамның аузынан шыға беретін жел сөз емес, үлкен қоғамдық, саяси, кейде жеке адамдардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі оғаш қылықтарды дәп басатын құдіретімен ерекшеленеді. Әзіл ұзақ уақыт ойланып-толғануды қажет етпейді, сөз арасында, тапбермеде ғана айтылады. Бұл өнердің де бастау көзі – халық ортасы. Ел арасында тараған фольклорлық үлгілерге қанып, сусындап өскен ұрпақтың бойында ғана осы өнердің сәуле шашатыны бар. Әрине, бұндай ортада өскен Абай да әзіл-әңгімеден кенде емес. Аға сұлтан Құнанбай ауылына ат басын тірейтіндер – ел тізгінін ұстаған билер мен халық арасында ән-жырымен, әншілігімен танылған, халық құрметіне бөленген әйгілі тұлғалар екені даусыз. Сондықтан да құндағынан қазақ руханиятына сусындап өскен сол әулеттің балалары, соның ішінде Абайдың алған рухани құндылығының жоғары болғаны, сол бала жастан құлағына сіңіп, көкірек

көзіне сәуле түсірген мол мұраның, оның санасында қорытылып, жаңа бір тыныспен ел игілігіне айналғанын көреміз. Сондықтан да Абай айтты деген әзілдер ел арасында ақынның бала кезінен-ақ тарап кеткен. Абайға бұл қасиет ең алдымен оған «ана сүтімен дарығаны, оның рухани оянуының бастау көзінде әжесі мен анасы тұрғаны шындық» [1, 3]. Әжесі мен анасының әлдиін тыңдап, ертегі мен жырларды құлағына бесіктен сіңіре өскен ақынның бойынан бұл өнердің де жылт етіп көрінуі табиғи. Абайдың ел арасынан жиналған әзіл-әңгімелері мен өлеңдерін үш топқа бөліп қарастыруға болады. Әуелгісі Абайдың балалық шағымен сабақтасып жатса, онан кейінгісі бозбалалық, жігіттік шағымен үндесіп келеді. Ал үшіншісін – Абайдың толысып, ел билігіне, халықтың дау-шарына араласып, әділ билік жасап үкім шығарып жүрген қоғамдық қызметімен ұштасады. Әрине, Абай әзілдері дами келе, халықтың мінін, қазақтың бойындағы кемшілік, қателіктерін сынайтын мысқыл мен ащы әжуаға айналғанын көреміз. Онда Абай өлеңдері мен қатар қара сөздерінде де сол ащы шындықты толығымен дәлелді көрсетіп, ел бойындағы, ел билеген би-сұлтандар мен болыстардың кемшіліктерін көзге түртіп көрсетеді.

Абайдың шешендігіне әкесі Құнанбайдың оны жастайынан билікке араластырып, ел билеудің қыры мен сырын қатар ұқтырғандығынан да болса керек. Жастайынан ел серкелерінің ортасында болып, әке тәжірибесін бойынан сіңіріп, өз бойындағы артықшылықтарымен ұштастыра білгенінің арқасында ешкімді бет қаратпай, сөзге жүйрік, ойға көсем болғанын көреміз. Бұл арада әкесі Құнанбайдың да шешендік сөздері мен әзілдері де ел арасында тарап, халық жадында сақталғанын айта кеткеніміз лазым. Құнанбай айтыпты дейтін нақыл сөздер де көп болған. М. Әуезов Құнанбай туралы: «Заманында хатка жазып қалдыратын адамдар болмағандықтан, Құнанбайдың көп тапқыр сөз, терең ойлары сақталып қалмаған. Бірақ анық Құнанбайдың өзі айтты деген сөздер сонда да жоқ емес. «Арымнан – жаным садаға, жанымнан – малым садаға», «жарлы кісі жамалар, жамалар да қуанар», «адамның не нәрсе қасиеті болса, сол нәрседен міні де туады», «өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі: құлақпен естіген

өтірік, көзбен көрген шын» [2, 64] деген сияқты сөздері Құнанбайдың өз ортасына үлгі айтам деген адам екенін танытады.

Абайдың өзін қоршаған ортадан тысқары қалуы мүмкін емес. Мол руханияттың ортасында жүріп, тал бесіктен құлағына сіңген даналық сөздердің акын жүрегіне жақын болып, көңіл сарайында тербеліп, сөз өнеріне айналып, ел арасында тарағандығы оның бала кезіндегі әзілдері мен сықақ өлеңдерінен көрінеді. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы бала Абайдың қаладан оқудан келгенде құлағы ауырлап, сөз естуден қалып бара жатқан әжесі Зеренің құлағына істеген «ем-домы», яғни өзі жазған өлеңін түсініксіз ғып күбірлеп ұшықтағаны еске түседі. М. Әуезов «Абайдың өмірбаяны» мақаласында оны төмендегідей көрсетеді:

«Кәріліктен құлағы есітпейтін болған соң немерелеріне дұға оқытып үшкіртеді екен. Сонда немересі Абай кәрі әжесінің құлағына өленді айтып келіп үшкіргенде: «Е, қарағым, құлағым тәуір болып қалды», – деп ырза болады» [3, 36], – дейді.

Абайдың шешендікпен айтқан әзілдерінің астарында үлкен мән жатады. Күлдіре отырып, ой тастайды. Ел арасында өз ауылының малшыларына айтқан әзіл өлеңдері де кең тараған.

Абайдың бала кезінен бергі айтқан әзілдері, шешендік сөздері ел арасында біраз сақталған. Оның бұндай қаусырма жақ шешен, әзілқой боп жетіліп, есті сөзді ерте айта бастауының себептерін бірнеше жақтан қарастыруға болады. Абайдың өз жұртымен қатар нағашы жұрты да сөз тізгінін ұстаған, атағы арысы үш жүзге мәлім қаз дауысты Қазыбек би болса, берісі «Шаншардың қулары» деген атпен белгілі, әзілкеш Тонтай, Қантайлардың есімі күні бүгінге дейін ел есінде. Олар айтты деген шымшыма әзілдердің де ел жүрегінен орын алғаны бар. Нағашы жағының да сөз тізгінін ұстаған тұлғалар екендігін де, олар айтыпты дейтін әзілдерден білеміз. Тонтай ауырып жатса, сол ауылдың молласы қайта-қайта келіп көңілін сұрай беріпті. Тонтай молда және бір күні көңілін сұрай келгенде: «жазыла, жазыла молладан да ұят болды, енді өлмесем болмас» [4, 42], – деген әзілі ауыздан-ауызға таралып, ел ішінде сақталып келген.

Абайдың бала кезіндегі тауып айтар шешендігі туралы бір әңгіме төмендегідей өрбиді. Нағашы жұртынан аттанарда нағашысы Тонтай жиенінен қалаған-сұрағаны болса айтуын өтінеді.

Сонда Абай: – Ата кім «алып алты, жеп жеті болар» дейсіз. Рахмет. Әйтсе де «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп» деген, «ашып айт десеңіз, өзіңіз айтқандай, қаласам да, жиендік жолмен алып жөнелмесем де тақымыңызға басып жүрген атақты атыңыз – ақселеуді мініп кетсем», – деп шегелей сөйлеп тоқтапты. Тонтай: – Абайжан ала ғой. Өзіңе бір тілегім бар. Сені осы жұрт ақын дейді. ақындығыңды алдымен өзім сынайын, кәне, төрт түліктің қасиетін бір ауыз өлеңге сыйғызып айтып берші, – дейді. Абай сәл ойланып:

Асыл мүлік болады қойдың жүні,
Шудалы түйе сұлу жаздың күні.
Қымызы мен жақсы аттың жілігі артық,
Сиырдың күзде озады сүмесіні, –

дегенде, нағашысы: Тіл-аузым тасқа, жағың түспей жамандық көрме, табан аузында тауып айтқан өлеңіңнің бір міні жоқ, жымы білінбей тұтас келіп, жігі ашылмай шыншыл болып шықты [1, 11], – деп мейірлене ақ батасын береді.

Абайдың 13-14 жас шамасында қайын жұрты Алшынбай ауылына барғанда, оны сынамақ болған ауылдың үш қартын бір ауыз сөзбен тоқтатуы да ел арасында аңыз болып тараған. Құнанбайдай елге беделді тұлғаның баласының өрісін барламақ, Алшынбай ауылына келген Абайды сөзбен тұқыртпақ болып, есіктен сәлем бере кірген Абайды бір жағынан сыйлап, бір жағынан сынап төмендегідей сөз қозғайды:

– Пай, пай, пай, мына көмейі суырылған шешеннің ұрпағы-ай, сәлемінің өзін әндете бастауын-ай, – дегенде, екіншісі іле жөнеліп: Әкесі Құнанбайға ұқсамай, өзін тіл мен сұқтан құдайдың сақтауын-ай, – деп қалады. Үшіншісі тұрып:

– Әлден-ақ жүндес тоқты қошқардай, бүкіл денесін қалың түктің қаптауын-ай! – дейді. Сонда Абай басқа шаншарларға сөз кезегін бермей:

– Әй, әттеген-ай! Әуелде қыздарыңды ұзатқанда бәрің жабыла жамырап: «түкті бала таппа» деп айтпауың-ай деп, төрге барып отыра кетіпті. Төрде отырған Алшынбай оларға оқыс бұрылып, мырс-мырс күліп: – Ал ендеше, үшеуіңе бір сыбаға [1, 11], – деген екен.

Абайдың шешендігіне өз шешесі Ұлжанның да сөзге ұтқырлығы әсерін берген. Ана сүтімен дарып, сүйекке біткен бұл қасиеттің Абай бойынан көрінуі кездейсоқ емес. Ұлжанның да сөзге ұста және жүйелі сөзге өте мән беретін байқампаздығының бір дәлелі, төркінінен алып келген қамқа тонды балаларының біріне сыйламақ болады. Алайда оны жай бергісі келмей, табан астында ол туралы бір шумақ өлең құраған және сол өлеңі көңілінен шыққан балаларының біріне беруді ұйғарады. Бұл тартыста Ақылбайдың сөз саптасы бәрінен жоғары шығып, тонды өз олжасына алады.

Бұдан да ана тәрбиесінің уызына қанып өскен Абайдың жай адам болып қалуының өзі мүмкін емес екендігін түсінеміз.

Абайдың өз досына айтты деген бір шумақ әзіл өлеңі Семейдегі Абай музейінен жазылып алынған болатын. Онда әзіл мәтіні төмендегідей болып келеді. Абайдың Қайрамбай деген құрбы жігіті алғаш алған әйеліне көңілі толмай қатын аламын дегенде айтыпты:

Алғаның Медетқызы аты Ұрым,
Айында бір жумайды беттің кірін.
Ер кезек ер жігітке үшке шейін,
Бір боқты тағы баста жана сүрін [5].

Бұл өлеңде де досқа деген әзілі жатқанымен, оған деген назы да аңғарылады. Яғни ендігі қадамды сан ойланып, мың толғанып барып шешуі тиіс екендігін ескертеді.

Абайдың суырыпсалма ақындығын, шешендігін көрсететін бір шуақ өлеңнің бірнеше нұсқасы сақталған, ол өлең жолдары бірде Көкбаймен, енді бірде Жылтыр ақынмен байланыса айтылады: Шарда сияз басында қаратаз Жылтыр ақын өлең айта келіпті, Абай мен Сарыжомарт Тілеуберлі баласы Әлқан деген қатар отырғанда:

Қызылсу Шарға құймай тасымайды,
Жар жақсы ер жігітке басыбайлы.
Аталық күліп, ойнап Әлқан мырза,
Андағы бері таста насыбайды, –

дегенде Абай отырып, Қызылсу мен

Шарды, үйдегі әйелді қоспай-ақ, отырған екі кісінің арасынан неге айтпайды? Осы ақындар қалай өзі депті? Өлқан отырып Абайға, ал Абай өзің айтшы дейді сонда Абай:

Ханым сен, қарашың мен басыбайлы,
Ер жігіт болса өнері жасымайды.
Аталық шаттандырып шіркініңді,
Қолдағы бері таста насыбайды, –

депті. Осыдан өлең айтқалы келе жатқан Жылтыр десі түсіп, бұл сапар өлең айтпай кетіп қалыпты [5]. Осы нұсқаның және бір түрі «Көкбай әңгімесі» деген атпен ел арасында тараған. Оны Көкбай өз аузынан төмендегідей өрбітеді:

«Шыңғыстың қара желді боранын бората, үскірік аязда ымырт жабыла іңірде жеттім. Көкшолақты қораға іле тастап, даланға кіріп, аязды сықырлата, тымағым қыраудан көрінбей үйге кіріп келдім. «Көкше, бірдеңе деші», – деді Абай. Мен қысылып:

Қызылсу Шарға құймай тасымайды,
Әркімнің бір жары бар басыбайлы.
Көңілім шақшаңызға түсіп кетті,
Әперші, Абай аға, насыбайды, –

деппін. «Сорлы Көкше, мақтаймын деп сөз қадірін кетіріп алдың», – деді Абай. Қатты ұялдым. Құдай оңдап, арамызға Әйгерім түсті: «Қайыным күнұзын нәр татпай тоңып келеді, ағасы, жөпелдемеде аузына сөз түспей жатыр», – деп үстіме ішігін жауып, мамық көрпеге отырғызып, буы бұрқыраған шайды құйып, кесек туралған тоңазыған сарыала қазыны үйіп-төкті. Сөйткенше, Абай үш ішекті домбырасын алып, үйдің ішін өзі жадыратты:

Қызылсу Шарға құймай тасымайды,
Ханым – сен, қарашаң мен – басыбайлы.
Жанарым шақшаңызға түсіп кетті,
Беретұр, Абай аға, насыбайды....

Айтайын деген көпшігің осы ғой. Қызылсу – Шарға құймайтын шолақ өзен. Оны білесің! Ал әркімнің бір жары бар басыбайлың не? Қалай саған мен жар боламын, сорлы Көкше? Әй,

Әйгерім, мен кіммін, сен айтшы, мына ақын қайныңа», – деп Абай домбырасын қағып қалып тынды [1, 25-26]... бұл нұсқаларға қарап, бұл әзіл өлеңнің халықтық нұсқаға айналып, варианттарының сақталғанын білеміз.

Абай мұражайынан жазылып алынған және бір әзілде Абайдың ғылымға ештеңені теңгермейтінін, оқыған адам мен оқымаған адамның парқын ашып көрсететін бір шумақ өлеңі және еңбек-кәсіптің орнының бөлек екенін ашып көрсеткен бір-бір шумақ өлең сақталған. Онда:

Жуантаяқ Балқожа деген кісі Абай алдында мұқтасардың бір сөзін теріс айтып Ғабитханмен таласып Абайға жүгініпті. Сонда Балқожаға айтқаны:

Ғалымнан надан артпас ұққанменен,
Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.
Одағы қалыбынан аса алмайды,
Жауқазын ерте көктеп шыққанменен.

Қарамырза Ташмағамбет Башбай баласына айтқаны. Бұл кісі Белағашта егін салатын-ды.

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған [5].

Ақынның әжуа, сықаққа, ащы мысқылға толы өлеңдерін бірнеше бағытта қарастыруға болады. Әуелі ел тізгініне таласқан би-болыстардың атақ-мәнсап үшін неге болсада баруға дайын екенін көрсету. Екіншіден қарапайым халықтың да тұрмысын жаңартуға, өмірге басқа қырынан қарауға құлшынбайтынын, кім айтса соған мақұлбай болып жүре беретін жуастығын тілге тиек етеді. Абайдың шығармаларындағы ащы мысқыл туралы М. Әуезов төмендегідей пікір білдіреді: «Осындай тапқыштық, қалжыңшылдық, біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіншілік нағашысы мен шеше жағынан Абайда мол келген. Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын, жалынды, жанды өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіншілік көп пе, жоқ шанышпа тілді

соқтықпалы, ащы мысқыл, улы күлкіге бой ұрғандық көп пе? Бұл екі ортасын дәл кесіп-пішіп айыру ұзақ тексеруді керек қылатын шығар. Бірақ біздің ұғуымызша, соңғы түрі көп» [3, 47-48]. Мұхтар Әуезовтің бұл ойынан да ақын шығармаларында жиі кездесетін ащы мысқыл мен әжуаны көреміз.

Жинаятай келгенде Абайдың ақындығымен қоса, шешендігі, әзіл-әңгімелері бала кезінен ел аузына ілінген. Сондай-ақ кейінгі юмыр, ащы сықақ, сатираға құрылған шығармаларының түп-негізі де, тап бермеде тауып айтар шешендігінде, әке тәрбиесі мен ана әлдиінің бала жастан құлағына құйылған құнарында, ақынның тума талант, ұлылығында жатыр. Үш жылдық медресе мен үш айлық мектептің білімімен адамзаттың Абайына айналу, әуелі құнары мол халық қазынасының нәтижесі болса, өзінің таланты арқасында шығыс пен батыстың классикалық әдебиеті мен құнды тарихи шығармаларынан нәр алуында жатса керек. Араб, парсы, орыс, шағатай тілін біле отырып, діни, тарихи, философиялық кітаптардың нәрін алып, өз сана деңгейінде қорытып, ұлтының өшпес рухани қазынасына айналдыру – Абай бойындағы асқан таланттың жемісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай әзілдері. Құрастырғандар: С. Қорабай, А. Бисенғалиева. – Алматы, 1995.
2. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны (үшінші нұсқа 1944) // Абайтану. Т.12. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
3. Абайтану. 1-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
4. Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. – Алматы, 1959.
5. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі қолжазба қоры, 43-бума. (араб әрпінде).

Улгаракова Гульнара Серикболовна,
ШКО ББ Риддер қаласы бойынша
«№12 орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Мухамадиева Меруерт Бакдаулетовна,
Абай облысы Семей қаласы Қ. Сәтбаев атындағы
№2 жалпы орта білім беретін мектебі КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ӘЛЕМІ

Абайдың шығармашылығы жайында көптеген зерттеулер жүргізілді және әлі де зерделене береді. «Мен бір жұмбақ адаммын», – деп ақынның өзі айтқандай, Абай – таусылмас тақырып, әсіресе ойшылдың Шығыс әлеміне қатысы кешенді зерттелуді қажет етеді.

Жүрегіннің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! [1, 164-б.]

М. Әуезов Абай шығармаларының нәр алған қайнар көздерінің үш арнасы жайындағы өзекті мәселені отызыншы жылдардың ортасында көтергені белгілі. Жазушы ғалымның бұл еңбегі жайында пікір айтқан М. Мырзахметұлының: «Абайдың әдеби мұрасының рухани нәр алған үш бұлағы жайлы тұңғыш рет тың пікірді М. Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянына арналған еңбегінің алғашқы нұсқасында айтса, кейіннен 1934 жылы көп даярлықпен келіп жазған «Абай ақындығының айналасы» деген ғылыми-теориялық мақаласында бұл ой-толғамдарын нақтылы әрі кең тұрғыдан тұжырымдаған еді» [2, 5-б.], – деген.

Абайды Шығыс мәдениетіне қатысын зерттеп, танып білу, бағытында жүргізіле бастаған ғылыми жұмыстар БК(б)П-ның 1949 жылғы космополитизм туралы шыққан қаулысынан кейін мүлдем тоқтап қалған еді. Әдебиеттанушы ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Абайтану мәселесінде көп уақыт орын алып келген үлкен бір кемшілік – ақынның шығысқа қатысын «күні біткен», «кер-

тартпа» құбылыс ретінде бағалау болды. Абайдың шығысқа қатысты шығармаларын теріс ұғындырып, мәселені қоюлата берудің бергені аз» [3, 148-б.], – деп ақынның шығыспен байланысын зерттеудегі сол кездегі орын алған олқылықтарды көрсетеді.

Хакім Абай мен кемеңгер М. Әуезовті тану мен таныту жолында жарты ғасырға жуық өмірін арнаған М. Мырзахметұлы академик жазушының ақын мен Шығыс әлемі туралы сол кезеңде айта алмай кеткен ойларын түсініп, осы бағытта зерттеулер жүргізді. Зерттеушінің ғалымдық қасиеті жайында, ғылыми еңбектері туралы пікір айтып, баға берген Құлмат Өмірәлиев пен Советхан Ғаббасов болды. Қ. Өмірәлиев замандасы жайында: «Құбылысты көру үшін, оның өзгелерден бөлектенетін, өзінің мәнін белгілейтін ерекше басты қасиеті не екенін тану үшін жалаң құбылысқа деген жүрек қалауы, патриоттық сезім, жетекші көзқарас керек. М. Мырзахметұлында зерттеуші әрі ғалым ретінде осы ерекше дүниелердің біразы тоғысқан» [4, 116-б.], – деп жоғары баға берген еді.

Ал ғалым жазушы С. Ғаббасовтың: «...Бұл мәселе хақында тас қараңғы меңіреу ортаның фонында көрінген М. Мырзахметұлының хауас жайында кең толғап жазуы, түн қоюлығын сейілткен ой арығындай нұрлы да сүйкімді әсері барын ризашылық сезіммен атап өткенді жөн көреміз» [4, 148-154-б.], – деген келелі пікірінен ғалымның қазақ руханиятына сіңірген ұшан-теңіз еңбегінің куәсі боламыз.

Профессор өзінің ұзақ жылдық ізденістері арқылы Абайдың исламдық Шығысқа қатысын ашқанда ол жауаптылығын бүгінгі күнге қызмет еттіруді басты мақсат еткен. «Толық адам» – ғылым таппай мақтанбайтын, оны шын махаббатпен көксіп, меңгеруге талпынған адам. Ғалым бүгінгі қазақ халқының алдына Абайша, теологиялық ғылымды (Алланың ғылымы), қоғамдық ғылымды (өзінтану), табиғи ғылымды (дүниелік ғылым) меңгеру қажеттігін көлденең тартады. Өйткені біздегі бүгінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің еуропалық үлгіге қазақ еліктеуінің апаты зардаптарға ұрындырып отырғаны өмірдің шындығы. Әсіресе «Алланың ғылымынан» хабарсыз қалудың зардабы бәрінен ауыр. Алла тағаланың ғылымының ең басты мазмұнының бірі «жәуанмәртті-

лік» (әділет, рақым, ақыл) пен оған қарама-қарсы бағытта тұрған адам баласының бойындағы үш жағымысыз зиянды (надандық, еріншектік, залымдық) сипаттарын танып-білу еді.

Зерттеуші осыларды зерделей келе мынадай тұжырым жасайды: «Мәселе белгілі бір шындықты қай ойшылдың болса да қазқалпында біліп, тануында емес, өз заманының қажетіне қарай дамытып, шығармашылық жолмен жетілдіруінде жатса керек, ойшыл бойындағы жаңалықта бұрыннан бар ой көздерін дәуір талады тұрғысынан жаңғыртып түлетуінен білінеді» [2, 198-б.].

Абайдың шығысқа қатысы жайлы шындықты айтқан профессор Ә. Қоңыратбаев қуғынға ұшырап, қысымға алынып, Алматыдан аластатылғаны бүгінде баршаға аян. Бұл жағдай ақынның шығыс әлемімен ара қатынасын айтамын деп басы дау-дамайға іліккен ғалым өмірінің бір көріністері еді. Бірақ қиындыққа ұшыраса да ақын мұрасына қатысты ақиқаттан хабардар ете білді [5, 67-б.]. Абай және шығыс арасындағы сабақтастықты саралап көрсете білген әдебиеттанушы ғалым Ө. Күмісбаевтің еңбегін де атаусыз қалдыруға болмас. Аталмыш зерттеушінің «Абай және Шығыс» [6] атты монографиялық еңбегі кеменгер Абайдың Шығыспен байланысын зерделеудегі маңызды еңбектің бірі болып саналады. Ойшылдың шығыс дүниесімен өзара сабақтастығын саралайтын М. Мырзахметұлы еңбектерінің бірі – «Абай және Шығыс» зерттеуі. Еңбек жайында ғалым А. Сейітова: «М. Мырзахметұлы ұзақ жылдар бойы түрлі кедергілерге бой алдырмастан, «Абай және Шығыс» еңбегін жазып шықты» [7, 8-б.], – деп тамаша пікір білдіреді. Ақын мен Шығыс әлемі арасындағы байланысты, ойшыл дүниетанымы туралы тың тұжырымдарды арқау еткен профессор М. Мырзахметұлының монографиясы қазақ әдебиеті тарихындағы іргелі еңбектердің біріне айналды.

Осы орайда академик Ғ. Есімнің мына бір салмақты пікірін тілге тиек етіп өтейік. «Асылында Абайдың суфизмге көзқарасын арнайы сөз еткен жөн. Ол үшін зерттеуді Иасауиден бастау керек. Ал суфизмсіз Абайдың дінге көзқарасын ашу қиын шаруа» [8, 40-б.]. Яғни ойшыл ақынның сопылық дүниетаныммен сабақтастығын зерделегенде осы ілімнің негізін қалаған Иасауимен үндестігін қарастыру қажеттілігін ескеру маңызды. Осы жерде Мұхтар

Әуезов былай деген: «Ақын Шығыстағы «Тассауып» (сопышылдық) поэзиясының ұрығын, ішкі-тысқы үлгісін, негізгі сарынын терең түсіне бастаған. Сондықтан бұдан былай олар үлгісін қорыта, өз ырқына көндіріңкіреп, баурай алып қолданады»[9].

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті, –

дейді Абай [1, 178-б.].

Осы үш сүюді М. Әуезов Абайдың «адамгершілік турасындағы үгіті», «мораль философиясы» деп бағалайды. М. Мырзахметұлы академик жазушының аталмыш тұжырымын «Абай және Шығыс» еңбегіне арқау ете отырып, Абай танымындағы иманигүлдің бірінші сүюі жаратылған пенде өзінің Жаратушысын махаббатпен сүюіне негізделетінін талдап береді.

Екінші сүю немесе ақын шығармаларында бастан аяқ үзіліссіз таратылатын ой желісі «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ат қойып, айдар тағуында жатыр. Абайдың: «Және сүй хақ жолы деп әділетті» дегені 38-сөздегі нақылия, ғақылия дәлелдерге сүйене отырып ұсынатын ғадлет ұғымына іліктесетін үшінші сүюді көреміз [5, 69-б.].

Осы үшінші сүю ұғымын белгілі абайтанушы ғалым Ж. Ысмағұлов былай деп таратып береді: «Абайдың адамгершілік өлшемдерінің ішінде ерекше жоғары орынға қоятын бір ұғымы – әділет. Осылай деп келеді де, ақын жаңағы бас әріппен жазылған үш ұғымды қосақтап айтып: «осы үш сүю болады имани гүл» деп, үшеуін де имандылықтың тұтас бір шоқ гүліне теңейді. Бұл оның бала жасынан ел ішіндегі дау-шараға араласа жүргенде, таразының екі басын теңдеп келіп, төрелігін айтарда әділет ауылынан бір айнымаған тәжірибесінде елге танылған қасиеті болатын» [10, 192-б.].

Ал 27 қара сөзінде Абайдың бірінші сүюді, яғни Алланың пендесіне деген махаббатын көрсетіп, солардың қамын ойлап жасаған хикметтерін танытуға арналғаны аңғарылады. Сонымен қатар «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде Абай осы мәселеге

басымырақ назар аударады. Өзіне махаббатпен қараған түп Иеге, пендесінің де махаббатпен қарап сүюі парыз екенін:

Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса Тәңірі үшін [1, 74-76-б.], –

деп бірінші сүюді көрсетеді.

Осында назар аударатын негізгі бір мәселе, ол имангүлдің бірінші сүюі:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті... [1, 178-б.], –

демек, иманигүлдің бірінші сүюі, Алланы сүюді, яғни жаратушы болмысына деген таусылмас махаббатты көрсетіп, оған деген шынайы ғашықтықты танытады. Бұл айтылған таным, яғни бірінші сүю сопылық әдебиетте, А. Иасауидің «Диуани хикметінде» сопылық поэзияның басты тақырыбы болып саналады.

М. Әуезовтің «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы –ислам діні» деуінде ақиқаттың құпиясы жатқандығы баршамызға белгілі. Кез келген ақын, жазушының азаматтық тұлғасы мен ғылымдағы орнын айқындау бағытында оғын ықпал еткен рухани бұлақтардың жасырын көзін таппай, сол тұлғаның бейнесін айқындау, дүниетаным кеңістігіне тереңнен бойлау еш мүмкін емес. Осы жайтты жетік меңгерген академик-жазушы ақын әлемінің жұмбағын шешу үшін шығыстану арнасын ұдайы алға тартады. Себебі Абай мұсылман халқының, Шығыс әлемінің, күллі түркі дүниесінің алыбы. Сондықтан М. Әуезов зерделеген ислам дінінің әсері мен рухани құндылықтары Абай тұлғасын заңғарландыра түсері анық. Ақын асқарын аласартпай, асқақтатып тұрған да осы исламның баға жетпес байлықтары мен тұнықтары. Бұл құндылықтар Абай әлемінде басты назарда, ерекшелікте тұратыны да осыдан болса керек [11, 262-б.].

Осы мәселе жайында ғалым И. Жеменей: «Мұхтар Әуезов Абайдың исламият ағымына қатысты көзқарасын: «Абай діні –сыншыл ақылдың шартты діні», – деп білдірген болса, Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың шығыс әдебиетіне байланысын орынды дәлелдеген. Ендеше, Абайды шығыстық дүниетанымның, оның

ішінде исламдық шығыстың ой-өрісінің әйгілі өкілі деп білуіміз шарт. Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың исламдық ұстанымын айтып та жүр, жазып та жүр. «...Абайдың Шығыспен қатынасын, рухани тұтастығын жан-жақты әлі де зерттей алмай жүрміз», – дейді. Ол кісі – осы көзқарасын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, қалыптастыру жолында да еңбектеніп жүрген жан иесі» [12, 4-б.], – деген тұжырымының біздің зерттеуіміз үшін мәні зор.

М. Мырзахметұлы М.Әуезов ой-тұжырымдары арқылы жұмбақ жанның Шығыс әлеміне қатысты құпиясын табуға тырысады, әрі бұл ғылыми ізденісі үлкен жеңіске, қазақ әдебиеттану ғылымында өркен жайып, тыңнан түрен салған іргелі еңбектерді жазуына жол ашты. Өйткені өзі көрсеткеніндей: «М. Әуезов Абай шығармаларындағы ақын дүниетанымына сүйене отырып, абайтану саласында ұзақ жылдар бойы іздену, ой қорыту арқылы Абайдың исламиятқа қатысын анықтауға, ол жайлы танымдарының негізін білуге ұмтылып келді. Өйткені абайтану саласында бұл тақырып өз шешімін таппады, арнайы нақтылы зерттеулер бой көтермеді. М. Әуезовтің өзі де сол кезең жағдайына байланысты Абайдың исламиятқа қатысын арнайы зерттеулер арқылы ашпайды, осы саладағы ұзақ жылғы зерттеуден туған ойларын қорыту, келешек зерттеулерге адастырмас бағыт берер тезистік ой-пікірлер жемісін ұсынумен шектеледі» [2, 42-б.].

Қорыта айтқанда, абайтанушы, профессор М. Мырзахметұлының дана Абайдың Шығыс әлеміне қатысты жаңа бағыты, кешенді зерттеулері, ғылыми еңбектері қазақ қоғамының, халық руханиятының, ел әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосылған өлшеусіз үлес деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы, Жалын, 1995. – 384 б.
2. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.
4. М. Мырзахметұлы – Абайтанушы ғалым. – Астана: Руханият орталығы, 2001. – 256 б.

5. Мұхамадиев Д.Б. Абайтанушы: Монография. – Алматы: «Evo Press», 2013. – 234 б.
6. Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақ университеті, 1995. – 344 б.
7. Сейітова А. Абай поэзиясындағы шығыстық сарындар: фил. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 2009. – 118 б.
8. Есімов Ғ. Хакім Абай: даналық дүниетанымы. – Алматы: Атамұра, 1994. – 200 б.
9. Мырзахметұлы М. Ұлы ақын дүниетанымы туралы бірер сөз // Қазақ әдебиеті. – 2005. – 19 тамыз. – Б. 10.
10. Ысмағұлов Ж. Абай жұмбағы және оның шешімі // Жұлдыз. Қазақстан жазушыларының әдеби-әлеуметтік журналы. – 2009. – 7 шілде. – 187-200 б.
11. Мұхамадиева М. Абай мен Шәкәрім шығармашылығындағы исламият тақырыбы // Әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың көкейкесті мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2006. – 262-268 б.
12. Жеменей И. Мекемтас Мырзахметұлы – ғалым – идеолог // Ақ жол. – 2005. – 20 қыркүйек. – 4 б.

Кенжеқожаева Алма Мейірбекқызы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ҒЗИ оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Даутова Бибігүл Дәулетқызы
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ҒЗИ аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

АБАЙ МЕН МҰҚАҒАЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Қазақ поэзиясында шығармаларының өзіндік сипатымен, стильдік ерекшелігімен, дара суретімен, ғажап үйлесімімен орын алатын қос тұлға – Абай және Мұқағали. Абай Құнанбайұлының поэзиясын және өлеңдеріндегі өзіндік дәстүрді бүгінгі күнге дейін Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен жалпы шығармашылығынан іздеп келгеніміз анық. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінен Абай лирикасының жалғастығын, дәстүрлер үндестігін зерттеу – бүгінгі қазақ әдебиетінде зерттеле қоймаған өзекті мәселе. Абайдың ақындық талантының ашылып-дамуына жағымды әсер еткен халық ауыз әдебиетінің сарынын біз Мұқағали өлеңдерінен де байқаймыз. Ақын жырларының қайсыбірін оқып отырсақ та, ақынның ұлттық болмыс, ұлттық қадір-қасиет, ұлттық салт-дәстүрді ұлттық құндылықтың шырқау шыңына шығарып қоятынын байқаймыз. Нағыз ақын үшін ұлттық болмыстың бастау алар көзі – тіл. Ал ақын өлеңдеріндегі тілдік ерекшеліктер, айрықша бояу, өзгеше реңк қазақ халқына тән ұлттық рух пен мінез құлықтың көшірмесіндей, оған сіңіп қалғандай сипатта танылады. Көркем сөздің, поэзияның өзі бастауын ана тілден, таза, асыл, мінсіз сөзден алса, бұл айтылғандардың барлығы Абай поэзиясында да анық аңғарылады. Екі ғасырда өмір сүрген ақындардың өлең-өмірде көтерген тақырыптары да өзара ұқсас болып келеді. Мұқағали өлеңдерінде философияның, ғұламалар ойларының әуендері жиі ұшырасады. Ал осындай өмірлік философия ұлы Абайдың поэмаларында жиі кездеседі. Махаббат, саяси, табиғат лирикасы, ода жанры тұрғысынан алып қарасақ, қос ақын жырларында сыршылдық сарын,

элеуметтік өмірдің қайшылықтарын және қоғамдық құбылыс сипатын танытатын философиялық ой-тұжырымдардың берілуінен де ұқсастық байқауға болады. Екі ақынның стильдік қолтаңбасынан, өлеңдерінің құрылымдық жағы мен көркемдік тәсілдерді сәтті қолдануынан да өзара үйлескен ұқсастықты байқаймыз. Тіпті ұйқас, шумақтар арасындағы үйлесімділік жағынан ұқсастық аңғарылады.

Мұқағали философиясы өз арнасын Абай сынды ұлы бастаулардан алған. Осы ретте Т. Ахметжанның: «Мұқағали – үлкен философ ақын. Мұқағали философиясын түсіну үшін Абай философиясын бойымызға сіңіре білуіміз керек», - деген сөзін есте ұстаған абзал [Аймұратова Ж., 2008, 102 б.].

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезеңінде Абайдың ақындық дәстүрі мектебінен өтпеген, одан үлгі алмаған ақын-жазушы, көркемсөз шеберлері кемде-кем.

Сөз басында айтқандай, Абай – өлеңге ебі бар жастарды «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп, өнеріне көңілі толғанын ақын етіп тәрбиелеп, сол талаппен ақындық мектеп қалыптастырған ұстаз. Абай жасаған керемет поэзия, тамаша өлең-картиналар – әлі көп замандарға қызмет етерлік, тәлім берерлік құрал, көркемдік үлгі.

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі, Абай мектебі қалыптасты. Өткенімізге ой жүгіртсек, Абайдан үйренбеген, оны ұстаз санамаған ақын-жазушы жоқ екені анық.

XIX ғасыр ақыны Абай болса, Абайды ұстаз тұтқан Мұқағали XX ғасырда «Ғасыр ақыны» атағына ие болған. «Мен дағы өлең жазбаймын» деген өлеңінде ұлы Абайдың үлгісімен жазуды өзіне мақсат еткенін ашық айтады:

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табысам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден, –

дейді.

Мұқағалидың қазақ лирикасының Абайдай алыбын үлгі тұтуы өте орынды. Ұлы Абайдың қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік мектебі бар. Мұқағали осы мектептің бір түлегі ретінде

оның Абайша ойлап, Абайша жыр бұлағын төгілдіруі, парасатты тұжырым жасауы заңды [Алпысбаев Қ., 2001, б. 55].

Абай өлеңнің «Бөтен сөзбен былғанбай, тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиюін қаласа, Мұқағали қазақтың қара өлеңін ой мен сезімге байытып, реалистік тұрғыда оның құдіреттілігін танытты. Мұқағалидың «Қазақтың қара өлеңі – құдіретім, онда бір сұмдық бар естілмеген» деп, Абайша поэзия тереңіне бойлай түскісі келгенін байқаумен бірге, Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінің Мұқағалимен үндестігі барлығын таныдық. Әрқайсысы бір-бірінен бөлек екі кезеңде өмір сүрген ақындардың жүрегі бізге ортақ сыр шертіп тұрғандай сезімге бөлейді. Өзімен бірге қайғыртып, ой тұңғыығына сүңгітеді. Бұл ұлы адамдардың рухани үндестігін, жан дүниелерінің іштей бір-бірімен қабысып жатқандығын байқатады.

Ақын М. Мақатаев:

Жалғасы бар,
Жырымның жалғасы бар.
Жырларым, жылдарменен
Жалғасындар!

– деп жырласа,
Ұлы Абай:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

деп, екеуінің арасындағы рухани үндестікті танытады.

Ал Мұқағали ақын Абай айтқан құнды тұжырымды негізге ала отырып, ойды былай жалғастырады:

Өлмеу үшін – құлқынды жемдеу үшін,
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,
Абай жакқан бір сәуле сөнбеу үшін.

Пейзажды, табиғаттың сұлу көрінісін танып-суреттеуде Абай:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп, –

деп жырласа,
Мұқағали:

Ұялып барады өтіп бұлақ болса,
Бұйығып үн қатпайды жылан ғана.
Баланың маңдайынан сипалаған,
Дірілдеп айдан тамған шуақ қана, –

деп, адам мен аспандағы айды байланыстыра суреттейді.

Абай: Адамдық міндетті тануда: «Атымды адам қойған соң,
қайтіп надан болайын» десе, Мұқағали: «Хақым жоқ жаман болуға,
жұрт мені, жақсыдан қалған көз», – дейді.

Ал рухани үндестікте ұлы Абай өз сөзін былай жалғасты-
рады:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» .
Бұл мәселеде Мұқағали жауабы да ұқсас :
«Жақтасаң да, өзің біл даттасаң да,
Соттасаң да, еркін бар, ақтасаң да.
Мен де жұмбақ адаммын оны да ойла,
Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да, –

деген. Имандылықты жырлауда Абай толғанысы былай өрнек-
теледі:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,
Көп кітап келді Алладан оның төрті
Алланы танытуға сөзі арылмас.
Алла өзгермес адамзат күнде өзгерер,
Жарлықпен ол сөздерге, сіз де оларға...

Ал Мұқағали тұжырымы:

Дін – ғылымның анасы,
Дін – ғылымның әкесі.
Ғылым да бар, дін де бар,
Қоқыс та бар, гүл де бар.
Адам ата өлмесін,
Қол қусырып Құдайға
Ғылым мен дін бірге бар, –

сипатында айтылып, адамзатқа өмір тілеп, ғылым мен діннен, алдағы күннен үміт күтіп, болашаққа жол сілтегені баяндалады.

Абайдың махаббат лирикасында қыз бейнесін көркем бейнелеу, әсерлі жеткізу орын алған. Біз үшін Абайдың ғашықтықтың, сезімнің бейнесін суреттеуі махаббат объектісін поэтикалық идеализациялаудың сопылық канондарына толық сәйкес келуі басты мәнге ие. Сонымен бірге Абай идеалды сұлудың абстрактілі бейнесін емес, ұлттық үлгіге сай келетін қазақ қызының портретін жасайтынына назар аударған жөн деп ойлаймыз.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?
Аласы аз қара көзді айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.
Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіне.
Бетінді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіне [Құнанбаев А., 1968, б. 125].

Бұл нағыз қазақ тұлуының портреті мен түр-тұлғасын танытатын ұлттық бояуға толы көркем сурет деп есептейміз.

Ұлттық-поэтикалық және шығыс бейнесінің элементтерінің мұндай үйлесімі Абай шығармаларына өзіндік, қайталанбас рең береді. Ұлттық эстетика мен идеализация қағидаттарына үлкен бейімділікпен «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» поэмасында

сұлу бейнесі жасалып, көркем бейненің элементтері, кейіпкер портретінің бейнесі сөз бояуы арқылы сәтті жасалған.

Абай жырларындағы осындай дәстүрді Мұқағали ақын да өз кезеңінде жалғастырды. «Дариға жүрек» атты поэмасындағы қыз бейнесін сипаттау тәсілі, көркемдік шеберлік әдістерін қолдануында Абай қолтаңбасы аңғарылады:

Жолбарыс бақай білегі,
Құлан жон жанның бірі еді.
...Қос уыс бұрым арқада,
Қос жылан болып жүреді.
Егіз шың тұрған кеудеде,
Еңістің жатыр сілемі.
Қос жанар бірден жалт етсе,
Жарқ ете шыққан күн еді, –

деп, ару қызды өзгеше қазақы болмыспен суреттеуі ұлы Абайға еліктеуден туған өлең жолдары.

Қарасаздың ақиық ақыны Мұқағалидың көктем мезгілін суреттегенде Абайдың үлгісін қолданғаны аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсастығымен таңғалдырады. Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырғанымен өзіндік суреткерлік шеберлігі анық байқалып тұрады. Әрине, қос ақынның тақырыптық идеясы ортақ, дегенмен бейнелеу, суреттеу әдістерінің екі түрлі екені көзге анық байқалады. Ақындықтың классикалық үлгісін таныта білген қос ақын көктемді өмір мен тіршіліктің басы деп философиялық тұжырымын танытумен қатар, жыл басы-көктемді бірі күйеу мен қалыңдыққа, екіншісі қыз бен жігітке теңеп, метафоралық қолданысты сәтті пайдалана білгенін байқаймыз.

Абайдың «Жазғытұры» деген өлеңімен Мұқағалидың «Қырқада, ойда, бөктерде» деп басталатын өлеңдерінің шумақтармен салыстырып көрер болсақ, екі ақынның көктемгі табиғатты көркем образды сипаттамамен бере білген өзара үндестігіне куә боламыз. Ақын Абай:

Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду – ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.
Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар [Құнанбаев А., 1968, б. 120-121],

деп жырласа, Мұқағали:

Бұлақтың көзі ашылып,
Бұлдырап келді жылғаға.
Құнанның жалына асылып,
Қуанып, күліп тұр бала.
Жапанды естен тандырған,
Көктем бе, мынау – той ма бұл?!
Аймақтың бәрі жаңғырған,
Оркестр тартып қойлы ауыл.
Естілмей үні бар маңға,
Құстар да естен танған-ды.
Ұқсайды жаулап алғанға,
Жас төлдер мына жалғанды.
Жан – жактың бәрі жаңғырып,
Жасарып кетті ой да қыр.
Биеден шампан алдырып,
Той жасап жатыр қойлы ауыл, – [Мақатаев М., 2001, 10-11 б.]

деп суреттейді.

Қазақтың осындай екі мықты ақынының көктемді жырлауында малдың төлдеуі, әнші құстардың сайрауы, гүл мен ағаштың майысып гүлденгені, ой мен қырдың ерекше құлпыруы, жылғалардан сылдыр қаққан бұлақ суы – бәрі бір-бірімен толық үндесе отырып, табиғаттың тамаша сөз-картинасын көз алдымызға әкеледі. Зерделей түсер болсақ, көктем мезгілінің көрінісін Мұқағалидың Абайдың үлгісімен суреттегені көзге бірден аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсас. Қанша десек те, Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырганымен өз шеберлік, өз суреткерлігімен жырлағаны байқалады. Мұнда Абай мен Мұқағалидың тақырыптық идеясы бір екенін көреміз. Бірақ бейнелеу, суреттеу әдістері екі түрлі.

Абайдың «Жазғытұрғы» деген өлеңі мен Мұқағалидың «Жайлауға барар жолда» деген өлең жолдарының ұқсастығын, жайлау

суретінің бейнелеу тәсілдеріндегі үндестік жақтарын өлеңдерді салыстыра зерттеу барысында анық аңғарамыз.

Хан тәңірінің ақиығы Мұқағали өз өлеңінде:

Иір – қиыр сайларда,
Ирек – ирек із қалған.
Аққан бұлақ жайлаудан,
Атқылайды құз – жардан.
Самал сүңгіп шалғынға,
Қыр өргеніп, гүл жанған.
Кәрі таудың алдында,
Кәрі жартас сұрланған.
Ойдым – ойдым қырларда,
Орман шашын тараған.
Белде сағым ойнауда,
Лақтырып орамал.
Құлай жаздап құсадан,
Құз – жартастар шаққа тұр.
Таздың басына ұқсаған,
Шыңның басы тап – тақыр.
Айналаңның бәрі өлең,
Бәрі де гүл ашылған.
Тұнжырайды кәрі емен,
Жапырағы шашылған, – [Мақатаев М., 2001, 25 б.]

деп, табиғаттың әсем картинасын ұсынған. Осы жолдарда жоғарыдағы Абай айтқан ұзарып өсіп толған көкорай шалғын мен бәйшешек, күркіреп жатқан өзенді тағы да көреміз, ақынның суреттеу шеберлігіне еріксіз таңдй қағамыз. Ал Мұқағалидың ой дүниесімен, жүйрік қиялымен берілген ойдым – ойдым қырлар, жапырағын айқара жайған тал – қарағайлар, самал жел, таудың өткір шың-құзы- айнала төңірек жайлауда жүрген жаны сергек, сезімтал жанның көре алатын табиғат тамашалары екенін аңғаруға болады. Бір қызығы Абайдың өлеңінен Мұқағалидағы табиғат көрінісін көре алмаймыз. Бұл арада екі ақынның өзіндік суреттеу шеберлігінің бөлектігін сезіп-білеміз. Абайдың пейзаждық лирикасында сөзсуреті ашық, жанды, бояуы қанық және алуан түрлі болып келеді. Ал Мұқағали ақынның табиғат лирикасын суреттеуде айналадағы әр құбылыс пен пейзаждық ерекшеліктерге мән беріп, олардың өзіндік келбет-бейнесіне сай жырла-

ғаны байқалады. Мұқағалидың сезімтал жүрегімен суреттелген жаратылыс келбеті оның жүрдек ой-толғанысымен, көркем образды сөздерімен қабысып, гармониялық бірлікте сабақтаса берілгенін байқаймыз.

Оқып көрелікші:

Ас артынан, алдыға шұбат келді,
Біреу татып, біреулер сынап көрді.
«Қызылқұмның» қиылып қыз – келіні,
Шұбат емес, бір шара шуақ берді.
Ақбоз үйдің есігі айқара ашық,
Гүлесуде жігіттер тайталасып, –

деген өлең жолдары ұлы Абай айтқан жайлаудың төсінде, қазақ үйдің ішіндегі жарасымды жиынның көңілді сәттерін, сұлудың ұсынған шұбатын тамсана жұтқан әсерлі кезді көз алдыға әкеледі. Жаздың жанға жайлы сәттерін өте әсерлі етіп бере білгені байқалады.

Табиғат лирикасына жазылған Мұқағалидың өлеңдері көп. Ақын туып – өскен қазақтың табиғаты әсем жерлері-Шәлкөде, Айқайтас жайлауы мен Қарасаз әр адамға шабыт беріп, көкірегіндегі өлең-өмірді оятатын тамаша жайлау, берекелі қоныс қой. Бұндай керемет табиғатты жырламау, оған сыршыл өлең арнамау күнә іспетті. Осындай керемет таңғажайып табиғат баурайында өскен Мұқағалидың сыршыл, жаны нәзік, рухы биік, сезімтал, талантты болмауы неғайбыл еді, себебі «тау баласы тауға қарап өседі».

Мұқағали поэзиясында табиғат пен адамның көңіл-күйі, сезім-толғанысы біртұтас түрде гармониялық бірлікте жырланады. Мұқағали адамдар тіршілігін табиғаттан бөліп алып жырламайды, табиғатпен бірге сабақтастыра сипаттайды.

Мұқағали лирикада жан дүниесін, сезім-толғанысын, ой-тұжырымын танытта білді. Оның лирикасы өз бояуымен, ерекше реңк түсініктерімен қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған көркем құбылыстың кірпішін қалап, өзіндік келбетін танытты. Айналады. Оның әрбір жырынан ұлы Абайдың жыр жазу үлгісін байқай отырып, өз әлемін де жасап кеткенін сезіп-таныдық. Абай

мен Мұқағали поэзиясының сабақтастық дәстүрін ақындардың келесі өлеңдерін салыстыру арқылы дәйектейік.

Мұқағалидың «Сәуірде» деп аталатын өлеңін кешігіп жеткен көктемнің көрінісін Абайдың «Қыс» өлеңі үлгісімен керемет бере білген. Егер Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды [Құнанбаев А., 1968, б. 71], –

деп, қысты адам бейнесінде әрі кәрі құдаға ұқсатып суреттесе, Мұқағали қысты қырсық кәрі шалмен байланыстырып, қыс-кәрі шал мен көктем-жас жігіт бейнесінде алып сипаттайды.

Сәуір туды, жас жігіт бұйығы әлі,
Қатал қыс әлі әмірін бұйырады.
Төрінен көрі жуық кәрі шалдың,
Қолына су құяды, қиылады [Мақатаев М., 2001, б. 47], –

деп жыл мезгілдерін адам келбетінде алып жырлайды.

Абайдың қыс мезгілін суреттеуі, Мұқағалидың қыс пен көктемнің алмасу кезеңін салыстыра жырлауы екі ақынның дәстүр жалғастығы мен суреттеу шеберліктерінің үндесуін де анық аңғартады. Олай болса, Абай мен Мұқағали лирикасында үндестік пен дәстүр жалғастығы бар.

Абай мен Мұқағали шығармашылығына үңіліп, жырларының мазмұндық және поэтикалық сипатына мән берсек, олардың ақындық талантының, суреттеу шеберліктерінің, поэтикалық сезім күйлерінің берілу сипатының ұқсастықтарын әдеби тұрғыда салыстыруға мүмкіндік туады. Қос ақынның туындыларын оқып, сөз қоданыстарын, жүректің қылын шертер лирикалық өлеңдерін зерттесек, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақынымыз Абайдың поэтикалық және лирикалық дәстүрі нәзік сезімді жырлаған, ақиық ақынымыз Мұқағали поэзиясынан да орын алғанын бақаймыз. Бұл сан жылдар тарапында ескірмей, өз жігін сетінетпей, берік сақталып келе жатқан дәстүрді тудырушының да қазақ өлеңі үшін орны тым ерекше екендігін дәлелдейді.

Мұқағали – ұлы Абайдың ойшыл, оптимистік және гуманистік көзқарасын жалғастырушы ақиық ақын. «Жасырмай ойымды айттым талай-талай, Қайтейін кетті бәрі қарайламай. Айтарын ашып айтқан абайламай, Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!» – деп жырлап өтіп, өзінен кейінгі күллі қазақ баласы мен өлең даласына ұлы қаламгердің өлең-үнін қалдырған Мұқағалидай ақынның Абайдың өлең-өрнегінде орны бар екенін байқадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймұратова Ж. Лирикалық бейне жасаудағы көркемдік ізденістер. // Көкейкесті әдебиеттану. Сегізінші кітап. – Астана ЕҰУ, 2008. – 412 б.
2. Алпысбаев Қ. Мұқағали өрнегі. Алматы. Қазақ университеті, 2001.- 187 б.
3. Құнанбаев А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1968. Т.1. – 240 б.
4. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Төрт томдық. – Алматы: Жалын, 2001. – 448 б.

Ғ.Б. Шойбекова,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

«BALAPAN» ТЕЛЕАРНАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ТҮРЛІ КОНТЕНТТЕРДЕ ОҚЫЛҒАН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАҒА СӘЙКЕСТІГІ

«Балапан» телеарнасындағы бағдарламалардың (2017-2024 ж.) әдеби тіл нормасына сәйкестігін мониторингілеудің теориясы мен тәжірибесі» (ЖТН АР19679549) атты ғылыми жоба негізінде жазылды.

Тілдің қоғамдағы өзгерістермен бірге ілесіп, дамып, өзгеріп отыруы заңдылық болғанмен, түпнұсқалығы мен әдеби тілдік нормасында сақтап қалу – тіл мамандарының негізгі міндеті. Қазақ тілі тек халықпен ғана өміршең, тілдік нормасы сақталған кезде ғана түпнұсқалығын жоғалтпайды. Ал тілдік нормасы сақталмаған тіл түрлі лингвистикалық, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырап, қалыпқа бағынбай тілдік ауытқуларға ұшырайды. Мұны ретке келтіріп, қалыптандырып отыратын лингвистер тілдің шұбарланғандығы, нормадан ауытқушылық, норма бұзушылық сияқты мәселелерді қозғағанмен, оның даму динамикасындағы өзгерістерге талдау мен мониторинг жасау қажеттігі туындайды.

Ана тілінің негізі ерте жастан қаланатындықтан, балалардың сөйлеу нормасын қалыптандыру аса маңызды. «Балапан» арнасын үзбей көретін, тілі жаңадан шыққан баладан бастап, мектеп жасындағы балалардың тілдік қоры бағдарламалар тілінің негізінде молаяды, сондай-ақ тілдік нормадан ауытқушылықтар да осы кезеңдерде пайда болуы мүмкін.

Әдеби тілдік норманың сақталуы мен ауытқушылық факторлары морфонологиялық, лексика-семантикалық, дискурстық деңгейде қарастырылады.

Морфонологиялық деңгейде төл әріптердің дыбысталуы, сөзге қосымшаларды дұрыс жалғау мәселелері, лексика-семантикалық деңгейде қазақи ана тілінің сөздерін орынды қолдана алуы,

кірме сөздер мен жаргон, сленгтерді қосуы және дискурстық деңгейде байланыстырып сөйлеу, ойын жүйелі жеткізудегі ауытқушылықтардың бар-жоғы анықталады.

Мақалада балалар тіліндегі орфоэпиялық нормалардың сақталмауы қарастырылады.

«Балапан» арнасында Абай Құнанбайұлын балаларға таныту, насихаттау мақсатында арнайы бағдарламалар жоқ. Ақынның 175 жылдығына орай челлендж өткізіліп, оған көптеген көрермендер, соның ішінде біршама балалар да қатысқан. Ақын өлеңдері мен қара сөздерінен, поэмаларынан үзінді оқу міндеттелген. Бірақ кіші жастағы балалар қатысқандықтан, поэмалары қамтылмай, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін оқумен шектелген. #balapan Abai175 хэштегімен осы челленджді қайта қарап, мақаланың негізгі мақсатына сәйкес тілдік деректерді келтіріп, талқылаймыз. «Балапан» телеарнасы кішкентай көрермендері арасында ұлы ақын Абайдың шығармашылығын жатқа оқу эстафетасын бастайды» // <https://balapan.tv/news/1742/> деген ақпараттан соң челлендж өз жұмысын жалғастырған. «Балапан» арнасында ақынның 175 жылдығына орай өлеңдері мен қара сөздерінен үзіндіні» жатқа оқу эстафетасын meruertkz парақшасынан Орда деген бала бастады.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.



Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап (11 буын)
 Әуре етеді, ішіне қулық сақтап (12 буын)
 Өзіне сен өзінді алып шығар (11 буын)
 Еңбегің мен ақылың екі жақтап (11 буын)

Абайдың бұл өлеңі 11 буынды кара өлең, бірақ шумактың екінші тармағы 12 буыннан тұрады. Бірақ 12 буынды тармақтың «әуре (е)теді» деген бунақтағы бір буыны айтуда қысқарады, осылайша төрт тармақ та 11 буынды болып, орфоэпиялық үйлесім табады. Бірақ орындаушы 12 буын етіп орындайды да, орфоэпиялық заңдылықты сақтамайды.

Ал бір бунақ ішіне енген сөздердің тұтасып бірге айтылуын морфонологияда жылысу деп атайды. Осы жердегі әуре етеді деген екі сөз бір бунақта әуретеді деп айтылады да, бір дауысты дыбысы үнемделеді. Сол секілді Абай Құнанбайұлының осы өлеңіндегі «Өзінді сенгіштікпен әуре етпе», «Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып», «Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме», «Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?» тармақтарында әуретпе, қосалдасып, оңғақкерме, бойыңеппе деген тіркесімдер бір бунақтың ішінде келіп, жылысу құбылысы орын алады. Бірақ осы өлеңді оқушы Орда деген қатысушы мәнерлеп оқуда орфоэпияға мән бермейді. Демек, оқушының мұғалімі, ата-анасы ел алдына шығарда осы мәселені ескергені жөн.

«Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір

тәртіп, заңдылыққа бағындыру» деген пікірін біз де толығымен қолдаймыз [2, 138 б.].

Әдеби тіл нормаларында орфоэпиялық норманың алатын орны ерекше. Кез келген мәтін ішінде ойды ауызша жеткізуде орфоэпиялық норманың түрлері көмекке келеді.

Өлеңді мәнерлеп оқуда қағазда қойылған тыныс белгілеріне мән беріліп, қызметін дұрыс атқаруына өлең жаттаушы мән беру керек. Сонымен қатар өлеңнің ырғағы да біресе көтеріліп, біресе төмен түсіп, дұрыс интонацияланып, фонетикалық заңдылықтардың, орфоэпиялық нормалардың және тағы да сол секілді біршама заңдардың сақталуы қажет.

Осыған байланысты «Қазақ грамматикасында» «Сөйлеу тіліндегі интонацияның жазба мәтінде көрініс табуы табиғи нәрсе және жазылған мәтінді мазмұнына қарай дұрыстап, мәнерлеп оқу да оның интонациясына байланысты. Егер оның интонациясын өзгертіп, яғни қатар тұрған сөздердің ырғақтық топтасуын, сонымен байланысты паузасын жылжытса, оның стилистикалық реңі ғана емес, сөздердің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін» деп жазылған [3,105 б.].

Gulmirasamiev парақшасындағы Әміренің мәнерлеп оқыған өлеңінен мынаны түюге болады: «Өлеңді өлең ететін ырғақ болса, қазақ өлеңіндегі бүкіл ырғақ бунақпен үндес келеді» [4, <https://www.instagram.com/p/B1gxWqQg4hw/>].

Челенджге қатысушы бұл оқушы да бунаққа мүлдем көңіл бөлмейді. Ал бунаққа дұрыс бөлініп, әр бунақтың ара жігіне кідіріс жасаса, өлең мүлдем түрленіп, өзгеше шырайға ие болады. Бір жағынан айтылатын ой шұбалаңқы болмай, түйдек-түйдек тіркестердің нәтижесінде айтылатын ой тез аңғарылады. Бұл туралы мектеп қабырғасында мұғалім мағлұмат беру керек. Тәжірибеде қатаң сақталып, оны өлең оқуға құштар көпшіліктен талап етілу керек.


Әдебиеттанушы Заки Ахметов: «Шығармада қолданылатын өлшемді, оның құрылыс кестесіне сәйкес туатын өлең ырғағын өлең сөздегі сан құбылып туатын дауыс толқынының негізгі арқауы ғана деп қарау керек. Белгілі өлшеммен жазылған өлеңнің өзіндік ырғағы, әуендік сипаты болғанмен, ол дауыстың, үннің мазмұн-мағына, сезім, әсер байлағына сай түрленіп, еркін өзгеріп

отырады. Қай елдің поэзиясында болсын өлең деп ырғақты туғызатын – өлең сөздің қайталанып келіп отыратын мөлшерлі бөлшектері десек, қазақ поэзиясында ырғақ туғызатын – өлең сөздің буын саны тұрақты бөлшектері» дейді [5, 125 б.].

Бүгінде бунақты қисық сызықшамен // белгілеп көрсетіп жүр [6, 67 б.].

Әдетте, мәнерлеп оқуға мектеп оқушылары көбірек қатысады. Мәнерлеп оқу дағдылары осы кезеңде қалыптасады. Сондықтан, балаларға мектеп қабырғасында жүргенде үйретіліп, оқулықтардан көрініс табу қажет.

Gulmira_baigali2 парақшасында челенджге қатысушы өлеңді мәнерлеп оқуда синтагмаларды дұрыс бөліп оқиды. Демек, бұл оқушының мұғалімі немесе ата-анасы мәнерлеп оқу туралы білімді дұрыс, жүйелі беріп отыр деген сөз. Бірақ бұл қатысушы қазақ тілінің төл дыбысы ң-ды айта алмайтынын көреміз. Бұл да – орфоэпиялық норманы сақтамаудың бір көрінісі.



Бүгінде жастар мен жасөспірімдер, балақайлардың ң дыбысын айта алмайтынын көреміз. Бұл – қазақтың төл ң дыбысын айта алмауы, тіл үшін реликтің жоғалтумен бірдей.


Интонацияның маңызды құрамдас бір бөлігі болып табылатын құбылыстың бірі – әуен. Егер кең көлемде айтатын болсақ, бір ырғақтық топ, синтагмалар өзінше әуенге еніп айтылады. «Қазақ тілінде әуен:

1) Сөз ағымындағы синтагмаларды ажырату, яғни сөз ағымын мағынасы жағынан қандай да бір ақпарат бөлігін жеткізетін топтарға жіктеу;


2) Коммуникативтік (хабарлы, сұраулы, лепті) мақсатын ажырату;


3) Сөйлемнің аяқталған-аяқталмағанын белгілеу;

4) Синтагмалар арасындағы қатынас түрлерін (санамалау, қарсылықты және т.б.) анықтайды» деп айтуымызға болады [5, 57 б.]. Әуеннің бір қалыпты болуына, жоғарылауы немесе төмендеуіне байланысты оларды синтагмалардың жоғарғы жағынан белгілері арқылы белгілеу тәжірибесі бар. Әр таңбаның сырты бейнесі әуеннің мәніне сәйкес келеді.



Абай өлеңдері байқауының жеңімпазы Айша Барманбекке сыйлығы табысталды. Құттықтаймыз! **#balapantv #qazaqstan30**



10 тамыз – Абай күні Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан! (Абай)	Абай Құнанбайұлының қай өлеңін жатқа білесіңдер? Төменде жазып қалдырыңдар #balapanty
	

Қорыта келгенде, қазақ әдеби тілін өміршең ету, тілдік нормаларын сақтап, орфоэпиялық норманың үдесінен шығу үшін қазақтың болашағы – балалар тілін жөндеп, ұлттық колоритті сақтап сөйлеуге үйрету болмақ. Сондықтан балалар көп көретін арнаның, контенттердің тілін жөндеуді мақст ету керек.

Мәнерлеп оқуға мектеп оқушылары көбірек қатысатын болғандықтан, мектеп оқулықтарына талаптарды енгізіп, мәнерлеп оқуға қатысты сайыс, байқаулардың талаптарына міндеттеп жазып қою керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://balapan.tv/news/1742/>
2. Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
4. <https://www.instagram.com/p/B1gxWqQg4hw/>
5. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Арыс, 2004. – 200 б.
6. Ахметов З. – Алматы: Мектеп. –125 б.
4. Мырзбектен С. Қазақ тілі фонетикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 277 б.

Мусина Арайлым Бакытжановна,
ШҚО ББ Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің
«№14 орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Кадырканова Лязат Садуовна,
ШҚО ББ Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің
«№10 орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АБАЙ ЖӘНЕ М.ӘУЕЗОВ: ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

Абай мен Әуезов есімдерін бір-бірінен ажыратып, бөліп жару мүмкін емес. Қос кемеңгердің мұралары бүгінгі тәуелсіз еліміздің рухани құндылықтары деп білеміз.

Даналық пен парасаттың қасиеті дарыған, кемеңгерлер хәкім Абай мен М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық мұрасы қазақ халқының мерейін аспандатар, қазақ руханиятының үздік өнегесін көрсетер ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып қала беретіні ақиқат. Халқымыздың тілдік қолданысында «уақыттың өзі емші» деген қанатты сөз бар. Уақыт өз диірменін алға қарай айналдырып, жылжыта отыра өткен тарих қойнауында қалған ақтаңдақтар ақиқатын ашып берді. Отаршылдық жүйенің туы жығылып, ұлттық тәуелсіздігіміздің тұғырлы туының астындағы атқарылып жатқан игілікті істері мемлекетіміздің болмысына жаңаша леп әкелді.

Ұлттық мұрамызды ұлттық болмыс тұрғысынан жаңаша пайымдау қажеттілігі туды. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған қазіргі алғышарттар еді. Осы өзекті мәселелерді жүрегімен түсініп, оның қажеттілігін сезініп, оған еңбектері арқылы үлес қосып жүрген әдебиетші ғалымдарымыздың бұл бағыттарда да игілікті істер атқарып жатқандығы баршаға белгілі.

Отандық әдебиеттану ғылымының алдында тұрған, бүгінгі уақыттың қойып отырған талабы жайында ғалым Мекемтас Мырзахметұлы: «Ұлттық рухани қазынамызға айналып отырған қайталанбас болмысы бар әдеби мұрамызды жаңа заман рухы мен ғылыми тұрғыдан келіп, жаңаша бағасын тану мәселесі алдымызға тарихи міндет ретінде қойылуда» [1, 33-34 б.], – деп әдеби мұрамызды жаңа заман, жаңа көзқарас тұрғысынан баға

беріп, зерделеу мәселесін көтереді. Бұл, ұлт мұрасы мен жас ұрпақ алдындағы зерделі ғалымдарымыздың жауапкершілігі мен парызын сезіне білуге деген ғалымның үндеуі және оған берген жауабы деп білеміз.

Зерттеуші ғалым абайтану, әуезовтану саласының бүгінгі күн таным талабына сай туып отырған мәселелеріне жауап бере білген ғалым. Сондай-ақ әуезовтану мұраларына алдағы уақытта қосылуы тиіс ғылыми зерттеулердің қандай бағытта жүргізілуі қажеттілігіне бағдар беріп, белсенділік таныта білді. Осы арқылы әуезовтану саласының ғылыми деңгейінің көтеріліп, ауқымының кеңейе түсуіне қордалы үлес қосып жүрген терең ой иесі. Пікір сонылығына дәлелімізді ғалымның өз сөзімен келтірейік: «Мұхтар Әуезовтің өмірі мен ғылыми-творчестволық әдеби мұрасы жөнінде қалам тербеп, ой бөліскен, ірі ғылыми зерттеулер жазған қалам иелерінің саны жазушының жүз жылдық мерейтойына дейін-ақ мыңнан асып түссе, бұл топтың қарасын жаңадан келіп, зерттеу ісіне қадам басқан жастар легі молықтыра түсуде, жазушы мұрасын жаңаша танып бағалауда жан-жақты, көп салалы аумақты ізденістер мен ғылыми-теориялық зерттеулер талабы туып отыр» [1, 34-б.]. Жұмбағы көп Абай әлеміне барар сара жолды тауып, қалыптастырған академик-жазушының жолымен ғана ақын әлеміне бара аламыз. Кемеңгер Абай Құнанбайұлының мұраларын М. Әуезовтің беріп кеткен бағытымен ғана игере алатынымызды профессор өзінің ғылыми еңбектерінде дәлелдеп берді. Ұтымды да ұтқыр дәлелдерімен ғұлама ғалымның ғылыми-шығармашылық жолындағы құнды зерттеу еңбектеріне ғылыми талдау жүргізу маңыздылығына тоқтала отырып: «Қазіргі және алдағы кезеңдерде абайтану саласында көтерілер өзекті проблеманың бәрі де әуезовтану арқылы, соның ғылыми-теориялық деңгейі тұрғысынан қаралып, таразылануы себепті де, жазушы мұрасына бойлай еніп терең тану міндеті жаңа буын, жас ұрпақ алдында да тарихи міндет ретінде қойылмақ» [1, 35-б.], – деп әуезовтану саласының мәселесін және методологиясын білгірлікпен көрсете білді. Сонымен қатар әуезовтану саласының бүгінгі және ертеңгі міндеттерінің өзекті проблемаларына назар аударылу қажеттілігін былайша топшылайды: «Әуезовтану саласындағы ғылыми-зерттеу жолында қол жеткен табыстарымыз, көлемді еңбектердегі ой

толғаныстарымыз бүгінгі күн деңгейінде қалмай, алдағы кезеңнің уақыт талабына қарай әуезовтанудың қандай-қандай өзекті проблемалары зерттеу нысанасына алынбақ, оның қай жағы арнайы түрде сөз болып қарастырылмақ деген сұрақтардың алға қойылары анық» [1, 35-б.]. Ғалым үлкен ғылымға алғаш рет қадам басқан 1960 жылдардан бастап күні бүгінге дейін мерзімді басылымдар газет, журналдарда жарияланған ғылыми-публицистикалық мақалалары, ол құрастырып, алғы сөздерімен, түсініктемелерін жазып, шығарған жинақтар, кітапшалар, кітаптары, энциклопедиялық мақалалары, қомақты, күрделі монографиялары терең тынысты, кең құлашты, өткір, ғылыми деңгейі биік құндылықтар құбылысы болып табылады.

Ендігі кезекте абайтану, әуезовтану саласындағы бүгінгі уақыт талабынан туындаған өзекті мәселелерін көтерген ғылыми идеялары мен бағыт-бағдарына тоқталсақ. Ғалым Мекемтас Мырзахметұлы әуезовтану саласында әлі зерттеу нысанына алынбаған, арнайы ғылыми зерттеу жұмыстарын қажет ететін тың тақырыптарды атап көрсетеді.

Әдебиет зерттеушінің өмірлік тақырыбына айналған абайтану, әуезовтану мұраттары оның ғылым егістігіндегі жемісті жетістіктері. Түркі әлеміне ортақ тұлғалармен Абай арасындағы әдеби, рухани сабақтастықты, үндестікті ғылыми тереңдікпен, дәйекті дәлелдермен танытуда ғалымдық қырағылық, ерен еңбекқорлық көрсеткен шоқтығы биік зерттеуші ғалым [2, 64-б.]. Ұлылар арасындағы рухани үндестікті зерттеу нысанына айналдырған ғалымның аталмыш бағытта көп еңбектер атқарғанын көкірек көзі ояу оқырман қауымы жақсы біледі. Ендігі ретте ұлттық тұлғаларымыз Абай және М. Әуезов арасындағы рухани сабақтастық М. Мырзахметұлы зерттеуінің желісіне айналғандығына тоқталмақпыз.

Қос кемеңгердің арасында рухани сабақтастықтың болуы заңды құбылыс. Өйткені, екі тұлғалардың арасындағы әдеби, тарихи, мәдени әрі туыстық байланыстар осы құбылысқа басты себеп болғаны даусыз. Олардың өмір сүрген дәуірі, қоршаған ортасы мен айналасы арасында ұқсастықтар бар. Сонымен қатар өзіндік айырмашылықтары да жоқ емес. Қазақ әдебиеттану ғылымында алып арналы абайтану саласын қалыптастырған Мұхтар

Әуезовтің қашанда абайтанудың негізін салушы ретіндегі тұлғасы дараланып тұратыны ақиқат.

«Дүниеге қазақ перзенттері болып келіп, адамзат перзенттері болып аттанған» Абай мен Әуезов арасындағы сабақтастық, ұлылар үндестігі арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл тұрғыда айтылған М. Мырзахметұлының пікіріне кезек берейік: «Абай мен Әуезов арасындағы рухани байланыстардың болмысын танып білу кез келген зерттеушіге оңайлыққа түсе қоймайтын жағы да бар. Өйткені бұл бір жақты емес сан қырлы болып желі тартады. Оны түгел танып тарату бір мақала не бір баяндаманың желісіне симайды. Осы себепті біз осының ең өзекті деген ұрымтал тұсына пікір білдірумен шектеліп, күрделі еңбек жазу үшін ізденісті жастардан күтеміз» [3, 63-б.]. Осы пікір арқылы аталмыш тақырыптың күрделілігін әрі арнайы зерттеуді қажет ететінін тілге тиек етеді. Сонымен қатар ізденімпаз жастарға үміт артады. Абай мен М. Әуезов арасындағы рухани үндестік өз зерттеушісін күтуде. Алайда оған үлкен үлкен жауапкершілік, еңбекқорлық, табандылық әрі арнайы білім қажет. Олай дейтін себебіміз тілге тиек болып отырған күрделі тақырыпты зерттеу барысында туындайтын өз қиыншылықтары да жоқ емес.

Ғалымның пайымдауынша, кездесетін қиындықтардың сыры мыналарда жатса керек. Бірінші, Абай мен Әуезовтің өмір сүру кезеңдеріндегі қоғамдық құбылыстарды, олар нәр алған кең ауқымды рухани қазына көздерінің сырын терең ұғынбаудан туындайтын қиыншылық. Екінші, мұсылмандық шығыстың ұстанған исламияттық рухани көздерін танып білмеуден туындайтын қиыншылық. Үшінші, Олар оқып білген түркі тілді туысқан елдер мұрасын түпнұсқадан оқи алмаудан туындайтын қиыншылық. Төртінші, Абай және М. Әуезовтің сөйлеу тіліндегі тілдік қордың қабаттарын ашып, танып білмеуден туындайтын қиыншылықтар. Жоғарыда аталған қиыншылықтарды жеңе алмаудың салдарынан аталмыш тақырып туралы зерттеу жүргізуде жалған ғылыми танымның жетегіне кетіп қалу қауіптері де бар. Берілген пікірлер желісінен аталмыш тақырыпты зерттеудің бағыты және онда кездесетін нендей қиындықтар бар екенінен мағұлмат аламыз.

М. Мырзахметұлы Абай мен М. Әуезов арасындағы рухани сабақтастық тақырыбын зерттеу барысында қандай жақтарын

қарастыру қажеттілігін алдымызға тартады. Олар: а) Абай мен Әуезовтің сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық, ә) Абай және Әуезов адамгершілік мұраттарының үйлесімділігі (Абайдың адамгершілік мұраты М.Әуезовтің ғылыми шығармашылық ізденістерінде), б) Абай дүниетанымын танып білу жолындағы Әуезовтің ізденістері (екі кемеңгер дүниетанымының үндестігі). Аталмыш тақырыпты екінші сөзбен Абай мұрасы М. Әуезов шығармашылығында деп атауға болады. Бірақ, бұл тақырыптың ауқымы өте кең. Осы тақырыптың тағы бір қыры екі алыптың арасындағы рухани сабақтастықта жатыр. Бұл жайында профессор: «Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығының басы олардың тіліндегі рухани тұтастықта жатыр» [3, 59-б.], – деген ойлары арқылы екі тұлға арасындағы рухани сабақтастықтың басты белгілерін ашып көрсетеді. Ана сүті, әлдіні арқылы бойына дарыған ана тілінің құдіреті, байлығы қос кемеңгердің ұлттық тұлға деңгейіне көтерілуіне зор ықпалын тигізді. Олардың сөздік қорларының бір-бірінде үндестік табуын зерттеу нысанына алған ғалым былай деп тұжырым жасайды: «Абай поэзиясындағы ақындық тіл Мұхтар Әуезов прозасында жаңарып кестеленіп барып қолданысқа түскен тілдегі табиғи үйлесімді танымыз... Бірақ құрғақ қайталан-байды, қайта сыңғырлап аққан бұлақтай үйлесім тауып, өнерлі тілге айналады... Әрине, бұл – тіл өнерінің күшімен пайда болған рухани құбылыс» [3, 59-б.]. Ақын шығармаларындағы сөздік қор жазушы-ғалымның сөздік қорында кездесетіні заңдылық.

Орыс әдебиетінің көрнекті өкілі Л. Соболев: Әуезов жайында жазған «Абайдың рухани інісі» атты естелік мақаласында Абай мен Әуезов арасындағы рухани сабақтастығынан, тілдік рухани тұтастығынан мағұлмат береді. Естелік мақаланың «Абайдың рухани інісі» деп аталуы көп жайттан хабар берсе керек. Жазушы бұл жайында: «Мұхтар қазақ тілін өте жақсы білді де, мұның өзі оған өткен ғасырдың соңы мен біздің ғасырымыздың басындағы даланың кең де тамаша картинасын жасауға көмектесті... Абай мен Мұхтардың арасында ортақ бір ұқсастық бар деп айту артық болмайды... Бұл романды мен соншалықты рахаттанып аудардым. Образдарының бедерлілігі мен әсемдігі, тілінің айқындығы мен бояуы терең поэтикалық сезім...» [4, 17-18 б.], – деп ой толғауынан жоғарыда М. Мырзахметұлының тарапынан айтылған ғылыми

тұжырымның ақиқатына көз жеткіземіз. Қазақ халқы сөзге шешен халықтың бірі, оның осындай рухани мұралары игілікті құндылықтар қатарында қала бермек. «...шешендік сөздерді... озат ойшылдар мен ділмар шешендер шығарып, халық сынынан, ғасыр шыңдауынан өткен, сөз өнерімен соғылған әдеби мұра, асыл қазына деп түсінеміз» [5, 38-б.]. Бойына сөз өнерінің құдіреті дарыған академик-жазушының сөздік, тілдік қоры өз алдына жатқан бөлек дүние. М. Әуезовтің «шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр. Әйтпесе, күрмеуге келмейтін қысқа жіп секілді тақтұқ тапшылық пен жоқшылықтан шешендік туар ма? Шешендік шалқар шабыттан, шалқыған сыр мен сезімнен туады» [6, 105-б.].

Қос кемеңгер ана тілінің мәйегінен нәр алып, оның тұнығынан сусындай білген. Халық тілінің байлығын, болмысын, құдіретін Абай мен Әуезов өз туындыларында шеберлікпен, әрі «қиыннан қиыстыра» білген. Ақынның сөздік қорының жазушы тілінде бедерленіп, шығармаларында қолданыс табуы сөз зергерлерінің арасындағы рухани сабақтастыққа алтын арқау болған.

Абай мен М.Әуезов арасындағы рухани сабақтастықтың бір желісін: «Абайдың адамгершілік мұраты М. Әуезовтің ғылыми шығармашылық ізденістерінің рухани тамызығына айналғанын, әрине, екі алыптың адамгершілік мұраттарының үйлесім тапқан сабақтастығынан табамыз» [3, 60-б.]. М. Әуезовтің тілдік қолданысындағы «нравственная личность», «гармоническая личность» деген терминдік сөздердің Абайдағы «толық адам» сөзінің тікелей баламасы екендігін М. Мырзахметұлы ғылыми танымда талдап береді. Зерттеуші ғалым аталмыш мәселе жайында: «Абайдың адамгершілік мұраттарының негізіне айналған өте күрделі ұғымдар мен танымынан тұратын толық адам мәселесі М. Әуезовтің ғылыми шығармашылығының ізденістерінде су асты ағыстарындай көзден таса білінер-білінбес елеусіз қалыпта көркемдік тәсілмен берілетіні бар. Мұның сырын жазушының жасаған қасиретті заманы мен ала жыландай арбасқан сенімсіз ортасының алмағайып саяси-әлеуметтік табиғатына орай ғана тани аламыз» [3, 60-б.], – деп пікір білдіреді. Абайдағы толық адам ұғымын академик-жазушы өте терең түсініп, өз еңбектеріне арқау ете білген. Бірақ сол кезеңнің жағдайына қарай «нравственная личность», «гармоническая личность» деп бейімдеп қолдана білуі

ғалымның парасатын, суреткерлік шеберлік иесіне ғана тән қасиетін танытса керек. Қалай дегенмен де М. Әуезов Абайдағы толық адам танымын дөп басып, көтере білді. Көркемдік тәсілді жетік меңгерген жазушы-ғалым осы мәселені өз еңбектерінің желісіне айналдырады. Абай мұрат тұтқан толық адам мәселесі адамтану ілімінің биік қағидасына айналып қала бермек.

Абай танымындағы пенде, адам, жарым адам, толық адам – адам баласының кемелділікке жету жолындағы өлшемдері, ақыл, рахым, әділет қасиеттерінің бірлігінен тұратын жәуанмәртлік арқылы жүзеге асатын құбылыс. Осы мәселелерді зерделеген М. Мырзахметұлы екі кемеңгер арасындағы рухани сабақтастықтың бір желісі осында деп ой түйеді. Келесі сабақтастықты «Абайдың дүниетанымын танып білу жолындағы ізденістерінен» [3, 62-б.] қарастырамыз. Ғалым Абай дүниетанымын талдау барысында М. Әуезовтің «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген атақты тезисіне ерекше назар аударады.

Қорытындылай келе, Абай танымындағы үш сүю а) Алланы сүю, ә) адамзаттың бәрін бауырым деп сүб, б) әділдікті сүю мәселесі адам баласы өмірінің негізгі ұстанымы болып қала береді. Имани гүл немесе үш сүю ұғымы хәкім Абай көрсеткен толық адам деңгейіне бастайтын құндылықтыр құбылысы. Бүгінгі күнде тілдік қолданысымызда айтылып жүрген адамтану, жантану ілімдерінің желісін, мәселесін кемеңгер Абай мен М. Әуезов мұраларынан кездестіреміз. Адамгершілік мұратты мақсат еткен қос кемеңгердің өмірі мен мұралары да биік үлгі-өнеге деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы... – Астана: Білге, 2002. – 432 б.
2. Бақдәулетұлы Д. Абай және Әуезов: рухани сабақтастық // Ұлағат. – 2009. – № 5. – 61-70 б.
3. Мырзахметұлы М. Тараз Ой толғаныстары. – Түркістан: ХҚТУ, 2005. – 239 б.
4. Біздің Мұхтар. (М.О.Әуезов туралы естеліктер). – Алматы: Жазушы, 1976. – 432 б.
5. Қыдыршаев А. Шешендіктану. – Орал: Ағартушы, 2004. – 156 б.
6. Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 б.

Толкунова Қарлығаш Мангазовна,
«№202 мектеп-гимназия» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тлеуханова Альмира Нагмановна,
ШҚО ББ Риддер қаласы бойынша білім бөлімі
«№ 14 орта мектебі» КММ, қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

АБАЙ ЖӘНЕ МҰХТАР ӘУЕЗОВ: РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халқымыздың біртуар перзенттері, дара тұлғалары Абай және Мұхтар Әуезов қазақ руханиятының ең биігінен орын алып, рухани сабақтастығымен де әлемге үлгі-өнегенің көрсеткіші бола білді. Академик З. Қабдолов Абай мен Мұхтар жайында былай деген еді: «Қазақ халқының паспортына айналған Абай – ақын болса, Әуезов – жазушы. Әрине, бұлардың туған халқымыздың парасат әлеміндегі орны бір ғана әдебиетшіліктен әлдеқайда кең. Бұлар тіпті қазақ деген атаудың синониміне айналып кеткен. Десек те, бұл екеуі бәрінен бұрын, қаламгер: Абай – ақын, Әуезов – жазушы... Абай өзіне дейінгі күллі қазақ поэзиясының асқар асуы болса, Әуезов – қазақ прозасының асу бермес асқары. Екеуінің егіз ерекшеліктері, ерекше бірліктері де осы арада жатыр. Дәл осы тұрғыдан алып қарағанда «Әуезов – екінші Абай» екені рас.. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы! Мұхтар Омарханұлы Әуезов! Екі ұлы есім... Ақыл мен ойдың, сезім мен сырдың қайталанбас біртуар екі алыбы...» [1, Б. 286-289]. Демек Абай мен Әуезов есімдері бір-бірімен тығыз байланысқан ардақты есімдер. Сол себепті екі тұлғаны бүтін бірлікте қарастыру заңды құбылыс.

«Ақын мұрасын зерттеп, насихаттау жолында мыңнан астам қаламгер әрқайсысы өз әлінше үлес қосып жатса да, солардың ортасында абайтанудың негізін салушы деп танылған Мұхтар Әуезовтің орны бөлек екені, өйткені, ол ұлы ақын шығармаларының «ішкі сырын аңғарғанның» өзі екені жұртшылыққа мәлім» [2, 9-б.], – деп, қомақты ой түйіндеген. Сонымен қатар ғалымның «Әуезов және Абай» деген монографиялық зерттеу еңбегі – қос

кемеңгердің өмірі мен шығармашылықтарын зерттеуде таптырмас, негізгі бағыт болар құнды еңбек.

Академик С. Қирабаев академик-жазушы жайында былай деді: «М. Әуезов Абайды да, қазақ әдебиетін де қорғап тұрған үлкен бір айбынды қорған сияқты еді. Абайды зерттеушілер де, қазақ әдебиетінің жас күштері де сол кісінің маңына жиналып, атқарылар істердің орталығы, ақылшысы ретінде бағалайтын. Ол қазақтың ұлттық әдебиетін дүниеге танытты да, бүкіл дүние жүзі алдында оның абыройын қорғады. Абайды да әйгілі эпопеясы арқылы танытып, оны зерттеу, насихаттау ісіне мұрындық болды. Мұхтардың мезгілсіз қайтыс болуы (1961 ж.) абайтануды да, әдебиетті де жетім қалдырды» [3, 31-32 б.]. Осы ой-пікірлердің қайсысы болмасын М. Әуезовтің қазақ әдебиетіндегі, қазақ тарихындағы ерекше құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев академик-жазушы жайында жасаған баяндамасында: «Әуезов шығармашылығының нағыз тереңдігін, оның адамзаттың мәдениет қазынасына қосқан үлесінің қомақтылығын Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде ғана емес, планетаның барша түпкірінде жақсы түсінеді. Ендеше Әуезовті қазақ әдебиетінің классигі демегенде не дейсіз.

Орыс жазушысы Н. Погодиннің «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай» деген қанатты сөзі әдебиеттану ғылымында қалыптасқан белгілі бір орынды ұғым екені анық. Орынды болатыны – Абай қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы шыңы болса, Әуезов – XX ғасырдағы заңғар биігі. Екі ой алыбының рухани сабақтастығы көкірегі ояу жанға бірден байқалады.

Абай шығармаларын зерттеуді XX ғасырдың 20-жылдарында Ленинград университетінде оқып жүрген кезінде-ақ қолға алған жас ғалым 1922-1952 жылдары Ташкенттегі, Семейдегі оқу орын-дарында Абай мұрасынан дәріс оқып, «Тан» журналында ақын шығармаларын жариялап, Абайдың өмірбаяны жайлы деректер мен шығармаларын толықтыра түсу жолында тынымсыз еңбек етті. Ақын мұрасын зерттеу жолындағы алғашқы әрекеті Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу үшін соны деректер жинап, ақын шығармаларының тұнғыш толық жинағын құрас-тыру жолындағы күрделі жұмысқа бағытталды.

1933 жылы жарияланған Абай өмірбаянының тұңғыш нұсқасында биограф ақынның шығармашылық, өнерпаздық жолының басталуы мен бастан кешкен түрлі әлеуметтік оқиғаларға араласқан өмір жолына байланысты 13 өлеңіне сүйенген. Бұл өлең-үзінділер жай алына салмай, олардың аталу себебі Абай араласқан түрліше оқиғалар желісімен ұштасып, кейбіреулерінің жазылу себептері де ашыла түскен. 1940 жылғы Абай өмірбаянында және осыған қосымша ретінде берілген деректерінде жалпы саны 24 өлең қамтылған, алғашқы өмірбаянмен салыстырғанда бұл жолы 8 өлең аты жаңадан қосылып «Құлақтан кіріп бойды алар...» өлеңі Абайдың композиторлық өнерін сөз етуге байланысты берілген. Абай әндері негізінен өз тарапынан қазақ өлең құрылысына ендірген жаңа түрлердің тыңдаушысына тосырқаусыз жетуін ойластырудан туған әрекет екенін көрсетеді. Осымен қатар Абай өлеңдерінің жазылу жылына да жіті назар аударады. Әрі кейбір өлеңнің пайда болу, жазылу себебін, онда айтылар ойдың төркіні Абай өмір сүрген заман шындығында, ақын араласқан белгілі әлеуметтік оқиғаларда жатқанын ашуға көп көңіл бөлген.

Абай мұрасының жиналуы мен зерттелуі туралы мәселеге Мұхтар Әуезов қазан төңкерісінен кейінгі жылдаран бастап-ақ қызу араласа бастаған еді. Сонымен бірге ол Абай өмір сүрген ортада туып-өсіп, жастайынан ақын шығармаларын терең меңгеруі себепті, ақын өмірінде кездескен көп оқиғалардың сырын Абай мұрасын зерттеушілерден әлдеқайда жетік білді. Бұл жағдай Абай мұрасын жинап зерттеудегі М. Әуезовтің үлкен еңбегінің жемісі болып аяқталуына мұрындық болды.

М. Әуезов абайтану саласын екі жүйеде: бірі – ғылыми жүйеде, екіншісі – көркемдік формада «Абай жолында» жасады. Абайтанушы ғалым бұл өзекті мәселелерді бір-бірінен ғылыми негізінде ажыратып, құнды мұрағаттық деректер көзімен толықтырды. Зерттеуші бізге беймәлім көп қызу пікірталас туғызатын жайларға барып, М. Әуезовтің абайтанудағы бұл күнге дейін, ғылымға белгісіз еңбектерін жарыққа шығарды. Осы орайда М. Әуезовтің абайтанудағы қомақты ролі мен бүгінгі күндегі абайтанудың өзекті мәселелерін дәлелдеді. Абайтану мен әуезовтану айдынында ғылыми жемісті еңбектерімен қатар жүзді.

М. Әуезов 1923 жылы Ленинград университетіне оқуға түсіп, кейіннен ұстаздық шығармашылық жұмысымен айналысқан кезінде де Абай мұрасын зерттеуден, өмірбаян жайлы деректер іздестіруден қол үзбеген. Осы орайда бірнеше мәрте экспедиция ұйымдастырып (1943 ж., 1944 ж.) Абай өміріне қатысты жаңа материалдар тапты. Академик-жазушы осы жайлы: «...Менің жұмысым жинастыру сияқты әуелі оның өмірін зерттедім... Көптеген деректер тобын жинастырдым. Көкбаймен, атаммен, Ділдаммен, ақынның достары, жауларымен жеке-жеке кездестім. Көкбай, Ділда, Әйгерім, Нұрғаным... оларды көрдім, әңгімелестім» [4], – деп еске алып өтеді. М. Әуезов айтылмыш дүниелердің баршасын тиянақты түрде салыстыра зерттей отырып, ғылым сарабына салып, сын көзімен қайта түйіндейді.

Біріншіден, Абай шығармалары толық қамтылмаған;

Екіншіден, кейбір өлеңдер орынсыз біріктіріліп, кейбіреулері ретсіз бөлек өлең ретінде берілсе;

Үшіншіден, қолжазбада Абай қаламынан тумаған беймәлім өлеңдер орын алған;

Төртіншіден, ең маңызды – Абай шығармаларының жазылу мерзімі, жылдары да көрсетілмеген.

М.Әуезов осы олқылықтарды ескере отырып, мүлдем жоғалуға айналған Абай шығармаларын қалпына келтіруде ұлан-ғайыр текстологиялық жұмыстар атқарған. М.Мырзахметұлы академик-жазушының текстологиялық түзетулер кезінде ерекше тер төккендігін айқындап, ақынның маңында өмір сүріп үлгі-өнеге алған үзеңгілес жолдастары мен ақын шәкірттері санасында сыбағадай сақталған 45 өлеңді (1086 жол) хатқа түсіріп, қайта тірілткендігін дәлелдейді. Зерттеуші М. Әуезов төңкеріске дейін Абай шығармалары үш түрлі жолмен: а) баспасөз арқылы; ә) қолжазба-көшірме күйінде; б) ел арасында ауызша жатқа айтылып таралған деген пікірін басшылыққа алады [5, 92].

Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін айқындау М. Әуезов еңбегінің тығылымды тұстарын құрайды. Абай шығармаларының жазылу мерзімдерін толыққанды анықтап алмайынша ақынның ақындық өнері мен дүниетанымдық өзгерістерін, эволюциялық жетілу жолдарын танып білу қиынға соғар еді. Осы бағытта академик-жазушы ақын өлеңдерінің мерзімін анықтау тұсында,

ғылым тарихында сыннан өткен орыс, еуропа әдебиеті тарихында көптен қолданып келген хронологиялық жүйемен беру принципі ұстанады. Әрине, Абай шығармашылығының жазылу мерзімін анықтау, тек қана хронологиялық жүйемен тізе салудан тұрмайтын іс, қайта абайтану саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, хронологиялық жүйеге сүйене отырып зерттеудің маңызы ерекше.

М. Әуезов Абай мұрасының рухани көздері туралы зерттегенде ақын нәр алған өз халқының әдебиеті, шығыс және орыс әдебиетінен, орыс әдебиеті арқылы еуропа әдебиетінен алған нәрлерін сарапқа салса, М. Мырзахметұлы ғалым-жазушыға да қатысты үш қайнарды зерделейді: «Әрине, бұл рухани құбылыс жай ғана қайталану емес. М. Әуезовтің өзіндік қайталанбас ерекшелігі мен ол ғұмыр кешкен заман талабы, уақыт тезі тудырған сан қырлы саяси-әлеуметтік жағдайлармен қат-қабат астарласып жататын ерекшелігі де бар» [2, 27-б.]. Ғалым Абай мен М. Әуезов нәр алған рухани қазына көздеріне талдау жасап, ұлттық тұлғалардың рухани нәрлерінің негіздері бір екендігін көрсете отыра, олардың өмір сүрген замандарының ерекшелігіне байланысты ғұлама ғалымның әлем әдебиетін танып білуі Абай өмірінен өзгеше болғандығына тоқталады.

Көрнекті ғалым Р. Бердібайдың: «М. Әуезов шығармаларын оқу, түсіну, меңгеру, тағылым алу – өзінше бір университет. Бұл үшін қазақ, орыс тілін таза білу, шағатай тілін толық, парсы тілін ұғынатындай болу керек. Ал Абай мұрасын игеру үшін, бұлардың үстіне шығыс әдебиетінің, мәдениетінің тарихын және араб тілін ұғыну шарт» [6, 204-б.], – деп айтылған пікірі өте орынды.

«...Абайды тану – өзінді өзін тану болмақ. Бұл орайда Абай мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеу мен ақынның көркем бейнесін сомдауда және Абайды қазаққа ғана емес, әлемге танытуда да дара тұрған, сөз жоқ, Мұхтар Омарханұлы Әуезов екені барша-мызға аян. Абай мұрасын тануда әр кезеңде қоғамдағы саяси ахуалдың ықпалымен әр қиырға тартқан түрлі көзқарастағы ой-пікірлер де болды. Оның кейбірі идеология қыспағымен Кеңес өкіметінің ұстанған бағытына икемделіп жазылса да, олардағы

астарлы ой сілемдері көкірек көзі ояу оқырманға дұрыс бағыт берер танымдық пікірлерімен құнды еді» [7, 13-б.].

Ал жазушы Е. Әлімжан: «...марқұм Асқар Тоқпановтың «Абайды білетін үш – ақ адам бар. Бірі – Мұхтар Әуезов, екіншісі – мен, үшіншісі – Мекемтас Мырзахметов, қалғандары бетінен қалқып жүр» деп серпіле сөйлейтін сөзі туралы да естігенмін. ...Мекен ақырын сөйлейді, бірақ ақырына жеткізе айтады. Мінезі биязы, бірақ азаматтық позициясы берік, үні жұмсақ, бірақ рухы күшті. Асықпай жүреді, бірақ бәріне үлгереді. Қасындағылармен кішік сөйлеседі, бірақ ойы ұлылармен үндеседі. Білместікпен артықкем айтып қалсаң, кешірімді, ал қиянатың болса, ой қылышын кідірмей суырып, атақ-даңқына қарамай кесіп түседі» [8, 29-б.], – деп өнікті ой білдіреді. М. Мырзахметұлы абайтанудың көшбасшыларының бірі ретінде танылған жан. Ғалымдық қабілетімен дараланып, өзекті мәселелерді қозғап, өзі де соған үлес қосып жүрген еңбек иесі.

Данышпан Абай мен Мұхтар Әуезовтің биік болмысын, даралық сипатын, рухани сабақтастығын академик З. Қабдолов была дейді: «Мұхаң – әрі жазушы, әрі ғалым, әрі ұстаз, әрі қоғам және мемлекет қайраткері. Ол осының бір де бірінде осалдық көрсетпеген, бәрінде де орасан күшті, бәрін де қатар және тең ұстаған адам. Ол ғажайып бүтіндіктің, «сегіз қырлы бір сырлылықтың», Абайша айтқанда «тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісімнің» үлгісі болатын.... Қайран Мұхаң... тиіп кеткен жері тәрбие, үлгі-өнеге болатын» деп баға берсе, О.Сүлейменов: «Мухтар Ауэзов – фигура возрожденческого масштаба. Такие проявляют себя во многих областях духовной жизни общества, они влияют на всю культуру в целом...» [9, 46-б.].

Қорытындылай келе, Абайдың рухани мұралары, Абай әлемі, абайтану тарихы хақында өнімді зерттеу жүргізіп, Абай болмысын, ақын есімін өзекті тақырып етіп, ғылыми айналымға айналдырмаған зерттеуші ғалымдар кемде-кем. Соның ең бастапқы санатында «Қазақстан үшін екінші Абай» атанған М. Әуезовтің тұғырлы тұлғасы бірінші тұрады. Өйткені әлемге абайды таныту арқылы қазақ деген қанағатшыл, мейірбан, қонақжай, иманды халықтың болмысын айқындап берген, академик-жазушының есімі ақын әлемімен тығыз байланысты. Келешек зерттеушілерге

бағыт-бағдар болатындай Абай әлемнің сан қырлы құпиясынан хабардар етіп, даңғыл жол, өрнекті із қалдырды. Академик-жазушы өзінің бүкіл шығармашылық ғұмырын Абайға, абайтануға барар жұмбақ әлемге арнаған еді. Сондықтан энциклопедиялық ұлан-ғайыр білімі бар ғұлама ғалымның ардақты есімі қазақ әлемнің көгінде, данышпан Абай есімінен кейін әрдайым атала бермек деп түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 352 б.
2. Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы... – Астана: Білге, 2002. – 432 б.
3. Қирабаев С. Абайтану ғылымының бел-белестері // Абай. – 1995. – № 1-2. – 25-33 б.
4. ҚР ҒА ОҒК. 398-іс. – 26-27 б.
5. Мұхамадиев Д. Б. Абайтанушы: Монография. – Алматы: «Evo Press», 2013. – 234 б.
6. Бердібаев Р. Мұхтар шыңы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 208 б.
7. Бекбосынов М.Н. Тәуекел мен батыр ой. – Семей: Үшбиік, 2006. – 283 б.
8. Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы: Библиографиялық көрсеткіш. – Тараз: ТарМУ, 2001. – 117 б.
9. Жұмажанова Т. М. Әуезовті танытудың қыры мен сыры // Мәдени мұра қазіргі ғылым контексінде. – Семей: Семей Полиграфия, 2005. – 615 б.

МАЗМҰНЫ

Дәдебаев Ж. Имани гүл концепциясы.....	3
Ысқақұлы Д. Абайдың «толық адамы».....	17
Ісімақова А. Абай Құнанбайұлының ғылыми дискурсы.....	45
Мәдібай Қ. Жүзден жүйрік.....	59
Мамедов Н. Две великие личности в истории тюркской культуры (Мирза Фатали Ахундзаде и Абай Кунанбаев).....	67
Әбдезұлы Қ. Абай дәстүрін жалғастырған дастандар.....	78
Жұртбай Т., Рамазанова Ш.Ә. «Ғылымсыз – ахирет те жоқ...».....	87
Нұрахметұлы И. Абайтануға жаңа бағыт керек.....	95
Тұяқбай Т. Абай мен Гёте шығармаларындағы ортақ сарындар.....	111
Пірәлі Г.Ж., Әмірбаева Ш.М. Абайдың орыс достары туралы тарихи деректер түгенделді ме?.....	119
Тарақов Ә. Абай – Лермонтов поэзиясының аудармашысы.....	130
Смағұлов Ж.Қ, Каринов А.Қ. Абай мұрасындағы коучингтік идеялар.....	151
Мұсалы Л.Ж., Алдабек Н.Ә., Ыбырайқызы Г. Абай шығармаларын ЖОО-да оқытудың инновациясы.....	160
Дүйсенбі А. Абай мұрасы зерттеулерінің мета-анализі.....	169
Бекбосынов М.Н. Абай мұрасының рухани өзегі.....	177
Мұхамадиев Д.Б. Хәкім Абай ғақлияларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар.....	190
Сабырбаева Р.Қ., Бегманова Б.С. Хәкім Абай шығармашылығындағы «ұлттық код» тұжырымдамасы.....	198
Набиолла Н. Абайдың әзілдері мен шешендігі хақында.....	205
Ултараква Г.С., Мұхамадиева М.Б. Абай және шығыс әлемі.....	213
Кенжеқожаева А.М., Даутова Б.Д. Абай мен Мұқағали шығармашылы- ғындағы лирикалық үндестік.....	220
Шойбекова Ғ.Б. «Balapan» телеарнасы ұйымдастырған түрлі контенттерде оқылған Абай Құнанбайұлы шығармаларының орфоэпиялық нормаға сәйкестігі.....	231
Мусина А.Б., Кадырканова Л.С. Абай және М.Әуезов: ұлылар үндестігі.....	238
Толкунова Қ.М., Тлеуханова А.Н. Абай және Мұхтар Әуезов: рухани сабақтастық мәселелері.....	245

Ғылыми басылым

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» төртінші халықаралық
конференция материалдары

Алматы, 10 тамыз 2023 жыл

Абай институтының
электронды басылымдары

АБ 6

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.

